

**VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының XXII кезектен тыс
сессиясының
2017 жылғы «__» _____ № ____
шешіміне қосымша**

**V сайланған Алматы қаласы
мәслихатының XLVII кезектен
тыс сессиясының
2015 жылғы 10 желтоқсандағы №
394 шешіміне 1 қосымша**



«Алматы-2020» даму бағдарламасы

Алматы 2017

Мазмұны

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТӨЛҚУЖАТЫ.....	3
2. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ.....	12
2.1. Аумақтың (Алматы қаласы) әлеуметтік-экономикалық жағдайына талдау.....	12
2.1.1. Экономика.....	12
2.1.1.1. Өңірлік макроэкономика.....	12
2.1.1.2. Өнеркәсіп.....	16
2.1.1.3. Азық-түлік белдеуін дамыту.....	22
2.1.1.4. Шағын және орта бизнес, сауда.....	23
2.1.1.5. Өңіраралық ынтымақтастық	32
2.1.1.6. Инновациялар және инвестициялар.....	34
2.1.2. Әлеуметтік сала.....	40
2.1.2.1. Білім беру.....	40
2.1.2.2. Денсаулық сақтау.....	47
2.1.2.3. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау.....	58
2.1.2.4. Мәдениет.....	70
2.1.2.5. Дене шынықтыру және спорт.....	72
2.1.2.6. Туризм.....	75
2.1.2.7. Үштілділікті дамыту.....	78
2.1.3. Қоғамдық қауіпсіздік және құқық тәртібі.....	81
2.1.4. Инфрақұрылым.....	90
2.1.4.1. Байланыс және коммуникация.....	90
2.1.4.2. Құрылыс.....	93
2.1.4.3. Жолдар мен көлік.....	100
2.1.5. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық.....	110
2.1.6. Экология	120
2.1.6.1. Атмосфера жағдайы.....	120
2.1.6.2. Қатты тұрмыстық қалдықтар.....	128
2.2. Орташа мерзімді болашақта аумақтың әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуын кідіртетін факторлардың, бәсекелестік артықшылықтар мен мүмкіндіктердің, негізгі түйткілді мәселелердің, қатерлердің кешенді сипаттамасы.....	131
3. НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫ.....	136
3.1. Жайлы қала.....	138
3.1.1. Сапалы жолдар және көлік.....	138
3.1.2. Таза қоршаған орта.....	142
3.1.3. Жануарлардың қолайлылығы (Мейірімді қала).....	150
3.1.4. ТКШ сенімді инфрақұрылымы.....	150
3.2. Қауіпсіз қала.....	150

3.2.1. Қоғамдық қауіпсіздік.....	150
3.2.2. Табиғи катаклизмалардың алдын алу.....	152
3.2.3. Ақылды қала (Smart City).....	153
3.2.4. Электрмен сенімді жабдықталған қала.....	154
3.3. Әлеуметтік-бағытталған қала.....	155
3.3.1. Сапалы білімге, денсаулық сақтауға және басқа да әлеуметтік қызметтерге қолжетімділік.....	155
3.3.2. Мәдениет және спорт нысандарына қолжетімділік.....	166
3.4. Экономикалық тұрақты қала.....	171
3.4.1. Дәстүрлі секторлардың тұрақты өсуі.....	172
3.4.1.1. Өнеркәсіп.....	172
3.4.1.2. Шағын және орта бизнес.....	174
3.4.1.3. Сауда және өңіраралық ынтымақтастық.....	175
3.4.2. Жаңа секторларды серпінді дамыту.....	176
3.4.2.1. Өңіраралық ынтымақтастық және көлік-логистикалық қызметтер.....	176
3.4.2.2. Туризм.....	177
3.4.2.3. Инновациялық кластер.....	178
3.5. Бизнеске және жеке капиталға арналған қала.....	180
3.5.1. Бизнесі жүргізу қолайлылығы.....	180
3.5.2. Сыбайлас жемқорлықты тиімді азайту.....	181
3.5.3. МЖӘ дамыту.....	182
3.5.4. Жекешелендірудің ашықтығы.....	184
3.6. Интеграцияланған қала.....	185
3.6.1. Көпорталықтық қағидасын ескеріп қосылған аумақтардың өмір сүру стандарттарын көтеру	185
3.6.2. Алматы агломерациясымен ықпалдастық	186
3.6.3. Халықаралық деңгейдегі белсенді орны	187
3.7. Белсенді азаматтар қаласы.....	188
4. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР.....	190
Бағдарламаны іске асыру бойынша бірлесіп орындаушы-жауапты мемлекеттік органдардың аббревиатураларының анықтамалары.....	193

1. БАҒДАРЛАМА ТӨЛҚҰЖАТЫ*

Атауы	Алматы қаласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Жарлығы;
Алматы қаласының негізгі сипаттамалары	<p>Алматы - Қазақстанның экономикалық орталығы. Алматы қаласы ЖӨӨ көлемі бойынша елімізде 1 орынға ие (2016 жылы 22,6%), сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамыту орталығы болып табылады. Қалада 2016 жылы жан басына шаққанда ЖӨӨ 6138,5 мың теңгені немесе 28 мың АҚШ долларын құраған. Алматы қаласының ЖӨӨ құрылымы әлемнің көптеген дамыған қалаларына ұқсас, мұнда сауда қала экономикасының 35,6%-дан астамын, ал қызметтер секторы тұтас алғанда - 50%-нан артығын құрайды. Өнеркәсіптің үлесіне Алматы қаласының ЖӨӨ небары 4,7% ғана тиесілі, оның көп бөлігі тағам өнеркәсібі түрінде.</p> <p>Алматы - тартымды өңірлік орталық болып табылады – көші-қон және халықтың табиғи өсімі есебінен 2016 жылы халық саны 1 756,3 мың адам деңгейіне жеткізілді. 2016 жылы тұрғындардың орташа жасы 33,4 жасты құрады.</p> <p>Алматы — Батыс Еуропа – Батыс Қытай тасжолындағы ірі логистикалық хаб болып табылады. Қала елдің сыртқы сауда айналымының шамамен 20% қамтамасыз етеді. Қала қалааралық, халықаралық автожол, теміржол және авиация қатынастарына ие.</p> <p>Алматы — елдің ірі білім беру орталығы болып табылады. Алматы қаласында еліміздегі жоғары оқу орындарының үштен бірі шоғырланған және мұнда елдегі жалпы студенттер санының үштен бірі білім алады.</p> <p>Қалада республикадағы ең ірі медициналық қызмет көрсетуге арналған инфрақұрылым құрылған: жүздеген мамандандырылған арнайы диагностикалық, емханалық және амбулаториялық ұйымдар, ғылыми-зерттеу және шипажай ұйымдары әрі алуан түрлі емдеу орталықтары жұмыс жасайды.</p> <p>Алматы — ірі спорт орталығы болып табылады. Қалада көптеген өңірлік және халықаралық спорттық</p>

сайыстар өткізіледі. 2017 жылы Алматы қаласында Қысқы Универсиада ойындары өткізілді, бұл қаланы халықаралық деңгейде мойындайтындығын білдіреді.

Алматы — Қазақстанның мәдениет орталықтарының бірі болып табылады. Қалада жүздеген мәдениет мекемелері (мұражайлар, театрлар, галереялар) жұмыс жасайды, шамамен 150-ге жуық сәулет, тарих ескерткіштері мен монументтер орналасқан.

Алматы елдің туристік орталықтарының бірі болып есептеледі, мұнда өңірлік және халықаралық туристер келеді.

Экономикалық индикаторларды бағалайтын индекстерде (макроэкономикалық көрсеткіштер – ІӨӨ-нің өсуі, инфляция, жұмыссыздық және т.б. капиталды тартуға, бизнесті дамытуға қабілеттілік) **Алматының дамуы орташа мегаполистердің деңгейіне сәйкес келеді.**

Z/YenGroup компаниясының Global Financial Centres Index (GFCI) әлемдік қаржы орталықтарының рейтингінде Алматы 92 қала арасынан 80 орынға ие (2016 жылы).

«Financial Post» басшылығының деректері бойынша біздің қаламыз экономикасы барынша қарқынды дамушы 96 қаланың ішінен Топ-10 қаланың құрамына енді.

Беделді «The Economist» басшылығының болжамы бойынша 2012 жылдан бастап 2025 жыл аралығында бәсекеге қабілеттілігінің болжамы бойынша, Алматы капиталды, технологиялар мен білікті мамандарды тарту бойынша әлемдегі бәсекеге қабілетті қалалардың ТОП-120-на кірді және 107 орынға ие болды.

«Doing Business» Дүниежүзілік Банкінің индексіне сәйкес бүгінгі таңда Қазақстан 189 елдің арасынан 35 орынды иеленуде. Бұл индекс Алматының экономикалық көрсеткіштерінің негізінде есептеледі.

Сонымен бірге, әлеуметтік ортаның рейтингісі бойынша орташа қалалардың деңгейінен ештеп артта қалатыны байқалуда.

«Mercer» өмір сапасының негізінде Алматы 230 қаланың арасынан 176 орынды, ал «Economist Intelligence Unit» өмір сапасы индексіне 140 мегаполистің арасынан 100-ші орынды иеленіп отыр.

Инфрақұрылым мен экология көрсеткіштері бойынша Алматы әлемнің дамыған қалаларынан едәуір артта қалуда.

	<p>«Mercer» инфрақұрылымының индексінде 231 қаланың ішінде 178 орынды иеленген, «Numbeo» ластану деңгейінің индексінде – 297 қаланың ішінде 214 орында тұр.</p>
Бағыттар	<p>Алматы қаласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы қаланың барлық даму бағыттарын, оның ішінде экономика, әлеуметтік сала, қоғамдық қауіпсіздік және құқық тәртібі, экология және жер ресурстары, мемлекеттік қызметтерді қамтиды және 7 басымдықты ескере отырып, қалыптастырылды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жайлы қала; 2) Қауіпсіз қала; 3) Әлеуметтік-бағытталған қала; 4) Экономикалық тұрақты қала; 5) Бизнес пен жеке капиталға арналған қала; 6) Интеграцияланған қала; 7) Белсенді азаматтар қаласы.
Мақсаттар	<p>Алматы қаласының 2020 жылға дейінгі кезеңде дамуының жалпы мақсаты қала ретінде үдемелі әлеуметтік-экономикалық өсуін, халықтың тұрмысы үшін қолайлы жағдайды және бизнестің дамуына тартымды жағдайды қамтамасыз ету болып табылады.</p> <p>Алматы қаласын дамытудың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Алматы қаласының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету; • Өнеркәсіптің тұрақты өсуін қамтамасыз ету және энергия тиімділігін арттыру; • Азық-түлік белдеуін дамыту; • Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту; • Өңіраралық ынтымақтастықты дамыту; • Қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру; • Қалада инновациялық ахуалды жақсарту; • Мектепке дейінгі білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету; • Орта білімнің сапасын және инклюзивтілігін арттыру; • Қаланың және елдің экономикасының қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіби білім мен мамандануды қамтамасыз ету; • Халықтың денсаулығын жақсарту және денсаулық сақтаудың бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыру; • Еңбек нарығын дамыту және халықты жұмыспен

	<p>камтуды қамтамасыз ету;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мемлекеттік қызметтің кәсіби жүйесін қамтамасыз ету және күшейту; • Жұмыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету; • Кедейшілік деңгейін төмендету; • Тұрмысы төмен халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету; • Тарихи-мәдени мұраларды сақтау және дамыту; • Бұқаралық спортты дамыту; • Ұлттың тұрақты дамуы үшін қоғамның бірігіп нығаюын қамтамасыз ету; • Әлемдік деңгейдегі туристік кластерді дамыту; • Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесін дамыту; • Техногендік апаттар, қираулар және дүлей зілзала жағдайларында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; • Коммуникациялық желілерді дамыту; • Тұрғын үйге және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына қолжеткізуді қамтамасыз ету; • Тұрғын үй нысандары үшін сапаның жоғары стандарттарын қамтамасыз ету; • Жол желілерінің ластану деңгейін төмендету; • Қоғамдық көліктің мобилділігін және қолжетімділігін қамтамасыз ету; • Тұтынушыларды сапалы және сенімді коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету; • Атмосфералық ластану деңгейін төмендету; • Қалдықтарды басқарудың және қайта өңдеудің заманауи жүйесін құру және қала аумақтарының тиісті санитарлық жағдайын қамтамасыз ету; • Қаланы көріктендіру және көгалдандыру; • Алматы қаласының шағын өзендерін, су нысандарын экологиялық оңалту; • Мемлекеттік органдардың мемлекеттің саясатын іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіруді жақсарту, жергілікті басқару және өзін өзі басқару құрылымдарын дамыту.
<p>Негізгі нысыналы индикаторлар</p>	<p>Экономика (2020 жылы)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. ЖӨӨ көлемі бес жыл ішінде 18,4%-ға өседі; 2. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі 6935,6 мың теңгені құрайды; 3. Жергілікті бюджетке салықтық және салықтық емес

түсімдердің өсу қарқыны бес жылда 26,8% құрайтын болады;

4. Өңдеуші өнеркәсіптің өнім шығаруының нақты көлем индексі 2020 жылы 2015 жылғымен салыстырғанда 7% құрайтын болады;
5. Өңдеуші өнеркәсіптің еңбек өнімділігі жан басына шаққанда 20,9 мың АҚШ долларын құрайды;
6. Өңдеуші өнеркәсіптің еңбек өнімділігі 2015 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде (ИИДМБ) 2019 жылы 109,2% құрайды;
7. Өңдеуші өнеркәсіптің экспорттың өсуі 2015 жылғы деңгейге қарағанда (ИИДМБ) 2019 жылы 121,1% құрайды;
8. Өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталға инвестициялар көлемі 2015 жылғы деңгейге қарағанда (ИИДМБ) 2019 жылы 25,1 млрд теңгені құрайды;
9. Бес жылдағы азық-түлік өнімдері өндірісінің негізгі капиталға салынатын инвестициясының нақты көлемі 27,5% өседі;
10. Жан басына шаққандағы негізгі капиталға инвестицияның өсу қарқыны бес жыл ішінде 109,3% құрайды;
11. Шет елдік инвесторлардың жеке меншігінің шет елдік үлгісі бойынша инвестицияның жалпы көлеміндегі негізгі капиталға сыртқы инвестиция үлесі 2020 жылы 16,0% құрайды;
12. Шикізаттық емес сектордың негізгі капиталына инвестиция өсімі (мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды қоспағанда) бес жылда 43% құрайды;
13. Жұмыс жасайтын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі тіркелгендердің жалпы көлемінде 92% құрайды;
14. ЖӨӨ-нің жалпы көлеміндегі ШОБ үлесі 40%-ға дейін көбейеді;
15. Бөлшек сауданың нақты көлемі 101,8% 2020 жылға таяу құрайды;
16. Сауда алаңы 2000 шаршы метрден кем емес «Бөлшек сауда» қызмет түрімен сауда нысандарының саны 8 бірлікті құрайды;
17. Басқа аймақтарға жөнелтілген шығарылған өнім көлемі (саны 50 адамнан артық өнеркәсіптік кәсіпорындар бойынша) 157 605 168 мың теңгені құрайды;
18. Басқа өңірлерден сатып алынған тауарлардың үлес салмағы резиденттерден (50-ден астам жұмысшысы бар көтерме кәсіпорындары бойынша) сатып алынған

тауарлардың жалпы көлемінің 50%-ын құрайды;
19. Жалпы жұмыс жасайтын кәсіпорындар ішіндегі инновациялық-белсенді кәсіпорындар үлесі 15% құрайды;
20. Жалпы өңірлік өнімнің жалпы көлеміндегі инновациялық өнімнің өсу үлесі 0,9% құрайды.

Әлеуметтік сала (2020 жылы)

1. Балалардың (3-6 жас) мектепке дейінгі оқумен және тәрбиелеумен қамтылуы 100% құрайды;
2. Оның ішінде жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың жүйесін дамыту есебінен 37,2 % құрайды.
3. Балалардың инклюзивті білім берумен қамтылуы жалпы мүмкіндігі шектеулі балалар санының 33,2% құрайды;
4. Жаратылыс-математикалық пәндері бойынша мектеп бітірушілер арасында білімділік бағдарламаларын сәтті (үздік/жақсы) меңгерген оқушылардың үлесі 60% құрайды.
5. 15-28 жас аралығындағы жастардың жалпы санында NEET үлесі 6,7% құрайды;
6. ТКБО оқу орындары түлектерінің ішіндегі еңбекке орналастырылғандардың үлесі алғаш оқу орнын тәмамдағандардың 75% құрайды;
7. Типтік жастағы (14-24 жас) жастарды техникалық және кәсіби біліммен қамту үлесі 22,7% құрайды;
8. Мемлекеттік желілер нормативіне сәйкес жалпы орта білім беру ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету 100% құрайды.
9. 14 жастан 29 жасқа дейінгі аралықтағы халықтың мемлекеттік жастар саясатымен қанағаттану деңгейі 80% құрайды;
10. 100 мың тірі туылғандарға шаққанда аналар өлімін азайту 4-ке дейін төмендейді;
11. 1000 тірі туылғандарға шаққанда сәбилер өлімін азайту 6,7 дейін төмендейді;
12. 100 мың халыққа шаққанда жаңадан пайда болған қатерлі ісіктен болатын өлімді 100-ге дейін төмендету;
13. 15-49 жас тобындағы адамдардың иммуножетіспеушілік вирусының таралуын 0,2-0,6 %, 1,3 пайызды құрайды;
14. Жұмыссыздық деңгейі 5,1% дейін төмендейді;
15. Жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша өтініш жасаған тұлғалардың жұмысқа тұрғызылғандарының үлесі 82,0% құрайды;

16. Мекенжайлық әлеуметтік көмек алушылардан жұмысқа орналастырылғандардың үлесі 26% құрайды;

17. Мақсатты топтарға өтініш бергендер арасындағы тұрақты жұмыспен қамтылған адамдардың үлесі 66,5% құрайды.

18. Заңды тұлғалар тартқан шетел жұмыс күшінің құрамындағы білікті мамандардың үлес салмағындағы жергілікті атқарушы органдардың рұқсат беру (шетел жұмысшы күшін тарту квотасы бойынша) үлесі 95% құрайды.

19. Арнайы әлеуметтік көмек көрсету үшін қамтылған тұлғалардың үлес салмағы (көмек алуға мұқтаж тұлғалардың жалпы санында) 100% дейін жоғарылайды;

20. Жеке сектордың субъектілері ұсынған арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылғандардың үлесі (соның ішінде үкіметтік емес ұйымдар) 5,6% құрайды.

21. 2020 жылға мемлекеттік қызметшілер санының таза ауысуы 6,2%-ды құрайды;

22. Өндірістік жарақаттану деңгейі (1000 адамға шаққандағы жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті) 0,12% құрайды.

23. 1000 адамға шаққанда мәдениет ұйымдарына барушылардың орташа саны:

- кітапханаларға 221,4 адам;
- театрларға 285,6 адам;
- концерттік ұйымдарға 304,5 адам;
- мұражайларға 190,7 адам.

24. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтардың үлесі 30% құрайды;

25. Балалар – жасөспірімдердің спорт мектептерінде дене дайындығы спорт клубтарында дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын 7 -ден 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерді қамту балалар мен жасөспірімдердің жалпы санының 10% құрайды;

26. Ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындары қызмет көрсеткен келушілердің санын арттыру 5 жыл ішінде 30% құрайды;

27. Келетін туризм бойынша (резиденттер емес) орналастыру орындары қызмет көрсеткен келушілердің санын арттыру, 5 жыл ішінде 30% құрайды;

28. Тәулігіне ұсынылған орындар саны 5 жылда 30% құрайды;

29. Мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі 90% құрайды;

30. Ағылшын тілін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі 20% құрайды;

31. Үш тілді меңгерген (мемлекеттік, орыс және ағылшын) ересек тұрғындардың үлесі 20% құрайды;

Қоғамдық қауіпсіздік және тәртіп (2020 жылы)

1. Көшелерде орын алған қылмыстардың үлес салмағы 31%-ға төмендейді;

2. ЖКО қаза тапқандар санын 100 жапа шеккендерге шаққанда 2,3 жағдайға дейін төмендейді;

3. Кәмелет жасына толмағандар жасаған қылмыстардың үлес салмағы 1,3% құрайды;

4. Бұрын қылмыс жасағандар қылмыстарының үлес салмағы 17,9% құрайды;

5. Төтенше жағдайларға қарсы іс-қимылдар инфрақұрылымын қамтамасыз ету деңгейі 57% құрайды.

Инфрақұрылым (2020 жылы)

1. Тіркелген телефон байланысы желісінің тығыздығы 100 тұрғынға шаққанда 32,3 бірлікті құрайды;

2. Интернетті пайдаланушылар үлесі 45,5% құрайды;

3. Халықтың сандық сауаттылық деңгейі 80% құрайды;

4. Бес жыл ішінде құрылыс жұмыстарының нақты көлемінің өсу қарқыны 112,4% құрайды;

5. Пайдалануға берілген тұрғын үй ғимараттарының 5 жыл ішінде жалпы алаңы 7841,2 мың шаршы метрді құрайды;

6. Паспортталған әлеуметтік, көлік инфрақұрылымының жалпы санынан мүгедектер үшін қолжетімділікпен қамтамасыз етілген әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының үлесі 100% құрайды;

7. Күрделі жөндеу талап етілетін кондоминимум нысандарының үлесі 51% құрайды.

8. Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар автожолдар үлесі 80% құрайды.

9. Қаланың жалпы жолаушылар ағымындағы қоғамдық көлік үлесі 48% құрайды;

10. Орталықтандырылған жүйеге қолжетімділігі:

- сумен қамту 100% құрайды;

- су бұру қызметтеріне 86% құрайды;

11. Жалпы ұзындықтағы жаңартылған желілер үлесі:

- жылумен жабдықтау 1,8% құрайды;

- электрмен жабдықтау 2% құрайды;

	<p>- газбен жабдықтау 1,5% құрайды.</p> <p>12. Өндірілген электр энергиясының жалпы көлеміндегі жаңартылып отыратын энергия көздерінің өндірілген электр энергиясындағы үлесі 4,25% құрайды.</p> <p style="text-align: center;">Экология және жер ресурстары (2020 жылы)</p> <p>1. Зиянды қалдықтардың шығарылу көлемі: - атмосфералық ауаға шығару 0,1 млн. теңге; - су нысандарына шығару қарастырылмаған.</p> <p>2. Қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу үлесі көлемінен кем дегенде 8% құрайды.</p> <p>3. Қалдықтарды жинау және тасымалдау бойынша халықты қамту 100% құрайды.</p> <p>4. Жасыл желектер алаңын арттыру адам басына шаққанда 12,5 шаршы метрді құрайды;</p> <p>5. Су қорғау аймақтарын абаттандыру және арналарды қайта жаңалаудан кейін өзен учаскелерінің жалпы ұзындығын көбейту үлесі 59,7% құрайды.</p>																														
<p style="text-align: center;">Қажетті ресурстар</p>	<p>Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті жергілікті және республикалық бюджет қаражатының жалпы көлемі, сондай-ақ инвесторларды ескере отырып, алдын ала есептеу бойынша шамамен 1,53 трлн. теңгені құрайды.</p> <table border="1" data-bbox="512 1267 1449 1610"> <thead> <tr> <th></th> <th>2016 жыл</th> <th>2017 жыл*</th> <th>2018 жыл*</th> <th>2019 жыл*</th> <th>2020 жыл*</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>РБ*</td> <td>101 344,38</td> <td>67 872,78</td> <td>145 219,56</td> <td>107 896,51</td> <td>100 825,35</td> </tr> <tr> <td>ЖБ*</td> <td>124 663,27</td> <td>171 785,13</td> <td>127 695,65</td> <td>76 672,71</td> <td>72 490,95</td> </tr> <tr> <td>Бюджеттен тыс қаражаттар</td> <td>262 188,89</td> <td>58 834,7</td> <td>13 316,50</td> <td>58 637</td> <td>43 966,97</td> </tr> <tr> <td>Барлық қаражаттар</td> <td>488 196,54</td> <td>298 492,60</td> <td>286 231,71</td> <td>243 206,22</td> <td>217 283,27</td> </tr> </tbody> </table>		2016 жыл	2017 жыл*	2018 жыл*	2019 жыл*	2020 жыл*	РБ*	101 344,38	67 872,78	145 219,56	107 896,51	100 825,35	ЖБ*	124 663,27	171 785,13	127 695,65	76 672,71	72 490,95	Бюджеттен тыс қаражаттар	262 188,89	58 834,7	13 316,50	58 637	43 966,97	Барлық қаражаттар	488 196,54	298 492,60	286 231,71	243 206,22	217 283,27
	2016 жыл	2017 жыл*	2018 жыл*	2019 жыл*	2020 жыл*																										
РБ*	101 344,38	67 872,78	145 219,56	107 896,51	100 825,35																										
ЖБ*	124 663,27	171 785,13	127 695,65	76 672,71	72 490,95																										
Бюджеттен тыс қаражаттар	262 188,89	58 834,7	13 316,50	58 637	43 966,97																										
Барлық қаражаттар	488 196,54	298 492,60	286 231,71	243 206,22	217 283,27																										

* Болжамды мәліметтер.

2. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

2.1. Аумақтың (Алматы қаласы) әлеуметтік-экономикалық ахуалын талдау

2.1.1. Экономика

2.1.1.1. Өңірлік макроэкономика

Жалпы өңірлік өнім

Алматы қаласы ұзақ жылдар бойы жалпы өңірлік өнімнің (бұдан әрі - ЖӨӨ) көлемі бойынша елдің басқа аймақтары ішінде көшбасшылық орынға ие бола отырып, еліміздің ірі қаласы, Алматы агломерациясының ядросы, республикалық бюджеттің доноры болып табылады. Осылайша, 2016 жылы қаланың республиканың жалпы ішкі өніміндегі үлесі (бұдан әрі - ЖІӨ) 22,6%-ды құрады. Қала ЖӨӨ нақты өсімінің орташа жылдық қарқыны 2014-2016 жылдарда 14,1%-ды құрады. Сонымен қатар, нақты өсімнің орташа жылдық қарқыны 4,6% 2014-2016 жылдар кезеңінде (инфляцияны шегергендегі нақты өсім) негізінен сауда және қызмет көрсету саласының өсімі есебінен қол жеткізілді.

2014 жылы инфляция 7%-ды, 2015 - 14,8%-ды құрады, ал 2016 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 6-8% мақсатты болжам кезінде 8% деңгейінде қалыптасты.

Алматы - сервистік экономикасы бар қала. 2016 жылдағы ЖӨӨ құрылымындағы сауда және қызмет көрсету салаларының үлесі 87,4%-дан астам (2016 жылдағы Статистика комитетінің статистикалық мәліметтері бойынша).

2.1.1.1.1. Инфляция деңгейінің серпіні:

Атауы/жылдар	Өлшем бірлігі	2014	2015	2016
Кезең соңындағы инфляция деңгейі, өткен жылдың желтоқсан айы, %	%	107,0	114,8	108,0

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаменті

Көтерме және бөлшек сауда секторы қала экономикасына зор үлес қосады және 2014-2016 жылдарда -2,3% жиынтық орташа жылдық өсу қарқынында 35,6%-ды құрайды. Аталған өсім сауда-ойын-сауық орталықтары санының көбеюімен түсіндіріледі.

Елеулі көлем басқа қызметтер секторының үлесіне тиесілі – ЖӨӨ 29,9%. Басқа қызметтердің өсуі тұтас алғанда халық кірісінің біршама артуымен және

осының салдары ретінде қызметтерді тұтыну мөлшерінің артуымен сипатталады.

2016 жылы ЖӨӨ-нің жалпы көлемінде секторлардың үлес салмағы: Өнеркәсіп - 4,7% , ауыл шаруашылығы – 0,04%, құрылыс – 2,5%, сауда – 35,6%, көлік және қоймалау – 5,3%, ақпарат және байланыс – 4,6% және жылжымайтын мүлікпен операциялар - 11,7%.

Көтерме және бөлшек сауда секторы қала экономикасына зор үлес қосады және 2014-2016 жылғы нақты өлшемде орташа жылдық өсу ырғағы (бұдан әрі - ОЖӨЫ) 2,3% болғанда ЖӨӨ 35,6% құрайды. Аталған өсім сауда – ойын-сауық орталықтары санының көбеюімен түсіндіріледі.

Елеулі көлемі басқа қызметтер секторының үлесіне тиеді – 29,9% ЖӨӨ (ОЖӨЫ – 5,6%). Басқа қызметтердің өсуі тұтас алғанда халық кірісінің біршама артуымен және осының салдары ретінде қызметтерді тұтыну және жылжымайтын мүліктер операциялары мөлшерінің артуымен сипатталады.

2016 жылы ЖӨӨ-нің жалпы көлемінде секторлардың үлес салмағы: Өнеркәсіп - 4,7% , ауыл шаруашылығы – 0,04%, құрылыс – 2,5%, сауда – 35,6%, көлік және қоймалау – 5,3%, ақпарат және байланыс – 4,6%, қаржы және сақтандыру қызметі - 11,7%.

2.1.1.1.1. сурет. ЖӨӨ экономика секторлары бойынша нақты өсімі

Нақты өсім ЖӨӨ			
Экономика секторлары	ЖӨӨ 2014 ж. Млрд тенге	ЖӨӨ 2016 ж. Млрд тенге	ЖӨӨ НКІ 2016ж. Пайыздар
1 Ауыл, орман және балық шаруашылығы	3,4	3,9	111,1
2 Өңдеуші өнеркәсіп	393,6	416,4	100,2
3 Электрмен қамту, газ беру т.б.	67,6	69,8	99,5
4 Сумен қамту	10,7	12,3	104,5
5 Құрылыс	243,3	260,9	101,9
6 Бөлшек және көтерме сауда	2728,2	3779,1	102,0
7 Көлік және қоймалау	479,8	563,5	102,1
8 Ақпарат және байланыс	540,5	494,4	104,5
9 Жылжымайтын мүлік операциялары	839,3	1246,1	105,4
10 Басқа қызмет түрлері	2354,8	3185,2	103

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика комитеті, Алматы қаласының Статистика департаменті

Секторлардың мұндай қатынасы әлемнің көптеген ірі қалаларына тән жағдай болып табылады. Сауда және қызмет көрсету экономиканың дамуын белгілейтін негізгі факторлар болып табылады. Алайда Алматы өнеркәсібінің дамуы теңдес қалалармен салыстырғанда біршама төмен, сол себепті аталған сектордағы өсу әлеуеті бар. Экономикадағы өнеркәсіптің меншікті үлесін ескере отырып, оның біршама артуының өзі қаланың жалпы ЖӨӨ деңгейіндегі өзгерістерге алып келмейтіндігін айтуға болады.

2.1.1.1.2. сурет. ЖӨӨ құрылымы

ЖӨӨ құрылымы, %			
Көрсеткіштер/жылдар	2014	2015	2016
Барлығы, оның ішінде:	100	100	100
Өнеркәсіп (барлығы)	5,5	4,6	4,7
Қайта өңдеу өнеркәсібі	4,6	3,8	3,9
Ауыл шарушылығы	0,04	0	0,04
Құрылыс	2,9	2,7	2,5
Сауда	33,5	35,6	35,6
Көлік және қоймалау	5,9	5,5	5,3
Ақпарат және байланыс	6,6	6,4	4,6
Қаржы және сақтандыру қызметі	8,3	8,7	8,6
Басқа салалар	37,2	36,5	35,7

Дерек көзі: Алматы қаласының Статистика департаменті

2.1.1.1.2. кесте. ЖӨӨ көлемі және құрылымы

Атауы/жылдар	Өлш. бір.	2014	2015	2016
Жалпы өңірлік өнімнің көлемі	млрд. теңге	8143,6	9100	10 601,3
Нақты көлемінің индексі	%	107,0	104,2	102,6
Жан басына шаққанда ЖӨӨ	мың теңге	5 021,0	5 439,6	6 138,5
ҚР ЖӨӨ-ің жалпы көлеміндегі қаланың үлес салмағы	%	20,5	22,3	22,6


Дереккөз: Алматы қаласының Статистика департаменті, салыстырылатын қалалардың ресми статистика ұйымдары

Еңбек өнімділігі

Орта есеппен алғанда Алматы қаласындағы қызмет көрсету саласындағы еңбек өнімділігін дүниежүзінің басқа қалаларымен салыстыруға болады. Алматы қаласының көрсеткіші жұмыспен қамтылған жан басына есептегенде 38,2 мың АҚШ долларын құрайды, бұл Мәскеу қаласынан 15% артық және Варшавадан 42% кем.

Алайда ішкі секторлар арасында өнімділік бойынша біршама айырмашылықтар байқалады. Мысалы, денсаулық сақтау, білім беру сияқты адамның қатысын көп қажет ететін секторлар көшбасшылардан ондаған есе (жылжымайтын мүлік операциялары және сауда) артта қалып отыр.

2.1.1.1.2. сурет. Салалар бойынша еңбек өнімділігі, 2016 ж.



Дерек көзі: Алматы қаласының Статистика департаменті

Алматы нақты сектордағы еңбек өнімділігі бойынша дүниежүзіндегі басқа қалалардан біршама артта қалып отыр, мұнда еңбек өнімділігі Алматыдағы сауда және қызмет көрсету секторларынан айтарлықтай төмен. Бұл жағдайда егер ауыл шаруашылығы мен тау-кен өндіруші өнеркәсіптің деңгейі есептеу базасының төмендігіне байланысты көрсетілмеген деп алатын болсақ, құрылыс (2016 жылы 10,2 мың АҚШ доллары) және өңдеуші өнеркәсіп (21,6 мың АҚШ доллары) салалары біршама жақсару аймағы болып табылады. Аталған салаларда жұмыспен қамтылған халықтың 15% астамы жұмыс жасайды және олардың үлесіне ЖӨӨ 6,4% тиесілі болады. **Осылайша, 2016**

жылдың қорытындысы бойынша қала өңдеуші өнеркәсіптің өнімділігі бойынша көрсеткіштерге қол жеткізді және 21,6 мың АҚШ долларын құрады.

2.1.1.1.3. кесте SWOT-талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - халықаралық деңгейдегі постиндустриалдық мегаполис ретінде тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсімін қамтамасыз ету, сондай-ақ өсім факторларының бірі инвестициялар болып табылады; - еңбек өнімділігінің өсуін жеделдету, өндірістің одан әрі дамуына қолайлы жағдай; - Алматы агломерациясының елді мекендерінің тұрақты еңбек, мәдени-тұрмыстық және рекреациялық байланыстары бар. 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы республика экономикасын дамытуға сыртқы факторлардың ықпалы, сондай-ақ теңгенің құнсыздануы, ол халықтың сатып алу қабілетін төмендетуі мүмкін; - Қазақстанда жоқ, өзіндік бәсекелестік басымдықтары бар көрші елдер тарапынан инвестициялық ресурстарға бәсекелестік деңгейінің жоғарылығы; - әсіресе өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің төмендігі.
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бюджеттің кіріс бөлігінің резервтерін анықтау және бюджет қаражатын тиімді пайдалану (мемлекет активтерін); - нақты экономика секторын қолдау және кәсіпкерлікті дамытуды жетілдіру; - азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және инфляция деңгейін төмендету; - әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және тұрғындарды жұмыспен қамтуды қолдау; - қалада инвестициялық белсенділікті жақсарту және басым жобаларды іске асыру. 	<p>Қауіп-қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дағдарыс үдерістері экономиканың барлық дерлік салаларын қамтиды, қаланың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері өсімнің теріс мәніне әлеуетті енеді. Өндіріс құлдырайды, жұмыссыздық көбейеді, халықтың өмір сүру деңгейі төмендейді, капиталдың сыртқа кетуі, тұтыну құнының артуы. Қаланың ЖӨӨ бұл жағдайларда тоқырау жағдайын болады. - Қаржылық сектордың елдің астанасына кетуі қаланың ЖӨӨ төмендеуіне және білікті мамандардың кетуіне әкеп соғуы мүмкін, сондай-ақ басқа секторлардан (қызметтер, сауда) түскен пайданы қосымша алып кетеді.

2.1.1.2. Өнеркәсіп

2016 жылы Алматы қаласының өнеркәсібі 1 384 кәсіпорыннан құралады, олардың 6,5% ірі және орта кәсіпорындар санатына жатқызылады. Олар қала индустриясының негізін құрайды және өнеркәсіптік өнім көлемінің 77,5 % өндіреді.

2016 жылы Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 772,1 млрд. теңгеге жеткен, соңғы 3 жылда орташа жылдық нақты өсім 7,5%-ды құрады.

2014-2016 жылдар кезеңінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 жылы өсе отырып және одан әрі 2016 жылы төмендей отырып, тұрақсыз үрдісте болды (693,5 млрд. теңге).

2014-2016 жылдардағы кезеңде өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индексінің төмендеуі байқалады. Құлдыраудың негізгі себептері өндірілетін өнімге тапсырыстар мен сұраныстың төмендеуі. 6 кәсіпорын толығымен тоқтап тұрған, 8 кәсіпорын өндірістің 50%-дан астам төмендеуіне жол берді.

2.1.1.2.1. кесте. Алматы қаласының сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері

Атауы/жылдар	Өлш. бір.	2014	2015	2016
Сыртқы сауда айналымы	млрд. АҚШ доллары	22,4	14,6	12,1
Экспорт	млрд. АҚШ доллары	5,0	2,8	2,7
Импорт	млрд. АҚШ доллары	17,4	11,8	9,4
Сальдо	млрд. АҚШ доллары	-12,3	-8,8	-6,7

Дерек көзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті

Үш жыл ішінде қаланың сыртқы сауда тауар айналымының көлемі 43,4% төмендеді және 2016 жылы 12,1 млрд. АҚШ долларын құрады. Сыртқы саудада импорт – 77,7% нәтижесінде сыртқы сауда айналымының теріс сальдосы - 6,7 млрд. АҚШ долларын құрады.

Жалпы алғанда, 2016 жылы шикізаттық емес тауарлардың экспорттық үлесі 48,2%-ды құрады.

Соңғы үш жыл ішінде қаланың тіршілік қабілеттілігін қамтамасыз ететін ішкі салалардың үлес салмағы артқан. 2016 жылы электрмен қамту, газ және жылу беру, ауаны желдету, сумен қамту, кәріз жүйесі және қалдықтарды жинаудың үлесіне өнеркәсіптік өндіріс көлемінің бесінші бөлігі тиісті болған.

30-дан астам арнайы маманданған салалар, ішкі салалар мен жекелеген өндірістер енетін тағам өнеркәсібі Алматы қаласының өнеркәсіптік кешеніндегі ірі салалардың бірі болып табылады. 2014-2016 жылдардағы кезеңде тағам өнімдері өндірісінің жалпы өңдеуші өнеркәсіп көлеміндегі үлес салмағы 2015 жылы 26,8%-ға төмендей отырып және одан әрі 36,7%-ға дейін өсе отырып тұрақсыз үрдіс байқалды.

Алматы қаласында бірқатар ірі және технологиялық тұрғыда озық лак-бояу материалдарын, сумен қамту, кәріз және шоғырсымдарды қорғау жүйелеріне арналған полиэтилен құбырларды, термоқабықшалар, қаптама өнімдерін, өлшеп қаптау қапшықтарын, тағам өнімдері мен мұздатылған өнімдерге арналған қапшықтар өндіру бойынша химия өндіріс орындары орналасқан.

2016 жылы химия, фармацевтика өнеркәсібінің және электр құралдарын жасаудың көлемі айтарлықтай азайды.

Қаладағы өнеркәсіп саласының негізгі түйткілі төмен еңбек өнімділігі, сонымен қатар, саланың көрсеткіштерін жекелеген кәсіпорындардың жұмысына тәуелді ететін шағын көлемдері болып табылады. Қалада салалық өнеркәсіпті дамытуды одан әрі қолдау үшін «Алматы қаласы Алатау ауданында индустриалды аймақты құру» жобасы іске асырылуда.

Негізгі мақсат экспортқа бағытталған экологиялық шикізаттық емес өнімдер жасауды қолдау және жаңа жұмыс орындарын ашу болып табылады.

Осылайша, 6 өндіріс секторлары белгіленді:

- тағам өнеркәсібі;
- машина жасау;
- құрылыс өнеркәсібі;
- фармацевтикалық өнеркәсіп;
- химия өнеркәсібі;
- жеңіл өнеркәсіп.

Индустриялық аймақта 4 852 жұмыс орындарын құра отырып, 170,9 млрд. теңге инвестицияның жалпы көлемімен 33 жоба бекітілді.

2.1.1.2.2. кесте. Өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016*
Өнеркәсіптік кәсіпорындар саны, бірлік	бірл.	1392	1542	1384
Өнеркәсіптік өнім көлемі, млн. теңге	млрд. теңге	738,9	663,0	772,1
Өнеркәсіптік өнім шығарудың нақты көлемінің индексі, %	%	102,2	95,1	100,1
Өңдеуші өнеркәсіп өнімдерін шығарудың нақты көлемінің индексі, %	%	100,3	96,1	100,2
Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі, мың АҚШ доллары/адам	мың АҚШ доллары/адам	28,7	19,6	21,6
Елдің жалпы экспорты көлеміндегі шикізаттық емес тауарлар экспорты көлемінің үлесі, %	%	17,0	10,5	11,3

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің Санақ жинағы

2.1.1.2.3. кесте. Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндіріс көлемі, млн. теңге

Атауы/жылдар	2014	2015	2016
Өнеркәсіп	738 948	662 981	772 114
оның ішінде:			
тау-кен өнеркәсібі	220	221	
өңдеуші өнеркәсіп	580 625	504 496	608 556
оның ішінде:			
тағам өнімдері өнеркәсібі	187 531	137 268	195 948
сусындар өндірісі	33 249	27 581	36 995
тоқыма бұйымдары өндірісі	1 327	1 080	1 555

Киім өндірісі	4 696	7 063	7 485
тері және онымен байланысты бұйымдар өндірісі	2 520	2 943	3 599
Жиһаздан басқа ағашжәне тығынды бұйымдар өндірісі	1 985	4 263	5 053
Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру	10 169	10 389	12 743
Жазба материалдарын басып шығару және көшіру	34 738	42 996	37 273
Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	2 940	1 340	2 173
Химия өнімдерін өндіру	6 987	7 093	8 037
Негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру	17 132	11 894	14 040
Резина және пластмасса бұйымдарды өндіру	27 055	33 884	40 844
Басқа да металл емес және минералды өнімдерді өндіру	55 401	47 833	40 096
Металлургия өнеркәсібі	40 387	41 547	52 274
Машиналар мен құрылғылардан басқа дайын металл бұйымдарды өндіру	36 564	29 771	35 231
Компьютер, электронды және оптикалық өнімдер өндіру	23 455	14 288	20 152
Электрлік құрылғылар өндірісі	7 314	8 198	8 537
Басқа санаттарға жатқызылмаған машиналар мен құрылғылар өндірісі	10 702	6 559	7 083
Автокөлік құралдары, трейлер және жартылай тіркемелер өндірісі	4 909	6 761	6 424
Басқа көлік құралдары өндірісі	8 551	3 479	4 176
Басқа да дайын бұйымдар өндірісі	2 027	1 925	1 250
Жиһаз өндірісі	13 522	11 305	12 323
Машиналар мен құрылғыларды жөндеу және орнату	47 454	45 032	55 262
Электрмен қамту, газ және жылу беру, ауаны желдету	136 967	136 528	140 165
оның ішінде:			
Электр энергиясын өндіру, беру және тарату	69 402	60 910	54 478
Газ тәрізді отынды өндіру және тарату	15 297	25 292	29 479
Жылу беру және ауаны желдету жүйелері	52 268	50 326	56 208
Сумен қамту; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен таратуды қадағалау	21 134	21 957	23 392
оның ішінде:			
Суды жинау, өңдеу және тарату	12 314	12 977	13 307
Кәріз жүйесі	3 963	3 954	3 808
Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою	4 856	5 026	6 277
Машина жасау	102387	80 909	101636
Қара металлургия	18848	21 465	23081

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің Санақ жинағы, 2015 жыл

Жергілікті мазмұнды дамыту

Өнеркәсіп өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Алматы қаласының әкімі Б.Қ.Байбек 2016 жылғы 19 қаңтарда «Тауарлардың,

жұмыстардың және қызметтердің мемлекеттік сатып алуларындағы қазақстандық қамтуды ілгерілету және Алматы қаласының өнеркәсіп кәсіпорындары қуаттарының 2016 жылға жүктемесі» жөніндегі Кешенді жоспарын бекітті.

2015 жылдан бастап Алматы қаласының Өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың және Алматы қаласы кәсіпорындарының сатып алуларындағы жергілікті қамтудың мониторингі бойынша комиссиясы құрылды. 2016 жылдың қорытындысы бойынша 500-ден астам отандық тауар өндірушілерінің қатысуымен денсаулық сақтау, құрылыс, білім беру, табиғатты пайдалану, энергетика және коммуналдық шаруашылық, ауыл шаруашылығы және IT-технологиялары саласында 8 мәжіліс өткізілді.

Жыл сайын «Самұрқ-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның құрамына кіретін ұлттық компаниялармен тиісті меморандумдарға қол қоя отырып, «Мемлекеттік тапсырыс» акциясы өткізіледі.

2016 жылғы 24 желтоқсанда Арнайы экономикалық аймақ негізінде IT-технологиялары саласында Мемтапсырыс акциясы өткізілді, оның шеңберінде «Самұрқ-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор) 2017 жылға арналған сатып алулар жоспарының тұсау кесері көрсетілді.

Нәтижесінде, 4,4 млрд. теңге тұратын 2 ұзақ мерзімді келісімшартқа және 120 млн. теңге тұратын ынтымақтастық туралы 1 меморандумға қол қойылды. Қормен уағдаластық қорытындылары бойынша IT-компанияларының өнімдерін қарастыру және оларды Қордың жұмысында пайдалану жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Жыл қорытындысы бойынша атқарылған жұмыс нәтижесінде қазақстандық қамтудың үлесі 2015 жылға қарай 2 есеге өсе отырып, 64,1%-ды құрады.

Ағымдағы жылы Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, аталған жұмыс жалғастырылатын болады.

2016 жыл ішінде қаланың мемлекеттік органдары мен мекемелері 8,9 млрд. теңгеге, оның ішінде, жергілікті тауар өндірушілерінен 5,7 млрд. теңгеге тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алды, мемлекеттік сатып алулар көлеміндегі қазақстандық қамтудың үлесі 63,6%-ды (Қазақстан Республикасы бойынша 62,5%) құрады, оның ішінде:

- 2,1 млрд. теңгеге, оның ішінде, жергілікті тауар өндірушілерінен 850,5 млн. теңгеге сатып алынған тауарлар, қазақстандық қамтудың үлесі 40,9% (Қазақстан Республикасы бойынша 25,9%);

- 1,4 млрд. теңгеге, оның ішінде, жергілікті тауар өндірушілерінен 1,1 млрд. теңгеге сатып алынған жұмыстар, қазақстандық қамтудың үлесі 79,3% (Қазақстан Республикасы бойынша 64,8%);

- 5,4 млрд. теңгеге, оның ішінде, жергілікті тауар өндірушілерінен 3,7 млрд. теңгеге сатып алынған қызметтер, қазақстандық қамтудың үлесі 68,2% (Қазақстан Республикасы бойынша 73,1%).

Алматы қаласының мемлекеттік мекемелері

Алматы қаласының мемлекеттік мекемелері және ұйымдары ұсынған қазақстандық мазмұн және тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша есептеріне сәйкес 2016 жылғы жағдай бойынша 5,4 млрд. теңгенің сомасына қазақстандық үлес салмағы 3,8 млрд. немесе 70% құрады, оның ішінде:

- тауарлар бойынша 70,8% 370,9 млрд. теңгенің сомасы;
- жұмыстар бойынша 87% 882 млрд. теңгенің сомасы;
- қызметтер бойынша 66,4% 2,6 млрд. теңгенің сомасы.

«NADLoC» жергілікті қамтуды дамыту ұлттық агенттігінің деректері бойынша, бүгінгі күні, Алматы қаласы қазақстандық қамту үлесінің көрсеткіші бойынша 3 орынды иеленіп отыр және ол 73,8%-ды құрайды.

Ұлттық компаниялар

«Самрұқ-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның құрамына кіретін Ұлттық компаниялар 2016 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында Алматы қаласының кәсіпорындарымен жалпы сомасы 481,9 млрд. теңгеге шарттар жасасты, оның ішінде:

- тауарлар – 256,8 млрд. теңге;
- жұмыстар – 47,2 млрд. теңге;
- қызметтер – 177,8 млрд. теңге.

Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру

Энергияны үнемдеу бойынша шараларды іске асыру қазіргі уақытта өнеркәсіпті, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты және көлік секторын жаңғыртудың негізгі құралының бірі болып табылады. Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша шараларды табысты іске асыру энергетикалық және экологиялық қауіпсіздікті, сондай-ақ Алматы қаласы экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Алматы қаласы экономикасының өсуімен байланысты энергетикалық ресурстарды тұтыну негізінен ішкі өңірлік өнім сияқты қарқында өседі, өйткені экономикалық өсім өнімді өндіруді арттырумен, ресурстарды пайдаланумен бірге жүреді. Осылайша энергияны үнемдеу Алматы қаласының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Алматы қаласы бойынша электр энергиясының және қуатының заманауи нарығы «Алматы энергия станциялары» АҚ (бұдан әрі – «АлЭС» АҚ) энергия көздерінен электр энергиясын жеткізуден және 30% ЖГРЭС және ГРЭС Павлодар-Екібастұз энергия торабынан электр энергиясын сатып алудан қалыптасады.

Электр энергиясын тұтыну құрылымы тұтынудың негізгі үлесі өнеркәсіп кәсіпорындарына – 33% , халық – 29 % , өзге де – 25%, бюджет ұйымдары – 13% келетінін көрсетеді.

2.1.1.2.3. кесте SWOT-талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - макроэкономикалық және саяси тұрақтылық; - іскерлік ахуалды жақсарту және реформаларды жүргізу; - өнеркәсіптік саясатты іске асыру үшін даму институттары жүйесінің болуы. 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өңдеу өнеркәсібіндегі инвестициялық белсенділіктің төмендігі; - Біліктілік деңгейін талап ететін адам ресурстарына қолжетімділіктің төмендігі; - Инфрақұрылымда тар жерлердің болуы (көлік-логистикалық, энергетикалық, сумен жабдықтау); - Өңдеуші өнеркәсіптегі бәсекеге қабілеттіліктің төмендігі; - Инновациялық жүйенің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі; - Ресурс тиімділігінің төмендігі және өнеркәсіптің жоғары энергия өнімділігі; - Техникалық реттеудің дамымаған жүйесі:
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кедендік одақ нарығына қолжетімділік, Қытайдағы, Орта Азиядағы және Каспий аралық мемлекеттердегі нарықтық мүмкіндіктер; - Ресурс секторларының технологиялық құрал-жабдықтарына, мамандандырылған қызметтерге және инновацияға сұраныс; - Өңдеуші өнеркәсіпте заманауи өндірістік және басқару технологияларын енгізу; - Мемлекеттік, квазимемлекеттік сатып алулардың және жер байлықтарын пайдаланушылардың сатып алуларының тиімділігін арттыру. 	<p>Қауіп-қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жаһандық және өңірлік дағдарыс түрлерінің Қазақстанның экономикасына және өндірісіне теріс әсері.

Түйткілді мәселелер:

- қолданыстағы кәсіпорындардың өндірістік қуаттылығының төмен жүктемесі;
- ескірудің жоғары дәрежесі, кәсіпорындардағы жабдықтардың рухани ескіруі;
- ішкі нарықтың әлсіз дамуы;
- шығарылатын өнімдердің төмен сапасы және оның түрлерінің аз болуы;
- өнімдерді сертификаттау үшін сынақ базаларының және зертханалардың жоқтығы;
- өнімдердің жоғары энерго және еңбек өнімділігі;
- көлік - логистикалық инфрақұрылым деңгейінің төмендігі;

- тиісті білікті кадрлардың жетіспеушілігі;
- салалық институттардың материалдық-техникалық және тәжірибелік - өнеркәсіп базаларын жаңғыртудың қажеттілігі;

2.1.1.3. Азық-түлік белдеуін дамыту

Тамақ өнімдерін өндірудің негізгі капиталындағы инвестициялардың нақты көлем индексі 2014-2016 жылдар кезеңінде тұрақсыз үрдісті сақтады. 2015 жылы 157% (4 516 млн. теңге) 2014 жылмен 55% (2 824 млн. теңге) салыстырғанда өсуі байқалды. 2016 жылы НКИ 95,8% (4 498 млн. теңге) құрады. Бұл үрдіс тұтастай өткен кезеңдегі экономиканың дамуымен үйлесімді болып отыр.

2016 жылғы қыркүйек айында Алматы қаласының Индустриалды аймағында қызанақ 3000 тонна, қияр 4000 тонна өндіретін 17 га жерге көкөніс өндіретін жылыжай кешенінің жобасы іске асырылды.

Алматы қаласының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азық-түлік тауарлар бағаларының негіссіз өсуіне жол бермеу мақсатында, «Алматы» ӘКК» ҰК» АҚ төменгі бағалармен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатады.

2016 жылы жалпы сомасы 729 млн. теңгеге 3 170 тонна көлемінде өнім 700 тонна – құмшекер, 700 тонна – өсімдік майы, 350 тонна – күріш, 350 тонна – қарақұмық, 700 тонна – 1 сұрыпты ұн, 350 тонна – макарон өнімдері және 20 тонна – тұз сатып алынды.

2016 жылы Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, және Шығыс Қазақстан облыстарының тауар өндірушілері 10 кеңейтілген қалалық жәрмеңке өткізді. Тауар айналымы 1,2 млрд. теңгені құраған 2140 тонна өнім сатылды.

Сонымен қатар, 2016 жылы қала аудандарында Алматы қаласы және Алматы облысы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қатысуымен апта сайын «демалыс күнгі» жәрмеңкелер өткізіліп тұрады. 2016 жылдың басынан бері Алматы қаласының аудандарында 2,3 млрд. теңгеге 770 жәрмеңке өткізілді, ал 2015 жылы 1,9 млрд. теңгені құраған 627 «демалыс күнгі» жәрмеңке өткізілді.

2.1.1.3.1. кесте SWOT-талдау

<p>Күшті жақтары: - Тамақ өнеркәсібін дамыту.</p>	<p>Әлсіз жақтары: - импортқа тәуелсіздіктің жоғары болуы; - саланы құрылымдық-технологиялық жаңғырту қарқынының төмендігі; - нарық инфрақұрылымын дамытудың қанағаттанарлықсыз деңгейі.</p>
<p>Мүмкіндіктер: - жылыжай шаруашылықтарының, дайындау пункттерінің қуаттылығын арттыру бойынша инвестициялық жобалар қатарын іске асыру, жеміс-көкөніс сақтау қоймаларын және сүт</p>	<p>Қауіп-қатерлер: - ГМО және химиялық қоспалары бар ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасының төмендігі.</p>

пен ет жинау бойынша стационарлық пункттерді дамыту; -Алматының ауыл шаруашылығы қайта өңдеу кәсіпорындарын техникалық қайта жарақтандыру.	
---	--

Түйткілді мәселелер:

- несие алу кезінде ауыл шаруашылық өндірушілеріне қажетті ликвидтік кепілдік мүліктің жоқтығы;
- қала кәсіпорындарының моралдық және физикалық тозған құралдары үлесінің жоғары болуы;
- өндірістік қайта өңдеуге лайықты шикізаттың жетіспеуі.

2.1.1.4. Шағын және орта бизнес, сауда

Шағын және орта бизнес

Алматы шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШОК) шығаратын нақты өнімінің көлемі бойынша еліміздің көшбасшысы болып табылады.

2016 жылы ШОК жұмыс істеп жүрген субъектілері санының серпіні 2015 жылмен салыстырғанда 13,1%-ға төмендеді және 2014 жылмен салыстырғанда 25,5%-ға артты).

2014-2016 жылдар кезеңінің ішінде ШОК белсенді субъектілерінің үлесі тіркелген субъектілердің жалпы көлемінің тұрақты үрдісіне ие болды. Өсу 2015 жылы (55,1%) көрсетілді.

2016 жылдың қорытындысы бойынша ШОБ тіркелген субъектілер саны 246 765 субъектіні құрады және 2015 жылмен салыстырғанда 5 662 субъектіге қысқарды немесе 2,3%.

Жұмыс жасайтын субъектілер саны 2016 жылы 160 885 бірлікті құрады, ол 2015 жылмен салыстырғанда 13,1% қысқарды және 2014 жылмен салыстырғанда 32 778 бірлікке артық немесе 25,6%.

Жыл сайын ШОБ жұмыс жасайтындардың саны өсіп келеді, 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 38 895 бірлікке қысқарды (6,4%) және 2014 жылмен салыстырғанда 93 925 бірлікке өсті (19,8%).

ШОБ субъектілері өндіретін өнімнің көлемі 2016 жылы атаулы түрде 4458,5 млрд. теңгеге немесе 2014 жылмен салыстырғанда 17,3% (3799,8 млрд. теңге).

ШОБ өнімінің нақты көлем индексі: 2016 жылы – 91,9%, 2015 жылы – 90,7%, 2014 жылы – 112,5%.

2.1.1.4.1. кесте. ШОБ негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	өлшем.бірл.	2014	2015	2016
--------------------	-------------	------	------	------

Тіркелген ШОБ саны	бір.	251 912	241 103	246 788
Белсенді ШОБ саны	бір.	128 107	185 133	160 845
Тіркелгендердің жалпы көлеміндегі белсенді ШОБ үлесі	%	50,9	76,8	65,2
ШОБ-тағы жұмыспен қамтылғандар саны	адам	474 864	607 684	598 186
ШОБ субъектілерінің өнім өндіруі	млрд. теңге	3 799,8	3 665,8	4 458,5

Дереккөз: «ҚР шағын және орта бизнес» Санақ жинағы, 2015

«Бизнестің жол картасы-2020» Бағдарламасының шеңберінде (бұдан әрі – БЖК-2020) 2014-2016 жылдары ШОК қолдау және дамыту үшін республикалық бюджеттен 8,7 млрд. теңге бөлінді. бұл шаралардың есебінен 414 жоба субсидияланды, 152 кредит бойынша ішінара кепілдік ұсынылды, 54 грант берілді, 10 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

2.1.1.4.2. кесте. Жобалардың саны, құралдардың бөлігінде «Бизнестің жол картасы - 2020» Бағдарламасының шеңберінде ӨҮК

Қолдау құралдары	2014	2015	2016
3 бағыт бойынша субсидия бөлу	125	91	198
Кепілдік	38	39	77
Гранттар	11	12	31
Өндірістік инфрақұрылымды дамыту	-	-	-

Дереккөз: «Даму Кәсіпкерлік қоры» АҚ жылдық есептері

БЖК-2020 Бағдарламасын іске асыру нәтижесінде 2014-2016 жылдары қосымша 9 мың жаңа жұмыс орындары құрылды, 17 мыңнан астам жұмыс орындары сақталды. Кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау шеңберінде қаланың 5 мыңнан астам кәсіпкері оқытудан өтті.

2.1.1.4.3. кесте. Компоненттер бөлігінде «Бизнестің жол картасы - 2020» Бағдарламасының шеңберінде оқытылған қатысушылардың саны

Қолдау құралдары	2014	2015	2016
Бизнес кеңесші 1	1 374	1 155	914
Бизнес кеңесші 2	146	125	84
Топ-менеджмент оқыту	58	58	58
Іскерлік байланыстар	80	78	80
Аға сеньорлар	1	2	3
Жас кәсіпкер мектебі	85	-	-


Дереккөз: «Даму Кәсіпкерлік қоры» АҚ жылдық есептері

2.1.1.4.1 сурет. Жалпы тіркелгендер санындағы Алматы қаласының ШОК субъектілерінің үлесі, бірлік



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика комитеті

Сурет 2.1.1.4.2. Алматы қаласының 2016 жылы ұйымдастыру-құқықтық нысандары бойынша ШОК құрылымы



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика комитеті

Алматы қаласындағы шағын және орта кәсіпкерліктің тіркелген субъектілерінің құрылымында шағын және орта кәсіпорындар басым болып келеді, алайда, әрекет етіп жүрген кәсіпорындар арасында жеке кәсіпкерлер (бұдан әрі – ЖК) көшбасшылық орынды иеленіп келеді.

Шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілерінің салалық ерекшелігі қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындардың басымдылығымен сипатталады. Үлестің аса көп бөлігіне сауда саласы ие болып отыр, бұл қаланың жалпы өңірлік өнімі құрылымының жалпы серпініне сәйкес келеді.

Сонымен қатар, бұл сауда саласында жиі кездесетін жеке кәсіпкерлердің шағын және орта кәсіпкерлік құрылымындағы басымдығымен түсіндіріледі.

Шағын және орта кәсіпкерлік соңғы үш жыл ішінде айтарлықтай өсу қарқынымен қалада жұмыс орындарын құрудың (қалада 886,7 мың жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 65,6%) аса маңызды көзі болып табылады.

2.1.1.4.3. сурет. ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың үлесі




Дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика комитеті

2016 жылы ШОК субъектілері шығарған өнім 4 458,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2015 жылдың деңгейінен 6,1%-ға жоғары. Алматы қаласында ШОК өнім шығару деңгейі көрсеткішінің оң серпіні өз өнімінің түрлерін көбейту, өндірісті жаңғырту, сапаны арттыру және өтім нарығын кеңейту жолымен шағын және орта бизнес кәсіпорындарын дамыту үшін алғы шарт болып табылады.

Жалпы алғанда, мемлекеттік қолдау көлемі «Даму» қоры арқылы, кәсіпкерлерді қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсетуді қоса алғанда, шамамен 10 млрд. теңгені құрады. ШОК несиелеудің жалпы көлемі 2014-2016 жылдар кезеңінде 2 199,7 млрд. теңгені құрады.

2.1.1.4.4. сурет. Екінші деңгейдегі банктердің ШОК-ке несие беруі




Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

Қолайлы кәсіпкерлік жағдай жасау үшін жылына екі рет Алматы қаласы Іскерлік кеңесінің мәжілістері өткізіліп тұрады. Негізгі назар Алматы қаласында әкімшілік кедергілерді жою, көлеңкелі экономиканың көлемдерін қысқарту, кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын құру және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жолымен кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға аударылады.

Алматы қаласында Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының (бұдан әрі – КҚО) 3 орталығы табысты түрде жұмыс істейді, онда кәсіпкерлерге «бір терезе» тәртібінде қызметтер кешені ұсынылады, мемлекеттік қолдаудың нақты құралдарын түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізіледі. 2014-2016 жылы 11 870 кәсіпкерге бизнесті жүргізудің сервистік қолдауының шеңберінде қызметтер көрсетілді.

Сурет 2.1.1.4.5. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында ұсынылған қызметтердің саны



Жалпы алғанда, ШОК сегменті қаладағы салықтар мен жұмыс орындарының (60%-дан астам) негізгі көзі болып қалуды жалғастыруда. Осыған байланысты, қаладағы ШОК қызметін дамыту негізгі бағыттардың бірі болып қалып отыр.

2.1.1.4.4. кесте. Шағын және орта бизнес көрсеткіштері

Атауы/жылдар	Өлшем. бірл.	2014	2015	2016
Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің нақты өнім өндіру көлемінің индексі	%	112,5	90,7	91,6
Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығаруы	млрд. теңге	3 799,9	3 665,9	4 458,5
Тіркелгендердің жалпы көлемі бойынша	%	50,9	76,8*	65,2

Атауы/жылдар	Өлшем. бірл.	2014	2015	2016
белсенді шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі				

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика комитеті, 2015ж.

* Халықаралық тәжірибеге сәйкес, шағын және орта бизнес субъектілерінің сандық көрсеткіштерін қалыптастыру және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кіріс комитетінің деректерімен сәйкессіздіктерді жоюда ортақ тәсілдерді жүзеге асыру мақсатында, 2015жылдың 1 ақпанынан бастап «белсенді» субъектілерінің сандық индексінің орнына «ағымдағы»сөзі жазылып, жарияланады.

2014 жылдың деректері 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап, тек жұмыспен қамтылғандар саны бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызу критерийлері статистикасының мақсаты үшін пайдалануды көздейтін «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын енгізу (Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 10 шілдедегі №36-V «Қазақстан Республикасының рұқсат беру құжаттарын қысқарту, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Заңы) есебінен келтірілді.

Сауда

Алматы жалпы республикалық сауда көрсеткішінде сауданың меншікті үлесі бойынша 1 орынды иеленеді. 2016 жылдың ішінде сауда қаланың ЖӨӨ ең жоғары үлесін қамтамасыз еткен (35,6%), бұл ретте 2016 жыл ішіндегі көтерме сауданың жалпы көлемі (9755,9 млрд. теңге, республикалық көлемнен 54,2%) бөлшек сауда көлемінен (2193,7 млрд. теңге, республикалық көлемнен 27,5%) 4 есеге артық болған. Көтерме сауданың жалпы республикалық көлемінің жартысынан астамы Алматы қаласында шоғырлануы негізінен тіркелген ірі компаниялардың қалада болуымен байланысты.

Бөлшек сауда құрылымында қарастырылып отырған кезең ішінде азық-түліктік емес тауарларды сату басым болған, бөлшек сауда айналымының 82,8% немесе 1817,2 млрд.теңгеге жуығын құраған.

2014-2016 жылдар кезеңінде бөлшек сауданың нақты көлемінің индексі 10,8% көтерілген.

2016 жылы өңірдегі бөлшек сауданың жалпы көлемінің 65,5%-ы сауда кәсіпорындары арқылы (2014 жылы – 70,2%) іске асырылған, бұл қаладағы сауданың заманауи түрінің дамуымен байланысты. 2016 жылы 15 931 немесе 1 646,8 мың ш.м. (сауда орталықтарының жалпы алаңы) сауда нысандары жұмыс жасаған.

2.1.1.4.5. кесте. Көтерме және бөлшек сауда көрсеткіштері

Атауы/жылдар	Өлшем. бірл.	2014	2015	2016
Бөлшек сауда көлемі	млрд. теңге	1 641,3	1 786,6	2 193,7
Республика көлеміндегі үлес салмағы	%	25,9	27,3	27,5

Көтерме сауда көлемі	млрд. теңге	8 035,8	8 168,7	9 755,9
Республика көлеміндегі үлес салмағы	%	49,6	50,3	54,2
Халықтың жан басына шаққандағы бөлшек сауда көлемі	мың теңге	1 024,1	1 068,0	1269,5
Бөлшек сауданың нақты көлемінің индексі	%	108,1	102,5	100,0
Көтерме сауданың нақты көлемінің индексі	%	108,8	102,1	102,7

Дерек көзі: Алматы қаласының Статистика департаментінің Санақ жинағы, 2016 ж.

2.1.1.4.6. кесте. Бөлшек сауда құрылымы

Атауы/жылдар	Өлшем.бірл.	2014	2015	2016
Бөлшек сауда көлемі	млрд.теңге	1 641,3	1 786,6	2 193,7
оның ішінде:				
Азық-түлік тауарлары	млрд.теңге	362,4	363,7	376,5
Азық-түліктік емес тауарлар	млрд.теңге	1 278,9	1 423,0	1 817,2
Бөлшек сауда көлемі,	%	100	100	100
оның ішінде:				
Азық-түлік тауарлары	%	22,0	20,4	17,2
Азық-түліктік емес тауарлар	%	78,0	79,6	82,8

Дерек көзі: Алматы қаласы Статистика департаментінің Санақ жинағы, 2015 ж.

2.1.1.4.7. кесте. Сауда секторлары бойынша бағамен көрсетілген бөлшек сауда

Атауы/жылдар	Өлшем.бірл.	2014	2015	2016
Өткізу арналары бойынша бөлшек сауда көлемі:				
Сауда кәсіпорындары, млрд. теңге	млрд.теңге	1 152,3	1 206,5	1 436,5
Базарлар мен жеке кәсіпкерлер	млрд.теңге	489,0	580,1	757,2
«Бөлшек сауда» қызмет түрімен айналысатын сауда ауданы 2000 ш.м. кем емес сауда нысандарының санын арттыру, бірлік (БП)	бірлік	49	56	84

Дерек көзі: Алматы қаласы Статистика департаментінің Санақ жинағы, 2015 ж.

2.1.1.4.8. кесте. Сауда нысандары

Атауы/жылдар	Өл.бір.	2014	2015	2016
Сауда нысандары саны, бірлік	бірлік	3 591	5 334	15 931
		737 502	949 813	1 646
Жалпы сауда ауданы, ш. м.	ш.м.			778

Дерек көзі: Алматы қаласы Статистика департаменті


Сыртқы сауда

Алматы елдің сыртқы саудадағы импорт үлесі жоғары маңызды қалалардың бірі болып табылады. 2016 жылы республиканың сыртқы сауда айналымындағы қаланың нақты үлес салмағы 19,6%-ды, оның ішінде, экспортта – 7,5%-ды және импортта – 37,1% құрады.

Қаланың сыртқы сауда тауар айналымының көлемі (Кеден Одағы мемлекеттерін қоса алғанда) 2014-2016 жылдар аралығында 46%-ға азайды және 2016 жылы 12,1 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде, экспорт бойынша – 46%-ды, импорт бойынша – 46%-ды құрады.

2016 жылдың қортындысы бойынша импорт қаланың сыртқы сауда айналымының 77,3%-ын құрайды

2.1.1.4.6 сурет. Алматы қаласының сыртқы сауда айналымы



2016 жылы импорт көлемінің біршама төмендеуі негізінен нақты көлемдермен емес, керісінше 2014 жылғы ақпан айындағы және 2015 жылғы тамыз айындағы бағам үйлесімімен байланысты, бұл кезеңде ұлттық валюта девальвацияға ұшырап, бұл доллар бойынша көлемінің азаюына алып келген.

2016 жылы экспорт құрылымында 3 санаттағы өнім басым: минералдық өнімдер – 31,9%, химиялық және онымен байланысты өнеркәсіп (каучук және пластмассадан жасалғанды қоса алғанда) салаларының өнімі – 20,6%, машина, жабдықтар, көліктік құралдар, аспаптар мен аппараттар – жалпы экспорттың 12,9%-ы.

2.1.1.4.7 сурет. 2016 жылғы экспорттың тауарлық құрылымы, млн. АҚШ доллары.



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика комитеті

Импорт құрылымында 3 санаты басым болып табылады: көліктер (жабдықтар мен көлік құралдары) – 45,5%, химиялық өнімдер – 19,6%, мал және өсімдік өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары – 11,3%.

2.1.1.4.8. сурет. 2016 жылғы импорттың тауарлық құрылымы, млн. АҚШ доллары



Дерек көзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті.

Импорт өнімдері негізінен ҚХР, Германия мен Ресей Федерациясы елдерінен жеткізіледі. Негізгі экспорттық бағыттар Украина, Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасы болып табылады.

2.1.1.5. Өңіраралық ынтымақтастық


2016 жылы Алматы қаласының көтерме сауда айналымының жалпы көлемі басқа өңірлермен салыстырғанда 1 735 062,9млн. теңгені құрады. Алматы қаласының резиденттеріне 39,6% келеді, ҚР өзге облыстарының резиденттеріне – 6,7%, резиденттер еместеріне – 53,7%.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының өңіраралық ынтымақтастығы барлық салаларда ҚР-ның барлық өңірлерімен тығыз сауда-экономикалық байланыстарымен сипатталады. 2016 жылы Алматы қаласына ҚР-ның өзге облыстарынан 115 892,8 млн. теңгенің азық-түлігі жеткізілді.

Жеткізілетін өнімнің жалпы көлемінің 85,6% қала ішінде өндірілген тауарларды құрайды.

Алматы қаласының нарығына жеткізілген барлық өнімнің 54,2% Батыс Қазақстан облысының үлесіне тиеді. Оңтүстік-Қазақстан облысынан жеткізілген тауарлардың үлес салмағы 2,1% құрайды, Алматы облысы – 1,7%, Солтүстік Қазақстан облысы – 0,9%, өзге өңірлер – 1,9% құрайды.


2.1.1.5.1. сурет – 2016 жылғы Алматы қаласындағы заңды тұлғалардан – ҚР резиденттерінен сатып алынған көтерме сауда тауарларының құрылымы



Дерек көзі: «Көтерме сауда саласында қызметтер көрсететін кәсіпорынның есебі-1 Вт (қосымша)» бюллетенінің деректері негізінде есептелді. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2016 жылы Алматы қаласынан ҚР-ның өзге өңірлеріне 264 036,3 млн. теңге сомасының өнеркәсіп өнімдері тиеліп жеткізілді, Алматы қаласынан жеткізілетін жалпы өнімнің – 18,4% Оңтүстік Қазақстан облысына, Астана қаласына – 17,9%, Қостанай облысына – 11,6%, Қарағанды облысына – 9,6%, ҚР өзге өңірлеріне – 42,5% жеткізілді.

2.1.1.5.2. сурет – 2016 жылғы неркәсіп өнімдерін жөнелтудің құрылымындағы өңірлердің үлесі



Дереккөз: «Көтерме сауда саласында қызметтер көрсететін кәсіпорынның есебі-1 Вт (қосымша)» бюллетенінің деректері негізінде есептелді. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2.1.1.5.1. кесте SWOT-талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өсу драйвері бола алатын сервиске-бағытталған шағын және орта бизнестің үлесі жоғары дамыған экономика; - ішкі сауданы дамыту үшін институционалдық негіздің болуы; - елдің көптеген қалаларымен және жалпы Орталық Азиямен салыстырғандағы халықтың төлем қабілетінің жоғарылығы; 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіпкерлік қызметті нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің жетілдірілмеуі; - нарықта тұрақсыз жағдайға байланысты тәуекелдің жоғары деңгейі; - сыртқы нарықтарға шағын және орта кәсіпорындардың шығуының қиындығы; - отандық кәсіпорындар өнімдері түрлерінің аздығы, оның шет елдік тауарларға қарағанда әлсіз бәсекеге қабілеттілігі.
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстанның қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту; - отандық өнімді өндірудің өсуі; - әкімшілік кедергілерді төмендету бойынша мемлекеттік саясатты жүргізу; - көлік-логистикалық орталықтар желісін дамыту; - бәсекелестіктің өсуі, сауда желілерінің бәсекелестікке қабілеттілігін көтеру; - экспорт/импорттың сауданың реттелуін жетілдіру. 	<p>Қауіп-қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұсақ сауда кәсіпорындарының ықтымал банкроттығы; - шетелдік сауда желілерінің өнімдеріне сұраныс жоғары болғанда отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі; - заманауи сауда форматтарының шағын бизнес кәсіпорындарын ығыстыруы.

Түйткілді мәселелер:

- қаржы ресурстарына қолжетімділіктің төменгі деңгейі.
- бизнесті мемлекеттік қолдау тетіктерінің шаралары туралы кәсіпкерлерді хабардар етудің жеткіліксіздігі;
- айналым қаражатын толтыру бойынша сауда кәсіпорындарын екінші деңгейдегі банктердің несиелеуінің жеткіліксіздігі және т.б.;
- сауда нарықтарын жаңғыртуға кәсіпкерлердің ақша қаражатының жетіспеушілігі.


2.1.1.6. Инновациялар және инвестициялар

Инвестициялар

Алматы Қазақстанның инвестициялық тұрғыда тартымды өңірлерінің бірі болып табылады, себебі қала қажетті еңбек, тұтынушылық және инфрақұрылымдық әлеуетке ие.

2014-2016 жылдары Алматы қаласы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар 511,6 млрд. теңгеден 581,4 млрд. теңгеге дейін өсті.

2.1.1.6.1. сурет. Негізгі капиталға құйылған инвестициялардың динамикасы, млрд. теңге




■ өткен жылдың өсу қарқыны, %

Дерек көзі: Алматы қаласы Статистика департаменті

2014-2016 жылдардағы кезеңде инвестициялардың жалпы көлемінде қарыз және жеке қаражаттың үлесі артты, мемлекеттік қаражаттардың үлесі

төмендеді. Инвестицияның маңызды көлемі жылжымайтын мүлік операцияларына, өнеркәсіп, көтерме және бөлшек саудаға көлікті және мотоциклдерді жөндеуге жұмсалды.

2.1.1.6.2. сурет. Қаржыландыру көздері және шығындар бойынша негізгі капиталға инвестициялар



Дерек көзі: Алматы қаласы Статистика департаменті

2014 мен 2016 жылдардағы ЖӨӨ негізгі капиталына салынған инвестиция үлесі 7,4%-дан 5,5%-ға дейін төмендеген.

Осы орайда, қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыру, сондай-ақ қаладағы қаражатты көп қажет ететін және ұзақ мерзімді жобаларға стратегиялық серіктестерді тарту бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылуда.

Атап айтқанда:

- Әкімдік муниципалдық секторға ұзақ мерзімді инвестицияларды тарту үшін тұрақты негізде халықаралық қаржы институттарымен (Еуропа даму және қайта құру банкі, Азия даму банкі, Дүниежүзілік банк және т.б.) ынтымақтастық жасасады;

- Инвестициялық жобалардың тізбесі жасалды, халықаралық дипломатиялық және бизнес делегацияларымен кездесулер өткізіліп тұрады.

- 2014-2016 жылдардағы инвестицияның жалпы көлеміндегі негізгі капиталға салынған сыртқы инвестицияның үлесі 2015 жылы 3,5%-ға төмендей отырып және 2016 жылы 2,3%-ға көбейе отырып тұрақсыз болды. 2016 жылы сыртқы инвестициялар көлемі 75,2 млрд. теңгені құрады, бұл негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 12,9%-ын құрайды.

- Талданып отырған кезеңде инвестициялардың елеулі бөлігі құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарына (ҚҚЖ), сондай-ақ машиналар мен жабдықтар сатып алуға жұмсалды.

2.1.1.6.3. сурет. Негізгі капиталға инвестициялардың технологиялық құрылымы,%



Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің Санақ жинағы

2.1.1.6.1. кесте. Инвестициялық қызмет көрсеткіштері

Атауы/жылдар	Өл. бір.	2014	2015	2016
Негізгі капиталға инвестиция	млрд. теңге	511,6	532,7	581,4
Осу қарқыны	%	94,7	102,3	102,5
Қазақстан Республикасының көрсеткіштеріндегі инвестицияның үлес салмағы	%	7,8	7,6	7,5
Жалпы өңірлік өнімдегі негізгі капиталға инвестицияның үлесі	%	7,4	6,2	5,5

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің Санақ жинағы

2.1.1.6.2. кесте. Негізгі капиталға инвестицияларды қаржыландыру көздерінің үлес салмағы

Атауы/жылдар	Өл.бір.	2014	2015	2016
Негізгі капиталға инвестициялар	%	100	100	100
оның ішінде, қаражат есебінен:				
Республикалық бюджет	%	21,9	22,2	13,1
Жергілікті бюджет	%	8,3	9,9	7,8
Меншік қаражаттары	%	54,7	50,7	62,4
Қарыз қаражаттары	%	15,1	17,2	15,7

Дереккөз: Алматы қаласы Статистикадепартаменті

Ғылым


Алматыда көптеген ғылыми мекемелер, жобалау институттары және жоғары оқу орындары орналасқан. Негізгі міндет ғылыми зерттеулер нәтижелерін өндіріске енгізу үшін ғылым, білім және өндірісті ықпалдастыруды қамтамасыз ету болып табылады. 2014-2016 жылдардағы кезеңде кәсіпорындардың технологиялық инновация шығындары 3 есе артқан. Сонымен қатар, 2016 жылғы ҒЗТҚЖ сыртқы және ішкі шығындары 28,4 млрд. теңгені құраған, бұл елдегі жалпы жұмыстар көлемінің 31,7% болып табылады. ҒЗТҚЖ-ға ішкі шығындардың 75%-ы бюджет қаражатынан тұрады.

2016 жылы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік - конструкторлық жұмыстарға ішкі шығындар көлемі өткен жылмен салыстырғанда 6,6%-ға төмендеп, 31,8 млрд. теңгені құрады. Ішкі шығындардың жалпы көлемінде, қолданбалы зерттеулер шығыстарының үлесі - 56%, негізгі зерттеулер – 31,9% және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер – 12,1% құрады.

Ішкі шығындарды қаржыландыру көздерінің құрамында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға тартылған қаражат есебінен 75% ҒЗТҚЖ қаржыландырылды, өз қаражаты есебінен 22,7%.

2.1.1.6.4. сурет. ҒЗТҚЖ-ға ішкі шығындары 2016ж., млрд. теңге және %


Қаржыландыру көздері бойынша ҒЗТҚЖ ішкі шығындары, млрд. теңге



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика комитеті

Ғылыми-техникалық әзірленімдердің жеткіліксіз үлес салмағы кезінде, шығындардың айтарлықтай бөлігі қолданбалы зерттеулердің үлесіне тиеді.

2.1.1.6.5. сурет. ҒЗТҚЖ ішкі шығындар жұмыс түрлері бойынша, млрд. теңге және %



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика комитеті

2.1.1.6.3. кесте. Ғылым дамуының көрсеткіштері

Атауы/жылдар	Өл.бір.	2014	2015	2016
Ғылыми-техникалық жұмыстарды орындайтын ұйымдар саны	бір.	428	460	354
ҒЗТҚЖ-ға сыртқы және ішкі шығындары	млн.теңге	35 369	33 670	28 389
Ғылыми зерттеулер мен әзірленімдерді орындайтын мамандар саны, адам	адам	11 094	10 505	9 542

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің санақ жинағы

Инновациялар

Ұлттық инновациялық саясаттың негізгі мақсаты тұрақты экономикалық өсімді, жоғары технологиялық өндірістердің дамуын қамтамасыз ету, ғылымды қажет ететін өнімдер көлемін арттыру есебінен бюджетке түсімдерді ұлғайту, жаңа технологияларды пайдалану арқылы экологиялық және әлеуметтік мәселелердің шешімін табу болып табылады.

Мемлекет өңірдегі инновациялық дамуға қолдау көрсетеді. Осындай шаралардың бірі инновациялық және ғылыми-зерттеушілік әлеуеттерді дамыту платформасын қалыптастыруға арналған «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын құру болып табылады.

«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында салықтарды төлеуден босату түріндегі жеңілдіктер қарастырылған. Негізгі мақсаты жаңа технологияларды тарту, инновациялық технологиялар мен телекоммуникация, электроника және құралдар жасау, ресурс үнемдеу, табиғатты тиімді пайдалану және т.б. салаларда жаңа кәсіпорындарды қолдау мен өсіру болып табылады.

2.1.1.6.6. сурет. «ИТП» АЭА құрылысы



Дереккөз: Кәсіпкерлік және инновациялық даму басқармасы

«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – «ИТП» АЭА) екінші кезегінің құрылысы жүріп жатыр, бұл үшін коммуникациялары бар аумақ 163,02 гектарға дейін (бірінші кезек шеңберінде – 21,94 га) көбейтілген. Қазіргі кезде, «ИТП» АЭА-да 154 компания тіркелген, оның ішінде:

- 58 компания тікелей «ИТП» АЭА аумағында қызметін тікелей жүзеге асырады (35 компания кеңселік жайларды, 12 компания – өндірістік жайларды, 11 компания кеңселік жайлармен қатар, өндірістік алаңдарды да жалға алып отыр). Жұмыс істеп отырған компаниялар арасынан 18 кәсіпорын шетелдік инвесторлардың қатысуымен жұмыс жасайды (Ресей Федерациясы, Оңтүстік Корея, Израиль, Қытай, Германия, Италия).

Арнайы экономикалық аймақта инновациялық кластердің атқарушы органы – автономиялық кластерлік қоры құрылған. Аталған қор қатысушыларды қолдауға арналған, қаржылық құралы бар басқару органы түрінде болады. Инновациялық кластер қатысушыларының Қамқоршылық кеңесі мақұлдаған жобалары Нысаналы қордан қаржыландыру құралдарын ала алады.

Бұл ретте, «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының мәртебесі біршама артады – Қамқоршылық кеңесін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев басқарады.

2.1.1.6.4. кесте. Инновациялық қызметтің негізгі көрсеткіштері

Атауы/жылдар	Өл.бір.	2014	2015	2016
Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің деңгейі	%	5,0	4,7	7,6
Инновациялық өнімдер көлемі	млн.тенге	22 089	38 877	17 186
Жалпы өңірлік өнім көлеміндегі инновациялық өнім үлесін арттыру	%	0,27	0,43	0,17*
Кәсіпорындардың технологиялық инновацияларына жалпы шығындар	млн.тенге	50 891	42 134	29 221

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің санақ жинағы

* Алдын ала мәліметтер

2.1.1.6.5. кесте SWOT-талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастық (Еуропалық қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Дүниежүзілік банк, және т.б.) - ғылыми – зерттеу және инновациялық әлеуетті дамыту платформасын қалыптастыру үшін «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын құру; - Инновацияны дамыту жөніндегі «Almaty innovation» орталығын құру. 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - экономика өсуінің бәсеңдеуі және инвестициялық белсенділіктің төмендеуі; - қаланы басқарудағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін жеткіліксіз қолдану. - ЖОО-лардың ҒЗТҚЖмен ғылым дамуына әлсіз тартылуы.
<p>Мүмкіндіктері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шетелдік инвестицияларды тарту; - инновациялық кәсіпкерліктің және қолданбалы ғылымның өңірлік орталығын дамыту. 	<p>Қауіп-қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ғылыми зерттеулер нәтижелерінің нарықтағы сұранысының төмендігі; - алматылық кәсіпорындардың тартылатын инвестицияларға, технологияларға және адам ресурстарына тәуелділігі; - отандық кадрлардың біліктілігінің төмендігі себебінен технологияларды импорттық алмастыру мүмкіндігінің болмауы.

Түйткілді мәселелер:

- экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы және инвестициялық белсенділіктің жаһандық төмендеуі;

- Қазақстан Республикасының аумағында бизнесті жүргізу үшін визаларды рәсімдеудің қиындығы;

- Алматы қаласындағы инвестициялардың перспективасы туралы шетелдік іскер топтарының жеткіліксіз хабардар етілуі;

- технологиялық сипаттағы инновацияларға бизнесті қабылдау деңгейінің төмендігі;

- техникалық, инженерлік мамандықтар және инновациялық менеджмент бойынша ғылыми кадрлардың тапшылығы;

- инновациялық жобаларды іске асырудағы бақылау жүйесінің жетілдірілмеуі.

2.1.2. Әлеуметтік сала

2.1.2.1. Білім беру


Мектепке дейінгі білім беру

Алматы қаласы аумағының ұлғаюы және халық санының табиғи өсімі мен көші-қон есебінен артуы мектепке дейінгі білім беруге сұраныстың айтарлықтай артуына алып келді. Алматы қаласының статистикалық мәліметтерге сәйкес мектепке дейінгі мекемелердегі 0-ден 7-ге қоса алғандағы балалардың саны 2014 жылы – 193,7 мың, 2015 жылы – 215,2 мың, 2016 жылы - 217,8 мыңды құрады.


Балаларды балабақшада мектепке дейінгі тәрбие және білім берумен қамту соңғы 3 жылда 49,7 мыңнан 56,6 мыңға дейін артқан, сондай-ақ 3-6 жас аралығындағы балалар 64,7%-дан 74,7%-ға дейін артты.

2.1.2.1.1. сурет. Мектепке дейінгі білім берумен қамту көрсеткіштері


Көрсеткіштер мектепке дейінгі мекемелер саны б.



Мектепке дейінгі мекемелерде балалар саны мың адам



Мектепке дейінгі тәрбиемен оқумен қамтылған балалар (3-6 жас)



Дереккөз: Алматы қаласы Білім басқармасы

2016 жылдағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі аралықтағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқумен қамту 49,2%-ды құрады.

Бұл динамикаға мектепке дейінгі ұйымдар санын 2014 жылдағы 343 бірліктен 2016 жылы 505 бірлікке дейін көбейту есебінен қол жеткізілді.

2016 жылдың қорытындысы бойынша қалада мектепке дейінгі ұйымдарға кезек мыналарды құрады:

- 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар - 60 812 адам.
- 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар - 24 915 адам.

Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде орындар жетіспеушілігі мәселесі жаңа балабақшалар салу, қолданыстағы балабақшалардың аумағын кеңейту, мектептердің аумағында балабақшалар салу, коммуналдық меншіктегі немесе мақсаты бойынша пайдаланылмайтын бұрынғы балабақшалар ғимараттарын қайтару есебінен шешімін табады. Бұл жағдайда жетіспеушілікті азайтуды баяулату факторлары:

- бос жер учаскелерінің жетіспеушілігі;
- жерді жеке меншік иелерінен сатып алу қажеттілігі болып табылады.

2016 жылы мектепке дейінгі ұйымдар желісі 505 бірлікті құрады, 178 мемлекеттік мекеме, мемлекеттік емес 327 мекеме.

Қазіргі уақытта балабақша құрылымы жеке ұйымдарда кең таралған. Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі 35,3%, 64,7%-ы жеке меншік. Сонымен қатар, мемлекеттік балабақшаларда балаларды қамту 72,6%-ды құрайды.

Орта білім

2017-2018 оқу жылының басында қалада 250 күндізгі жалпы білім беретін мектеп жұмыс жасаған, мұнда 243 452 бала білім алады. Мектеп оқушыларының саны 2015 жылмен салыстырғанда 29,2 мың адамға артқан. Өткен оқу жылымен салыстырғанда оқушылардың саны 12,6 мың адамға өскен. Санының күрт өсуінің негізгі себептері халықтың табиғи көшіп-қонуы болып табылады.

Наурызбай, Алатау, Медеу және Өуезов аудандарындағы жалпы білім беретін ұйымдарда орындардың жетіспеушілігі бар (мектептерде бала санының артық болуы). 2016 жылы қала бойынша жалпы жетіспеушілік 49 мың адамды құрайды.

Оқушылар орны тапшылығын азайту үшін:

- «Нұрлы жол» бағдарламасының аясында № 26, 157 мектептердің жапсаржайлары пайдалануға берілді, онда әрбірі 900 оқушыға арналған.

- жеке инвесторларды тарту арқылы Наурызбай ауданында /"Сәби" қоры/ 1200 орындық жаңадан № 174 мектеп ашылды;

- Медеу ауданында 600 оқушыға арналған №168 мектептің жаңа жапсаржайлары пайдалануға берілді;

- 650 орындық 4 жеке меншік мектеп ашылды

- Сонымен қатар Наурызбай ауданында жеке инвесторды тарта отырып, 1200 оқушы орнына арналған мектептің құрылысы жүргізілуде («Сәби» қоры).

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгерген (үздік, үздік/жақсы, жақсы) оқушылардың үлесі 2014 жылы 51,2%-дан 2016 жылы 57,5%-ға дейін артты.

Алматы қаласының оқушылары жалпы білім беру пәндері бойынша әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларына белсене қатысады (мектепшілік, аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық). Алматы төрт жыл қатарынан және бесінші жыл ҰБТ және ОЖСБ қорытындылары (2012-2016 жылдар) бойынша республикада бірінші орынды иеленген. Мысалы, ҰБТ бойынша орташа балл 2012-2013 жылдары 84,7 балл, 2013-2014 жылдары – 87,3 балл, 2014-2015 жылдары – 93,4 балл, 2015-2016 жылдары – 92,1 балл, 2016-2017 жылдары - 97,5 балл болған.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті білім берумен қамту 2014 жылы 20%-дан 2016 жылы 32,5% дейін жоғарылады.

2012-2018 жылдары ҚР мүгедектердің өмірін жақсартып және құқықтарын қамтамасыз ету іс-шаралар жоспарын орындау үшін жалпы білім беретін мектептер балалардың жеке қажеттіліктеріне қарай қолжетімді болуы керек.

Мүгедектер үшін ішінара "Қол жетімді орта" (friendlybuilding.kz) порталында әлеуметтік және көлік инфрақұрылым объектілері мәліметтері бойынша бүгінгі күні 283 мемлекеттік білім беру мекемелерінде қамтамасыз етілген, соның ішінде:

- 162 мектеп;

- 93 балабақша,

- 22 колледж,

- 2 интернат,

- 5 мектептен тыс білім беру ұйымдары.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы кедергісіз орталықты қалыптастыру және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жергілікті бюджеттен 305 млн. теңге

қарастырылған, ағымдағы жылы жазғы демалыс кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілді.


Қаланың білім беру мекемелерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мәселесін әкімдік тұрақты бақылауға алған; 2011 жылдан 2015 жыл аралығында қайтару негізінде мектеп оқушыларын тегін оқулықтармен және оқу әдістемелік кешендерімен 100% қамту кезең кезеңімен жүзеге асырылды. 2015 жылы осы мақсаттар үшін 1,9 млрд. тенге бөлінді.

Техникалық және кәсіптік білім беру


Қалада 82 колледж жұмыс жасайды, мұнда 61 445 адам білім алады, жеке меншік мекемелер жалпы санының шамамен 73% құрайды.

2012 жылдан бері колледждер түлектерін жұмысқа орналастыру кепілдігімен өтініштер қабылданады және өнеркәсіптік және басқа да кәсіпорындармен шарттар жасалуда. Осыған қарамастан, түлектерді, әсіресе жеке меншік колледждердің түлектерін жұмысқа орналастыруда әлі де қиындықтар бар.

2.1.2.1.2. сурет. Колледждер саны



2.1.2.1.3. Колледждердегі студенттер саны



Дереккөз: Алматы қаласы Білім басқармасы

2016 жылы техникалық және кәсіптік білім берудің (14-24 жас) тиісті жасындағы жастар - 22,2 % құрайды.

2016 жылдың қорытындысы бойынша 14 447 бітірушіден 9 852 адам жұмысқа орналасты және оқу орнын бітірген соң бірінші жылы мамандық бойынша жұмысқа орналасқан бітірушілердің үлесі жалпы санының 68,2% құрады.

NEET (NEET – ағыл. Not in Education, Employment or Training), көрсеткіші бойынша 15-28 жас аралығындағы жұмыс істемейтін, оқымайтын және біліктілігін көтермейтін жастардың жалпы саны 2016 жылы 7,7%-ды құрады, 2015 жылдың 8,6% көрсеткішіне қарағанда осы индикатордың қол жеткізілгенді білдіреді.

Дереккөздер	Жастардың жалпы саны	Жұмыссыз жастардың саны	Экономикалық белсенді емес жастардың саны	Оқуға байланысты жұмыс күшіне кірмейтін жастардың саны	2016 жылғы NEET үлесі
ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті www.stat.gov.kz	448,8	18,5 тыс.	179,4 тыс.	163,4 тыс.	7,7%

Алматы қаласында жастардың көші-қонының оң сальдосы (20 мың адамнан астам), бұл еліміз бойынша ең жоғары көрсеткіш болып табылады.

Жастар арасындағы жұмыссыздықтың өсуіне, басқа өңірлерден жыл сайын көшіп келетіндердің жоғарғы көрсеткіші себеп болады. Сонымен қатар, ЖОО-ының жыл сайын шамамен, 60-65 % резидент емес түлектері Алматы қаласында қалуды көздейді. 2016 жылғы түлектер саны – 28192 (ЖОО мәліметтері бойынша, солардың 19712-сі жұмысқа орналасқан). Басқа жағынан, жұмыспен қамту саласында қиындықтар пайда болуы, түлектердің көпшілігі басымдықты экономикалық, қаржылық және құқықтық кәсіби мамандықтарға беру фактісі ықпал етеді. Сонымен қатар еңбек нарығында техникалық мамандығы бойынша жұмысшылар сұранысы жоғары болып қалуда. Мұндай нәтижеге байланысты жұмыссыздық және жастардың алданып мансап күтуі әлеуметтік шиеленістің өсуіне әкеліп соғуы мүмкін.

Басқаша айтқанда, мәселе экономика мамандықтарының номенклатурасы мен нақты сұраныстың сай келмеуі болып қалуда. Ол экономика, индустрияны немесе басқа да әлеуетті жұмыс берушілер субъектілерін әріптестік дамыту арқылы оқу үдерісінің тәжірибелік бөлігін жақсарту мәселесіне көп назар аударуды қажет етеді.

Бизнес пен жоғары оқу орындарының өзара іс-қимылы шектеулі, және түлектердің біліктілік ұйымының талаптарын қанағаттандыру үшін оқу бағдарламаларын құрастыруға қызығушылығы төмен.

Кәсіпорындардың кадрларға деген алмасу және болжам қажеттіліктері туралы бірыңғай ақпараттық базаның болмауы;

Жеке сектор кәсіпорындарының кәсіби білім беруді дамыту үшін қаражат бөлуі мардымсыз болады: мамандар мен шеберлердің өндіріс құралдарында жұмыс істейтін мамандарды оқытуға негізінен бюджеттен бөлінді.

Санаты бойынша үстемеақының төленбеуі колледждер педагогтарының еңбек ақысының біршама төмендеуіне алып келген және осының салдары ретінде білікті мамандар экономиканың нақты секторларына ауысып, жалпы білім беру пәндерінің озық оқытушыларының мектептерге ауысуы байқалады, бұл мамандар дайындау сапасына теріс ықпал етеді.

2015 жылы жергілікті бюджеттен Алматы технология және флористика колледжіне (бұрыңғы №8 кәсіби лицей) 45 млн. теңге бөлінді. Нәтижесінде денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін оқу мекемесіне 100% қолжеткізу қамтамасыз етілді.

2.1.2.1.1. кесте. Алматы қаласы бойынша негізгі білім беру көрсеткіштері

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016
Мектепке дейінгі мекемелер саны, бірлік	бірл.	343	401	505
ондағы оқитын балалар	мың адам	49,01	53,2	56,6
Балаларды (3-6 жас) мектепке дейінгі оқу және тәрбиемен қамту	%	64,7	70	74,7
Күндізгі жалпы білім беретін мектептер саны, бірлік	бірл.	244	244	245
ондағы оқушылар саны	мың адам	208,9	212,5	229,7
Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің саны	адам	14754	15632	15 869
Жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар үлесі, %	%	92,3	92,9	93
Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген (жақсы/үздік) түлектер арасындағы оқушылар үлесі	%	51	56	57,5
Аз қамтылған отбасынан шыққан балалардың жалпы санындағы сапалы және үйлестірілген ыстық тамақпен қамтылған аз қамтылған отбасы балаларының үлесі	%	100	100	100
Халықаралық олимпиадалар мен байқаулардың (ғылыми жобалар), ғылыми сайыстардың жеңімпаздары болған оқушылар саны, адам	адам	274	186	175
Жалпы мүмкіндігі шектеулі балалар санындағы инклюзивті білім берумен балалардың қамтылуы, %	%	20,0	32,2	32,5

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016
Пайдалануға берілген жаңа мектептер саны, бірлік	бірл.	1	0	1
Колледждер саны	бірл.	83	84	82
ондағы білім алушылар	адам	61 975	61 616	61 445
халық санынан 10 мың адамға		427	425	425
Оқу орнын аяқтаған алғашқы жылы жұмысқа орналастырылған техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің түлектерінің үлесі, %	%	71,2	67,3	68,2
15-28 жастағы жастардың жалпы санындағы NEET үлесі	%	7,6	8,6	7,7
Жастардың (14-24 жас) техникалық және кәсіби білім берумен қамтылуы, %	%	22,4	22,1	22,2
Жастар ұйымдарының қызметіне қатысатын жастар үлесі	%	20	22	
Жоғары оқу орындарының саны	бірл.	40	42	42
ондағы студенттер	мың. адам	133,7	128,7	128,9
Қала бюджетіндегі білім беру шығындары	млн. теңге	48 929	51 479	

Ескертпе: Қаржы шығындары басқармаларға ведомствалық бағынысты мекемелер

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің 2016 жылғы статистикалық жинағы, Алматы қаласы Білім басқармасының мәліметтері.

2.1.2.1.2. кесте.SWOT-талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қалада мемлекеттік білім беру ұйымдарының барлық нысандары мен түрлерінің болуы (балабақшалар, мектептер, интернаттар, колледждер, қосымша білім беру ұйымдары, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары, девиантты мінез-құлықтағы балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары, баспаналар); - қаланың білім беру ұйымдарын тұрақты түрде қаржыландыру; - дарынды балалармен жұмыс жасайтын ұйымдардың дамыған жүйесі. 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мектепке дейінгі және жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында орындардың жетіспеушілігі; - дамуында ерекшеліктері бар балалардың оқуы үшін (инклюзтік білім беру) білім беру ұйымдарына төмен деңгейдегі қолжетімділік; - жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша біліктілігі жоғары кадрлардың жетіспеушілігі; - арнайы мектепке дейінгі білімі бар мамандардың жетіспеуі. - колледждерде біліктілігі жоғары инженер-педагог кадрлардың жетіспеуі; - колледждердің оқытушыларына біліктілік санаты үшін қосымша ақша төленбейді, тәжірибелік режимдегі жұмысқа, ғылыми дәрежесіне және т.б. қосымша ақша қарастырылмаған; - тәжірибелік-инновациялық қызметтің, оның ішінде технологияларды коммерцияландыру және ИКТ саласында жеткілікті нормативтік
--	---

<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қаланың білім беру саласындағы мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру қызметтерінің сапасын арттыруды ынталандыратын дамыған бәсекелестік орта (жеке меншік мектептер, бала бақшалар, колледждер); - қалада педагог кадрларын даярлайтын жоғары оқу орындары мен колледждердің айтарлықтай санының болуы; - МЖӘ дамыту үшін жоғары инвестициялық әлеует. 	<p>реттеудің болмауы.</p> <p>Қауіп-қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жастардың арасында техникалық және кәсіптік білімге деген төмен сұраныс; - Тәжірибелік-инновациялық қызметті, оның ішінде технологиялар мен ИКТ коммерцияландыру саласындағы жеткілікті нормативтік реттеудің болмауы.
---	---

Түйткілді мәселелер:

- еңбек ақысының төмен болуына байланысты мемлекеттік білім беру ұйымдарында педагог кадрлардың тұрақтамауы;
- педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждер түлектерінің төмен даярлығы;
- өңірлерден жоғары коші-қон себебінен жастар жұмыссыздығының артуы.

2.1.2.2. Денсаулық сақтау

Соңғы 3 жыл ішінде озық әлемдік тәжірибеге сәйкес жүргізілген трансформация әсерінен қаланың денсаулық сақтау жүйесінің маңызды өсуіне қол жеткізілді:

- Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетудің дамуына айрықша назар салынып отыр. Бұл ретте мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек дамиды;
- Ерте кезеңдегі ауруларды анықтау үшін профилактикалық скринингтік зерттеулер (11 түрлі скрининг) жүргізіледі;
- Медициналық қызметтің қолжетімділігі артады және денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі дамиды.
- Бұл трансформация денсаулық сақтауды дамытудың әлемдік үрдісіне сәйкес жүргізіледі және оң нәтижелер берді. Осылайша, 2014 – 2016 жж. кезеңінде:
 - Алматылықтардың күтілетін өмір сүру ұзақтығы 0,83 жылға өскен;
 - Бала өлім-жітімі 1,4 есеге азайған;
 - Тұрғындардың жалпы сырқаттанушылығы және жалпы өлім-жітімі жыл сайын, сәйкесінше, орташа 5 және 6 пайызға төмендеген.

2.1.2.2.1. сурет Өмір сүру ұзақтығы



Дерек көзі: Әлемдік банк, Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының деректері ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми деректері сияқты 2016 жылға арналған болжамы жарияланбаған

2014 – 2016 жж. кезеңінде Алматы қаласы тұрғындарының орташа өмір сүру ұзақтығы 74, 67 жастан 75,5* жасқа дейін өскен және дамыған елдерге қарағанда неғұрлым тез қарқынмен дамуда. Алматы қаласының көрсеткіші ел бойынша орташа деңгейден жоғары, 2015 жылдың нәтижелері (соңғы жарияланған деректер) бойынша 72 жылды құрайды және неғұрлым дамыған қалалар деңгейіне жақындаған. Дамыған қалалардан артта қалу алдағы 10 жыл ішінде түзелетін болады. Бірақ, алдыңғы жылдары тез өсуі, соңғы жылдары өмір сүру ұзақтығы өсу қарқынының тежелуі байқалады, бұл үрдіс келешекте де сақталатын болады.

2014 – 2016 жылдарда көптеген ауру топтары бойынша Алматы тұрғындарының жалпы сырқаттанушылық деңгейі оң динамикаға ие, орташа республикалық деңгейдің өсуімен салыстырғанда көрсеткіш жыл сайын орташа 5 %-ға қысқарған. Ауқымды қысқару жұқпалы және паразиттік аурулары, қан аурулары, эндокриндік аурулары, жүйке жүйесі ауруларының кластары бойынша, жүктіліктің асқынуларында, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде болған.

2.1.2.2.2. сурет. Сырқаттану деңгейі



Тұрғындар жалпы сырқаттануының ең көп таралған сыныптары бойынша көрсеткіштері ел бойынша орташа деңгейден асады, әсіресе, тыныс алу органдар аурулары бойынша – 31 %-ға, қанайналым жүйесі – 47 %-ға, эндокриндік аурулары – 51 %-ға, ас қорыту органдары – 55 %-ға, несеп-жыныс жүйесі – 65 %-ға, жүйке жүйесі аурулары – 71 %-ға, жаңадан пайда болғандар – 72 %-ға (үздік анықтау факторы).

Жаңадан пайда болған, тыныс алу органдары, ас қорыту, эндокриндік жүйе ауруларының жоғары деңгейі қаладағы экологиялық ахуалдың қолайсыздығы мен тәуекел факторларының (дұрыс тамақтанбау, темекі шегу, ішімдікті пайдалану және спортпен айналысу шектеулігі) белсенділігін көрсетеді. Бірақ, белгілі бір дәрежеде бұл диагнозды нақтылау кезіндегі науқастардың диагностикалық және консультативтік мүмкіндіктері неғұрлым жоғары деңгейі қол жетімділігіне байланысты.

Сонымен бірге, тұрғындардың тыныс алу жолдарының жіті респираторлық вирустық аурумен (ЖЖРВА) сырқаттану жағдайларының қысқарғанын атап өтуге болады, бұл денсаулық сақтау ұйымдарында, сонымен қатар азаматтардың оқу және жұмыс орындары бойынша жүргізілген профилактикалық жұмыспен және тұрғындарды белсенді түрде вакцинациялаумен байланыстырылады.

Тұмаумен сырқаттанушылықтың салыстырмалы өсімі оны анықтау бойынша жақсы мүмкіндіктерге байланысты, өткен жылы бұл ауру ешбір анықталусыз ЖЖРВА-ға кірді.

Негізгінен алып қарағанда, элеуметтік аурулардың серпіні жақсаруда. Мәселен, үш жыл ішінде туберкулездің белсенді түрімен тұрғындардың сырқаттану деңгейі 1,5 есеге төмендеген және 100 мың адамға шаққанда 36,7 құрайды. 15-49 жас аралығы тобындағы адамның иммун тапшылығы вирусының таралуы бекітілген 0,2 – 0,6 % шегінде қалады.

2.1.2.2.1 кесте. Тұрғындардың сырқаттанушылығы

Атауы/жылы	Бірлік/ өлшем	2014	2015	2016
Арудың жекелеген түрлерімен тұрғындардың ауруы				
Тұмау және тыныс алу жолдарының жіті инфекциясы	100 мың адамға шаққандағы жағдайлар (тұмау/ЖРВИ)	7,6/ 9 503	8,98/ 7 892	15,83 /7403
Белсенді туберкулезбен сырқаттанушылық	100 мың адамға шаққандағы жағдайлар	53,7	45,3	36,7
Есепте тұратын туберкулезбен сырқаттанушылар саны	адам	1 223	1 239	1 021
Алкоголизммен және нашақорлықпен	адам	26 048	23 225	14 751

есепте тұрады, адам, оның ішінде:				
Психоактивті заттарды, опиодтарды және есірткі заттарды тұтынудың нәтижесінде болатын бұзылушылықтар	адам	3 190	2 690	1 999
Алкогольдік заттарды тұтынудың салдарынан денсаулықтың бұзылуы	адам	22 858	20 535	12 752
15-49 жас ерекшелігі тобындағы адамның иммун тапшылығы вирусының таралуы, 0,2 – 0,6 % шегінде	%	0,333	0,353	0,332

Дерек көзі: Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының мәліметтері

Қалада сонымен қатар, ішімдік және нашакорлық сияқты аурулардың таралуын қысқарту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Соңғы үш жыл ішінде саны ішімдік тұтынудың салдарынан бұзылулары бар науқастар саны 44%-ға қысқартылды. Психоактивті заттарды, опиодтарды және есірткі заттарды тұтынудың нәтижесінде болатын бұзылулары бар науқастар саны 37%-ға қысқарған.

2.1.2.2.3 сурет. Өлім-жітімнің негізгі себептерінің кластары бойынша қайтыс болғандар



Ақпарат көзі: Алматы қаласы Статистика департаменті; жұмыс тобының талдауы

2014 – 2016 жылдардағы тұрғындардың жалпы өлім-жітім деңгейі 12,5 %-ға төмендеген. Алматы қаласында қан айналым жүйесі және қатерлі ісік ауруларынан тұрғындардың өлім-жітім деңгейі Варшава және Берлин деген

сияқты неғұрлым дамыған қалалардың деңгейінен төмен көрсеткіште тұр. Бұл салыстырылған қалаларға қарағанда, Алматы қаласындағы 10 – 12 жасқа дейінгі орташа жас аралығына байланысты болуы мүмкін (Алматы қаласында тұрғындардың орташа жасы 33,4 жылды, Берлинде – 43, Варшавада – 46 жасты құрайды). Сондай-ақ, зейнеткерлер үлесі де айтарлықтай төмен.

2.1.2.2.2. кесте. Жалпы өлім-жітім көрсеткіштері

Атауы /жылдар	2014	2015	2016
Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім, 100 мың адамға шаққанда жағдайлар саны	170	141,83	168,89
Қатерлі ісік ауруларынан болатын өлім-жітім, 100 мың адамға шаққанда жағдайлар саны	109	96,51	104,13
Жазатайым жағдайлардан, жарақаттану және уланудан болатын өлім-жітім, 100 мың адамға шаққанда жағдайлар саны	70,3	57,72	54,91
Тыныс алу мүшелері ауруларынан болатын өлім-жітім, 100 мың адамға шаққанда жағдайлар саны	50,15	79,34	61,61
Туберкулезден болатын өлім-жітім, 100 мың адамға шаққанда жағдайлар саны	5,2	4,8	3,9

Дерек көзі: ҚР ҰЭМ статистика комитетінің мәліметтері

2014 – 2016 жылдарға арналған тұрғындардың өлім-жітім деңгейі:

- қан айналым жүйесі ауруларынан – 0,7 %-ға төмендеген;
- қатерлі ісік ауруларынан – 4,5 %-ға;
- жазатайым жағдайлардан, жарақаттану және уланудан – 22 %-ға;
- туберкулезден – 25 %-ға;
- тыныс алу мүшелері ауруларынан болатын өлім-жітім 23 %-ға өскен, бірақ ел аумағы бойынша орташа деңгейден айтарлықтай төмен (ҚР 2016 жылға – 100 мың адамға шаққанда 102,39).

Бұл ретте жазатайым жағдайлардан, жарақаттану және уланудан болатын өлім-жітім деңгейі әлемнің неғұрлым дамыған қалаларының көрсеткіштерінен, айтарлықтай, асып тұр. Қан айналым жүйесі, қатерлі ісік ауруларынан болатын өлім-жітім әлемнің дамыған қалаларының көрсеткіштерінен төмен деңгейде.

Сырықаттанушылық және тұрғындардың өлім-жітімі деңгейін жақсартуға ықпал ететін факторлардың бірі – медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде ауруларды диагностикалау және алдын алу бойынша жұмысты жандандыру болып табылады. Соңғы үш жыл ішінде қан айналу жүйесі ауруларын анықтау үшін 420 мыңнан астам адам профилактикалық тексеріп-қараумен, ісік алды, сүт безі және жатыр мойыны обырының ауруларын анықтау үшін – шамамен 245 мың әйел, туберкулезге – жыл сайын 850 мыңнан астам адам қамтамасыз етіледі. 2016 жылы азаматтарға шамамен 4 млн. әртүрлі профилактикалық тексеру жүргізілген.

Стационарды алмастыратын технологияларды дамыту маңызды орынға ие болды, яғни жұмысы және оқуына кедергі жасағылары келмейтін адамдар үшін өте ыңғайлы емделу формасы болып табылады. Мәселен, тұрғындарды күндізгі стационарларында және үйдегі стационарларда емдеумен қамту 10 мың адамға өскен, 2014 жылы 53,0-тен 2016 жылы 56,0-ға дейін өскен.

2.1.2.2.3. кесте. Ана және бала өлім-жітім көрсеткіштері

Атауы/жылдар	2014	2015	2016
Бала өлім-жітімі, 1 мың тірідей туылған балаға шаққанда 1 жасқа дейінгі сәбилері өлім-жітімі жағдайларының саны (ведомстволық/ресми есептілік)	7,0/ 8,17	7,2/ 8,86	6,1/ 7,53
Ана өлім-жітімі, 100 мың тірідей туылғандарға шаққанда жағдайлар саны	4,8	2,4	9,1

Дерек көзі: Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы және Алматы қаласы Статистика департаментінің мәліметтері

Ана және бала өлім-жітімі көрсеткіштері тұрақсыз динамикада, өңірлік көші-қон ерекшеліктері себебінен, ел аймақтарынан күрделі экстрагениталды патологиясы бар жүкті әйелдердің босануға мақсатты түрде ауыр жүктілік кезеңімен, мейлінше жоғары сапалы медициналық көмек іздеп келетіндердің әсер етуі.

Бірақ, бұл көрсеткіштер республикалық орташа деңгейден төмен және неғұрлым дамыған қалалармен бір толқында.

2.1.2.2.4. кесте. Ана және бала өлім-жітім көрсеткіштері



Ақпарат көзі: Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы және Алматы қаласы Статистика департаментінің мәліметтері

Қарастырылған кезеңде бала өлім-жітімі көрсеткіші 1 мың тірідей туылған балаға шаққанда 8,17-ден 7,53-ке (ведомстволық есептілік мәліметтері

бойынша – 7,2-ден 6,1-ге) қысқарған, бірақ бәрібір де көптеген салыстырылған қалалардан жоғары деңгейде тұр.

Тұрғылықты жері бойынша ана өлім-жітімі көрсеткіші жыл сайынғы 40-50 %-ға қысқарған, бірақ 2016 жылы 100 мың тірідей туылғандарға шаққанда 9,1-ге дейін өскен және көптеген неғұрлым дамыған қалалар көрсеткішінен асып тұр.

Ана өлім-жітімі көрсеткішінің өсу себептері және индикаторға жетпей қалуы – көші-қон әсерінің жоғары дейгейі болып табылады. 2016 жылы қалада 5 ана өлім-жітімі жағдайы орын алған, оның ішінде 2 әйел – Алматы және Жамбыл облыстарынан қалаға тууға келген уақытша тұратындар және 1 әйел – Оралдан келген. 2 ана өлім-жітімі жағдайы (қала тұрғындары) амбулаториялық-емханалық және стационарлық деңгейлерде сақтап қалынбаған.

Көрсеткіштерді бақылау үшін келесі жүйелі шаралар қабылданады:

- тұрақты түрде мамандар даярлауды ұйымдастыру және инновациялық медициналық технологиялар білім беру орталықтарын құру;
- дәлелді медицина негізінде акушерлік, перинатальді медициналық көмек хаттамаларын және стандарттарын енгізу.

Дәрігерлермен қамтамасыз ету деңгейі қалада орналасқан республикалық ҒЗО және ҰО-ны қоса алғанда, ел бойынша орташа көрсеткіштен 2,5 есе жоғары және шығыс еуропалық қалалар деңгейімен бірдей.

Төсектермен қамтамасыз ету деңгейінің төмендеуі 10 мың тұрғынға шаққанда 50,4-тен 42,1-ге дейін, яғни орташа-республикалық және шығыс-еуропалық елдер деңгейінен төмен, бұл емдеуге жатқызу және тәуліктік стационарларға жүктеменің қажеттілігін азайтуға мүмкіндік беретін стационарды алмастыратын көмектің қол жетімділігін арттыра отырып, жалпы дәрігерлік тәжірибе қағидасы бойынша әрекет ететін медициналық-санитариялық алғашқы көмектің белсенді дамуымен байланысты.

2.1.2.2.5. сурет Дәрігерлермен және төсек орындарымен қамтамасыз етілуі



Ақпарат көзі: Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы және Алматы қаласы Статистика департаментінің мәліметтері

Бұл ретте амбулаториялық-емханалық ұйымдарға, ең алдымен медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) ұйымдарына көбірек жұмыс істеуі орын алады.

2011 – 2015 жылдарға арналған Алматы қаласының даму бағдарламасын 5 жыл ішінде іске асырудағы амбулаториялық-емханалық ұйымдардың жоспарлы күші 16 %-ға өскен, бір ауысымда 15 991-ден 18 543-ке дейін өскен. 12 объектінің құрылыс жұмысы бағдарламаны іске асыру бойынша жоспар шеңберінде жүзеге асырылған.

2014 – 2015 жылдары Алматы облысының аумақтарында тіркелген халықтың берілгеніне қарамастан, жыл сайын жаңа объектілерді енгізу есебінен, емханалардың шамадан тыс жұмыс істеуі 2011 жылы 28 %-ға, 2016 жылы 19 %-ға дейін азайған, бірақ келешектегі тағы да төмендеуін талап етіп отыр.

2.1.2.2.6 сурет. Амбулаториялық-емханалық ұйымдардың, оның ішінде МСАК ұйымдарының шамадан тыс жұмыс істеуінің көрсеткіштері



Ақпарат көзі: Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы; жұмыс тобының талдауы

2.1.2.2.4. кесте. Амбулаториялық-емханалық ұйымдардың жұмысбастылығы көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2014	2015	2016
Амбулаториялық-емханалық ұйымдардың 10 мың адамға шаққанда жоспарлы күші (ауысымға келу саны)	116,7	111,1	110
Жоспарлы қуатты нақты пайдалану, %-да	112	124	119
Оның ішінде МСАК ұйымдары	136	118	127
Бір жылға арналған 1 тұрғынға шаққанда келу саны	6,7	6,6	6,9

Ақпарат көзі: Алматы қ. Денсаулық сақтау басқармасының мәліметтері

Жетіспеушілігі байқалатын (Алатау, Наурызбай, Әуезов) аудандардағы жаңа емханалардың құрылысы есебінен жұмысбастылық төмендейтіндігі болжанып отыр. Қалған қуаттың тапшылығы қала емханалары жұмысы тиімділігінің жоғарылауы есебінен атқарылатын болады және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық-

санитариялық алғашқы және консультативтік-диагностикалық көмек қызметін ұсынуда жеке сектордың қатысуын ынталандыру.

Медициналық оңалту қызметі 2011-2015 жылдарға арналған Алматы қаласын дамыту бағдарламасын іске асыру аясында құрылды, бірақ жеке бөлімшелерде ұсынылған:

- мүгедек балалар денсаулығын оңалту үшін қалалық балалар оңалту орталығы 63 төсек;

- пост травматологиялық балаларды оңалту Балалар шұғыл көмек орталығында жүргізіледі (3 төсек);

- кардиохирургиялық ота жасаудан кейін – Перинатология және балалар кардиохирургия орталығында (2 төсек);

- бейіні бойынша жиі сырқаттанатын балалар денсаулығын оңалту №2, 3, 4 қалалық балалар шипажайларында жалпы 265 төсекпен қамтамасыз ету;

- туберкулезге шалдығу қаупі бар балалар - №1 балалар шипажайында 175 төсекпен;

- ересектерге арналған оңалту және қалпына келтіре емдеу бөлімшесінен №1, №4 қалалық клиникалық ауруханаларда және Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасына 94 төсектің таралуы (кардиологиялық, травматологиялық, ортопедиялық науқастар үшін);

- № 5 қалалық клиникалық емханада сурдологиялық науқастарды амбулаториялық оңалту ұйымдастырылған.

2.1.2.2.5 Кесте SWOT-талдау

Жағымды жақтары:	Жағымсыз жақтары:
<ul style="list-style-type: none"> - Мемлекет басшысы бекіткен 2016 – 2019 жылдарға арналған ҚР «Денсаулық» денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы; - Мәслихат шешімімен бекітілген аумақтық денсаулық сақтауды жетілдіру жолдарын сипаттайтын 2020 жылға дейінгі Алматы қаласының даму бағдарламасы; - денсаулық сақтау ұйымдарының дамыған инфрақұрылымы және медициналық қызметтің қолжетімділігін жоғарылату үшін жағдайлар кешенінің болуы; - қалада жетекші халықаралық денсаулық сақтау ұйымдары өкілдіктерінің болуы (географиялық жағынан қашық орналасқан МСАК бойынша ДДСҰ кеңсесі, CDC); - қалада медициналық білім беру ұйымдарының және бейінді республикалық орталықтардың болуы; - қалада орналасқан елдің жетекші медициналық университеттерінің серіктестігі; - мамандандырылған денсаулық сақтау 	<ul style="list-style-type: none"> - тұрғындарда өз денсаулығына деген жауапкершілігінің нормативтік реттелетін мезанизмінің болмауы; - көптеген емханалардың шамадан тыс жұмыс істеуі; - өз үй-жайлары ресурстарын жасайтын бірқатар денсаулық сақтау нысандарының болуы; - тұрғындардың жедел медициналық көмек жөніндегі өтініштерінің нашар реттелгіш өсуі; - денсаулық сақтау ұйымдарында мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін кедергісіз ортаны жеткіліксіз қамтамасыз ету; - корпоративтік басқарманың жеткіліксіз даму жүйесі; - орта медициналық білімі бар дәрігерлер және мамандардың тапшылығы, дәрігер – мейірбике арасындағы теңгерімсіздік; - медициналық кадрлардың әлеуметтік және еңбек мотивациясының жеткіліксіздігі, қоғамдағы кәсібінің

<p>ұйымдарының қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен жоғары жабдыкталуы;</p> <ul style="list-style-type: none"> – көбірек қамтылған халықтың егуімен жұқпалы аурулардың көпшілігі бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал; – республикалық және халықаралық деңгейдегіден қалалыққа өтудің қазіргі заманғы медициналық технологиялар трансфертінің жеткілікті тәжірибесі; – бірыңғай өңірлік call-орталығы жұмысын істейтін стандарттау және аккредиттеу негізінде басқару жүйесін медициналық көмек сапасын енгізу; – халықтың жоғары білім беру және мәдени деңгейі, денсаулық сақтау жүйесі қызметін тұтынудың жоғары деңгейі. 	<p>төмен беделділігі;</p> <ul style="list-style-type: none"> – медициналық ЖОО және ОАОО түлектері құзыреттілігінің қазіргі заманғы практикалық денсаулық сақтау талаптарына сәйкес келмеуі; – медициналық кадрлардың дипломнан кейінгі білімінің жеткіліксіз деңгейі; – компьютерлік техника жинақталуының жеткіліксіз деңгейі және медициналық ұйымдарда медициналық персоналдың компьютерлік сауаттылығының төмен болуы; – денсаулық сақтаудың басқа да бөгде ақпараттық жүйелермен біріктіру үшін бірыңғай платформасының болмауы; – тұрғындардың денсаулық сақтау жүйесі электрондық ресурстарының бөлігін жеткіліксіз пайдалану; – денсаулық сақтаудың жеке секторымен өзара әлсіз механизмі байланысы; – науқастарға жасалған оңалту жүйесінің болмауы; – резидентураның жетілдірілмеген Бағдарламасы; – оқушылардың бюджеттік тамақтанудан бас тартуы.
<p style="text-align: center;">Мүмкіндіктері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – негізгі демографиялық көрсеткіштердің тұрақты оң динамикасы; – тұрғындардың денсаулығын қорғау мәселелері бойынша қалалық қызметтермен ведомствоаралық өзара іс-қимылға тәжірибесінің және дайындығының бар болуы; – тапшы болған жіті жеке көмек көрсету қызметін атқаратын қалалық денсаулық сақтау жүйесінің дамуына ықпал ететін дамыған бәсекелес медициналық орта; – жоғары концентрациясы мен экономикалық тұрғыдан белсенді халық әлеуетті инвесторларының бизнес-құрылымдарының әлеуеті; – тәжірибенің бар болуы және мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің даму перспективалары; – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізу болашағы; – денсаулық сақтау саласында халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты жетілдіру; 	<p style="text-align: center;">Қатерлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – жалпыәлемдік қаржылық дағдарыс есебінен болған елдегі қаржылық жағдайдың шиеленісі; – қала тұрғындары сырқаттанушылығының (жұқпалы және жұқпалы емес) өсу ықтималдылық мүмкіндіктерімен халықтың бақыланбайтын еңбек, ішкі және сыртқы көші-қоны; – халықтың табиғи өсімі нәтижесіндегі қала тұрғындары санының өсуінен болатын медициналық қызметке және басқа да әлеуметтік қызметтерге сұраныстың өсуі; – арнайы медициналық көмекті талап ететін егде жастағы тұрғындары үлесінің өсуі (паллиативтік, мейірбикелік күтім және т. б.); – еңбекке қабілетті жастағы ер адамдар өлім-жітімінің жоғары деңгейі; – дұрыс және тиімді тамақтану принциптерін ұстанбайтын, тез дайындалатын қоғамдық тамақтандыру

<ul style="list-style-type: none"> – «e-gov – Электрондық Үкімет» және «Азаматтар үшін Үкімет» порталдарында мемлекеттік қызметтердің дамуы; – ақылы қызмет алу үшін халықтың төлемді төлей алуының жоғары деңгейі; – халыққа ақылы қызмет көрсетуден түскен денсаулық сақтау ұйымдарын жете жарақтандыру, медициналық жабдықтармен, кадрларды даярлау үшін пайдаланылатын кірістердің өсіп келе жатқандығы; – қоғамдық денсаулық сақтау қызметін құру жөніндегі пилоттық жобаны және ауруларды басқару бағдарламасын енгізу бойынша салалық министрліктің тапсырмасы; – смарт-медицинасының дамуы; – қаржылық дербестікті арттыру үшін денсаулық сақтау ұйымдарының заңды мәртебесін өзгертуге арналған құқықтық базаның болуы; – жекелеген мамандықтар және қызметтер бойынша денсаулық сақтау басқармасы штаттан тыс мамандарының әлеуеті; – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (МӘМС) енгізу жағдайында көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру бойынша мүмкіндіктері; – азаматтардың өтінімдерімен, оның ішінде МӘМС мәселелері бойынша жұмыс істейтін әрекеттегі колл-орталығы. 	<ul style="list-style-type: none"> кәсіпорындары: «KFC», «Дөнер» санының өсуі; – жұқпалы аурулардың мониторингісін жүргізу бойынша, оның ішінде онлайн-режимінде арнайы заманауи бағдарламалар мен тіркелімдердің болмауы; – инфекциялық емес аурулары таралуының өсуі; – медициналық көмек сапасы және қолжетімділігі мәселелер жөніндегі өтінімдер кезінде тұрғындардың жоғары белсенділігі; – медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық кафедраларымен реттелмеген өзара іс-қимыл мәселелері; – өндірістік жарақаттанудың тәуекелін арттыратын, денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытуды талап ететін, 2030 жылға дейінгі Алматы агломерациясын құру және дамытудың ұзақмерзімді жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде қалада өндірістік және инновациялық әлеуеттің дамуы; – қоршаған ортаны ластауы ықтималы факторы ретінде медициналық қалдықтарды пайдалануға арналған заманауи құрал-саймандардың болмауы.
--	---

Түйткілді мәселелер:

- медициналық кадрлардың тұрақсыздығы;
- медициналық қызметтердің жеткіліксіз жоғары сапасын;
- қазіргі заманғы медициналық оңалту ұйымдары желісінің болмауы.

2.1.2.3. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

Демография және көші-қон

2017 жылдың басында халық саны 1722,1 мың адамды құрады, оның 779,2мыңы (45,7%) ерлер және 924,3 мыңы (54,3%) әйелдер.

Қала тұрғындарының басым бөлігі Бостандық (19,3% халықтың жалпы санынан алғанда) және Әуезов аудандарында (16,6%) шоғырланған. Аудан

бойынша ең көп әйелдердің үлес салмағының көрсеткіші Бостандық ауданында (10,6%) тіркелсе, ең төмен көрсеткіш Наурызбай ауданында (3,5%) тіркелген.

Жастары бойынша халық санының құрылымы 17 жасқа дейінгі ерлердің көптігімен сипатталады (бұл санат бойынша әйелдердің үлесі 50%-ды құрайды), 17 және одан үлкен жастан бастап әйелдердің саны 51%-дан 76%-ға ұлғаяды.

Ұзақ уақыт бойы барлық негізгі демографиялық көрсеткіштерінің оңтайлы көрінісі байқалады.

Алматы қаласының халық саны тұрақты өсуде. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда халық саны 3,3%-ға өсті. Халық санының өсуіне үш негізгі факторлар себеп болды: қалаға жаңа аумақтардың қосылуы, халықтың табиғи өсімі және тиімді көші-қон ағымы.

2014 жылы Алматы қаласына халық саны 92 мың адам шамасында болатын қала маңындағы біраз аудандар қосылған.

2016 жылда халықтың табиғи өсімі 20,9 мың адамды құрады, ал 2015 жылғы көрсеткіштен 0,2%-ға көп. 2015 жылы 20,6 мың адамды құраса, 2014 жылғыдан 10,5%-ға көп. Халықтың табиғи өсіміне алматылықтардың өмірінің ұзақтығы да әсер етті. Үш жылда көрсеткіш 2,1%-ға өсіп, 75,3 жасқа дейін жетті.

Алматы қаласы халқының жас құрылымы студенттік жастағы адамдардың үлесі өте жоғары болуымен сипатталады. Бұл экономика құрылымының және қаланың білім беру жүйесінің дамуының нәтижесі болып табылады. Қала халқының жас құрылымы қаланың демографиялық дамуының өнімділігінің жоғары фазасын білдіреді және болашақта Алматы қаласының демографиялық ахуалы қолайлы болатынын білдіреді. Бұл Алматы қаласын 2016-2020 жылдары және одан кейінгі уақытта дамытудың іргелі базасын қалыптастырады.

2.1.2.3.1. сурет. Алматының демографиялық пирамидасы



Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаменті

Қаланың халық саны өсуінің үшінші факторы миграциялық өсім болып табылады. Соңғы жылдары ол қаланың бүгінгі өмірі мен болашақ дамуына біршама әсер ететін факторлардың біріне айналған.

2.1.2.3.2. сурет. Алматы қаласының көші-қон сальдосы



Дереккөз: «Алматы қаласы 2013 жылы» Алматы қаласы Статистика департаментінің жыл сайынғы санақ жинағы, 2013-2015 жыл; «Алматы қаласы 2013-2015 жылдардағы қаңтар-желтоқсан айларындағы халықтың көшіп-қонуы» Алматы қаласы Статистика департаментінің санақ бюллетені, 2015 жыл.

2014-2015 жылдар аралығында оң көші-қон сальдосы 62,6 мыңға жуық адамды құраған. Осы қарқынды көші-қон ағыны қалада белгілі бір әлеуметтік шиеленісті тудырады, себебі тұрғын үй мен еңбекке орналасуға мұқтаж жандар қаладағы еңбек нарығындағы бәсекелестік пен қылмыстық ахуалды шиеленістіреді.

Келгендердің 98%-ға жуығы республиканың басқа өңірлерінен келген мигранттар, оның басым бөлігі Алматы, ОҚО және Жамбыл облыстарынан келгендер. Жұмысқа қабілеттілік деңгейі бойынша келгендердің 90%-дан астамын жұмысқа қабілетті жастағы тұлғаларды құрайды. Бұдан басқа, мындаған қазақстандықтар тұрақты жерлерін ауыстырып, қалада ресми тіркеуде тұрмайды. Әдеттегідей, олар экономикалық бейресми секторында жұмыс жасайды, жөндеу-құрылыс жұмыстарымен, көлік қызметтерімен, коммуналдық шаруашылық жұмыстарымен, сауда-саттықпен айналысады.

Тұрғындардың елдің басқа өңірлерінен келіп қосылуы қала аумағының ресурстық мүмкіндіктерін (әлеуметтік, инженерлік, көлік инфрақұрылымын, өңірдің экологиялық жағдайын және еңбек нарығын) есептемеген жағдайда жүйесіз болып тұр.

Келешекте (2030 жылға таяу) Алматы агломерациясы тұрғындарының саны 1,1 млн. адамға немесе 45,9% артуы, оның ішінде қала тұрғындарының саны 0,9 млн. адамға (53,7%) артуы күтілуде.

Халықтың гендерлік құрылымы ұзақ жылдар бойы тұрақты болып келеді. Әйел адамдар халықтың 54,4%-ын, ер адамдар – 45,6%-ын құрайды.

Дәстүрлі түрде әйелдер денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер (82%), білім беру (73%) және тұру мен тамақтандыру қызметтері (62%) салаларында жұмыс істейтіндердің басым бөлігін құрайды.

2.1.2.3.1. кесте. Негізгі демографиялық көрсеткіштер

Атауы/жылдар	Өл.бірл.	2014	2015 *	2016
Жыл соңындағы халықтың жалпы саны	тыс. чел.	1641,4**	1702,7**	1751,3
Халық санының өсу қарқыны	%	8,9	3,7	2,9
Халық санының табиғи өсімі	мың адам	18,6	20,6	20,9
Туу коэффициенті	1000 адамға	19,1	18,6	18,4
Жалпы өлім коэффициенті	1000 адамға	7,1	6,3	6,3
Күтілетін өмір сүру ұзақтығы	жыл	73,8	75,3	-
Ерлер	жыл	69,3	70,8	-
Әйелдер	жыл	77,6	79,3	-

* 2014 жылы қосылған аумақтарды қоса есептегенде

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаменті жыл сайынғы санақ жинағы 2016 жыл

2.1.2.3.2 кесте. Көші-қон ағындары

Жылдар	қоныс аударғандар саны:	көшіп келгендер саны:	Көші-қон сальдосы
2014	45527	67590	22063
2015	53040	93794	40 754
2016 Қантар маусым	49483	61327	11844

Дереккөз: «Алматы қаласы 2013 жыл» Алматы қаласы Статистика департаментінің жыл сайынғы санақ жинағы, 2014 жыл; «2014-2015 жылғы қаңтар-желтоқсан айларындағы Алматы қаласы халқының көшіп-қонуы» Алматы қаласы Статистика департаментінің санақ бюллетені, 2016 жыл.

Еңбек нарығы

Мамандар дайындау

Алматы қаласында тұрақты және тиімді түрде жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында жүзеге асырылады. 2016 жылы барлығы 18 мың адам жұмысқа орналастырылды. Кәсіби оқытудан 1022 адам, оның ішінде кәсіби біліктілігін көтеруден – 61 адам, қайта даярлаудан – 913 адам, кәсіби даярлықтан – 48 адам өтті. Кәсіби оқытудан өту кезінде шәкіртақы мен жолына кеткен шығын өтеледі.

Сонымен қатар, өзектендірілген 2020 Жұмыспен қамту жол картасы аясында:

- қайта даярлауға 18-ден 24 жас аралығындағы жұмыс істеп жүрген жастардан 102 адам;

- жұмыс берушілерге 222 білікті жұмысшылардың кәсіби біліктілігін көтеруі және қайта даярлаудан өтуі үшін мемлекеттік гранттар бөлінді;

- қысқартылған жұмыс уақыты үшін 41 білікті мамандарға кеткен шығыны үшін 2/3 бөлігін уақытша субсидиялады.

Жұмыспен қамтылған халық сипаттамалары

Алматы қаласының экономикалық белсенді халқы 2016 жылдың қорытындысы бойынша 916,3 мың адамды құраған. Соңғы 3 жыл ішінде (2014-2016 жылдар) экономикалық белсенді халық саны 13,2% өссе қала халқының саны осы уақытта 4,3% көбейді. Экономикалық белсенділік деңгейі 1,1% артқан.

Қала халқының басым бөлігін жоғары білімі бар қалалықтар құрайды, олар Алматы қаласының еңбек ресурстары құрылымын жалпы республикалық көрсеткіштерден ерекшелейді. Қалада жоғары білімі бар, еңбекке жарамды жастағы адамдардың осындай мөлшерінің болуы оңтайлы дерек болып табылады және адам капиталының даму деңгейін көрсетеді.

Сонымен қатар, оңтайлы фактор орта кәсіби білімі бар тұлғалардың жоғары үлесі мен бастапқы кәсіби білімі бар адамдар үлесінің азаюы болып отыр, бұл да қалада адам капиталы сапасының өсуін білдіреді.

Осының барлығы Алматы қаласының экономикалық белсенді халқының білім беру құрылымындағы өрлей түскен үрдісті көрсетіп отыр.

2016 жылы жұмыспен қамтылған халықты экономикалық қызмет түрлері бойынша жіктеу жұмыспен қамтылғандардың ең көп үлес салмағы негізгі 4 салаға тиесілі екенін көрсетіп отыр: көтерме және бөлшек сауда (21,1%), өнеркәсіп (9,4%), құрылыс (8,6%), тасымалдау және қаттау (6,7). Жиынтық түрде осы 4 сала жұмыспен қамтылған халықтың 46% жуығын құрайды. Салалар бойынша мұндай жіктеу 2014-2016 жылдар аралығындағы кезеңге тән болған.

Жұмыссыздықтың сипаттамалары

Зерттеліп отырған үй шаруашылықтары мәліметтері бойынша **жұмыссыздар саны** 2016 жылы 48,3 мың адамды құраған. Жұмыссыздық деңгейі 5,3% құрайды және соңғы үш жыл ішінде шамамен 0,2%-ға тармаққа азайған.


1.1.2.3.3 сурет. Алматы қаласының жұмыссыздық салыстыру, 2016жыл



Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаменті.

Алматы қаласындағы жұмыссыздық елдегі орташа деңгейден жоғары екенін айта кету керек. Көшіп келушілердің бір бөлігі еңбек нарығындағы күшейіп отырған бәсекелестік жағдайында жылдам еңбекке орналаса алмайды және жасырын жұмыссыздар қатарын толықтырады.

2.1.2.3.4. сурет. Алматы қаласындағы және Қазақстандағы жастар арасындағы жұмыссыздық серпіні



Дереккөз: Алматы қаласының Статистика департаменті, Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

Жастар арасындағы (15-28 жас) жұмыссыздық деңгейі 2016 жылы 6,9%-ға дейін аздап төмендеген, дегенмен елдің басқа өңірлерімен салыстырғанда біршама жоғары деңгейде қалып отыр. Бұл еңбек нарығындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жастар арасындағы жұмыссыздық жоғары болуының негізгі себептері республиканың басқа өңірлерінен көшіп келушілер ағыны, сонымен қатар, жыл сайын Алматы қаласының еңбекке жарамды халқының қатарын толықтыратын оқу орындары түлектерінің санының көптігі болып табылады. Түлектердің адами капиталды дамытуда маңызы зор және олар тұрақты жаңаруға көмектеседі, сонымен қатар, олардың жұмысқа орналаса алмаған бөлігі қаладағы қылмыстық ахуалды қиындатады. Алдағы жылдары қала жастары арасындағы жұмыссыздықты азайту бойынша белсенді жұмыстар жүргізіледі.

2016 жылы еңбекке орналасу мәселелері бойынша өтініш жасаған тұлғалар санатындағы жұмысқа орналастырылғандар саны жоспарланған 80%-дан 82,5% құрады.

Нысаналы топқа жататын өтініш жасаған тұлғалардың ішінен тұрақты жұмыс орнына орналасқандардың саны жоспарланған 64,5%-дан 64,9%-ға жетті.

Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат шетелдік жұмыс күшін тарту жолымен ішкі еңбек нарығын қорғауға бағытталған.

2016 жылы қалада 4271 адам деңгейінде шетелдік жұмыс күшін тартуға жеңілдік белгіленген. Шетелдік мамандарды тартуға барлығы 3118 рұқсат берілген (97% шамасында) және олардың барлығы дерлік біліктілігі жоғары мамандар болып табылады.

2016 жылы экономика саласында жоспарланған 20 мың жұмыс орнынан 25 мың жұмыс орны құрылды.

2.1.2.3.3. кесте. Еңбек нарығы жағдайының негізгі көрсеткіштері

Атауы	Өлш. бірлігі	2014	2015	2016
Экономикалық белсенді халық	мың адам	809,2	885	916,2
Экономикалық белсенділік деңгейі	%	67,1	67,9	68,2
Жұмыспен қамтылған халық	мың адам	764,5	838,5	867,8
Жұмыспен қамтылу деңгейі	%	94,5	94,7	94,7
Жалдамалы жұмыскерлер	мың адам	704,3	771,9	803,5
Жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі	%	92,1	92,1	92,6
Өз бетімен жұмыс жасайтындар	мың адам	60,2	66,6	64,3
Жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі	%	7,9	7,9	7,4
Жұмыссыз халық	мың	44,8	46,5	48,3

	адам			
Жұмыссыздық деңгейі	%	5,5	5,3	5,3
Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (15-28 жас аралығында)	%	8,2	7,4	6,9
Еңбекке орналастыру мәселесі бойынша жүгінгендер ішінде жұмыспен қамтылғандар үлесі	%	69,6	86,1	82,5
Ашылған жұмыс орындары саны	бірл.	23317	21808	25023
Экономикалық белсенді емес халық	мың адам	396,0	418	427,7
Экономикалық белсенді емес деңгейі	%	32,9	32,1	31,8
Жұмыскерлердің тізімдік санының жалпы құрамындағы тартылған шетелдік жұмыскерлердің үлесі	%	5,3	5,3	3,7
Тартылған шетелдік жұмыс күші құрамындағы білікті мамандар үлесі	%	96,5	96,7	97,0
Ұжымдық-келісімдік қатынастар жүйесімен қамтылған кәсіпорындардың меншікті үлес салмағы (ірі және орта кәсіпорындар ішінде)	%	60,0	81,7	

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің санақ жинағы, 2014-2016 жж. Алматы қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы

2.1.2.3.4. кесте. Білім деңгейі бойынша жұмыспен қамтылған халық, мың адам

Атауы/жылы	2014	2015	2016
Жұмыспен қамтылған халық	764,5	838,5	867,8
Жоғары	526,8	629,8	582,1
Аяқталмаған жоғары	66,5	45,8	33,8
Орта кәсіби	153,4	135,0	230,9
Бастапқы кәсіби	7,5	12,8	8,2
Орта жалпы	10,1	14,4	12,0
Негізгі жалпы	0,1	0,4	0,5
Бастауыш жалпы	-	0,1	-

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің санақ жинағы, 2014-2016 жж. Алматы қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы

2.1.2.3.5. кесте. Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған халық, мың адам

Атауы/жылы	2014	2015	2016
Барлығы жұмыспен қамтылған халық	764,5	838,5	867,8
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	1,4	1,7	1,7
Өнеркәсіп	66,9	82,3	81,9
Құрылыс	69,1	69,8	74,5
Көтерме және бөлшек сауда, автокөліктер мен мотоциклдерді жөндеу	167,3	188,3	183,5
Көлік және қоймалау	37,0	53,0	58,7

Ақпарат және байланыс	41,0	34,8	35,3
Тұру және тамақтану қызметтері	28,0	19,4	21,7
Қаржы және сақтандыру қызметі	47,0	49,5	48,4
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	10,7	19,6	26,9
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	37,7	59,1	64,3
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	35,8	41,3	46,6
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	33,9	31,9	29,2
Білім беру	75,6	85,0	88,9
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	48,7	54,1	56,4
Өнер, ойын-сауық және демалыс	25,4	15,7	17,3
Басқа да қызмет түрлерін ұсыну	37,3	32,8	31,7

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің санақ жинағы, 2014-2016 жж. «Алматы қаласы 2014 жылғы Еңбек нарығының негізгі индикаторлары»

2.1.2.3.6. кесте. Халықты еңбекке орналастырудың негізгі көрсеткіштері

Атауы/жылы	Өлш. бірл.	2014	2015	2016
Еңбекке орналастыру мәселесі бойынша жүгінген тұлғалар ішіндегі жұмысқа орналастырылғандар үлесі	%	69,6	86,1	82,5
Тартылған шетелдік жұмыс күші құрамындағы білікті мамандар үлесі	%	96,5	96,7	97
Жұмыскерлердің жалпы тізімдік құрамындағы тартылған шетелдік жұмыскерлер үлесі	%	5,3	5,3	3,7
Ашылған жұмыс орындары саны	%	23317	21808	25023
Жалпы жұмыспен қамтылған халық ішіндегі өздігінен жұмыс жасайтындар үлесі	%	7,9	7,9	7,4
Өздігінен жұмыс жасайтын халық ішіндегі өнімсіз жұмыспен қамтылған халық үлесі (2013 жылға дейінгі көрсеткіш есептелмеген)	%	15,0	12,2	9,9
Тіркелген және еңбекке орналасуға көмек көрсетуге жүгінген жұмысқа орналастырылған мүгедектер саны	адам	467	500	504
1000 жұмыскерге шаққандағы еңбек қызметімен байланысты жазатайым жағдайларда зардап шеккендер саны, %	%	18,0	16,0	0,24

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің санақ жинағы, 2014- 2016 жж.

Әлеуметтік қорғау

Зейнеткерлік қамсыздандыру және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу көрсеткіштер оң серпін көрсетіп отыр.

2016 жылы тағайындалған зейнетақының орташа мөлшері 2014 жылғымен салыстырғанда нақты түрде 17,1% артқан, ал осы кезеңдегі

зейнетақының ең аз мөлшері 18,8%-ға жоғарылаған. Айлық жәрдемақының орташа мөлшері осы кезеңде 43,7% көтерілген.

2.1.2.3.7. кесте. Зейнеткерлік қамтамасыз ету көрсеткіштері

Атауы/жылдар	Өлшем бірлігі	2014	2015	2016
Тағайындалған зейнетақының орташа мөлшері	теңге	43679	47026	51165
Өткен жылға %	%	112,0	107,6	108,8
МЗТО зейнетақы алушылар – барлығы	мың адам	198,7	205,7	214,2
Зейнетақының минималды мөлшері, теңге	теңге	21736	23692	25824
<i>Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының негізгі көрсеткіштері</i>				
Алушылар саны, мың адам	мың адам	43,5	43,1	45,7
Айлық жәрдемақының орташа мөлшері, теңге	теңге	20076	21880	28853

Дереккөз: статистикалық жылнама, 2014-2016 жылдар.

2016 жылдан бастап аз қамтылған азаматтардың, зейнеткерлердің, ардагерлердің, ҰОС қатысушыларының әлеуметтік төлемақылар көлемі ұлғайған.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай көмекке мұқтаж 14 санатқа жалпы сомасы 3,4 млрд. теңге біржолғы әлеуметтік көмек қаржыландырылды.

Алматы қаласында болған террорлық әрекеттен қаза тапқандардың жанұялары мен жапа шеккендерге жалпы сомасы 150,0 млн. теңгені құрайтын қаржылай көмек көрсетілді.

Табиғи апаттан зардап шеккен отбасыларына әлеуметтік көмек қарастырылған.

2016 жылдан бастап амбулаторлық кезеңдегі IV санатты туберкулезбен ауыратындарға 7 АЕК көлемінде ай сайын әлеуметтік көмек қаржыландыратын болады.

Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушылардың қатарынан еңбекке жарамдылардың санын азайту мақсатында, жұмыспен қамту шараларына белсенді қатысқан кезде отбасына ақшалай көмек көрсету үшін «Өрлеу» бағдарламасын жүзеге асыру барысында жұмыс жүргізілуде.

2016 жылда жалпы сомасы 8,2 млн. теңгені құрайтын, отбасын жандандыратын әлеуметтік келісімшартын 184 адам жасасты.

«Өрлеу» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналастыруда қолданылған шаралар мен орындаушылық жұмысына қарамастан, АӘК алушылардың еңбекке жарамды бөлігі, жоспарланған 30%-дан 30,3%-ды құрады.

Халықтың ең төменгі күнкөріс деңгейінен де төмен табыс көретіндердің саны аз-маз өзгеруде, 2014 жылы 0,6% көрсетсе, 2016 жылы 0,7%

құрады,сонымен бірге 2016 жылда ең төменгі күнкөріс деңгейі 2015 жылмен салыстырғанда 6,9%-ға артқан.

Мұқтаж азаматтарға арнайы әлеуметтік қызмет көрсету бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

2016 жыл бойы арнайы әлеуметтік қызмет 7237 адамға көрсетілді, АӘҚ алу үшін кезекте 156 адам тұрды.

Кезекте тұруды азайту үшін №1 арнайы әлеуметтік қызмет орталығында 50 бірлікке төсек орындарын көбейту жұмыстары орын алуда, әртүрлі себептерге байланысты бас тартқан, кезектен шығып кеткендерді анықтау мониторингі жүргізілді.

Өткізілген шаралардың нәтижесі бойынша арнайы әлеуметтік қызметпен қамтылған тұлғалардың үлес салмағы 98% -ды құрады.

Арнайы әлеуметтік қызмет үкіметтік емес сектор арқылы барлық көрсетілген АӘҚ7237-ден 288 адамды құрады, нәтижесінде арнайы әлеуметтік қызметпен қамтылғандардың бөлігі (үкіметтік емес ұйымдармен) жоспарланған 4,3%-дан 4,0% құрады.

Нысаналы индикаторларға жету мақсатында, 20 мүгедек балаларға арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуге және де 18-ге дейінгі 40 мүгедек-балаларға арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуге, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Амаль-Иман» және «Аруана Алматы» қоғамдық қорларымен келісімшарт жасалды. Алайда, мүгедектерді жеке оңалту бағдарламасына сәйкес медициналық куәландырудан өту қажеттілігінен және құжаттарды дайындау себебінен «Аруана Алматы» 2016 жылдың соңына дейін 40 бала алуға жоспарлап тек 24 балаға арнайы әлеуметтік көмек көрсетті.

2014-2016 жылдардағы өндірістік жарақат

2014 жылы Алматы қаласының Мемлекеттік еңбек инспекциясы және көші-қон басқармасында (әрі қарай - Басқарма) **140** жазатайым оқиға тіркеліп, **145** жұмыскер зардап шекті, оның ішінде 14 адам қазаға ұшырады, 40 адам ауыр жарақат алды, 91 адам жеңіл жарақат алған.

2015 жылы Басқармада **107** жазатайым оқиға тіркеліп, **137** жұмыскер зардап шекті, оның ішінде **21** адам қазаға ұшырады, **47** адам ауыр жарақат алды, **69** адам жеңіл жарақат алған.

2016 жылы қала кәсіпорындарында **127** жазатайым оқиға орын алды, **128** жұмыскер зардап шекті, оның ішінде **13** адам қаза тапты, **35** адам ауыр жарақат алды, **80** адам жеңіл жарақат алған.

2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы қайғылы жағдаймен аяқталған жазатайым оқиғалардың саны 62 % төмендеді.

2.1.2.3.8. кесте. Халықтың өмір сүру деңгейінің негізгі индикаторлары

	2014	2015	2016
--	-------------	-------------	-------------

Нақты ақшалай кіріс индексі, %	110,3	108,6	107,9
Халықтың өмір сүру минимумының орташа айлық мөлшері, теңге	21 242	21 913	22859
Кірісі өмір сүру минимумынан төмен халық үлесі,%	0,6	0,6	0,7
Атаулы әлеуметтік көмек алатындар ішінде еңбекке қабілеттілердің үлесі, %	32,9	30,5	30,3
Жеке сектор субъектілеріне ұсынылатын атаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылған тұлғалар үлесі (оның ішінде, үкіметтік емес ұйымдар),%	3,5	3,5	4,0
Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетумен қамтылған тұлғалардың үлес салмағы (алуға мұқтаж адамдардың жалпы үлесінде) (индикатор 2012 жылдан бастап енгізілген), %	96,1	96,4	98,0

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің санақ жинағы, 2014-2016 жылдар.

2.1.2.3.9. SWOT-талдауы

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шағын және орта бизнесті дамыту есебінен еңбекке орналастырудың кең саласы; - еңбек нарығында қажет ететін мамандықтар бойынша оқыту үшін білім беретін мекемелер мен орталықтар санының жеткілікті болуы; - өндірістік жарақат алудан сақтайтын, қауіпсіздік және еңбек қорғау салаларында нормативтік-құқықтық базаның қажетті деңгейде болуы. 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - республиканың өзге өңірлерінен халықтың көшіп-қонуының артуы; - көші –қонның өсуіне байланысты жастар жұмыссыздығының жоғары үлесі, сондай-ақ еңбек нарығына алғаш рет келген жас мамандардың жұмысқа қабылдануына байланысты мәселелер. - орта кәсіптік білім мекемелері түлектері қажеттілігінің жеткіліксіздігі; - еңбекке жарамды мүгедектерді жұмыс орындарымен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі; - жұмыс берушілердің қауіпсіздік және еңбек қорғау салаларындағы іс-шараларды жеткіліксіз қаржыландыруы.
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тұрғындардың өмір сапасын жоғарылату; - шағын және орта бизнесті дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарын құру; - еңбек қорғау саласындағы жұмыс берушілерді ынталандыру. 	<p>Қауіп -қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - экономиканың дамуына жаһандық дағдарыс жағдайларының теріс ықпалы, ол жұмыссыздықтың тез өсуіне әкелуі мүмкін; - ғаламдық дағдарыс әсерінен жарақаттануға әкеліп соғатын еңбек қорғау саласындағы қаржылай шығындарды төмендету.

--	--

Түйткілді мәселелер:

- ішкі еңбек мигранттары мен жоғары оқу орындарының түлектері есебінен еңбек ресурстарының тым артуы;

- қажетті еңбек нарығының есебінсіз жоғары оқу орындарында мамандар дайындау;

- жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысының үйлесімсіздігі, еңбек нарығының заманауи талаптарына сай келетін білікті жұмыс күшінің жетіспеушілігі;

- жастар арасындағы жұмыссыздықтың айтарлықтай жоғары деңгейі, негізінен бірінші рет еңбек нарығына кіретін жас мамандарды жұмысқа орналастыру мәселелері әсерінен, аталған мәселені шешу үшін кешенді шараның болмауы;

- еңбекке жарамды мүгедектерді жұмыспен қамту үшін, мүгедектерге жұмыс орнының болмауы;

- мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға әлеуметтік және көлік инфрақұрылым нысандарының қолжетімділік деңгейінің төмендігі;

- арнайы әлеуметтік қызметті қажет ететін психожүйкелік аурулары бар мүгедектерге әлеуметтік медициналық мекемелерде орынның жеткіліксіздігі.

2.1.2.4. Мәдениет

Қала республикамыздың мәдени орталығы болып табылады. Мұнда 100-ден астам мәдениет және демалыс мекемелері орналасқан, оның ішінде 24 музей, 31 кітапхана, 18 театр, 23 кинотеатр, 1 цирк, 1 зообақ, 10 концерттік ұйым, сондай-ақ бірқатар жеке галереялар мен өзге этно-мәдени орталықтар орналасқан. Бұдан басқа, қалада тарих пен мәдениеттің 136 ескерткіші бар.

Соңғы жылдары ұлттық-мәдени іс-шараларды қолдауға ерекше назар аударылуда. Олардың арасында Халықаралық жыршы-термешілердің «Ұлы дала елі» фестивалін, дәстүрлі музыканың «Әуенмен тербелген 1000 жыл» фестивалін, суырып-салма ақындардың айтысын, Ықылас атындағы Ұлттық музыкалық аспаптар музейі негізінде шығарылатын «Інжу маржан» телевизиялық бағдарламасын атауға болады.

Қалада тұрақты негізде тарихи-мәдени мұраны сақтау бойынша жұмыстар атқарылуда, оның ішінде мәдениет мекемелері мен ескерткіштердің құрылысы, қайта жаңғырту, күрделі жөндеу жұмыстары. Мысалы, 2015 жылы 2 тарих пен мәдениет ескерткіштері ағымдағы жөндеуден өтті, нақты айтқанда Ә. Жангелдиннің ескерткіші мен «Қазақ Мемлекеттік циркі» КМҚК ғимараты.

Жөндеу жұмыстарын жүргізумен қатар, соңғы 3 жылда, ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес жаңа ескерткіштер де бой көтерді. Олардың ішінде: Әди Шәріповтың ескерткіші, Сүйінбай Аронұлының және Малбағар Мендіқұловтың ескерткіші, Чернобыль АЭС апатының салдарын жоюшы - жауынгерлерге арналған ескерткіш, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш және Шапық Шөкиннің ескерткіші. 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағындағы Қаһарман гвардияшы-панфиловшылардың мемориалды тумбаларындағы туу және қайтыс болу даталары түзетілді.

Қаланың 24 музейі арасында жекелеген музейлер заманауи техникалық жабдықтармен және экспозициямен қамтамасыз етілді, мысалы, 2012 жылы қайта жаңғыртылған Қазақ Ұлттық музыкалық аспаптар музейі және 2016 жылы жаңа ғимаратта ашылған Алматы қаласының музейі, сонымен қатар Атлетикалық ауылдың ғимаратында орналасқан дәстүрлі өнердің мультимедиялық орталығы.

2.1.2.4.1. кесте. Мәдениет ұйымдарының негізгі көрсеткіштері

Атауы/жылы	Өлшем бірлігі	2014	2015	2016
Театрлар саны	бір.	13	15	16
Көрермендер саны	мың адам	462,5	466,9	453,8
Музейлер саны	бір.	16	16	16
Келушілер саны	мың адам	308,3	323,0	319,8
Кинотеатрлар саны	бір.	17	15	17
Келушілер саны	мың адам	4 712,9	3 903,3	5 020,1
Кітапханалар саны	бір.	30	30	31
Кітапхана қоры	мың адам	37 545,2	37 677,1	37 960,8
Оқырмандар саны	мың адам	374,2	372,6	344,1
Концерттік ұйымдар саны	бір.	11	12	10
Келушілер саны	мың адам	492,4	543,6	383,3
Халықтың орташа жылдық саны	мың адам	1 548,3	1 703,5	1 756,3*

Ақпарат көзі: Алматы қаласы Статистика департаментінің мәліметтері

2.1.2.4.2. кесте. Мәдени іс-шараларды өткізу және мәдениет ұйымдарына бару көрсеткіштері

Атауы/жылы	2014	2015	2016
Мәдениет саласында өткізілген әлеуметтік маңызды және мәдени іс-шаралардың саны, бірлік	452	192	
1000 адамға шаққанда мәдениет ұйымдарына барушылардың орташа саны:			
- кітапханалар	227,7	222,7	219,8
- театрлар	281	279	285,2
- концерттік ұйымдар	299,8	324	303,7
- музейлер	187,5	193	190,3

Ақпарат көзі: Алматы қаласы Мәдениет және архивтер басқармасының ведомстволық деректері.

2.1.2.4.3. кесте. SWOT-талдау

Күшті тұстары: – Алматы қаласы республикамыздың интеллектуалды, рухани әрі мәдени орталығы болуда;	Осал тұстары: – Бірқатар мәдениет нысандарының жеткіліксіз материалдық-техникалық жабдықталуы; – Біліктілігі жоғары мәдениет кадрларының тұрақтамаушылығы
Мүмкіндіктері: – заманауи жалпы ұлттық мәдени, ақпараттық орта мәдениетті жаңғыртуға, сақтауға және дамытуға, халықтың рухани-мәдени деңгейін көтеруге мүмкіндіктер ашады, себебі осының бәрі республикамыздың мәдени-экономикалық орталығы ретінде қаламыздың имиджін нығайтады.	Қауіптер:-

Мәселелер:

- қалаға жаңа қосылған және орталықтан шалғай аудандарында мәдениет нысандарының жоқтығы;
- қаланың бірқатар мәдениет нысандарының жеткіліксіз материалды-техникалық жабдықталуы;
- жаңа типті музейдің жоқтығы, мысалы, заманауи өнер мен ғылым музейі;
- арт-менеджмент саласында білікті мамандардың жоқтығы.

2.1.2.5. Дене шынықтыру және спорт

2016 жылдың қорытындысы бойынша Алматы қаласының спорттық құрылғыларының желісі 1439 нысанды құрады. Қалада 12 стадион, 14 спорт кешені, 34 жүзу бассейні, 5 оқу-жаттығу орталығы, қаланың ЖОО және мектептері жанында 403 спорт нысаны жұмыс жасайды.

Қалада 27 мемлекеттік кәсіпорын өз қызметін жүзеге асырады, онда 74 спорт түрі қарастырылған. Оның ішінде: 16 жасөспірімдер спорт мектебі, 7 спорт клубы, 2 жоғары спорт шеберлігінің мектебі, 1 олимпиадалық резервті даярлау орталығы, 1 спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернат. 2016 жылдың қорытындысы бойынша спортпен шұғылданатындардың жалпы саны - 14 247 адамды, 2015 жылы - 13 716 адамды және 2014 жылы - 13 500 адамды құрады.

Білікті спортшылар санының артуы байқалады. Мәселен, 2014 жылы «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» спорт атағын иеленген спортшылардың саны 60 құрады, 2015 жылы – 21, 2016 жылы – 4;

2014 жылы «Қазақстан Республикасының спорт шебері» – 310, 2015 жылы – 93, 2016 жылы 35 адамды құрады.

Алматыда дене шынықтыру және спортпен тұрақты түрде шұғылданатын тұрғындар санының өсу үрдісі байқалады. Соңғы 2 жыл ішінде аталған көрсеткіш 2014 жылғы қала тұрғындарының 26,5%-нан (451 428 адам) 2016 жылдың қорытындысы бойынша қала тұрғындарының 28,5%-на (485 975 адам) дейін өскен.

2016 жылы 28 қысқы Универсиаданың барлық нысандарының құрылысы аяқталды: Алатау ауданындағы 12 мың көрерменге арналған мұз айдыны; Медеу ауданындағы 3 мың көрерменге арналған «Алматы Арена» мұз айдыны және 5 мың орынды жатақхананы, қызмет көрсету нысандарын, дүкендерді, тамақтану пунктерін қамтитын атлетикалық ауыл және т.б. Аталған спорттық құрылғылар қаланың спорттық инфрақұрылымдарымен белсенді ықпалдасуда.

Алматы қаласы еліміздің спорттық астанасы ретінде танылды. Қалада көптеген жетекші спорттық құрылғылар орналасқан, спорт саласындағы жетекші мамандар, спортшылар мен бапкерлер тұрады және жұмыс жасайды. Сонымен қатар, Алматыда жетекші ғылыми-оқу мекемелері, оның ішінде спорттық, сондай-ақ мамандандырылған спорт ұйымдары орналасқан: Спорттық медицина және оңалту орталығы, допингке қарсы зертханалар, республикалық спорт колледждері, жоғары спорт шеберлігінің мектептері мен интернаттары және т.б.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі өткізген республикалық рейтингтің қорытындысына сәйкес, спортшылардың Жазғы Азия ойындары мен Қысқы Олимпиада ойындарына, сонымен қатар халықаралық ресми кешенді жарыстарға (Жазғы Азия ойындары) қатысу және лицензиаттарды дайындау нәтижелері бойынша қала сенімді түрде I орынды иеленді.

Алматы қаласының спортшылары бүкіл Республика құрамасының 30%-ынан астамын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық құрамасының басты доноры болып табылады.

Қала тұрғындарын дене шынықтыру мен спортқа тартуға қатысты 2016 жылдың қорытындысы бойынша 2015 жылмен салыстырғанда 1900-дан астам түрлі бұқаралық-спорттық іс-шара өткізілді. Спорт түрлерінен чемпионаттар мен қала біріншіліктері, сондай-ақ Республика мен қаланың маңызды күндеріне арналған бұқаралық іс-шаралар, ведомстволық және ведомствоаралық жарыстар мен спартакиадалар және т.б. өткізілді.

Алматы спорт алаңының астанасы ретінде өз позициясын нығайта түсуде, мұнда жыл сайын халықаралық деңгейдегі жоғары жетістіктерге арналған түрлі спорттық іс-шаралар өткізіледі. Жыл сайын қала аумағында ірі халықаралық ресми сайыстар өткізіледі.

Қалада командалық спорт түрлерімен шұғылдануға арналған жалпы қолжетімді алаңдардың саны өте аз. Қаладағы алаңдардың көпшілігі ведомствалық иелікте немесе жеке меншікте. Жоғары жетістіктер спорты спорттық құрылғылардың жетіспеушілігін сезінуде, 21 спорт мектебінің тек 4-

еуінің өз базалары бар. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапалы құралдар мен заманауи жабдықтар жетіспейді.

Мектепке дейінгі мекемелердің және жалпы орта білім беретін ұйымдардың материалдық базасы әрі қарай дамытуды, жаңартуды және оқушылардың дене тәрбиесіне арналған бағдарламаларды толық көлемде орындау үшін қажетті спорттық құрылғылармен жабдықтауды талап етеді.

Заманауи спорт түрлі инновациялардың әсеріне ұшырайтындықтан спортшылармен жұмыс жасаудың ғылыми және инженерлік ізденістерге негізделген жаңашыл әдістемелерін меңгерген мамандарды дайындауға баса назар аудару талап етіледі.

Қазіргі уақытта осы салада, әсіресе жас мамандар арасында білікті кадрлардың жетіспеушілігі байқалып отыр. Спортты, әсіресе, жоғары жетістіктер спортын әрі қарай дамыту үшін білікті кадрларды даярлауға, сондай-ақ осы саладағы мамандарды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға баса назар аудару маңызды.

2.1.2.5.1. кесте. Алматы қаласы бойынша спортты дамытудың негізгі көрсеткіштері

№	Атауы/жылдар	Өлш.бірл.	2014	2015	2016
1	Дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданатын барлық жастағы тұрғындарды қамту	%	26,5	27,5	28,5
2	Балалар мен жасөспірімдердің жалпы санынан дене шынықтыруға дайындайтын спорт клубтарында дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын 7 мен 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді қамту	%	8	8,5	9

Дереккөз: Алматы қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының ведомстволық деректері

2.1.2.5.2. кесте. 2016 жылы Алматы қаласында өткізілген халықаралық спорттық іс-шаралар

«Тур Алматы» халықаралық веложарысы
Футзалдан УЕФА кубогінің іріктеу матчтары
«Алматы Марафоны» қайырымдылық жүгіру жарысы
Дзюдо спортынан Grand Prix
Конфедерациялар кубогінің финалы
Спидвейден Әлем Чемпионатының кезеңі
Қазақ күресінен «Евразия Барысы» халықаралық жарысы
Гольфтен «Kazakhstan Open 2016» халықаралық турнирі
Шахматтан «Almaty Open 2016» халықаралық турнирі
Балалар арасында футболдан «Весенние каникулы 2016» халықаралық турнирі
Ұлттық спорт түрлерінен «Ұлы дала ойындары» республикалық фестивалі
Шорт-тректен Олег Слатинды еске алуға арналған ашық чемпионат
Г. Қосановты еске алуға арналған жеңіл атлетикадан жарыс

2.1.2.5.3. кесте. SWOT-талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дамыған спорт инфрақұрылымының болуы 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - халықтың, сондай-ақ біліктілігі жоғары спортшылардың сұранысын қанағаттандырмайтын қаладағы дене шынықтыру және спорт мекемелерінің әлсіз материалдық-техникалық базасы; - бұқаралық және балалар-жасөспірімдер спортының әлсіз дамуы; - спорттың ғылыми және медициналық базасының жеткіліксіз дамуы, білікті мамандардың тапшылығы.
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - халықаралық деңгейдегі ірі спорттық іс-шаралар өткізу. 	<p>Қауіп-қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпыға қолжетімді және аула спорт алаңдарында қирату қауіптерінің болуы; - спорттық жеке меншік және фитнес орталықтарында жаттықтырушылық қызметті ұйымдастыру процесіне мемлекеттік бақылау мен сертификаттау рәсімінің болмауы, төменгі біліктілік деңгейі.

Түйткілді мәселелер:

- спортпен айналысуға арналған жалпыға қолжетімді қалалық алаңдардың жетіспеушілігі;
- жоғары жетістіктер спортының материалдық-техникалық базасының жетіспеушілігі;
- білім беру ұйымдарының спорт құралдарымен жеткілікті деңгейде жарақтандырылмауы.

2.1.2.6. Туризм

Алматы Қазақстанның туристік индустриясының орталығы болып табылады, сонымен қатар қаланың аталған секторының әрі қарай дамытуға әлеуеті бар. Бұл қаланың географиялық, аумақтық және тарихи орналасуымен, сондай-ақ сервистік инфрақұрылымының болуымен байланысты.

2016 жылы жайғастыру орындары барлығы 793 067 адамға (ішкі және сырттан келушілер) қызмет көрсетті, бұл республикалық көрсеткіштің бестен бір бөлігі дерлік – 4 217 782 адам (18,8%).

Әрбір екінші шетелдік турист Алматы қаласына келеді (Қазақстан Республикасы бойынша жайғастыру орындары барлық сырттан келуші туристер қызмет көрсеткен - 722 515 адам, олардың ішінде 307 987 адам

Алматы қаласында 42,6%).

Талданып отырған кезеңдегі сырттан келушілер мен ішкі туристердің пайыздық арақатынасы 2013 жылдан (62%/38%) 2015 жылға дейін (58%/42%) және 2016 жылға (61,2%/38,8%) өзгерді. Сырттан келуші туристердің басым бөлігі іскерлік туризм желісі бойынша келеді.


2.1.2.6.1. сурет. Алматы қаласындағы туристер саны



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2003-2014 жылдардағы негізгі көрсеткіштері, «Қалада жайғастыру орындарының 2013, 2014, 2015, 2016 жылдардағы қызметі туралы» статистикалық бюллетень.

Жайғастыру орындары көрсеткен қызметтердің көлемі (мейрамхана қызметтерін қоспағанда) 2014-2015 жылдары 20,6 млрд. теңгеден 18,6 млрд. теңгеге дейін аз ғана төмендеген. 2016 жылы аталған көрсеткіш 19,7 млрд. теңге құрады (ҚР көлемі - 82,9 млрд. теңге), бұл жайғастыру жайғастыру орындары көрсеткен қызметтердің республикалық көлемінің төрттен бір бөлігі (23,7%).


2.1.2.6.2. сурет. Жайғастыру орындары көрсеткен қызметтердің көлемі



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2003-2014 жылдардағы негізгі көрсеткіштері, «Қалада жайғастыру орындарының 2013, 2014, 2015, 2016 жылдардағы қызметі туралы» статистикалық бюллетень.

Талданып отырған кезеңде жайғастыру орындарының 2013 жылы 90 бірліктен, 2016 жылы 160 бірлікке дейін өскені байқалады.

2.1.2.6.3. сурет. Алматы қаласындағы жайғастыру орындары



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2003-2014 жылдардағы негізгі көрсеткіштері, «Қалада жайғастыру орындарының 2013, 2014, 2015, 2016 жылдардағы қызметі туралы» статистикалық бюллетень.

Егер бөлмелер қорының құрылымын қарастыратын болсақ, оның біраз бөлігі төменгі сегменттегі қонақүйлерде орналасқан. Қаланың қонақүй шаруашылығында санаты жоқ мейманханалар басым - 53,3% және 4* және 3* қонақүйлер - 32,3%, ал 5* қонақүйлердің үлесі бар болғаны 6%.

Туристік индустрияны дамытудың негізгі көрсеткіштерін талдау оң серпіннің бар екендігін көрсетеді және Алматы қаласында туристік орталық ретінде ілгері өсу перспективасы бар деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

«Алматы - 2020 Даму бағдарламасында» Алматы қаласы Туризм және сыртқы байланыстар басқармасына 3 нысаналы индикатор бекітілген.

2016 жылдың қорытындысы бойынша барлық 3 индикаторға да қол жеткізілді.

2.1.2.6.1. кесте. Туризм дамуының негізгі көрсеткіштері

Атауы/жылдар	2014	2015	2016
Жайғастыру орындары қызмет көрсеткен	288 216	301 394	485 080

келушілер саны – резиденттер (адам)			
Жайғастыру орындары қызмет көрсеткен келушілер саны – резидент еместер (адам)	473 027	420 335	307 987
Ұсынылған төсек-тәулік (төсек-тәулік)	1 142 692	1 063 326	1 232 602
Жайғастыру орындарының саны (бірлік)	122	135	160
Жайғастыру орындары көрсеткен қызметтер көлемі (млн. теңге)	20 597,1	18 587,0	19 662,0

Дереккөзі Статистика комитетінің 2003-2014 жылдардағы негізгі көрсеткіштері, «Қалада жайғастыру орындарының 2013, 2014, 2015, 2016 жылдардағы қызметі туралы» статистикалық бюллетень.

2.1.2.6.2. кесте. SWOT-талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қолайлы табиғи-климаттық белдеуде орналасқан республиканың және Орталық Азияның қаржылық, мәдени және білім орталығы; - Қазақстандағы ірі көлік-логистикалық хаб және «Жібек жолы» қалаларының бірі. 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - туристік қызметтердің әлемдік нарығындағы туризм орталығы ретіндегі қаланың салыстырмалы түрдегі жеткіліксіз танымалдығы және ауқымды және әсерлі жарнаманың жеткіліксіздігі; - қалада тікелей орналасқан туризм үшін қызықты, маңызды және танымал экскурсиялық нысандардың жеткіліксіздігі
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Еуразиялық континенттің орталығында орналасуы, табиғи-климаттық жағдайы және экономикалық дамуы. 	<p>Қауіп -қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әлемдік дағдарыстың ықпалы туризмді дамыту мүмкіндігіне оның ішінде туристік нысандарды қалпына келтіруді және құруды қаржыландыру, жеке инвестицияларды тартуға, сыртқы туризмді арттыруға кері әсер етуі мүмкін.

Түйткілді мәселелер:

- қызмет көрсетуші персоналдың кәсіби дайындығының жеткіліксіздігі және қызмет көрсетудің барлық кезеңінде тілдерді нашар білуі;
- қаланың урбандалуы және этникалық бірегейлікті көрсететін нысандардың болмауы.

2.1.2.7. Үштілділікті дамыту

Соңғы жылдары мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі арта түсуде. Бұл көрсеткіш 2014 жылы 72%, ал 2015 жылы 75% құраса, 2016 жылы 3% артып, 78% көрсетті. Сондай-ақ қазақ тілінде оқытатын мектептердің үлесі артып келеді, 2013 жылы олардың саны 59 болса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 65 мектепті құрады. Дәл осы фактор жалпы тілдік ахуалға индикативті түрде әсер етуде.

Көптеген орта және ірі компаниялар мен мекемелердің қызметкерлері мемлекеттік тілді үйренуде.

Мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесін арттыру бағытындағы жұмыстар белсенді түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда 20 мультимедиялы кабинет іске қосылған, қала және аудан әкімдіктерінің мәжіліс залдары ілеспе аударма жасауға арналған құрал-жабдықтармен жабдықталған, сонымен қатар тіл үйретуге арналған бағдарламалар әзірленген. Ісқағаздарын жүргізуге арналған жинақтардың үлгісі шығарылды. Аталған басылымдардың іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуді өз бетімен меңгеруге арналған қосымша әдістемелік құрал ретінде ұсынылатын электронды нұсқаларының үлгілері де бар.

2014-2015 жылдары тілдерді жаңа технологиямен оқытуға бағытталған «Инновациялық оқытудың бағдарламалық-ақпараттық кешені» шығарылды. Мұндай кешенмен Алматы қаласы әкімдігі ғимаратының, аудан әкімдері аппараттарының және өзге де мемлекеттік мекемелердің 20 оқыту кабинеттері жабдықталған.

Мемлекеттік орган қызметкерлеріне, сондай-ақ Алматы қаласы тұрғындарына арналған қазақ және ағылшын тілдерін оқытатын курстар ұйымдастырылған. 2014 жылы қазақ тілі курстарында – 836, 2015 жылы – 797, ал 2016 жылы – 551 тыңдаушы оқытылды. Ағылшын тілі курстарында 2014 жылы – 216, 2015 жылы – 230 және 2016 жылы – 194 мемлекеттік қызметші оқытылды.

Жексенбілік мектептерде этно-мәдени орталықтардың өкілдеріне қазақ тілімен қатар өз ана тілдері де оқытылады.

ҚР Ұлттық тестілеу орталығымен бірлесе отырып, мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін білу деңгейін ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша анықтау мақсатында диагностикалық тестілеу жүргізілді. Тестілеуге 2014 жылы 730 адам, 2015 жылы – 565, 2016 жылы 5345 мемлекеттік қызметші қатысты.

Алматы қаласында жергілікті атқарушы органдардың іс қағаздарын жүргізуге арналған мониторинг тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Мемлекеттік тілде құжат айналымы 2014 жылы – 65%, 2015 жылы – 66% және сәйкесінше 2016 жылы – 62% құраған болатын.

Мемлекеттік тіл саясатын кеңінен насихаттау мақсатында қаладағы аудан әкімдіктерімен, басқармалармен және этно-мәдени орталықтармен бірлесе

отырып, Абай, А.Пушкин шығармашылықтарына арналған әдеби оқулар, «Мемлекеттік тіл және бұқаралық ақпарат құралдары», «Тіл – татулық тірегі», «Көркем сөз оқу шеберлері» сияқты байқаулар жыл сайын өткізіліп келеді.

«Үштұғырлы тіл» мәдени бағдарламасы аясында мемлекеттік қызметшілер арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім», үш тілді меңгерген жастар арасында «Тіл–парасат» сияқты іс-шаралар ұйымдастырылып отырады.

Аталған іс-шаралардың негізгі мақсаты – мемлекеттік тіл саясатын кеңінен насихаттау, жастар арасында отансүйгіштік қасиеттердің қалыптасуына ықпал ету болып табылады.

«Тіл саясаты саласында жіберілген заңнама нормаларын бұзушылықтардың саны» көрсеткішінің базалық тізімдерінің мәліметтері бойынша 2015 жылы жоспарда 500 көрсеткіш болса, факт жүзінде ол 520 құрады. Индикаторға қолжеткізбеудің негізгі себебі ретінде тіл саясаты саласында заңнама нормаларының орындалмауы аталады.

2015 жылы әртүрлі жарнама мекемелерінен «Тіл туралы» Заң талаптарын сақтауға қатысты тексеруге 5024 эскиз келіп түсті. Олардың 520-на өзгерістер енгізілді, 217 қате табылды, 4283-і өзгеріссіз келісілді.

«Тіл туралы» Заң талаптарын бұзған лауазымды тұлғаларға «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодекстің 75 бабына сәйкес шаралар қолданылады.

Бірақ әзірше көрсеткіштер айтарлықтай жоғары емес және бұл бағыттағы жұмыстар әрі қарай да жалғастыруды қажет етеді.

Тұрғындардың **ағылшын тілін** меңгеру деңгейі Алматыны әлемдік қоғамға біріккен заманға сай қала ретінде дамытудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта бұл көрсеткішке **көп көңіл бөлінбеуде**, сол себепті де ағылшын тілін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі тұрақты түрде анықталмайды. Қаланың алдағы уақытта дамуында бұл салаға ерекше көңіл бөлу қажет.

2.1.2.7.1-кесте. Тілдерді дамыту бойынша негізгі көрсеткіштер

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016
Мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі	%	72,0	75,0	78,0
Алматы қаласы ЖАО жалпы құжат айналымында қазақ тілінде іс-қағаздарын жүргізудің үлесі	%	65	66	62
Ағылшын тілін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі	%	14	15	16
Үш тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі (мемлекеттік, орыс және ағылшын)	%	8	10	12
Қазақ тілінде оқытатын мектептердің саны, жалпы мектептердің санына шаққандағы бірлік және %	%	62 (30,8)	63 (31,3)	65 (32,3)

Дереккөзі: Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының және Алматы қаласы Білім басқармасының мәліметтері

2.1.2.7.2-кесте. SWOT-талдауы

Күшті жақтары: – Алматы қаласында мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметтері бар тиімді толерантты тілдік орта.	Әлсіз жақтары: – қоғамдық өмірдің барлық саласында мемлекеттік тілдің аз қолданылуы, тұрғындардың мемлекеттік тілді меңгеруге деген қызығушылығын жоғарылату жұмыстары қажетті деңгейде жүргізілмейді.
Мүмкіндіктері: – Алматы халықаралық туризм мен бизнес үшін барынша ашық және түсінікті қала болуға ұмтылады. Ол үшін ең кемінде 3 тілді (қазақ, орыс және ағылшын тілдерін) меңгеру мемлекеттік орган қызметкерлері мен қаланың қызмет көрсету секторы еңбеккерлерінің машықтану дағдыларын қалыптастырудың және біліктілік деңгейін көтерудің ең маңызды бөлігіне айналады.	Қауіп -қатерлер: – тұрғындардың басым көпшілігінің мемлекеттік тілге деген қызығушылығының төмендігіне байланысты тілді меңгеру кезінде, сондай-ақ іс-қағаздарын жүргізуде айтарлықтай шектеулер болуы мүмкін.

Түйткілді мәселелер:

- мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді меңгеруге бағытталған жұмыстар және іс-қағаздарын мемлекеттік тілге толық көшіруді аяқтау жұмыстары қажетті деңгейде жүргізілмейді;
- мемлекеттік тілді меңгерген және оны қызмет барысында қолданатын мамандарды көтермелеу жұмыстары іске асырылмайды;
- ағылшын тілін дамытуға аз көңіл бөлінуде, келешекте бұл салаға ерекше көңіл бөлінуі қажет.
-
-

2.1.3. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп

2014 және 2016 жылдардағы Алматы қаласы аумағындағы жедел жағдайды талдай отырып, осы кезең криминогендік жағдайдың тұрақтылығымен сипатталатынын атап өткен жөн.

Ішкі істер департаменті соңғы үш жылда қылмысты тіркеу мен есепке алуды түбегейлі өзгертуге, қылмыспен күресуге және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырды.


Егер 2014 жылы – 60211, 2015 жылы 70098 қылмыс тіркелсе, ал қабылданған ескерту шаралары барысында 2016 жылы олардың саны **4,5%-ға** төмендеген, яғни **70098** қылмыс.

2015 және 2016 жылдардағы жалпы қылмыстық қылмыстардың статистикалық өсуі Алматы облысының 23,2 мың гектар аумағының қала шекарасына қосылуынан және тұрғындар санының 10%-ға (1552349 адамнан 1699714 мыңға) көбеюінен туындап отыр.

2016 жылы Алматы қаласының үлесіне республикада тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтың **19,2%** тиесілі, республика бойынша - **348849**.

Қылмыс жасаған **11169** адамның **46,2%** (5159) республиканың көрші өңірлерінің тұрғындарына тиесілі.

2.1.3.1. сурет. Қылмыс жасаған тұлғалар



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

Ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашу бойынша мақсатты бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Нәтижесінде, ауыр қылмыстардың ашылуы 2014 жылы - **27,7%**, 2015 жылы - **31,7 %**, 2016 жылы - **39,2 %**, аса ауыр қылмыстар 2014 жылы - **76,2%**, 2015 жылы - **85,0 %**, 2016 жылы **85,7 %** құрады.

2016 жылдың қорытындысы бойынша барлық желілер бойынша қылмыстың ашылуы **1,9%-ға** (21,3%-дан 23,2%-ға) жақсарған. Кісі өлтірудің ашылуы - **90,4%** (+0,6%), қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру - **88,2%** (+5,5%), қарақшылық - **66,9%** (+7,8%), зорлау - **90,0%** (+10,7%),

тонау - **27,1%** (+6,5%), бөтеннің мүлкін ұрлау - **24,2%** (+3,8%), пәтерлерді тонау - **31,6%** (+7,9%), бопсалау - **86,7%** (+8,4%), алаяқтық - **46,1%** (+9,6%), бұзақылық - **34,3%** (+7,8%).

Қалада криминалдық белсенділікті төмендету мақсатында қарақшылық шабуылмен - **50** (2015 жыл - 54), тонаумен - **135** (2015 жыл - 126), пәтер тонаумен - **54** (2015 жыл - 46), көлікте - **57** (2015 жыл - 49), қоғамдық орындарда жеке мүлікті ұрлаумен - **69** (2015 жыл - 61), көлік ұрлаумен және айдап кетумен - **15** (2015 жыл - 14) айналысатын топтардың қылмыстық жолы кесілді.

540 есірткі құқық бұзушылығы, оның ішінде **212** есірткі өткізумен байланысты бұзушылықтар анықталған.

2016 жылы қабылданған мәжбүрлеу шараларының нәтижесінде аса ауыр қылмыс **41,1%** (209-дан 123-ке), ауыр **19,6%** (6467-ден 5201-ге), кісі өлтіру **23,9%** (88-ден 67-ге), қарақшылық **33,7%** (205-тен 136-ға), қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру **17,9%** (195-тен 160-қа), тонау **8,7%** (3016-дан 2755-ке), пәтер тонау **2,7%** (8184-тен 7967-ге), зорлау **41,0%** (307-ден 181-ге), бұзақылық **46,5%** (4047-ден 2164-ке) қылмыстардың саны қысқарған.

Қоғамдық орындарда жасалған қылмыстардың серпіні келесідей: 2014 жылы - **29664**, 2015 жылы - **30830**, 2016 жылы - **32268**, көшеде жасалғандар 2014 жылы - **17351**, 2015 жылы - **18317**, 2016 жылы - **20806**.

Алматы қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге тәулік сайын **2377** полиция қызметкері және ҚР ІІМ Ұлттық Ұланының әскери қызметкерлері қойылады, олар **600-ге** дейінгі патрульдеу маршруттарын қамтиды, оның ішінде **330** автомобильдік және **270** жаяу бағыттар, тәулік бойғы режимде 19 стационарлық бекет жұмыс істейді.

Бүгінгі күні көшедегі қылмыстың алдын алудың негізгі тетігі әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын уақтылы кесу (негізінен бұл кішігірім бұзақылықтар, қоғамдық орындарда спирттік ішімдік ішу фактілері), сондай-ақ олардың жасалуына мүлдем төзбеушілік таныту болып табылады.

«Мүлдем төзбеушіліктің» қағидаты бойынша әкімшілік жауапкершілікке **135749** құқық бұзушы тартылған (2015 жылы - 128566).

Құқықтық тәртіпті бұзу мен қауіптіліктің негізгі көзіне тұрақты табысы жоқ, бұрын сотталған және басқа қаладан келген тұлғалар жатады. Талдау көрсеткендей, 2016 жылы қылмыстық жауапкершілікке **11169** (2015 жыл - **10170**) тұлға тартылған, **4553** (2015 жыл - 4177) немесе **82,9%** Қазақстанның басқа өңірлерінің тұрғындары, **606** немесе **5,4%** - шетелдіктер (2015 жыл - 623), **436** немесе **3,9%** - тұрақты мекенжайы жоқ тұлғалар (2015 жыл - 201) құрайды.

Бұрын қылмыс жасағандар жасаған қылмыстың серпінін талдау 2014 жылы - **1003**, 2015 жылы - **2001**, 2016 жылы - **2271** қылмыс тіркелгенін, яғни **13,5%-ға** өскендігін көрсетті.

Бұрын 2013-2014 жылдары жасалған қылмыстардың үлес салмағы тұрақты деңгейде болып, **8,4%** құраған, 2015 жылы статистикалық есепке

алуды тіркеуде болған өзгерістерге байланысты **14,7%** құрған, 2016 жылдың қорытындысы бойынша үлес салмағы **13,9%** құрап, **0,8%-ға** төмендеген.


Жасөспірімдер қылымысының серпіні 2014 жылы - **249**, 2015 жылы - **204**, 2016 жылы **200** қылмыс тіркелгенін көрсетті. Жасалған **200** қылмыстың **111** немесе **55,5%** басқа қалалардан келген кәмелетке толмағандар жасаған.

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстың үлес салмағы төмендеп, 2016 жылдың қорытындысы бойынша **1,2%** (2014 жылы - **2,1%**, 2015 жылы - **1,5%**) құраған.

Жасөспірімдер арасында жасалған қылмыстың **8,8 % (18)** – жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына тиесілі.

2014 жылмен салыстырғанда 2016 жылы балаларға қатысты қылмыс **74,7%-ға, 290-нан 226-ға** аз жасалған.

2.1.3.2. сурет. Жасөспірімдер қылмысының серпіні



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі Комитеті


Алматы қаласында жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жолдағы жағдайды тұрақтандыруға бағытталған бірқатар ұйымдастырушылық-практикалық шаралар қабылдануда, алдын алу және түсіндіру жұмыстары күшейтілді, жол қозғалысы қатысушыларына талап қатая түсті.

Әкімшілік тәжірибені қатаңдатуға байланысты жәбірленушілерге қатысты орын алған жол көлік оқиғасының саны 2014 жылы – **5588**, 2015 жылы – **5552** (-0,6%), 2016 жылы – **5203**, сондай-ақ 2016 жылдың қорытындысы бойынша жол-көлік оқиғасынан жарақат алғандар саны **5,1%-ға** (6559-дан **6222-ге**) төмендеген.

Бұдан басқа, 2014 жылдан ЖКО кезінде қаза болғандар саны **21,2%-ға** (198-ден **156-ға**), оның ішінде балалар өлімі **37,5%-ға** (16-дан **10-ға**) төмендеген.

2016 жылы әкімшілік жауапкершілікке 340 мыңнан астам жүргізуші тартылды, оның ішінде көлікті мас күйінде басқарғаны үшін **2 370** жүргізуші ұсталған. Сот **4561** жүргізушіні көлік құралын басқару құқығынан айырған. **119** жүргізушіге қатысты әкімшілік қамау қолданылған **2.1.3.3. сурет.**

2.1.3.3. сурет. Апаттылықтың негізгі көрсеткіштері төмендеді



Деркесөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті.

Халықаралық стандартқа өту кезінде ЖКО және жәбірленушілерді есептеу параметрі өзгерді, сонымен бірге қазіргі күні келтірілген салдардың ауырлығына қарамастан барлық ЖКО тіркеу 100%-ға қамтамасыз етіледі.

Бүгінгі таңда ЖҚЕ бұзудың алдын алу және болдырмау факторларының бірі «Жол қозғалысының қауіпсіздігі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі болып табылады. «ЖҚҚ» ААЖ жобасы бойынша **105** бекет пайдалануға берілді, ол **663** бейнекамераны қамтиды, оның **415-і** тану камерасы және **248-і** шолу камерасы.

Көші-қон процесі ерекше бақылауда, ол қаладағы криминогендік жағдайдың жай-күйіне әсер етеді. Алматы қаласы тек Қазақстан Республикасының ғана емес, сондай-ақ Орта Азияның ірі қаржы және экономикалық орталығы және үлкен еңбек нарығы болса да, криминалдық

құрылым, заңсыз көші-қон және бизнес үшін өзіне тартымды болып қала береді.

Сонымен 2016 жылы Алматы қаласына келген **453648** (2014 жылы 212 757, 2015 жылы 316 709) шетел азаматы тіркелген, оның **84,0%** (381175) жақын шетел азаматтары құрайды.

Көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке 2016 жылы – **42143** (2014 жылы – 32073, 2015 жылы – 37626) заң бұзушы тартылды, оның ішінде **2412** (2014 жылы – 326, 2015 жылы – 1165) шетел азаматы елден шығарылды.

Ішкі істер департаменті аудандық әкімдіктермен, қоғамдастықпен бірлесе отырып, тұрғын үйлердің кіреберісіне, ауласына бейнебақылау камераларын орнатуға, тұрғын үй кешендері аулаларын және көшелерін жарықтандыруға бағытталған, олардың сақталуын қамтамасыз етуде мүлік иелерін тарту арқылы шабуылдайтын жедел алдын алу іс-шараларын қабылдай отырып, «Қауіпсіз аула» қағидаты бойынша іс-шараларды іске асыруда жұмыс жүргізді.

2016 жылдың қорытындысы бойынша «Қауіпсіз аула» қағидаты бойынша **5018** аула аумағында **7485** көппәтерлі үйлер күзетіліп, онда **32114** бейнекамера орнатылған.

Қалада **6 682** түрлі нысандағы объектілерге **35 892 мың** бейнекамера орнатылған.

Бейнекамераның көмегімен **1 357** қылмыстық құқық бұзушылық ашылып, **34 290** әкімшілік құқық бұзушылық және **32 997** астам жол қозғалысы ережесін бұзу анықталған.

Алматы қаласында 2014 жылдан 2016 жылға дейінгі аралықта 246 – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай тіркелген (2014 жыл–97, 2015 жыл–84, 2016 жыл–65).

Төтенше жағдайларда 472 адам зардап шекті (2014жыл–114 немесе 24%, 2015 жыл–221 немесе 47%, 2016жыл–137 немесе 29%), оның ішінде 108 адам қаза тапты (2014 жыл–43 немесе 40%, 2015 жыл–42 немесе 39%, 2016 жыл–23 немесе 21%).

2014 жылдан 2016 жылға дейінгі кезеңде қала аумағында 2 086 өндірістік және тұрмыстық өрт оқиғасы орын алды (2014 жыл–681, 2015жыл–709, 2016 жыл–696), онда 983 адам зардап шекті (2014 жыл–347, 2015жыл–305, 2016 жыл–304), 62 адам қаза тапты (2014 жыл–21, 2015жыл–20, 2016жыл–21).

Авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде 161 адам құтқарылды (2014 жыл–67, 2015 жыл–50, 2016 жыл–44), ТЖ аймағынан 25 723 адам эвакуацияланды (2014 жыл- 9 476, 2015 жыл- 9 743, 2016жыл-6 504).

Басшылық құрам мен құралымдардың функционалдық міндеттерін пысықтау мақсатында 45 кешенді оқу жаттығу (2014жыл–18, 2015 жыл–18, 2016 жыл–9), 1 236 объектілік жаттығу (2014 жыл- 443, 2015 жыл–355, 2016 жыл–438), 1 412 арнайы тактикалық оқу-жаттығулар (2014 жыл–345, 2015 жыл–367, 2016 жыл–466), 1 047 селге қарсы жаттығу (2014 жыл- 345, 2015 жыл- 367, 2016 жыл–335), 8 706 сейсмикалық жаттығу (2014жыл–2896, 2015 жыл–2 903,

2016 жыл-2 907), 4 580 апаттық жағдайлар бойынша жаттығу (2014 жыл-1 993, 2015 жыл-1993, 2016 жыл-594) өткізді.

Халықты және басшылық құрамды азаматтық қорғау саласындағы оқыту мен қалалық даярлау және біліктілігін арттыру курстарында - 4635 адам оқудан өтті (2014 жыл-1557, 2015 жыл-1658, 2016 жыл-1420). «Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы» ЖШС-да 95 адам оқудан өтті (2014 жыл-34, 2015 жыл-26, 2016 жыл-35).

«Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы» МКК базасында Алматы қаласы Білім басқармасымен бірлесе отырып 27 интерактивтік сабақ өткізіліп (2014 жыл- 9, 2015 жыл- 9, 2016 жыл-9), онда 183 500 оқушы қамтылды (2014 жыл-54 500, 2015 жыл-64 500, 2016 жыл-64 500).

2014-2016 жылдары су тасқындарына, селдерге, көшкіндерге, жер сілкіністеріне, өрттерге қарсы іс-қимыл инфрақұрылымның қамтылу деңгейі 49%-дан 52%-ға дейін өсті.

2016 жылы ТЖ алдын алу мен олардың салдарынан болатын шығындарды азайту үшін Департамент осы бағытта бірқатар жұмыс атқарды.

Осылайша, 2016 жылы Департамент қаланың төтенше жағдайларға дайындығы жөніндегі мәселені Алматы қаласының әкімдігі жанындағы ТЖ алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысына **18 рет** енгізіп, **30 мәселені** қарастырды. Алматы қаласы әкімінің шешімімен 2016 жылы авариялық-қайта қалпына келтіру жұмыстарына және ТЖ зардаптарын жоюға жергілікті атқарушы органның резервінен **4 млрд. 90 млн. 028 мың теңге** бөлінді.

Сел тасқыны бойынша ең осал учаскелердегі мәселелерді шешу үшін 2016 жылы қауіпті **4 бағыт бойынша** жергілікті бюджеттен Ақсай және Үлкен Алматы өзендерінің бассейндерінде екі селге тосқауыл бөгетін салуға, Кіші Алматы өзенінің бассейніндегі бұрыннан бар бөгеттердің біреуін қайта жаңғыртуға, сондай-ақ ГЭС-1-ҰАК автожолының қауіпті учаскелерінде темірбетонді қорғаныс қабырлағаларын орнату және құзды қиябеткейлерді тастардың құлауынан қорғау үшін тормен нығатуға ЖСҚ әзірлеу үшін қаражат бөлініп, игерілді. Әкімдік Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің бассейндеріндегі №13 бис және №6 көлдерінің маңдайшасын бөлшектеуге қосымша ақша қаражатын бөлді.

Алматы қаласының таулы және тау бөктеріндегі аумақтарына мониторингті сел- және көшкін қаупі бар өзендердің бассейндерінде орналасқан **тоғыз** тұрақты және селге қауіпті кезеңде **тоғыз** маусымдық гидрометеорологиялық бекет жүзеге асырады.

Көшкін, су тасқыны қаупін және жоғары таулы морендік көлдер мен мұздықтардың, сел оймалары мен ошақтарының жағдайын жалпылама анықтау үшін қала Әкімдігімен және «Қазселденқорғау» АҚПБ бірлесе отырып, **8** ұшып тексеру жүргізілді.

Қабылданған шаралар мен жаңалықтар №6, 13-бис көлдерінің қазаншұңқырындағы судың көлемін өткен жылдарға қарағанда бірнеше есеге азайтуға мүмкіндік берді, ал №4 көлдегі су толығымен сорып алынды.

Сонымен қатар 2016 жылы жергілікті бюджеттен Алматы қаласының құтқару қызметіне 10 тереңдік сорғы сатып алынды, бұл 2017 жылы алдын алу іс-шараларын жүргізу тиімділігін бірнеше есеге артуға мүмкіндік береді.

Департамент «Қазселденқорғау» АҚПБ, «GranitTechnology» ЖШС және «Алатау» СЭЗ ПИТ бірлесе отырып, №13-бис көлінде мониторингтің автоматтандырылған жүйесінің пилоттық жобасын енгізді, оның шеңберінде автоматтандырылған режимде 10 параметрді өлшеуді жүргізуге мүмкіндік беретін мониторингілеу жүйесінің дербес станциясы орнатылды.

Осылайша, алынған деректерді жинақтау, өңдеу және сақтау әрі қарай төтенше жағдайларды болжауға және көлдердегі су деңгейін қауіпсіз деңгейге дейін төмендету жөнінде тиісті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының таулы және тау бөктеріндегі аудандарында сел қаупін мониторингілеу қолмен жүргізіледі. Осыған байланысты, автоматтандырылған жүйелерді енгізуге бағытталған әлемдік тәжірибені және техникалық прогресті ескере отырып, Сел қаупін мониторингілеудің автоматтандырылған жүйесін ұйымдастыру және оның жұмыс істеу әдістемесін жасау бойынша ғылыми мекемелердің әлеуетін пайдалануға шешім қабылданған болатын.

Алматы өңірінде **99** көшкін қауіпті учаске бар, оның ішінде Үлкен Алматы, Кіші Алматы және Ақсай шатқалдарында орналасқан **18** көшкін қауіпті учаске қала тұрғындары мен туристерге қауіп төндіруі мүмкін. Қар көшкіні жағдайына тұрақты мониторингті Қазгидрометтің екі маусымдық қар көшу бекеті жүзеге асырады.

Департамент Сейсмология институтының Алматы қаласының аумағындағы барлық ғимараттар мен имараттарды сейсмикалық тұрақтылығы тұрғысынан паспорттау жөніндегі ұсынысын енгізді. Осы кешенді Бағдарламаның нәтижесі ең осал жерлерге көңіл бөле отырып, тозығы жеткен тұрғын үйлерді сейсмикалық күшейту және бұзу бағдарламаларына түзетулерді жүзеге асыруға мүмкіндік бере отырып, осы жұмыстың тиімділігін арттырады, ықтимал ірі жер сілкіністері кезінде қираулардың саны мен зардаптарын азайтады.

2016 жылы Әкімдік бөлген ақша қаражатына қаланың ең осал учаскелерінде **77** сөзбен дабыл беру құрылғысы орнатылды. Сонымен қатар олардың саны қолданыстағы дабыл жүйелерімен бірге **321** бірлікке жетті.

Қаладағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі ерекше бақылауға алынған. 2016 жылы шаруашылық жүргізу субъектілеріне **3012** өрт-техникалық тексеру жүргізілді (2015 жыл – 1145 +2,6 есеге). Өрт-техникалық тексерулердің нәтижесі бойынша **12 088** өртке қарсы

іс-шараларды орындау ұсынылды, әкімшілік жауапкершілікке **1 558** тұлға тартылды. Салынған ақшалай айыппұлдың жалпы сомасы **54 млн. 642 мың 628 теңгені** құрды.

Өрт қауіпті кезең басталғаннан бастап патрульдеу барысында **7000**-нан астам хабарлама таратылды, от жағуға арналмаған жерлерде **700**-ден астам бұзушылыққа жол берілмеді. Жергілікті полиция қызметі ӨҚЕ бұзғаны үшін сомасы **81** жеке тұлғаны **1 млн. теңгеден астам сомаға** әкімшілік жауапкершілікке тартты. Қала аумағына іргелес орманды-таулы жерлерде және орманды-саябақ аймақтарында өрттердің болмауын аталған жұмыстың нәтижесі деп есептеуге болады.

2016-2017 жылдардағы жылыту маусымында адамдардың өлімі мен жарақат алуын төмендету мақсатында ТЖД жеке құрамы 163 мың 337 жеке тұрғын үйді аралап тексеруді жүзеге асырды, сонымен қатар өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтау туралы жадынамаларды тарата отырып, 21 974 жеке тұрғын үйге қайта тексеру жүргізді, 10 мыңнан астам адам қамтылған **469** жиын өткізілді.

Өткізілген іс-шаралардың нәтижесі ретінде өрттің туындауынсыз улы газбен уланғандар санының 2,2 есеге (2016 жыл – 28, 2015 жыл – 63) азайғандығын және тиісінше зардап шеккендер санының 2 есеге (2016 жыл – 70 адам, 2015жыл – 151 адам) азайғандығын атап өтуге болады.

2.1.3.1. кесте. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп көрсеткіштері

Атауы/ жылдар	Өлш. бірл.	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл
Көшеде жасалған қылмыстардың үлес салмағы	%	29,4	26,1	31,0
ЖКА-нан қаза тапқандар санының 100 жапа шеккендерге шаққанда төмендеу	бірл	3,0	2,4	2,4
Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың үлес салмағы	%	2,1	1,5	1,2
Бұрын қылмыс жасаған адамдардың қылмысты қайта жасаудағы үлес салмағы	%	8,4	14,7	13,9
Қоғамдық орындарда темекі мен қорқорды шегуге заңнамалық түрде тыйым салуды орындау	%	-	-	92,5
Төтенше жағдайларға төтеп беру инфрақұрылымдарының жабдықталу деңгейі	%	49	51	52

Дереккөз: Алматы қаласы Ішкі істер департаментінің; Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің деректері;

2.1.3.2. кесте. SWOT-талдау SWOT-талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құқық бұзушылықтың әрекетті алдын алуды болжайтын криминалдық үдеріске қарсы әрекеттің тиімді жүйесі және жасалған қылмыс пен құқық бұзушылық үшін бұлтартпайтын жауапкершілікті қамтамасыз ету; - Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесін дамыту және жетілдіру. . 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қоғамдық орындарда және көшелерде криминогендік жағдайдың болуы - аса ауыр қылмыстар; - бүгінде бас бостандығынан айрылу орындарынан босаған тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту жүйесі толық нәтижелерге жетпей отыр; - жасөспірімдер қылмыстарының криминалдық әлеуеті маңызды болып қалып отыр; - болып жатқан көші-қон процестері - жол-көлік оқиғалары; - қысқа мерзімде жер сілкінісін болжау; - Алматы қаласын төтенше жағдайлардан қорғау жүйесі жаңғыртуды мен жетілдіруді талап етеді;
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қала көрінісінің төртінші элементіне сәйкес – «Алматы-қауіпсіз қала», Алматы адамдары өздерін еуропа қалаларындағыдай қауіпсіз сезінетін қала болуы тиіс; - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың тиімді жүйесі және өңірдің экономикалық әлеуетін қорғау. 	<p>Қауіп-қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - азаматтардың өмірі, денсаулығы, еркіндігі және конституциялық құқығы, меншігі, қоғам мен мемлекет мүддесінің қылмыстан және өзге де құқыққа қайшы қол сұғушылықтан сенімді қорғаумен қамтамасыз етілмеуі. - Алматы қаласының және Алматы агломерациясының елді мекендерінің тау етегіндегі жоғары сейсмикалық белсенді аймақта орналасуы табиғи апаттар қаупінің болуын ескертеді: жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, дауыл және өзге де табиғи апаттар; - ПБ-нан білікті кадрлардың кетуі .

Мәселелер:

- қоғамдық орындардағы қылмыстық жағдайлар;
- қаладағы автокөлік санының өсуі (жылына орта есеппен 1,8% - 2,0%);
- өңірлік үлкен көші-қон ағысының мониторингі;
- қала жолдарының және тұрғын үй аудандарының жарықпен қамтамасыз етілуін арттыру;
- жол-көлік оқиғаларының ауыр салдарлар қысқарту;
- Ішкі істер департаментінің жол-патрульдік полициясының және метрополитендегі ПБ полиция Полктерін ресурстық қамтамасыз етуді арттыру;
- қаланы сейсмикалық шағын аудандарға бөлу картасының ескіруі себебінен қала аумағының сейсмикалық сипаттамасы, тектоникалық жарылу орны мен енін анықтау мәселесі шешілмей отыр;

- көктемгі жаңбыр жауу кезінде қала аумағында су басудың пайда болуы;
- қолданыстағы Алматы қаласын селден қорғау жүйесі қауіп деңгейіне сәйкес келмейді жаңғыртуды және жетілдіруді қажет етеді;
- өрт сөндіру деполарының қанағаттанарлықсыз техникалық жағдайы;
- өрттерге және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге жедел ден қою үшін өрт техникасымен жабдықтау деңгейінің төмендігі;
- өрт сөндіру деполарының жетіспеушілігі.

2.1.4. Инфрақұрылым

2.1.4.1. Байланыс және коммуникациялар

2014-2016 жылдар аралығындағы байланыс және коммуникация нарығының пайда көлемі азайып 2016 жылы 413 000 млн. теңгені құраған. 2016 жылғы байланыс қызметтерінің нақты көлемінің индексі 103,6% құраған.

2.1.4.1.1. кесте. Байланыс қызметтері нарығы көлемінің даму серпіні

Атауы/жылдар	Өлшем. бірл.	2014	2015	2016
Пошталық және курьерлік қызметтердің көлемі	млн. теңге	16 632,1	14 220,1	16 117,8
Байланыс қызметінің кірістері	млн. теңге	394 614,7	400 368	413 000
Оның ішінде:				
Қалааралық, халықаралық телефон байланысынан	млн. теңге	23 193,4	17 940,8	18 503,1
Жергілікті телефон байланысы қызметінен	млн. теңге	8 502,4	7 997,1	7 476,7
Телерадиобағдарламаларды беруден	млн. теңге	9 595,3	9 299,2	12 206,4
Интернет желісіне қосылудан	млн. теңге	92 286,5	108 343,3	116 037,4
Кабельдік инфрақұрылым бағдарламаларын тарату жөніндегі қызметтер, Сымсыз желілер бойынша және спутник арқылы	млн. теңге	7 644,7	9 538,1	9 307,4
Ұялы байланыстан	млн. теңге	183 548,2	161 620,5	161 628,4
Байланыстың өзге де қызметтерінен	млн. теңге	69 844,0	85 628,8	81 841,4
Байланыс қызметтерінің нақты көлем индексі, алдыңғы жылға %-бен	%	111,9	101,7	103,6

Дереккөз: Алматы қаласының байланыс кәсіпорындарының негізгі көрсеткіштері, 12-серия

2016 жылғы жағдай бойынша байланыс және коммуникация нарығының негізгі құрамдас бөліктері:

- Ұялы байланыс – 40,6%
- Ғаламтор-қызметтер – 28,1%
- Телефон байланысы – 4,5%
- Басқа да қызметтер (пошта байланыстарын қоса алғанда) – 23,7%

Төменде әрбір негізгі бағыт бойынша ағымдағы жағдайдың сипаттамасы ұсынылған:

Ұялы байланыс

2014 – 2016 жылдар аралығындағы кезеңде ұялы байланыс нарығын пайдаланушылардың саны мен кірісінің 183 548,2 млн.теңгеден 161 628,4 млн.теңгеге дейін едәуір төмендеуі байқалды. Бұл ірі (32%) ұялы оператордың («Билайн») Астанаға көшірілуімен байланысты болды.

Сонымен қатар, Алматы қаласындағы ұялы байланыстың таралу деңгейі Қазақстан бойынша орташа статистикалық көрсеткіштерден жоғары екенін атап өткен жоқ.

Алматы қаласының байланыс нарығындағы негізгі қызметтерді жеткізушілер: «Алтел 4G» (59%¹), «Кселл» (21%²), «Билайн» (13%) және «Теле 2» (5%) компаниялары болып табылады. Бұл желілердің республикалық үлестердің таралуынан біршама өзгеше болып келеді, мұнда 2015 жылы абоненттердің ең жоғары үлесі «Кселл» желісіне тиесілі болды.

Қалыптасқан құрылым және даму қарқынында нарық аздаған ойыншылармен бақыланады және аумақтық қамту, ұялы байланыс сапасын арттыру және тарифтік саясат мәселелерін шешу үшін әкімдіктің қатысуын қажет етпейді.

Интернет

2014-2016 жылдар аралығындағы кезеңде ғаламтор-провайдерлерінің кірісі 92 286,5 млн. теңгеден 116 037,4 млн. теңгеге дейін артты. Кірістердің артуының негізгі себептері ғаламтор-пайдаланушылар санының 2 есеге көбеюі болып табылады.

Кіріс пен пайдаланушылар санының орташа жылдық өсу ырғағы (CAGR) сәйкесінше 16% және 27% құрады. Нәтижесінде қала тұрғындары арасында ғаламтордың таралу деңгейі 22 пайыздық тармаққа шамамен 2 есеге жоғарылады және 46,7% құрады.

Алматы қаласындағы ғаламтор-байланыстың орташа жылдамдығы 2014 жылы 19 Мбит/сек құраған, бұл Қазақстан қалаларының ішінде 14-ші көрсеткіш болып табылады және республикадағы орташа көрсеткіштен сәл жоғары (18,8 Мбит/сек). Тұтас алғанда Қазақстан дүниежүзінде ғаламтор-байланыс жылдамдығы³ бойынша 56 орынды иеленеді. Ғаламтор жылдамдығы КЖЖ⁴ арналарының таралуы есебінен қамтамасыз етіледі, олардың үлесіне барлық ғаламтор-қызметтерінің 99% сәйкес келеді.

¹«Қазақтелеком» АҚ 2014 жылғы жылдық есебі

²Үлес 2013 жылғы Informa WCIS мәліметтері бойынша тіркелген пайдаланушылар негізінде есептелген

³ Netindex (Ookla) мәліметтеріне сәйкес

⁴ Кең жолақты немесе жоғары жылдамдықты Интернетке кіру

Ғаламтор-қызметтер нарығында 20 ғаламтор-провайдерлері бар. Бұл ретте ұлттық «Қазақтелеком» компаниясы нарық көшбасшысы болып табылады және нарықты 70% иеленеді.

Таралудың салыстырмалы төмен деңгейі мен төмен жылдамдыққа қарамастан пайдаланушылар санының артуының ағымдағы жағдайы және қызметтер нарығында ірі ойыншының болуы нарықтың аталған сегментінің өз бетімен дамитындығын және әкімдік тарапынан араласуды қажет етпейтіндігін көрсетеді.

2.1.4.1.2. кесте. Интернет қызметтерінің ену деңгейі

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016
Тіркелген интернет абоненттерінің саны	мың теңге	745,9	726,6	861,7
100 тұрғынға шаққанда тіркелген Интернет абоненттерінің саны	бірлік	48	43	49

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің деректері

Тіркелген телефон байланысы

Қалааралық және халықаралық ұялы байланыс қызметінен түскен кірістер 2016 жылы 17 503,8 млн.теңгені құрады. 2014 жылмен салыстырғанда 4690,3 млн.теңгеге дейін азаюы байқалады (2014 жылы – 23 193,4 млн.теңге). Жергілікті телефон байланысы қызметінің кірісі 2016 жылы 7 476,7 млн.теңгені құрады. 2014 жылмен салыстырғанда 1 025,7 млн.теңгеге азайғаны байқалды (2014 жылы – 8 502,4 млн. теңге). Телефон байланысының сегментіндегі «Қазақтелеком» АҚ нарығының үлесі 92%-ды құрайды.

Кірістер өсімінің орта жылдық қарқыны (CAGR) мен пайдаланушылар саны тиісінше 12% және 4% құрады. Телефон байланысын пайдаланушылардың жалпы санының өсуі қала халқының өсу қарқынымен тепе-тең жүрді, бірақ қалаға жаңа аумақтардың қосылуы нәтижесінде халық арасындағы телефондандыру деңгейі төмендеді.

2.1.4.1.3. кесте. Телефон байланысы қызметтерін пайдаланушылардың саны

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016
Тіркелген телефон желілерінің саны	мың бірлік	734,6	706,5	699,5
олардың ішінде халық арасында	мың адам	463,9	437,6	423,0

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаменті, 2016 жыл.

* 2016 жылға арналған алдын-ала деректер.

Жалпы алғанда байланыс және телекоммуникация нарығы ірі коммерциялық компаниялардың (нарықтың негізгі үлесін иеленуші) үлкен ықпалында және оның әрі қарай дамуы көп жағдайда Алматы қаласы бойынша олардың даму стратегиясына байланысты болады.

Сандық сауаттылық – адамның күнделікті және кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білуі. Ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының деңгейін көтеру барлығы үшін ақпараттық қоғамның ашықтығын ұлғайтады.

Халықтың 6-15 жас аралығындағы балаларды сандық сауаттылық дағдыларына үйретуі білім беру мекемелерінде білім берудің тиісті деңгейінің жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес жүргізіледі.

16-74 жас аралығындағы халықтың компьютерлік (сандық) сауаттылығын ерте көтеру «Ақпараттық теңсіздікті төмендету» бағдарламасын іске асыру барысында жүргізілді. Бағдарлама шеңберінде барлығы 28115 адам оқытылды. 2012 жылдан бастап жергілікті бюджет есебінен компьютерлік сауаттылықты көтеру курстары өткізілуде. 2012 жылдан 2015 жылға дейін 81970 адам оқытылды. 2015 жылы 15000 адам оқытылды.

Халыққа базалық компьютерлік дағдыларды оқыту мақсатында білім басқармасы оқу бағдарламасын әзірледі, оқытушылар құрамы қамтамасыз етілуде, жалпы білім беру мектептерінде оқытуға арналған компьютерлік сыныптар ашылды. Оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін жыл сайын қаржы бөлінеді (оқулықтар таратылымы, оқытушылардың жалақысы, компьютерлік сауаттылықты үйренушілерге арналған куәлікті әзірлеу).

Орта мектептердің оқу сыныптарында тәжірибелік сабақтарды орындау арқылы базалық және негізгі оқу жоспарының үлгісінде оқыту семинарлары ұйымдастырылған. Семинарды өткеніне байланысты тыңдаушыларға куәлік беріледі.

2.1.4.1.4 кесте. SWOT-талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> – ақпараттық қоғамды дамыту. 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> – оқытушылардың кәсіби дайындығының, мектеп оқушылары мен студенттерді үйретуге арналған ақпараттардың төмен деңгейі.
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – өңір тұрғындарының ақпараттық технологияларды пайдалануға қызығу-шылық танытуы. 	<p>Қауіп-қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – халықтың электронды мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігінің жоқтығы.

Түйткілді мәселелер:

- компьютерлік сауаттылықты арттыруға арналған тегін курстарға қатысу төменділігі мен немқұрайдылығы.

2.1.4.2. Құрылыс

2014 жылдан 2016 жылға дейінгі кезеңде құрылыс нарығының көлемі ақшалай түрде 2014 жылы 269 079 млн. теңгеден 2016 жылы 290 269 млн.

теңгеге дейін өсіп, құрылыс жұмыстарының нақты көлемі индексінің орташа мәні 100,3% құрады.

2016 жылғы жағдай бойынша құрылыс жұмыстары келесі бағыттарды қамтыды: ғимараттар құрылысы және тұрғын емес ғимараттар құрылысы-60,3%, автожолдар және метро құрылысы-18,8%, электротехникалық, слесарьлық құрылыс монтаждау жұмыстары-15,2%.

2.1.4.2.1. кесте. Құрылыс жұмыстары нарығының дамуы

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016*
Құрылыс жұмыстарының көлемі	млн. теңге	269 079	278 875	290 269
Оның ішінде меншік нысандары бойынша:				
мемлекеттік	млн. теңге	876	403	523
жекеменшік	млн. теңге	238 423	264 572	278 153
шетелдік	млн. теңге	29 780	13 900	11 593
Құрылыс жұмыстарының нақты көлемінің индексі	%	112,1	101,8	100,3

Дереккөз: Статистикалық жылдық.

*2016 жылға арналған жедел деректер

2.1.4.2.2. кесте. Құрылыс жұмыстарының негізгі санаттары, 2016 жыл

Құрылыс жұмыстарының атауы	Сумма (млрд. теңге)	Доля (%)
Ғимараттар мен тұрғын емес ғимараттар құрылысы	175,0	60,3
Электротехникалық, слесарлық т.б. құрылыс-монтаждау жұмыстары	44,1	15,2
Метро және автожолдар құрылысы	54,6	18,8
Сумен жабдықтау, жылыту және ауаны баптау жүйелерін монтаждау	14,1	4,9
Басқа жұмыстар	2,5	0,9

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаменті

Тұрғын үй құрылысы

Тұрғын үй құрылысының сегменті ғимараттар құрылысының барынша ірі құрамдас бөлігі болып табылады.

Қолда бар мәліметтер тұрғын үй қорының жыл сайын 2014 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі аралықта 40%-ға өскенін көрсетеді (41 193,2 мың ш. м-ден 43 838,3 мың ш. м-ге). Бұл 2016 жылы мүлікті жекешелендіру есебінен тұрғын үй ғимараттарын пайдалануға берумен түсіндіріледі.

2.1.4.2.3. кесте. Тұрғын үй қорының даму қарқыны

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016*
--------------	------------	------	------	-------

Тұрғын үй қоры	мың ш. м	41 193,2	42 001,7	43 191,5
оның ішінде:				
мемлекеттік кәсіпорындар	мың ш. м	796,1	790,2	819,2
мемлекеттік емес кәсіпорындар	мың ш. м	40 397,1	41 211,5	43 373,3
олардың ішінде пайдалануға берілгендері	мың ш. м	1 330,8	1 373,7	1 862,9

Алдағы деректер

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаменті

2016 жылы пайдалануға берілген жаңа ғимараттардың жалпы ауданы 2 409,8 мың ш.м. құрады.

2016 жылы пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы 2015 жылмен салыстырғанда 35,6%-ға өсіп, 1 862,9 мың ш.м. құрады. 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 3,2%-ға өсіп, 1 373,7 мың ш.м. құрады.

2016 жылы тұрғын үй құрылысына 168 382,5 млн. теңге инвестиция салынды. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 11,6%-ға көп.

Құрылыс салушылар жеке меншік нысанындағы 1 655,2 мың ш.м. немесе 88,9% пайдалануға берді, оның ішінде 45,5% құрайтын 848,3 мың ш.м. халыққа берілді.

Құрылыс салушылар мемлекеттік меншік нысанындағы жалпы алаңы 95,4 мың ш.м. немесе 5,2% болатын тұрғын ғимараттарын пайдалануға берді.

Пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңының ұлғаюы Бостандық (2,2 есеге), Түрксіб (2,7 %-ға), Жетісу (81,7%-ға) және Медеу (81,3%-ға) аудандарында байқалады.

2016 жылы білім беру және денсаулық сақтау саласында мыналар пайдалануға берілді:

1 500 оқушыға арналған 1 жалпы білім беретін мектеп, ауысымына 600 келушіге арналған 2 амбулаториялық-емханалық мекеме және 480 орынға арналған 4 мектепке дейінгі мекеме.

Құрылыс салушылардың тұрғын үй құрылысына үлкен қызығушылық танытуы осы кезеңде тұрғын үй құнының түсуіне, жалақының орташа жылдық өсу қарқынының (5%) жоғары болуына байланысты тұрғын үй сатып алу мүмкіндігінің (2%) жоғарылауымен түсіндіріледі.

2.1.4.2.4. кесте. Орташа жалақы және тұрғын үй құны

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016
Жаңа тұрғын үйдің құны	мың теңге/ш. м	292,6	306,6	304,5
Орташа жалақы	мың теңге/ай.	155,2	161,8	178,7

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаменті

2016 жылы 19 тұрғын үй немесе ғимараттың жалпы алаңы 80,6 мың ш.м² құрайтын 1 022 пәтерді (пәтерлералаңы 59,8 мың ш.м²) пайдалануға беру жоспарланды, оның ішінде 2016 жылдың 30 желтоқсанында жалпы алаңы 86,8 мың м² болатын 19 үйді (пәтерлер алаңы 62,0 мың м²) пайдалануға (1 046 пәтер) беру қамтамасыз етілді.

▪ «ЖАО кезекте тұрғандарға арналған жалдамалы баспана» бағыты шеңберінде -жалпы алаңы 9,2 мың м² құрайтын 112 пәтер немесе 3 үй (пәтерлер алаңы 6,3 мың м²);

▪ «Жас отбасыларға арналған жалдамалы баспана» бағыты бойынша - жалпы алаңы 6,4 мың м² құрайтын 76 пәтер немесе 2 үй (пәтерлер алаңы 4,2 мың м²);

▪ «Халықтың барлық санаттарына арналған тұрғын үй» бағыты бойынша - жалпы алаңы 69,1 мың м² құрайтын 834 пәтер немесе 13 үй (пәтерлер алаңы 49,9 мың м²);

▪ «Облигациялық қарыз есебінен қалалық тұрғын үй» бағыты шеңберінде - жалпы алаңы 2,1 мың м² құрайтын 24 пәтер немесе 1 үй (пәтерлер алаңы 1,6 мың м²).

2015 жылмен салыстырғанда (үйлердің саны бойынша) 77,6%, жалпы алаңы бойынша 70,7%, пәтерлер саны бойынша 68,4% төмендеу бар. Салыстыру үшін: 2015 жылы – 85 үй, 296,3 мың м², 3312 пәтер.

Халықтың баспанамен қамтамасыз етілу деңгейі 2014 жылдан 2016 жылға дейін бір адамға 27,6-дан 27,6 ш. метрге дейін ұлғайды.

Қалада баспана алу үшін есепте тұрған 27 мың отбасын баспанамен қамтамасыз ету үшін қосымша тұрғын үй салу қажеттілігі сақталып отыр.

2.1.4.2.5. кесте. Халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016
Тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі	ш. м/адам	26,7	27,0	27,6

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаменті

Күрделі жөндеу

2011 жылдан бастап қалада тұрғын үй құрылысының жалпы санының 20% құрайтын көппәтерлі үйлерді жаңғырту бойынша «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жж. арналған тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту» бағдарламасы іске асырылуда. Жаңғырту бойынша аталған жобалар республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады.

2014 жылы республикалық бюджеттен бөлінген 775,5 млн.теңгеге 127 тұрғын үйге жөндеу жұмыстары жасалды. (қасбеттерін, шатырларын, кіреберістерін, инженерлік желілерін жөндеу, блокты жылыту пункттерін орнату, жеделсаты ауыстыру).

2015 жылы қаржы құралы бөлінген жоқ.

2016 жылы 24 көп пәтерлі үйде 207,2 млн.теңге сомаға 47 жеделсаты ауыстырылды.

Жиынтығында 904,1 млн.теңге жалпы сомаға 151 тұрғын үй жөнделді.

Қайтарылған сомаға мыналар жөнделді:

2014 жылы – 33,6 млн.теңгеге 7 үйге қосымша жұмыстар;

2015 жылы – 58,5 млн.теңгеге 5 үйге;

2016 жылы – 128,6 млн.теңгеге 34 үйге.

Сонымен 220,7 млн.теңге жалпы сомаға 46 үй жөнделді.

Жылдың соңындағы жағдай бойынша қолда бар қаражаттың қалдығы 0,8 млн теңге.

2014 жылдан бері тұрғын үйді күтіп-ұстау Ережесін сақтау үшін, 173 ұйғарымның бұзылуын жоюға берілген нәтижесі бойынша, кондоминиум объектісіне (ПИК, ПИКП және т.б.) басқарма органдарының тексеруімен 208-ден астам іс-шара жүргізілді.

Атқарылған жұмыстар нәтижесінде, күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектісінің үлесі едәуір артты.

Кесте 2.1.4.2.6. Күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектісі

Атауы/жылдар	Өлшем бірлігі	2014	2015	2016
Күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектісінің үлесінің төмендеуі	%	55	54,9	53,7
Нормативті эксплуатациямен қамтамасыз етілген кондоминиум объектісінің үлесі	%	45,6	45,1	44,7

Дереккөз: Алматы қаласы Тұрғын үй және тұрғын үй басқармасының мәліметтері.

Мамандардың алдын ала тұжырымы бойынша, кейіннен салынған сейсмикаға төзімді ірі панельден құрастырылған үйлер негізінен қанағаттанарлық немесе жақсы жағдайда.

Таяу жылдары ескі үйлерді бұзу немесе ескі үйлерді жаңа тұрғын үй құрылысына ауыстыру бағдарламасын іске асыру қажет. Тұрғын үй қорының белгілі бір бөлігінің ескі және авариялық жағдайға жататын жалпы алаңы 1,2 млн. кв.м., саны 1 800 тұрғын үйді құрайтын жағдайы әлеуметтік маңызды проблема болып саналады. Үйлердің бұл санатының негізін төменгі нормативті қызмет мерзімі (жеке, қаңқалы-қамысты, қаңқалы-төсемелі және ағаш) құрайды.

Студенттік жатақханалар

2014-2016 жылдар жағдай бойынша Алматы аумағында 138 мыңға жуық студент білім алған 38 жоғары оқу орны жұмыс істеді. Студенттердің жартысынан көбі басқа өңірлерден келгендіктен баспанаға мұқтаж келеді.

Бұл жағдайда, қалада басқа қалалардан келген студенттердің 35-40% құрайтын 31 мыңға жуық студентті орналастыруға мүмкіндігі бар 93 жатақхана жұмыс істейді. Осылайша, жоғары оқу орындары мен әкімдіктердің алдында баспанаға мұқтаж студенттерді орналастыру мәселесін шешу қажеттігі тұр.

Кедергісіз орта

Аталған бағыт бойынша 2015 жылы кейін мүгедектерге қолжетімді құралдармен қамтамасыз ету үшін әлеуметтік нысандардың төлқұжатын жасауға байланысты белсенді жұмыс жүргізіле басталды. Мүгедектерге қолжетімді болу үшін жасалған әлеуметтік инфрақұрылымдар нысанының үлесі бүгінгі таңда 5,7% құрайды.

Қалада мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған кедергісіз орта құрудың алғашқы қадамдары жасалуда. Қажетті талаптарға сәйкес жүргізу үшін, олар мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік қорғау нысандарын төлқұжаттандыруды жүзеге асырып, қаланың барлық аудандарында жұмыс комиссиялары құрылған. Құжаттандыру қорытындысы бойынша мүмкіндігі шектеулі азаматтарға құралдардың қолжетімділігі үшін затқа бейімделу жұмыстары жүргізілуде. Мүгедектерге қолжетімді ортаны сақтау үшін ғимаратты және құрылысты кезеңді түгендеу (төлқұжаттандыру) жүргізу жоспарына сәйкес, 2013 жылдан бастап, 5 жыл ішінде 3000 нысанды төлқұжаттандыру жоспарланған. 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін 2380 нысан төлқұжаттандырудан өтті, әлеуметтік және көлік инфрақұрылым 654 нысанына бейімделу жұмыстары жүргізілді.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қолжетімді болуы үшін, әлеуметтік, көлік инфрақұрылым нысандарының қоғамдық мониторингін жүргізетін жұмыс тобы құрылды. Мониторинг жүргізу барысында, әртүрлі саладағы қызмет нысандары қарастырылды, атап айтқанда: денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру және спорт, мәдениет және ойын-сауық, мемлекеттік нысандары және т.б.

Осыған байланысты жеткіліксіз жұмысты жою үшін кәсіпорындарға ұсыныстар жіберілді.

Тұрғын үй құрылысы кезіндегі түйткілді мәселелер

Құрылыс саласындағы түйткілді мәселелерді мониторингілеу және талдау Мемлекеттік, үкіметтік және салалық бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жобалау және құрылыс жұмыстарының сапасы төмен екендігін көрсетеді.

Сапасы төмен жұмыстардың негізгі себептері болып келесілер табылады:

- сертификатталмаған құрылыс өнімдерін пайдалану;
- жұмыс кезінде жобалау технологиясынан қалып қалу;

- техникалық бақылаудың заманауи құралдарының болмауы;
- ИТЖ тарапынан бақылаудың болмауы және т.б.

Сонымен қатар, сейсмикалық белсенді аудандардағы сапасыз құрылыс тұрғын үйлердің құлауына әкелуі мүмкін.

Бұдан басқа, нысандарды өткізу мерзімінен қалуы немесе құрылыстың тоқтап қалуы байқалады. Оның себептері мынадай: құрылысты жеткіліксіз немесе кеш қаржыландыру, осының салдарынан жұмыс өндірісі кестесінен артта қалу және жұмысты аяқтау мерзімінің бірнеше рет ұзартылуы туындап отыр; Алматы қаласы Қаржылық бақылау инспекциясының құрылысқа жарияланған мемлекеттік сатып алуды іске асыру бойынша конкурстық рәсімдерінің қорытындысынан бас тартуы, бұл нысандарды уақтылы пайдалануға беруді тоқтату және құрылыс жұмыстарын белгісіз мерзімге қалдыру қаупін тудырады; нысанды пайдалануға беру мерзімінен артта қалу мемлекеттік комиссия актісін алуға әсер етеді, мұнда нысанды пайдалануға беру актісін келісуге қатысатын әрбір комиссия мүшесі нысанға және техникалық құжаттамаларға ұзақ мерзімді тексеру жүргізеді; қыс кезінде сумен жабдықтау және кәріз желілерін жүргізу бойынша жұмыстарды жүргізуге мүмкіндіктің болмауы; ағымдағы жылы "ҚиК" АҚ тұрғын үй құрылысына кіріспегендіктен, үйлерге инфрақұрылым жүргізуді қамтамасыз ету мүмкін болмай отыр (газбен жабдықтау желілері, телефон, электрмен жабдықтау ғимараттардың қасбеттері бойынша жүргізіледі).

Сондай-ақ, нысандар құрылысының тоқтауы Шарт бойынша қабылданған міндеттерін орындамаған құрылыс ұйымдарының кінәсінен болып отыр.

Кесте 2.1.4.2.8. SWOT-талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қолжетімді тұрғын үй және әлеуметтік, мәдени және тұрмыстық мақсаттағы нысандар құрылысын ынталандыру, құрылыс индустриясының қолданыстағы және жаңа салаларын дамытуға ықпал ету. 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құрылысқа арналған бос алаңдардың жетіспеушілігі; - күрделі жөндеуді және ескі тұрғын үйлерді сүрлеуді талап ететін тұрғын үй үлесінің жоғары болуы.
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құрылыс саласындағы жұмысшылардың біліктілігін арттыру, құрылыс өндірісінің жоғары сапасына қол жеткізу, құрылыс индустриясы саласындағы отандық тауар өндірушілерді қолдау. 	<p>Қауіп-қатер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Талап етілетін сейсмикалық сенімдік деңгейін сақтамау.

Түйіткілді мәселелер:

- тұрғын үй қорын күрделі жөндеу міндеттерін шешу үшін бөлінетін қаражаттардың жетіспеушілігі;

- тұрғын үймен қамтылудың төменгі деңгейі;
- тұрғын үй құрылысына арналған бос жер учаскелерінің шектеулі саны;
- пәтер иелерінің ақша қаражаттарын пайдалану бойынша ПИК қызметінің айқындылығын көтеруді талап ететін заңнамалық нормалардың болмауы;
- студенттік жатақханалар санының жеткіліксіздігі;
- тұрғын үй қорының нысандары бойынша техникалық паспорттың болу деңгейінің төмендігі;
- мүгедектердің қолжетімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік инфрақұрылым нысандары үлесінің аз болуы.

2.1.4.3. Жолдар мен көлік

Көлік саны мен жолаушылар легі

2014 және 2016 жылдар аралығы кезеңінде Алматы қаласында жолаушыларды тасымалдаудың айтарлықтай өсуі байқалды.

Есепті кезеңде жалпы жолаушыларды тасымалдау 2014 жылы 34,8-ден 2015 жылы 36,2-ден, ал 2016 жылы 37,7 млрд.жол-км дейін 11,7% өсті.

2.1.4.3.1 кесте. Көлік түрлері бойынша жолаушылар тасымалы мен жолаушылар айналымы

Атауы	2014	2015	2016
млн. адам			
Барлық көлік түрлері	4 808,6	4 988,2	5 167,8
Оның ішінде:			
Автобуспен	3 745,2	3 915,5	4 107,6
Әуедегі жүк көлігімен	3,8	4,3	4,8
Таксимен	1 033,5	1 035,2	1 036,9
Қалалық электрлі	26,1	32,9	18,5
млн. жкм			
Барлық көлік түрлері	34 839,7	36 271,6	37 703,5
Оның ішінде:			
Автобуспен	20 933,3	21 743,0	22 552,7
Әуедегі жүк көлігімен	7 571,8	8 374,4	9 177,0
Таксимен	6 193,2	5 929,7	5 666,2
Қалалық электрлі	141,4	224,5	307,6

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаменті, Алматы қаласы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы

Жеке көлікпен жолаушылар айналымы ұлғаюының негізгі себебі өзге қаладан және облыстан жұмыс пен оқуға келетін тұрғындардың жыл сайынғы өсуі болып табылады.

2.1.4.3.1 сурет. Жолдардағы көлік тығыздығының талдауы

Жолдардағы көлік тығыздығы,
бірлік 1 км жолға




Дереккөз: Алматы қаласы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметтері

Жолдардағы көлік тығыздығының ұлғаюы қала халқының өсуімен бір мезгілде жүрді. Сондықтан Алматы халқының көлікпен қамтамасыз етілу деңгейі 2014-2016 жылдар кезеңінде сәл алға шықты және 1000 тұрғынға шамамен 370 автокөлікті құрады.

Қозғалыстың орташа жылдамдығы

Көлік жүйесінің тиімді қызмет етуінің түйінді индикаторларының бірі кептеліс кезіндегі қозғалыстың орташа жылдамдығы болып табылады. СМЭУ деректеріне сәйкес Алматы қаласындағы қозғалыстың ағымдағы орташа жылдамдығы сағатына 22 км, қарбалас уақытта сағатына 18-19 км/сағ құрайды, бұл салыстырылып отырған қалалардан айтарлықтай төмен.

2.1.4.3.2 сурет. Қарбалас уақыттағы қозғалыстың орташа жылдамдығы, 2016 ж.



Дереккөз: «Алматы қаласындағы тұрақты көлік стратегиясы» БҰҰ даму бағдарламасы; Көлік холдингі; қалалардың статистикалық агенттіктері

Жұмыс тобының талдауына сәйкес көлік санының жылына 4% өсуінен (ағымдағы жол инфрақұрылымы құрылысының қарқыны кезінде) келесі 5-7 жылда қозғалыстың орташа жылдамдығының 20% төмендеуі күтіледі. Көрсетілген алғышарттарды ескере отырып, 2020 жылға қарай қозғалыс жылдамдығы сағатына 15 км дейін төмендеуі мүмкін. Сондықтан қалаға көлік тығыздығын төмендетуге бағытталған шараларды қарастыру қажет.

Қоғамдық көлік

Соңғы жылдары қала қазірдің өзінде көрінетіндей нәтижеге ие көлік инфрақұрылымын дамытудың бірқатар жобаларын іске асырды. Төменде қоғамдық көлік саласындағы елеулі инвестициялық жобалар көрсетілді:

- Метрополитеннің бірінші желісінің іске қосу кешенінің 2-ші кезегінің құрылысын аяқтау;
- Сығымдалған газбен жұмыс жасайтын автобустардың саны 737;
- Заманауи және энерготімді троллейбустардың саны 175;
- Сығымдалған газбен жұмыс істейтін такси саны 400 дана;
- 3 коммуналдық автобус парктерінің құрылысы;
- Моторсыз көлік үшін инфрақұрылымды қайта жаңғырту және ішінара жаңғырту;
- Ақылы тұрақтар жүйесін енгізу.

Пандустармен жабдықталған қалалық көлік үлесі 45% құрайды, оның ішінде 737 автобус және 175 троллейбус. Бұдан басқа, қала бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін 8260 жол белгілері мен көрсеткіштері орнатылған. Метрополитен де мүгедектер үшін жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Қаладағы барлық тұрақтарда мүгедектер автомашиналары үшін орындар бар.

Алматы қаласының Абай даңғ., Фурманов, Достық даңғ, Алтынсарин даңғ., сияқты негізгі орталық көшелеріндегі аялдамалар мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін шамамен 150 бірлік пандустармен жабдықталған

Жоғарыда аталған жобаларды іске асыру, қоғамдық көлік қызметінің сапасын соның ішінде, инвестициялар салынған бағыттар бойынша жақсартуға мүмкіндік береді:

- Метрополитен құрылысы – жылына 68 млн. жолаушы.км;
- Сығымдалған газбен жұмыс істейтін автобустарды сатып алу - жылына 1 млрд. жолаушы.км;
- Заманауи және энерготімді троллейбустар сатып алу – жылына 190 млн. жолаушы.км;
- Сығымдалған газбен жұмыс істейтін таксилерді сатып алу – жылына 80 млн. жолаушы.км.

2.1.4.3.2 кесте. Қоғамдық көлік автопаркінің құрылымы

Атауы/жылдар	Өлш. бірл	2014	2015	2016
Қоғамдық көліктің саны	бірлік	2 101	1 848	1421
Оның ішінде:				
Автобустар	бірлік	1 855	1 609	1239
Троллейбустар	бірлік	212	215	175
Трамвайлар	бірлік	27	17	0
Метрополитен	бірлік	7	7	7

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаменті, Алматы қаласы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы

Қоғамдық көлік жобаларының инвестициялық тартымдылығы

Жеке инвесторлар үшін саланың тартымдылығын көтеру шараларының бірі жобалардың таза табысын қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғамдық көліктегі ағымдағы тарифтер салыстырылып отырған қалалардың деңгейіне қатысты төменгі деңгейде тұр және көп мәрте қолдануға болатын билеттерді ынталандыру тетіктерін көздемейді.

2.1.4.3.3 сурет. Қоғамдық көліктегі жол жүру тарифтері, 2016 ж.



Дереккөз: қалалардың статистикалық агенттіктері; қалалардың көлік басқармаларының сайттары, Алматы қаласы Статистика департаменті

Жоғарыда аталған салыстыруларға сүйене отырып, көлік шығынының үлесі Алматының үй шаруашылығындағы шығындардың жалпы құрылымында шамамен 5% құрайды, ал салыстырылып отырған қалалардың бұл көрсеткіші 9,8% өңірінде немесе Алматы қаласы бойынша көрсеткіштер 40% жоғары.

Субсидиялаудың болмауы және тарифтер деңгейінің төмендеуі жеке инвесторлар үшін қоғамдық көлік жобаларының инвестициялық тартымдылығын төмендетеді.

Билет беру жүйесі

2016 жылдың 11 қаңтарынан бастап, барлық қалалық бағыттарда «ОҢАЙ» электрондық билет беру жүйесіне толық көшу жүргізілді. Жолаушылардың

барлығы міндетті түрде жүрген жолдарын жүйеге «ОҢАЙ» картасы немесе жол жүру билеті арқылы тіркеуі қажет. Жоғарыда аталған құралдары немесе жол жүруге мүмкіндіктері болмаған жағдайда, азаматтар бір реттік жүруге арналған «ОҢАЙ» билетін сатып алуға болады.

Алматының қалалық бағыттарында бір жолғы билеттер беретін қосымша терминалдарды орналастыру жөніндегі жұмыстар аяқталды.

Жолаушылар билеттерін ұмытып кеткенде, толтырмаған кезде немесе басқа себептермен картаны немесе жол жүру билетін қолданбаған жағдайда, «ОҢАЙ» жолаушылар билеті қосымша енгізіледі.

Бір реттік билетте маршрут нөмірі, көліктің мемлекеттік нөмірі, күні мен уақыты және «ОҢАЙ» логотипі белгіленген болады.

Бір реттік билетті пайдалануды қалайтын жолаушылар жол ақысын көлік жүргізушісіне беруі тиіс және арнайы жүргізушінің жанында тұрған көлік құрылғысының көмегімен үлгіде көрсетілген билетті алады.

Көліктік модельдеу

Қаланың көлік жүйесін жақсарту бойынша іс-шараларды өткізуді бағалау және жолдардың тығыздылық деңгейін төмендету үшін көлік қозғалысына кешенді зерттеу өткізу қажет. Аталған бағалау көлікті модельдеу бағдарламасымен жүргізілуі қажет.

Тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету «Алматы қаласындағы тұрақты көлік стратегиясы» Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы шеңберінде есептік кезеңде қолға алынды және кейіннен Көлік холдингіне тапсырылды. Қазіргі уақытта «Алматы қаласының Көлік холдингі» ЖШС аталған жүйені күтіп-ұстаумен айналысады.

Агломерацияның көлік жүйесі

Алматы агломерациясы көлік жүйесінің негізгі түйткілді мәселесі қалалық және қала маңындағы жүрдек жолаушы көлігінің (LRT, BRT, қала шетіндегі электричкалар) үлкен тасымал қабілетіне ие заманауи жүйелерінің жоқтығы болып табылады. Қала маңындағы бағыттарда жолаушылар тасымалдаудың бар қажеттіліктерін қанағаттандыратын автомобиль көлігінің баламасы жоқ.

Велокөлік

Ірі қалаларда велосипед көлігін дамыту жол жүктемесін төмендету және көліктің тұрақты түрлерін дамыту бойынша танымал шара болып табылады. Велокөлікті дамыту үдерісінде маңызды фактор велосипед инфрақұрылымының болуы (веложолдар, велотұрақтар және велосипедті жалға беру жүйесі) болып табылады.

Веложолдардың жалпы ұзындығы 2016 жылы 42,45 км. құрайды, веложолдар Рысқұлов даңғ., Момышұлы, Ақын Сара к., Дархан ш.а. бастап

ҮАК жолының бойындағы магистральдық көшелерді ұзарту кезінде және Абай даңғылын күрделі жөндеу кезінде салынды.

Алматы қаласында 2011 жылдан 2016 жылға дейін 12 веложол салынды.

2.1.4.3.4 сурет. Веложолдардың жалпы ұзындығы және қамтылуы, 2015 ж.



Дереккөз: баспасөз шолуы, сарапшылармен сұхбат

Велосипед инфрақұрылымының басқа да маңызды құрамдас бөлігі велотұрақтардың болуы. Қаланың аумағында велотұрақтар әкімдік, бизнес құрылымдары және қоғамдық бірлестіктердің күшімен орнатылады.

2015 жылы қаланың аумағында жалпы сыйымдылығы 700-900 орын болатын шамамен 120 велотұрақ орналасты. Велотұрақтардың бұл саны велокөлікті дамытуды шектейді, өйткені қаланың көлемінде велокөлікті дамытудың ағымдағы жоспары кезінде жеткіліксіз болып табылады, бұл салыстырмалы түрде басқа қалалардағы велотұрақтармен қамту деңгейін қарау кезінде байқалады.

2.1.4.3.5 сурет. Велотұрақтардың саны және қамтылуы, 2015 ж.



Дереккөз: қалалар муниципалитеттерінің сайттары, сарапшылармен сұхбат

Велокөлікті дамытудағы үшінші фактор велосипедті жалға беру жүйесін дамыту болып саналады. Қалада біріккен велосипедті жалға беру жүйесіне қосылмаған жалға беру пункттері жұмыс істеуде. 2014 жылы қалада 30 велосипедке арналған велосипедті жалға берудің 2 стансасын орнату бойынша пилоттық жоба іске асырылды. Велокөлікті одан әрі насихаттау үшін қаланың

ішінде ауқымды тұйық желіні құруға мүмкіндік беретін, велосипедті жалға беру станциясының қажетті мөлшерін қалыптастыру қажет.

Велокөлікті дамыту үшін қабылданып жатқан шаралар жалпы жолаушылар ағынында велосипедтің қомақты үлесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2016 жылы «Almaty bike» автоматтандырылған велосипедті жалға беру жүйесі арқылы Алматы қаласында 50 велобекет орнатылды.

2.1.4.3.6 сурет. Жолаушылар ағынында велосипедтің үлесі, 2015 ж.



Дереккөз: баспасөз шолуы, муниципалитеттердің сайттары, сарапшылармен сұхбат

Тұрақтар

Алматы қаласының әкімдігі ақылы тұрақтарды (автотұрақтарды) ұйымдастыру бойынша бірыңғай саясатты қалыптастыру мақсатында ақылы автотұрақтар желісін құру, тұрақ бойынша қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көше-жол желілерінің өткізу қабілетін арттыру, Алматы қаласының аумағында қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендету бойынша жұмыстар жүргізуде.

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес Алматы қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 14 қарашадағы № 4/945 қаулысымен бекітілген Алматы қаласының ақылы автотұрақтарын ұйымдастыру қағидасы әзірленді.

Жер қатынастары басқармасы Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасымен бірге ақылы автотұрақтарды ұйымдастыру үшін жер учаскелерін белгілеген.

Қағидаға сәйкес ақылы коммуналдық автотұрақтарды (тұрақтарды) жабдықтау, абаттандыру және пайдалану бойынша тендер өткізіледі, тендер жеңімпазымен сенімгерлік басқару шарты жасалады. Шарттың талаптары бойынша пайдаланушы ұйым құрал-жабдыққа, автотұрақты абаттандыруға және пайдалануға жауап береді.

Алматы қаласының тұрақ инфрақұрылымын дамыту бойынша әзірленген Кешендік жоспарға сәйкес 2015 жылдың 1 қарашасынан бастап тротуар үлгісіндегі барлық автотұрақтарда ақы алуға тыйым салу енгізілген.

Пайдаланушы ұйымдармен бұрын (2013-2014 жылдары) жасалған шарттар шарт міндеттемелерін орындамауға және салық заңнамасын көптеген бұзушылықтарға байланысты бұзылды. Бұл тыйым сауда кешендерінің, ойын-сауық мекемелерінің, әуежайдың, вокзалдардың аумағында және жер учаскелерінде, басқа орналасқан жеке меншіктегі тұрақтарға қолданылмайды.

Алматы қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 4 мамырдағы №2/168 Алматы қаласының тротуар үлгісіндегі ақылы коммуналдық автотұрақтарын (тұрақтарды) жабдықтау, абаттандыру және пайдалануды ұйымдастыру туралы қаулысына сәйкес, «Алматы спецтехпаркинг сервис» ЖШС 2016 жылдың 21 маусымынан бастап Алматы қаласында тұрақ кеңістігінің бірыңғай автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша пилоттық жобаны іске қосты.

Аталған Жоба Алматы қаласын дамыту жоспарына сәйкес әзірленді. Тұрақтардың толық автоматтандырылған жүйесі ең жоғарғы әлемдік стандарттарға сәйкес келетін болады. Халықаралық тәжірибені егжей-тегжейлі зерттеуге негізделген жоба бірнеше кезеңдерді қарастырады. Бірінші кезеңде қаланың барынша кептелісі көп көшелер ақылы тұрақ аймақтарымен қамтылатын болады, осылайша 2016 жылдың 21 маусымынан бастап мына мекенжай бойынша: Алматы қаласы, Зенков көшесі (Мақатаев және Жібек Жолы көшелері арасындағы 64 тұрақ орны) орналасқан пилоттық жоба тестіленуде.

2.1.4.3.3 кесте. SWOT - талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - салыстырмалы түрде дамыған көлік инфрақұрылымы. 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қоғамдық көлік қызметтерінің төменгі сапасы (бағыттардың жүйесіздігі, жылжымалы құрам мен жүргізушілердің жетіспеуі, сондай-ақ Жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерін бұзу); - көлік кептелістері және қалаға сырттан кіретін көлік санының көптігі.
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қалаға кіретін негізгі бағыттарда автовокзалдар мен автостанциялар салу; - бағыттар карта/сызбаларын орнату, дәл сол уақыт режиміндегі қоғамдық көліктің кестесі бар электрондық ақпараттық табло, бейнебақылау камераларын орнату. 	<p>Қауіп-қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Алматы қаласында ластаушы заттардың, шекті жол берілетін нормасының айтарлықтай өсуі; - көлік санының артуы.

Түйткілді мәселелер:

- тұрақ кеңістігін ұйымдастырудың пысықталмаған нормативтік құқықтық базасы.

Автожолдар

Ұзындығы және қамтылуы

Қаланың жол қоры толығымен муниципалитеттің меншігінде. 2014 жылдан бастап 2016 жыл аралығында жол қоры орташа есеппен жылына 0,3%-ға өсті және 1%-ға артты (жаңадан қосылған аумақтарды есептемегенде ¹⁾).

2.1.4.3.2 кесте Алматы қаласының жол қорының ұзындығы

Атауы/ жылдар	Өлшем бірлігі	2014	2015	2016
Автожолдардың ұзындығы	км	2299	2 299	3 015
Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автомобиль жолдарының үлесі	%	43	65	60

Дерек көзі: Алматы қаласы Статистика департаменті

Автожолдардың ұзындығын арттыру бойынша ағымдағы шараларға қарамастан, Алматы автожолдармен қамту деңгейі және қала аумағындағы автожолдардың тығыздығы бойынша салыстырып отырған қалалардан артта қалады.

2.1.4.3.7 сурет. Автожолдардың тығыздығы және жол жабындыларымен қамту, 2015 ж.



Дерек көзі: баспасөзге шолу, жұмыс тобының талдауы

2014 жылы автожолдардың жалпы ұзындығы жаңадан қосылған аумақтарды қосудың нәтижесінде 583 км-ге өсті.

Жол төсенішінің сапасы

2016 жылдың соңында Алматы қаласының көше-жол торабын түгендеу бойынша жұмыстар аяқталды. Олардың деректері бойынша, автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 3015 км құрайды.

Автожолдар қорының жағдайын жақсарту мақсатында жыл сайын жаңадан жолдар салынады және бұрыннан бар жолдар жөндеуден өтеді. 2014-2016 жылдар аралығында жаңадан 6,03 км жол салынған, 8,7 км болатын магистралды көше ұзартылған, 6,5 км жол күрделі жөндеуден өткен, 373,9 км жолға ағымдағы және орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бірақ, жөндеу

жұмыстарының бірыңғай тізілімі және қаланың аумағындағы жолдардың картасы жоқ екені байқалады.

2.1.4.3.5 кесте Автожолдарды салу және жөндеу жұмыстарының көлемі

Атауы/ жылдар	Өлшем бірлігі	2014	2015	2016
Құрылысы	км	1,6	-	4,4
Магистралды көшелерді ұзарту	км	-	7,1	1,9
Күрделі жөндеу	км	3,2	5,2	-
Орташа және ағымдағы жөндеу	км	137,8	95,1	141

Дерек көзі: Алматы қаласы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы

Көлік жолайрықтары және жаяу жүргіншілер

2016 жылы өткізу қабілетін арттыру және қала магистралдарындағы көлік жүктемесін төмендету мақсатында 1 көлік жолайрығы, 6,3 км автомобиль жолдары және көшелерді ұзарту, жаяу жүргіншілердің 6 өтпе жолы салынды. Жыл сайын жаяу жолдардың шамамен 84 мың шаршы метрі жөнделуде және 30 км-ден астам тротуарлар салынуда.

2014 жылы қалада дүние жүзіне танымал урбанист Ян Гейлдің жаяу жүргіншілер аймағының құрылысын қоса алғанда Алматы аумағының орталық бөлігін жайластыру жөніндегі жобасы таныстырылды. Қазіргі кезде Алматы қаласының Бас жоспарына ұсыныстар біріктірілуде.

2.1.4.3.6 кесте. SWOT - талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <p>- жол желілерін кеңейту, көпірлер салу, көшелерді ұзарту және түрлі деңгейдегі көлік жолайрықтарын салу арқылы жылдамдығы жоғары қала көшелері мен қалалық маңызы бар магистралдардың бірыңғай жүйесін құруға негізделген көше-жол желісін дамыту.</p>	<p>Әлсіз жақтары:</p> <p>- автокөлік инфрақұрылымының едәуір бөлігі нормативтік мерзімнен артық пайдаланылуда, басқалары да сол мерзімге жақын, осыған байланысты көлік жұмысының қауіпсіздігі бойынша жағдай нашарлайды.</p>
<p>Мүмкіндіктер:</p> <p>- мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін дамыту;</p> <p>- озық техникалық және экологиялық регламенттер, стандарттарды енгізу.</p>	<p>Қауіп-қатерлер:</p> <p>- автокөлік санының артуы.</p>

Түйткілді мәселелер:

Көше-жол торабын дамыту мен жол қозғалысын ұйымдастыру және қауіпсіздігін жақсартудағы күрделі мәселе көлік легін моделдеу бағдарламасының жоқтығы болып табылады. 2017 жылы көлік моделін енгізу барысында қаланың көше-жол торабын жөндеу мен салуды одан әрі сапалы жоспарлау мүмкіндігі пайда болады.

2.1.5 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық.

Электр энергетикасы


Алматы қаласы бойынша электр энергиясының нарығы - «АлЭС» АҚ энергия көздерінен алынатын электр қуатынан және Жамбыл ГРЭС-і және Павлодар-Екібастұз ГРЭС-і энергия торабынан (шамамен 45%) сатып алынатын электр қуаты есебінен құралады.

Алматы өңірінен тысқары жерлерден электроэнергиясын жеткізудің елеулі үлесін, экономиканың және халық санының өсуі есебінен тұтынушының әрі қарай ұлғаюын ескере отырып, ЖӨӨ-нің энергиялық сыйымдылығының қысқартылуына ерекше назар аудару қажет.

2016 жылы қаланы орталықтандырылған электрмен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз ету деңгейі 100%-ды құрады.

Қолданыстағы электрмен жабдықтау жүйесі **тозығы жеткен және шығынды көп әкелетін деңгеймен сипатталады.** Республикалық құрылымда Алматы қаласы электр желілерінің тозуының көрсеткіші, Алматы және Павлодар облыстарынан кейін, жоғары деңгейде болып есептеледі. Қалалық электр желілерінің тозуының көрсеткіші жүйені ауқымды көлемде жаңғырту қажет екенін көрсетіп отыр. Күрделі жөндеуден өткен желілердің үлесі **соңғы 3 жылда едәуір артты.** Аталған кезеңде шамамен 934,8 километр электр желісі қайта жаңғыртылды. Электрмен жабдықтаудың жаңғыртылған желілерінің үлесі 5% -ды құрайды. Бұл электр желілеріндегі шығын деңгейін төмендетуге алып келді (2013 жылғы 15,78% - дан 2015 жылға 14,3%-ға, 2016 жылғы 13,4%-ға), инфрақұрылымның қатты тозуына қарамастан (2013-2015 жылдары 69%, 2016 жылы-64%).

Сурет 2.1.5.1. Электр желілерінің көрсеткіштері



1 ВЛ-6-10 кВ, ВЛ-0,38 кВ, КЛ-6-10 кВ, КЛ-0,38 кВ бойынша орташа мәні

Дереккөз: Энергетика және КШ басқармасы

Электр энергиясын тұтынудың құрылысы, негізгі тұтынушы өнеркәсіп кәсіпорындары – 33%, жеке тұлғалар – 29%, бюджеттік ұйымдар – 13% және өзге де тұтынушылар – 25% екенін көрсетіп отыр.

1-3 ЖЭО-ның техникалық жабдықтарына жасалған талдау 1-ЖЭО және 3-ЖЭО жабдықтары өз ресурсын пайдалануды аяқтауға жақын қалғанын және жаңғырту қажет екенін көрсетті:

- 1960-1972 жылдары іске қосылған 1-ЖЭО-ның барлық 6 қазандығы және 3 турбинаның 2-і 200 000 Вт. астам өнім өндірген;

- 1980-1981 жылдары іске қосылған 2-ЖЭО-ның 6 турбинасының 2-і 200 000 Вт. астам өнім өндірген;

- 1962-1965 жылдары іске қосылған 3-ЖЭО-ның барлық 6 қазандығы және 4 турбинасы 200 000 Вт. астам өнім өндірген.

Қазіргі уақытта газ турбиналы технология базасында жаңа энергия көзін құрумен байланысты «ЖЭО-1 АҚ «АлЭС» кеңейту» жобасы дайындалуда.

2.1.5.1. кесте Электрэнергиясын өндіру, мың кВт/сағ.

Энергия көзі атауы/ жылдар	Өлшем бірл.	2014	2015	2016
1- ЖЭО	мың кВт/с	383 778	354 695	343 474
2- ЖЭО	мың кВт/с	2 603 154	2 545 758	2 447 542
3- ЖЭО	мың кВт/с	1 052 923	1 134 779	1 048 698

Каскад ГЭС	мың кВт/с	157 368	191 652	172 369
Қапшағай ГЭС-і	мың кВт/с	838 433	858 674	847 352
«АлЭС» АҚ бойынша, жиынтығы	мың кВт/с	5 035 656	5 085 558	4 959 435


Дереккөз: Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы

Жылумен жабдықтау

Алматы қаласының жылумен жабдықтау жүйесі қаланың инженерлік инфрақұрылымының ең күрделі жүйесі болып есептеледі. Қаладағы жылуды өндіретін негізгі көз көмір болып отыр. Мысалы, 1 - ЖЭО-да көмірдің үлесі 6,8%-ға жетеді, 2- ЖЭО-да – 99,5%, ал 3- ЖЭО-да – 99%. Жалпы, 2015 жылғы мәлімет бойынша қатты және сұйық отыннан жылу өндіру 70%-ды құрайды.

«Алматыжылукоммунэнерго» ЖШС балансында 78 қазандық бар: оның 74-і газбен жабдықталған, ал 1-і қатты отынды қолданады (Шелехова), 1-і электр қуатында (Медеу), 2-уі мазутта (Алатау шипажайы және Камен платасы шипажайы) және 1-уі электрқуатында (Медеу). Бұл ретте, қосылған аумақтардағы кенттерді қоса алғанда, қалада білім және денсаулық сақтау объектілерінің 93 автономиялық қазандығы орналасқан (денсаулық сақтау саласының 30 объектісі және білім беру саласының 63 объектісі), оның 52%-ы қатты және сұйық отын есебінен жылытылады.

2.1.5.2. сурет. ЖЭО және қазандықтарда қатты және сұйық отыннан жылу өндіру, 2014-2016 жылдар



1 Қосылған аймақтардың 30 денсаулық сақтау нысандарын және 63 білім беру нысандарын қамтиды.

2 Санаты «Ескі құрылысқа» жатады

Дереккөз: Энергетика және коммуналды шаруашылық басқармасы

Жалпы көлемнен жылу энергиясының 98% (4 959 435 Гкал, 2016 жыл) ең ірі энергия көздері «АлЭС» АҚ кіретін 1-ЖЭО, 2-ЖЭО және БЖК-дан өндіріледі.


Қазіргі уақытта Алматы қаласы бойынша жылу желісінің жалпы ұзындығы 1174 километрді құрайды. 2008 және 2016 жылдар аралығында 153,9 километр жылу желісі қайта жаңғыртылды.

Қаланың орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етілуі қалыпты деңгейде, біртіндеп артуда (2012 жылы 87%, 2015 жылы 88%, 2016 жылы 92%). Бұл ретте, мәліметтерге орталықтандырылған жылуы жоқ және кішігірім автономиялық қазандықтар жұмыс істеп тұрған, қосылған Наурызбай ауданы кірмеген. Қазіргі кезде Наурызбай ауданы аумағындағы автономиялық қазандықтар мен жылу желілерін қайта жаңғыртудың жоспары пысықталуда.

Күрделі жөндеуден өткен желілердің үлесі төменгі деңгейде, ол жылу желілерінің тозуын арттыруға алып келеді. Жылу желілері тозуының мүмкін болатын деңгейін ұстап қалу үшін магистралдық желілерге басымдық бере отырып, жылына ұзындығы 14 км-ден кем емес магистралдық жылу желілерін, ұзындығы 23 км-ден кем емес тарату жылу желілерін төсеу қажет.

2.1.5.3. сурет. Жылу желілерінің көрсеткіштері





Дереккөз: Энергетика және КШ басқармасының мәліметтері

Егер 2014 жылы жылу желілеріндегі бүліну жағдайлары шамамен 2484 рет тіркелсе, 2015 жылы - 2070 жағдай, 2016 жылы-1924. Бұл жылу желілерінің тозуы 63%. Шығын деңгейі 10,30%-ды құрайды. (2016-2017 жылғы қорытындыларға сәйкес).

2.1.5.2. кесте. Жылу энергиясын өндіру

Энергия көзі. атауы/жылдар	Өлшем бірл.	2014	2015	2016
1- ЖЭО	Гкал	1 316 824	1 214 605	1 243 130
2- ЖЭО	Гкал	3 215 565	3 213 137	3 191 630
3- ЖЭО	Гкал	104 067	92 458	92 727
БЖК	Гкал	943 146	510 893	33947
«АлЭС» АҚ бойынша жиынтығы	Гкал	5 579 602	5 031 093	4 919 434

Дереккөз: Энергетика және коммуналды шаруашылық басқармасы

Сумен жабдықтау және су бұру

Алматы қаласы 4 негізгі су көзінен алынатын сумен қамтамасыз етіледі: Үлкен және Кіші Алматы өзендері (сүзгілі тазалау стансаларында тазартылып) және Алматы мен Талғардың жерасты су алатын жерлерінен су алынады.

Су құбырымен қамтамасыз етілуі деңгейі әлемдік деңгейге сәйкес келеді (Наурызбай ауданын қоспағанда). Алматы қаласының су құбырымен қамтамасыз етілу деңгейі (Наурызбай ауданын қоспағанда), 2014-2016 ж.ж.95% құрады.

Алайда бұл мәліметтерге су құбырымен қамтамасыз етілу деңгейі 15% болатын, қосылған Наурызбай ауданы кірмеген. Сумен жабдықтаудың аудандағы жүйесі ауыз су қажеттілігі үшін кіші өзендердің (Қарғалы, Ақсай және олардың сағасы) шикі суын, сондай-ақ құмы бар терең емес ұңғымалардың суын пайдаланады. Судың сапасы ГОСТ талаптарына сәйкес

келе бермейді. Аудандағы қолданылып жүрген су тарататын желіні тұрғындар, құрылыстың **СНЖЕ талаптарын сақтамай** өз бетімен салған.

Күрделі жөндеу жұмыстарын арттыру сумен жабдықтау инфрақұрылымындағы апаттарды, тозуды және шығындарды азайтуға ықпал етеді. Бірақ, қалаға қосылған Наурызбай, Алатау және Түркісіб аудандарының су желілерінің коммуналдық меншікке берілгеннен кейін қала су желілерінің ұзындығы 2015 жылғы 2699,5 шақырымнан 2016 жылы 2826,6 шақырымға, ал 2016 жылғы 31 желтоқсанда 2917 шақырымға дейін ұлғайды.


Қалаға қайта берілетін желілердің қомақты тозуына байланысты қайта құрылым көрсеткіштері 2015 жылы 1,16 %-дан 2016 жылы 0,68% жетті.

Күрделі жөндеу және қайта құру жұмыстар арқасында **апаттар саны жыл сайын 5%-ға дейін төмендеуде.**

Бұған қарамастан, шығын деңгейі салыстырып отырған қалалардан едәуір жоғары. Мысалы, 2014 жылы тозу деңгейі 67%, ал сумен жабдықтаудағы шығындар 26% құраған. Бұл көрсеткіштер 2016 жылы тиісінше 65,9% және 25,7%-ға дейін төмендеген, осы көрсеткіштерге сәйкес, салыстырмалы қалаларға шаққанда әлі де 2 есе және одан да асады. Сондай-ақ, шығындардың негізгі көздері абоненттік желілерде (40%), иесіз желілерде (20%) және суды есептей алмау (20-40%) болғанын көрсетіп отыр.

Ағымдағы желілерді ауыстыру қадамын сақтау кезінде (1,1%) желілердің тозуы және шығыны мәселелері, келесі 60 жыл бойы сақталатын болады және мақсатты деңгейге (50% шығын) 2030 жылдарға қарай қол жеткізіледі.

2.1.5.4. сурет. Сумен жабдықтау жүйелерінің көрсеткіштері



Дереккөз: ШЖҚ «Холдинг Алматы Су» МКК мәліметтері

Суды пайдалану 2016 жылы 132,38 млн. текше метрді құрады. Экономикалық қызмет түрлері бойынша ірі су пайдаланушы болып тұрғын үй қоры (61,14 млн. текше м.), халыққа қызмет көрсететін кәсіпорындар және өнеркәсіптер (26,26 млн. текше м.), электрмен жабдықтау, жылумен қамтамасыз етуге негізделген кәсіпорындар (44,97 млн. текше м).

Сонымен қатар, есептеуіш құралдарын орнату бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде, ол суды үнемді пайдалануға көмектеседі. Ортақ суды есептейтін құралмен қамтылу деңгейі 100% немесе қажетті 9094 бірліктің 9094-сы. Жеке есептеуіш құралмен жабдықталуы 87,48% құрайды. Қосымша 69,15 мың құрал орнату керек.

Жалпықалалық кәріз қаладан келетін, маңайындағы демалыс аймақтарынан, бірқатар кенттерден және Талғар мен Қаскелең қалаларынан келетін сарқынды суды қабылдау, ағызу және тазалауды жүзеге асырады. Суды ағызу жүйелерімен қамту деңгейі қарқынды түрде өсуде: жыл сайын 7%-ға. Алайда, бұл көрсеткішке қосылған Наурызбай ауданы кірмеген. Наурызбай ауданындағы су ағызатын құбырдың ұзындығы 8,9 км (басқа аудандардағы жалпы ұзындықтың 6%) құрайды.

Коммуналдық меншіктегі кәріз желілерінің ұзындығы 1544,76 км құрайды. Алматы қаласында күрделі жөндеуден өткен су ағызатын желінің үлесі салыстырып отырған қалалар деңгейінен төмен. 2014 жылы ол 0,3% құрап, 2016 жылы 0,9%-ға дейін өсті. Күрделі жөндеуден өткен су ағызатын желінің үлесі тозған желілердің өсуін жаппайды, ол тозу деңгейінің артуын жыл сайын 2%-ға арттырады. Алматыда бұл деңгей 2014 жылы 61-ға % тең болған, 2016 жылы 65%-ға жетті.

Жалпы тозу деңгейі салыстырып отырған қалалардан 3 есеге жоғары деңгейде тұр. Жоғарыда мазмұндалғандардан күрделі жөндеуден өткен су ағызатын желінің үлесі жеткіліксіз екенін байқауға болады.

Күрделі жөндеудің ағымдағы үлесін сақтау кезінде 20 жылдан кейін тозу деңгейі 90 %-ды құрайтын болады, ол келешекте апатты жағдайларға әкеліп, су ағызатын желілердің үлкен бөлігінің істен шығуына алып келеді.

Статистикалық деректер бойынша 2016 жылдың басына өткізілген судың жалпы көлемінен, биологиялық жолмен толық тазартылғаны 98,5% сарқынды су, ол 127 млн. текше м. құрайды.

Газбен жабдықтау

Қалада газды таратумен айналысатын 4 кәсіпорын бар , оның ішіндегі ең ірісі «ҚазТрансГаз - Алмак» ЖШС.

Қала тұрғындарының газды тұтынуы 470 млн. текше метрді құрады немесе қаладағы газды тұтынудың жалпы көлемінің 39%, өндірістік қажеттіліктерге 733 млн. текше м. (61%) газ пайдаланылған.

Алматыдағы газбен қамтылудың деңгейі өте жоғары, тіпті халықаралық деңгей үшін де жоғары. Газбен қамтудың көрсеткіші 2015 жылы 93%-дан 2016

жылы 95%-ға артты, ал 2017 жылы 97% жетті. Шамамен 7 мың үй газ жабдығын сатып алуға қаражаттың болмауы және оны орнату жұмыстарына ақы төлей алмауы себебінен, оның құны бағалау бойынша 300 мың теңгені құрайды, газ құбырына қосылмаған. Бұл ретте, газға қосылмаған үйлер қатты отын (көмір) есебінен жылытылып, ауаны ластауда.

Осыған сйкес, 2016 жылы 25 ақпанда 3 компаниямен келіссөздер жүргізілді. («Тәуекел Т» ЖШС, «Строй Сервис Холдинг» ЖШС, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ) газ құбырына қосылуының бағасын төмендету туралы келісімге қол жетті, нақтырақ:

1. **«Тәуекел Т» ЖШС**-тігі газбен қамтамасыз ететін құбырына қосылу бағамын 300 мың теңгеден 190 мың теңгеге дейін түсірді. (Газға қосылмаған абонент саны шамамен 700 үй.)
2. **«Строй Сервис Холдинг» ЖШС**-тігі газбен қамтамасыз ететін құбырына қосылу бағамын 600 мың теңгеден 300 мың теңгеге дейін түсірді. (Газға қосылмаған абонент саны шамамен 380 үй.)
3. **«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ**-ы газбен қамтамасыз ететін құбырына қосылу бағамын 180 мың теңгеден 140 мың теңгеге дейін түсірді. (Газға қосылмаған абонент саны шамамен 5 900 үй.)

Жеңілдіктер қарастырылған:

- Ұлы Отан соғысының қатысушыларына – тегін.
- Жағдайы төмен азаматтарға және көп балалы аналарға - 50%
- I- II топтағы мүгедектерге - 30%

Қосылуға пайызсыз несиелендіру де қарастырылған, өз қаражаты есебінен.

Осы шаралар арқасында 2016 жылы төмендетілген бағамен шамамен 6100 үй газға қосылған.

Алматы қаласы бойынша табиғи газды орташа сағаттық тұтынуы 35 мың текше метр/сағатты құрайды, қысқы кезеңдегі қарбалас сағаттарда – 428 текше метр/сағат.

Табиғи газдың шығындары 2016 жылы 51,5 млн. текше метрмен (3,9% берілген газға) 2015 жылмен салыстырғанда 45,8 млн. текше метр құрады.

Қаланың тұтынушылары табиғи газбен бірге сығымдалған газды пайдаланады. 2013 жылы тұрғындарға осы отынның 102 тоннасы босатылды, 2014 жылы 45 тонна босатылды. 55,9% төмендеуі тұтынушылардың табиғи газды пайдалануына көшуіне және сығымдалған газды пайдаланушы үйлердің санының азаюына байланысты болып отыр. 2015 жылы көппәтерлі үйлер толығымен сығымдалған газдан табиғи газға ауысты.

2017 жылдың басында қаладағы көше газ желілерінің ұзындығы 5 мың км. құрады. Жылдық өсу (2016 жылы 2015 жылдағымен салыстырғанда) 1% құрады. Көбінесе Медеу және Түркісіб аудандарындағы газ желілері өте ұзын болып табылады. Орамшілік (ішкі аулалық) желілер 2014 жылмен

салыстырғанда 2016 жылы 43 километрге ұлғайды және 5019 километрді құрады.

2017 жылы инженерлік-коммуникациялық газ инфрақұрылымының тозуының деңгейі 37%-ды құрады, мұның өзі өткен кезеңнің осындай көрсеткішінен 1%-ға төмен.

2015 жылы 48 км газ желілері қайта жаңғыртылды.

2016 жылы 3,1 км газ желілері қайта жаңғыртылды.

Алматы қаласының газ жеткізу жүйесінің қуатын ұлғайту мақсатында 2015 жылы айналып өтетін газ құбырын тарта отырып, ГРС-2-нің қуатын сыртқа шығару жоспарлануда. Бүгінгі күні Алматы қаласын газбен жабдықтау саласындағы өзекті мәселе қала төңірегінде газ шеңберін жасау болып табылады. Осы шаралар табиғи газды пайдалана отырып, тұрғын үйлерді және тұруға арналмаған нысандарды газбен жабдықтауға байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

2.1.5.3. кесте. 2014-2016 жылдардағы Алматы қаласы жылу және бу құбыры жүйесінің ұзындығы

Атауы/жылдар	2014	2015	2016
Екі құбырлы шамадағы желілердің ұзындығы, км	1150	1124	1145
Оның ішінде ауыстырылғаны, км	11	17,7	12,3

Дереккөз: Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы

2.1.5.4. кесте. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының негізгі даму көрсеткіші

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016
Орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімді тұрғындардың үлесі	%	95,12	95	96
Суды әкету қызметіне қолжетімді тұрғындардың үлесі	%	72	74	74,01
Жаңартылған желілердің жалпы ұзындықтағы үлесі				
жылумен жабдықтау	%	2	1,6	1,5
сумен жабдықтау	%	6	6	6
су бұру	%	10	10	5
газбен жабдықтау	%	-	-	1,0
электрмен жабдықтау	%	11	6,3	2,0
Ішкі өңірлік өнімнің қуат сыйымдылығы көрсеткіші	т.э.н.	0,32	0,32	0,32

Дереккөз: Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы

2.1.5.5. кесте SWOT-талдау

Басым жақтары: - тұрақты отын-энергетика секторы;	Әлсіз жақтары: - электр, жылу, сумен жабдықтау, отын-
---	---

- дамыған инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым;	энергетикалық секторындағы негізгі құралдардың басым бөлігінің жоғары деңгейде тозуы; - инженерлік жүйенің 60% жуығы ұзақ мерзім бойына пайдаланылған (25 жылдан астам).
Мүмкіндіктері: - Көрсетілетін өмір сүруге қажетті қызметтердің сапасы, қауіпсіздігі мен үздіксіздігі бір мезгілде тиімсіз шығындарды төмендету; - Коммуналдық қызметтердің бағасы мен сапасының балансына жету	Қауіп-қатерлер: - инженерлік инфрақұрылымның 70% (ЖЭС, аралық станция, магистральді жүйе, қазандық) өзінің пайдалану ресурсын сарқыған, сол себепті апаттық жағдайларға, атап айтқанда электр жүйелерінде, жылу, су және газ жүйелерінің жиі істен шығуына алып келуі мүмкін.

Түйткілдер:

- қосылған аумақтарда инфрақұрылымдық жүйелер ауқымының жетіспеушілігі;
- бар инженерлік желілердің тозуының жоғарылығы, оларды жаңғырту және қайта жаңалау.

2.1.6. Экология

2.1.6.1. Атмосфера жағдайы

Алматы Қазақстанның ауаның ластану деңгейі көп жылдар бойы жоғары болып келетін қалаларының қатарына жатады. Ластанудың ең жоғарғы көрсеткіші жердің табиғи және климаттық ерекшеліктеріне, сондай-ақ қоршаған ортаға антропогендік әсерімен байланысты.

2.1.6.1.1. кесте. Қоршаған ортаны қорғау және жер ресурстарын пайдалану бойынша негізгі көрсеткіштер

Атауы/жылдар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016
Стационарлық көздерден тарайтын зиянды заттардың белгіленген шығарындылар деңгейін төмендету (2009 жылмен салыстырғанда)	мың. тонна	68,249	65,431	79,999
Стационарлық көздерден тарайтын белгіленген зиянды заттар шығарындылар өзгерісінің динамикасы 2009 жылға сәйкес (25,11 мың.тонна)	%	271,8	260,6	318,6
Стационарлық көздерден бөлек, атмосферадағы ластаушы заттардың нақты шығындылары (2009 жылы 25,11 мың.тонна)	мың. тонна	43,5 (соның ішінде ТЭЦ-2-	39,130 (соның ішінде ТЭЦ-2-	38,8 (в т.ч. ТЭЦ-2-31,587)

		32,056)	30,188)	
Су объектілеріне сарқынды суларды ағызу	тонна	шығарыл-майды	шығарыл-майды	шығарыл-майды
Экологиялық іс шараларға бағытталған шығындардың және қоршаған ортаға эмиссия үшін алынған жерлілікті бюджет кірісінің ара қатынасы	%	41,0	44,8	42,5

Дереккөз: «2016 жылдың алдын ала мәліметтері» Алматы қаласы Статистика департаментінің 2016 жылғы статистикалық жинағы; Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы

*жаңа аумақтар қосылуына байланысты атмосфераға тарайтын белгіленген шығарындылардың жалпы көлемінде, бұдан бұрын Алматы облысы бойынша жалпы шығарындылардың көлемі ескерілген, ТЭЦ-2-ден тарайтын белгіленген жалпы шығарындылар саналады.

Алматы қаласы бойынша Экология департаментінің ақпараты бойынша 2016 жылы қоршаған ортаға эмиссия үшін жергілікті бюджетке 1 млрд. 161 млн. 758 мың теңге көлемінде төлем түскен. Сонымен бірге, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-шараларды іске асыруға жергілікті бюджеттен 4 097 294 мың теңге бөлінген.

2.1.6.1.2. кесте. 2014-2016 ж.ж. "АлЭС" АҚ ЖЭО-2-ден тарайтын шығарындылар және күл-шлак қалдықтарының көлемі

Атауы/жылдар	2014	2015	2016
Нақты шығарындылар, мың тонна	32,056	30,188	31,587
КШҚ, мың тонна	884,631	910,810	936,200

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің 2016 жылғы статистикалық жинағы; Алматы қаласы бойынша Экология департаменті; Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.

Атмосфераны ластау деңгейі мен көздеріне мониторинг

Атмосфера ластануының мониторингін «Қазгидромет» РМК «Алматы қаласы Гидрометеорологиялық мониторинг орталығы» ЕМК қала шегіндегі 16 пунктте жүргізеді. Өлшеулі заттар, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол және формальдегидтің концентрациялары өлшенеді. Атмосфералық ауаның зиянды заттармен ластануы олардың концентрациясын ШЖК-мен салыстыру арқылы бағаланады (в мг/м³, мкг/м³).

Сонымен қатар ластану деңгейі әлемдік тәжірибеде қалыптасқандай абсолюттік емес, шартты көрсеткіштермен өлшенеді (мкг/м³, ppm).

Ауаны ластануына ағымдағы мониторинг жүргізу соның ішінде 5 поста (№№27-31) РМ2.5 және РМ10 компоненттерін өлшеуді қамтиды.

Атмосфера ластануының негізгі көздеріне мыналар жатады:

- Көлік;
- Энергетикалық кәсіпорындар;
- Жеке тұрғын үйлер.

Бұл ретте ластау көздері бойынша ауаны ластаушы заттар шығарындыларының мөлшеріне мониторинг жыл сайын тек стационарлық көздерде ғана жүргізіледі. Автокөліктерден және жеке тұрғын үйлерден тарайтын шығарындылар көлемі есептелмейді және олар бойынша статистикалық мәліметтер жинақталмайды.

Нәтижесінде, атмосфералық ауа ластануына ағымдағы мониторинг деңгейі Алматы қаласындағы ауаның ластану көздері мен деңгейінің нақты көріністерін бере алмайтығын атап өтуге болады.

2014-2016 жылдардағы Алматы қаласы атмосферасының ластану динамикасы

2014-2016 жылдар аралығындағы шығарындылар көздері бойынша атмосферасының ластану динамикасы төмендегідей болады.

2.1.6.1.3. кесте. Атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар, оларды тазалау мен жою

мың. тонн	2014	2015	2016
Ластанудың барлық стационарлық көздерінен тарайтын ластаушы заттардың мөлшері	921,6	920,2	906,2
Тазарту құрылыстарына түсетіні	903,4	902,6	890,5
Тазартылмай шығарылатыны	18,2	17,6	15,7
Сүзгіден өткізілгені және залалсыздандырылғаны	878,0	881,0	867,4
Атмосфераға шығарылған барлық ластаушы заттар	43,5	39,1	38,8

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің 2016 жылға арналған статистикалық жиынтығы; Алматы қаласы бойынша Экология департаменті; Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.

2016 жылы Алматы қаласында 2805 кәсіпорын атмосфералық ауаға ластаушы заттардың қалдықтарын тастады, бұл ластаушы заттардың көлемі 38,8 мың тоннаны құрады.

Стационарлық көздерден шыққан жалпы зиянды заттардың ішінде 15,7 мың тонна тазартудан өтпей шығарылды, ал 902,6 мың тонна тазарту құрылыстарына түсті. Сүзгіден өткізілгені және залалсыздандырылғаны 867,4 мың тонна немесе 95,7 %.

Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қоршаған ортаны қорғауға кеткен шығындары 2014 жылы 6,2 млрд. теңге; 2015 жылы 4,7

млрд. теңге; 2016 жылы 5,9 млрд. теңгені құрады.

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің «2016 жылдарға арналған Алматы қаласында қоршаған ортаны қорғау» статистикалық жиынтығы


2.1.6.1.4. кесте. Алматы қаласының аудандары бойынша шығарылатын ластаушы заттар шығарындылары, тонна (%-бен жалпыға алғанда)

Атауы /жылы	2014	2015	2016
Қала бойынша барлығы	43 536	39 130 (100%)	38 779 (100%)
Алатау	33 254	30 763 (78,6%)	32070 (82,6%)
Алмалы	2 295	526 (1,3%)	398 (1,0 %)
Әуезов	1 250	1 195 (3,1%)	907 (2,3%)
Бостандық	982	761 (1,9%)	721 (1,8%)
Жетісу	3 249	2 621 (6,7%)	2134 (5,5%)
Медеу	528	769 (2,0%)	566 (1,4%)
Наурызбай	146	237 (0,6%)	140 (0,3%)
Түрксіб	1 831	2 258 (5,8%)	1839 (4,7%)

Дереккөз: Алматы қаласы Статистика департаментінің «2016 жылға арналған Алматы қаласында қоршаған ортаны қорғау» статистикалық жиынтығы

Экономикалық қызметтің түрлері бойынша (%-бен) Алматы қаласының атмосферасына шығарылатын ластаушы заттардың динамикасы 2.1.6.1.1. суретте көрсетілген.

2.1.6.1.1. сурет Экономикалық қызметтердің түрлері бойынша қаланың атмосферасына шығарылатын ластаушы заттар



2016 жылы атмосфералық ауаға стационарлық көздерден шығарылған зиянды заттардың жалпы көлемінен (38,8 мың тонна) 15,7 % қатты заттар, газ түріндегі және сұйық заттар 84,9% құрады.

Осылайша, стационарлық көздерден шығарылған зиянды заттардың жалпы көлемі 2014 жылдан бастап 4,7 мың тоннаға аздап азайғаны байқалады. 2012-2016 жылдар аралығында жеке тұрғын үйлерді газбен жабдықтау есебінен атмосфераның ластануының төмендеу нәтижесі жылжымалы көздерден тараған зиянды заттар көлемінің артуынан білінбей қалды. 01.12.2016 ж. жағдай бойынша Алматы қаласында 529 295 бірлік автокөлік тіркелген (маятникті көлікті қоса есептегенде шамамен 710-нан 794 мың бірлікке дейін).

Көліктен шығатын ластаушы заттар көлемінің артуы көліктер санының жыл сайын артуымен және қаладағы көлік паркінің ескіруімен байланысты (7 жылдан көп жүріп жүрген көліктің үлесі шамамен 75 % немесе 400 мың бірлікті құрайды).

ШЖК-ге байланысты салыстыру және өзгеру динамикасы

Алматы қаласының желдетілмейтін тау бөктеріндегі шұңқырға орналасуы қысқы кезеңде қала аумағында қуатты және жалғасымды температура инверсиясы пайда болуына ықпал етеді. Алматы қаласына желдің аз соғуы (жылдамдығы 1 м/с), тұман және басқа да қолайсыз метеорологиялық жағдайдың орын алуы тән. Осыған байланысты, атмосфераның төменгі қабатында автокөлік құралдарынан тарайтын, қазандықтар мен ТЭЦ, өндірістік нысандардың шығарындыларында болатын ластаушы заттар эмиссиясы жинақталады және олар жыл бойы қаланы көк түтінге орайды.

Бұл жердегі самал желдің (1м/с дейін) қайталануы жазда 71%, қыста - 79 % бағаланады. Қалада жел жылдамдығының орташа жылдық мәні 1,7 м/с артпайды. Таудан келетін жел ағынымен желдету, тау бөктерінің 20 шақырымдай жерінде жіңішке алқапта қаланың оңтүстік бөлігі, жоғарғы жағында ғана байқалады.

Атмосфералық ауа ластануының деңгейін бағамдау үшін жылына ауа сапасының үш көрсеткіші пайдаланылады:

- Атмосфера ластануының индексі (АЛИ) – атмосфера ластануының жиынтық индексі. Оның өлшеуі үшін ауадағы ластану заттарының шекті жол берілетін концентрациясына (ШЖК) бөлінген орташа концентрациясы пайдаланылады.
- Стандартты индекс (СИ) – бір поста бір қоспаны немесе барлық постарда барлық қоспаларды өлшеудің мәліметтерінен алынған барынша өлшенген ең көп бір жолғы қоспа концентрациясы, ШЖК - ға бөлінген концентрациялық қоспа.
- Көбірек қайталанулар (КК) %-ға шаққанда – бір поста бір қоспаны немесе барлық постарда барлық қоспаларды өлшеудің мәліметтерінен алынған ШЖК артуының ең көп қайталануы.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейі төрт стандартты көрсеткіш СИ, КҚ және АЛИ бойынша сипатталады.

Егер АЛИ, СИ и КҚ түрлі градиацияларға түссе, ауаны ластау деңгейі АЛИ бойынша бағаланады.

Алматы қаласының ауа бассейнінің экологиялық жағдайына мониторинг жүргізуді «Қазгидромет» РМК сынамаларды қолмен алатын 5 стационарлық поста (ЛБП) және 11 автоматты бақылау постарында іске асырады: №1 ЛБП - Амангелді көшесі, метеостанция; № 12 ЛБП Райымбек даңғылы - Наурызбай батыр көшесі қиылысы; № 16 ЛБП - Айнабұлақ-3 шағынауданы; № 25 ЛБП - Қабдолов - Момышұлы көшелерінің қиылысында; №26 ЛБП - Төле би көшесі, 249 (Тастақ-1 шағынауд.).

Өлшеу № 1 ЛБП-да тәулігіне 4 рет, №12, 16, 25, 26 ЛБП-да 6 сағат сайын тәулігіне 3 рет жүргізіледі. Өлшеулі заттар, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол және формальдегид концентрациялары өлшенеді.

Қаладағы ауаның ластану деңгейі соңғы жылдары сәл тұрақтанды, бірақ әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Атмосфера ластануының индексі (АЛИ₅) 2014-2016 жылдар аралығында 10,0-ден 9,22-ге дейін төмендеді.

ШЖҚ «Қазгидромет» РМК филиалының мәліметтері бойынша 2016 жылы Алматы қаласының атмосфералық ауасы жоғары деңгейде ластанумен сипатталады. Ластану деңгейі 9,22-ге тең АЛИ мәнімен анықталды (жоғарғы деңгей), азот диоксидінің концентрациясы бойынша КҚ - 36,4 %-ға тең (өте жоғарғы деңгей) және СИ – 5,0-ге тең (өте жоғарғы деңгей).

Жалпы қала бойынша формальдегидтің орташа жылдық концентрациясы 2,1 ШЖҚ құраса, азот диоксидінің – 1,12 ШЖҚ, басқа ластаушы заттардың құрамы 1,2 ШЖҚ-ден аспаған .

Азот диоксидінің ең жоғарғы бір жолғы концентрациясы 8,7 ШЖҚ, күкірт диоксиді – 5,4 ШЖҚ, көміртегі оксидін -5,3 ШЖҚ, азот оксидін – 4,0 ШЖҚ, басқа заттар - 2,4 ШЖҚ, фенол - 1,3 ШЖҚ, формальдегид - 1,1 ШЖҚ-ні құрады.

2016 жылы төтенше жоғары ластану жағдайлары байқалмады.

2.1.6.1.5 кесте. Алматы қаласының 2016 жылғы атмосфералық ауасының ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа концентрация (г.с.с.)		Жоғарғы мөлшерлі концентрация (г.м.р.)	
	мг/м ³	Шектен шығу еселігі ПД Кс.с.	мг/м ³	Шектен шығу еселігі ПДК _{м.р.}
Өлшеулі заттар	0,18	1,2	1,20	2,4
Өлшеулі бөлшектер (PM-10)	0,06	1,0	1,00	3,3
Күкірт диоксиді	0,04	0,8	2,00	4,0
Көміртегі оксиді	1,29	0,4	26,25	5,3
Азот диоксиді	0,10	2,6	1,74	8,7
Азот оксиді	0,03	0,5	2,15	5,4

Фенол	0,002	0,6	0,01	1,3
Формальдегид	0,015	1,5	0,04	0,8

Дереккөз: Алматы қаласындағы «Қазгидромет» РМК филиалының деректері

Атмосфералық ауаның ластануы соңғы жылдары бірқалыпты, дегенмен әлі де жоғары болып табылады.

Жүргізілген бақылау деректері бойынша Алматы қаласында 2016 жылы барлық ауыр металл концентрациясы атмосфералық ауада жол берілетін қалыпты нормада болған.

2.1.6.1.6 кесте. 2016 жылы Алматы қаласының атмосфералық ауасындағы ауыр металдардың құрамы

Бекеттің орналасқан жері	Қоспалар	Орташамөлшері	
		Q, мкг/м ³	Q, ШЖК
№1 – Амангелді көшесі, Сәтбаев көш. қиылысы	Кадмий	0.001	0.003
	Корғасын	0.033	0.110
	Мышьяк	0.000	0.000
	Хром	0.001	0.001
	Мыс	0.044	0.022
№12 – Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр көш. қиылысы	Кадмий	0.002	0.006
	Корғасын	0.075	0.248
	Мышьяк	0.001	0.000
	Хром	0.002	0.001
	Мыс	0.093	0.046

Дереккөз: Алматы қаласы бойынша «Қазгидромет» РМК филиалының мәліметтері

Атмосфералық ауаның ластану деңгейінің жалпы төмендеуі қаланың басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Осы бағыт бойынша 2016 жылы төмендегідей жобалар жүзеге асырылды:

- 1-ЖЭО қайта жабдықталып, «Алматытеплокоммунэнерго» АҚ-ның шамамен 90% қазандықтары маусымдық немесе жыл бойы табиғи газбен жұмыс істеуге ауыстырылды;

- 2-ЖЭО-да (шығарындылары жылына 31,5 мың тоннадан асады) қазандық агрегаттарында азот тотықтарын басатын, заманауи жағу құрылғылары бар тазарту деңгейі 99,5 % болатын кейіннен шығарылған эмульгатор орнатылған;

- АГТС-дан Батыс жылу кешеніне газ құбырларын тарту бойынша жобаның 2-ші кезегінің құрылысы аяқталды;

- Жеке секторларды газбен қамтамасыз ету бағдарламасы жүзеге асырылуда. Жеке тұрғын үй секторы 98 % табиғи газбен қамтамасыз етілген. Әрі қарай қала маңындағы ауылдар мен бау-бақша қауымдастықтарын газбен қамту мәселесі тұр.

- 6 көлік жолайрығының құрылысы аяқталды, жолдар ұзартылып, жаңа жолдар салынды;

- Таза экологиялық қоғамдық жолаушылар көліктерінің жалпы үлесі 50% жетті;

▪ Автокөліктерден шығатын улы газдар мен түтін нормасын тексеру үшін 13 экологиялық бекет ұйымдастырылды. 2016 жылы улы газдар мен түтін нормасын асырғаны үшін 33556 жуық жүргізуші әкімшілік жауапкершілікке тартылды;

▪ Метрополитеннің 1-желісі пайдалануға берілді;
 ▪ Қала шегіндегі жанармай құю стансаларында сатылатын жанармайдың сапасына мониторинг үнемі жүргізіліп тұрады.


▪ Қаланың жасыл қорын сақтау жұмыстары жалғастырылуда: қаланың аумағында 2016 жылы шамамен 32 мың түп ағаш түрлері отырғызылды.

Сонымен қатар бұрынғы бағдарлама аясында жоспарланған, бірақ толық немесе жартылай жүзеге асырылмаған жоспарлар да бар:

- Метрополитеннің 2-желісін іске қосу;
- Өнеркәсіп кәсіпорындарын қала сыртына шығару;
- ҰАААЖ авто жолының аяқтау (бұл мәселе Алматы қаласы әкімдігінің құзыретінде емес және ҚР Үкіметі деңгейінде қаралуы керек);
- 60% коммуналдық көлікті газға ауыстыру.

Осы талдаудың шеңберінде 5 негізгі ластаушы заттардың орташа мәндері қайтадан жалпыға ортақ халықаралық өлшем бірліктеріне (мг / м³ және ppm) түрлендіріледі. Талдау сараптамасының қорытындысы бойынша Алматы қаласының АЛИ5 деңгейінің төмендеуі, Алматы қаласының атмосферасының ластануы (2,6-дан 6,6 дейін) өскен, ШЖК деңгейінің (күкірт диоксиді) ағымдағы кейбір көрсеткішінің сәйкес болуына қарамастан, жеке компоненттері бойынша салыстарған қалалардың көрсеткіштерінен едәуір жоғары болып тұр:

2.1.6.1.2. сурет. Атмосфера ластануының салыстырмалы талдауы



Дереккөз: қалалық статистикалық есептер, жұмыс тобының талдауы

Салыстырмалы көрсеткіштерде атмосфераның ластану деңгейін өлшеу кезінде (абсолюттік өлшемде компоненттер бойынша мәліметтерді бермей – мкг/м³), Алматы қаласының атмосферасының ластану деңгейінің нақты түрін бағалау қиын. Сәйкесінше, атмосфералық ластануды бар өлшеу әдістері мен бағалау кезінде экологиялық жағдайды жақсарту бойынша болашаққа нақты және қол жететін мақсаттарды қою мүмкін болмай тұр. Сондықтан атмосфералық ластануды өлшеу әдістері мен бағалау деңгейін бірталай өзгерту талап етіледі.

2.1.6.2. Қатты тұрмыстық қалдықтар

Қазіргі таңда ҚР Экологиялық кодексіне сәйке Алматы қаласында қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) жинау және шығару мәселесі қадағаланады, ол барлық коммуналдық қалдықтардың 95% құрайды. Алматы қаласында Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу, кәдеге жарату және залалсыздандыру ережесі болғанына қарамастан қауіпті, құрылыс, ірі көлемді қалдықтарды жинау, шығару және сақтау мәселесін шешу Алматы қаласында, жалпы елімізде де тиісті деңгейде емес.

Жалпы коммуналдық қалдықтар көлемі жылына шамамен 670 мың тоннаны құрайды және ол Алматы облысы аумағында орналасқан полигондарға шығарылады. Қала тұрғындарының бүгінгі күнде өсуі қарқыны кезінде:

2.1.6.2.1. сурет. Қатты тұрмыстық қалдықтардың болжамды өсуі.



Дерек көз: «Қазақстандағы қоқыс өңдеуді жаңғыртуға қажетті инвестицияларды бағалау» COWI консалтинг жобасы


Коммуналдық қалдықтардың жан басына шаққандағы ағымдағы көлемі жылына 400 кг құрайды, салыстырылып отырған қалалардың көп бөлігінен қалдық деңгейі төмен.

Қала бойынша 2015 жылдан бері қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару мен жинауды 33 қоқыс шығарушы кәсіпорын жүзеге асырды. Қала бойынша тұрмыстық қалдықтарды жинауда 70% қызметті «Тәртіп» АҚ көрсетеді.

Бүгінгі таңда қатты тұрмыстық қалдықтар қалдық түрлеріне қарай бөлектеп жиналмайды. Қалдықтарды жинау қайталама шикізаттың негізгі 3 түрі бойынша жүргізіледі: пластик, шыны және қағаз. Бірқатар себептерге байланысты (қайталама шикізат нарығы дамуының төмендігі, халықты жұмылдырудың төменгі деңгейі, экономикалық ынталандырудың жоқтығы және техникамен әлсіз жабдықталуы) бұл жоба белгісіз бір мерзімге дейін тоқталды.

Сонымен қатар қатты тұрмыстық қалдықтардың құрылымы 75%-ға қалдық пайдалануға мүмкіндік береді, оның ішінде тамақ қалдықтарының қоса алғанда (25%), қағаз (14%), пластик (16%), шыны (12%), ағаш (4%) және металдар (3%) құрайды.

2.1.6.2.2. сурет. ҚТҚ морфологиялық құрылымы,



2015ж.

Дерек көз: Қалалар бойынша экологиялық және статистикалық есептер, жұмыс тобының сараптамасы

Қала аумағында қатты тұрмыстық қалдықтар өңдейтін ірі кәсіпорын болмағандықтан, ҚТҚ Алматы облысы аумағындағы полигонға тасылады. Қарасай ауданында (қаладан 35 км қашықтықта) орналасқан полигон күніне 1200-1500 тонна қалдықтарды қабылдайды, ал қалған 400-500 тоннасы облыс аумағындағы шағын полигондарға тасылады.

Қалдықтарды жинау ашық тәсілде аз мөлшердегі қолмен сұрыптау арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда қалдықтардың жыл сайынғы қордаланған және жинақталған көлемін бағамдау іске асырылмай отыр. Дегенмен, Қарасай ауданында орналасқан полигондағы қалдықтардың көлеміне баға берсек 10 млн. тоннаны құрайды, ал қалдықтар көлемінің артуы 80%-дан асып түскен.

Қоқыс полигондарында қалдықтардың жиналып қалу себебі, қайталама өңдейтін ірі орындардың болмауы болып табылады. Өндеудің ағымдағы деңгейі қадағаланбайды, бірақ сарапшылардың пікірінше 5-6 % аспайды, өнімдерді қайтадан пайдалану үшін (қағаз, пластик және т.б.) ұйымдастырылмаған қолмен сұрыптау жүзеге асырылады.

2.1.6.2.1. кесте. Қалдықтарды қайта өңдеу деңгейі

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2013	2014	2015
Қатты тұрмыстық қалдықтардың жалпы көлеміндегі қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеудің үлесі	%	6,0	6,0	7,0*

Дереккөз: Сарапшылармен сұхбат, жұмыс тобының сараптамасы*

Алматы қаласының статистика Департаменті қалдықтарды қайта өңдеу бойынша мәліметтерді жинауды жүзеге асырмайды. Сонымен қатар Алматы қаласы бойынша Экология департаменті қалдықты өңдеу көлемі бойынша табиғатты пайдаланушылардан ведомствалық есептілікті жинауды жүргізбеген. Бүгінгі таңда ҚР Энергетика министрлігі қайталама шикізатты кәдеге жарату және қайта өңдеу саласында жұмыс істеп жатқан орта және шағын бизнес кәсіпорындарын мемлекеттік статистикалық есепке қою қажеттілігі жөніндегі жұмыстарды жүргізуде. Есепке алудың нормативтік негізін дайындау мәселесі әзірлену үстінде.

2.1.6.2.3. сурет. Қалдықтарды қайта өңдеу деңгейінің үлесі, 2015 ж.



Дерек көз: Қалалар бойынша экологиялық есептер, жұмыс тобының сараптамасы

Бүгінгі таңда қалдықтарды кәдеге жарату мен қайта өңдеу зауыттарының құрылыстарын салу жоспарда бар.

2.1.6.2.2. кесте. SWOT – талдау

<p>Басым жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Алматы қаласының экологиялық жағдайын жақсартуға азаматтық қоғамның аса мүдделілігі. 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - көптеген жылдар бойы ауаның ластану деңгейінің жоғарылауы; - қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесінің болмауы.
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Алматыда ыңғайлы экологиялық жағдай туғызу 	<p>Қауіп - қатер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Алматы қаласы ауа бассейні ластануының жоғары деңгейде сақталуы - көліктердің көбеюі және құрылыстардың, соның ішінде тау-әуе ағынының транзит аймағы болып табылатын қаланың оңтүстік бөлігін қоса

Түйткілдер:

- коммуналдық қалдықтарды бөлектеп жинауда тұрғындарды экономикалық ынталандырудың жоқтығы;
- екінші шикізат нарығының тиісті деңгейде дамымауы;
- екінші материалдық ресурстарды кәдеге жарату мен қайта өңдеу көлемінің мемлекеттік статистикалық есебінің жоқтығы;
- жасыл қор көлемін арттыру үшін жер ресурстарының болмауы.

2.2. Орта мерзімді болашақта аумақты тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі түйткілдерінің, тежеуші факторлардың, бәсекеге, қабілетті басымдықтардың және мүмкіндіктердің кешенді сипаттамасы.

Алматы қаласының жетекші халықаралық рейтингтерде алатын орны

1. **Brookings Global Metro Monitor** 2008 жылғы әлемдік қаржы дағдарысынан соң әлемнің ірі мегаполистерінің экономикалық өсуінің тұрақтылығын және қалалардың экономикасының қалпына келуінің деңгейін өлшейді

Рейтингті әзірлеу кезінде келесі көрсеткіштер ескерілді:

- Қалалық ЖІӨ, оның ішінде ұлттық ЖІӨ-мен салыстыру бойынша;
- Жұмыспен қамту деңгейі;
- Халықтың саны;
- Қалалардың жекелеген салалардағы өнім өндіруінің өсуі;
- Қызметтер секторының дамуының тереңдігі.

Өндіруші ұйым:

Brookings Institution (Вашингтон)

Рейтингтегі қалалардың саны: 300

Рейтинг көшбасшылары		Алматы 2014 жылдың рейтингінде
1. Макао	16. Ченду	151. Балтимор
2. Измир	17. Вэньчжоу	152. Тяньцзинь
3. Стамбул	18. Дели	153. Бостон
4. Бурса	19. Куала-Лумпур	154. Стокгольм
5. Дубай	20. Хэфей	155. Осло
6. Куньмин	21. Наньнин	156. АЛМАТЫ
7. Ханчжоу	22. Наньтун	157. Ист Рэнд
8. Сямынь	23. Хо Ши Мин	158. Талса

9. Анкара 10. Фучжоу 11. Үрімші 12. Будапешт 13. Ухань 14. Нинбо 15. Чанша	24. Суючжоу 25. Эр-Рияд 26. Лондон 27. Цзинань 28. Сучжоу 29. Циндао 30. София	159. Спрингфилд 160. Сантьяго 161. Прага 162. Рио Де Жанейро
---	---	---

2. Дүниежүзілік банктің **Doing Business** масштабтық рейтингі елде 10 олшем бойынша бизнесті жүргізудің ыңғайлылығын бағалайды :

- Жаңа бизнесті ашудың қарапайымдылығы;
- Құрылысқа рұқсаттар алу;
- Электрге қосу;
- Меншікті тіркеу;
- Миноритарлы инвесторларды қорғау;
- Салық салу;
- Халықаралық сауданың ашықтығы;
- Келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету;
- Төлем қабілетсіздігіне рұқсат ету.

Өндіруші ұйым: The World Bank

Рейтингтегі қалалардың саны: 189

Рейтингтің көшбасшылары		Қазақстан 2016 жылдың рейтингінде
1. Сингапур 2. Жаңа Зеландия 3. Дания 4. Корея Республикасы 5. САР. Гонконг, Қытай 6. Ұлыбритания 7. АҚШ 8. Швеция 9. Норвегия 10. Финляндия 11. Тайвань, Қытай 12. Македония, БРЮ 13. Австралия 14. Канада 15. Германия	16. Эстония 17. Ирландия 18. Малайзия 19. Исландия 20. Литва 21. Австрия 22. Латвия 23. Португалия 24. Грузия 25. Польша 26. Швейцария 27. Франция 28. Нидерланды 29. Словакия 30. Словения	34. Жапония 35. Қазақстан (Алматы негізінде) 36. Румыния 37. Беларусь 40. Хорватия

3. **Global Financial Centers** индексі қалалық дамудың объективтік көрсеткіштерін, сондай-ақ онлайн-пікір сұрастырудың нәтижелерін ескереді. Индекстің компоненттері (барлығы 105 параметр) бәсекеге қабілеттіліктің бес көрсеткішіне бөлінген:

- Бизнес-орта;
- Қаржы секторының даму деңгейі;
- Инфрақұрылым;

- Адам капиталы;
- Қаланың имиджі және беделі.
- **Өндіруші ұйымдар:** Z/YenGroup және GreshamCollege (Лондон)
- **Рейтингтегі қалалар саны:** 83

Рейтингтің көшбасшылары		Алматы 2015 жылдың рейтингінде
1. Лондон	9. Сан-Франциско	47. Стамбул
2. Нью-Йорк	10. Вашингтон	48. Бангкок
3. Гонконг	11. Чикаго	49. Лос-Анжелес
4. Сингапур	12. Бостон	50. Бахрейн
5. Токио	13. Женева	51. Алматы
6. Сеул	14. Франкфурт	52. Панама
7. Цюрих	15. Сидней	53. Джерси
8. Торонто		54. Гернси
		55. Манила

4. **Financial Post** индексі 96 аса ірі мегаполистер арасындағы қаржы орталықтарының дамуының қарқынын бағалайды.

Соған сәйкес Стамбул, Йоханнесбург, Сеул, Куала-Лумпур және Бангкок сияқты мегаполистерге жол бере отырып, Алматы 10-шы орынды иеленеді.

Алматы 2015 жылғы рейтингте	
1. Рияд	6. Панама
2. Стамбул	7. Доха
3. Йоханнесбург	8. Куала-Лумпур
4. Сеул	9. Бангкок
5. Касабланка	10. Алматы

5. **Economist Intelligence Unit** «өмір сүру үшін ең жарамды қалалардың» тізімін жасау үшін қалаларды келесі өлшемдер бойынша бағалайды:

- тауарларға қолжетімділік;
- өмір сүрудің қауіпсіздігі;
- білім алудың және денсаулық сақтаудың деңгейі;
- мәдени және экологиялық тартымдылық;
- инфрақұрылымның тиімділігі.

Өндіруші ұйым: Economist Group (Лондон).

Рейтингтегі қалалар саны: 140.

Рейтинг көшбасшылары		Алматы 2015 жылғы рейтингте
1. Мельбурн	16. Токио	95. Сан Пауло
2. Вена	17. Осака	96. Панама-Сити
3. Ванкувер	18. Брисбен	97. Белград
4. Торонто	19. Гонолулу	98. Циндао
5. Аделаида	20. Берлин	99. Амман
6. Калгари	21. Вашингтон	100. Алматы
7. Сидней	22. Копенгаген	101. Бандар-Сери-Бегаван
8. Перт	23. Осло	102. Бангкок
9. Окленд	24. Стокгольм	103. Баку

10. Хельсинки 11. Цюрих 12. Женева 13. Гамбург 14. Монреаль 15. Франкфурт	25. Люксембург 26. Амстердам 27. Брюссель 28. Мюнхен 29. Париж 30. Леон	104. Манила 105. Кито
--	--	--

6. **Merсer «Өмір сапасы»** рейтингінде қалалар сегіз топқа бөлінген 39 фактор бойынша бағаланады:

- Саяси жүйе;
- Экономика;
- Жеке қауіпсіздік;
- Денсаулық сақтау;
- Білім;
- Қоршаған орта;
- Көлік;
- Басқа да факторлар;

Барлық қалалар Нью-Йорктің көрсеткіштеріне қатысты бағаланды.

Өндіруші ұйым: Merсer, LLC (Нью-Йорк)

Рейтингтегі қалалар саны: 230

Рейтингтің көшбасшылары		Алматы 2016 жылдың рейтингінде
1. Вена 2. Цюрих 3. Окленд 4. Мюнхен 5. Ванкувер 6. Дюссельдорф 7. Франкфурт 8. Женева 9. Копенгаген 10. Сидней 11. Амстердам 12. Веллингтон 13. Берн 14. Берлин 15. Торонто	16. Мельбурн 17. Оттава 18. Гамбург 19. Люксембург 20. Стокгольм 21. Штутгарт 22. Брюссель 23. Перт 24. Монреаль 25. Нюрнберг 26. Сингапур 27. Аделаида 28. Сан-Франциско 29. Париж 30. Канберра	170. Каир 171. Вьентьян 172. Сан-Сальвадор 173. Манагуа 174. Санкт-Петербург 175. Алматы

7. **Numbeo** ластану индексі келесі санаттар бойынша респонденттерден онлайн-пікір сұрастыру арқылы жасалды:

- Ауа сапасына қанағаттанушылық;
- Ауыз судың сапасы және оған қолжетімділік;
- Судың және су көздерінің ластануы;
- Қоқысты жинастыру жүйесіне қанағаттанушылық;

- Қала көшелеріндегі тазалық;
- Саябақтарға және жасыл аймақтарға қанағаттанушылық.

Өндіруші ұйым: Numbeo

Рейтингтегі қалалар саны: 297

Рейтингтің көшбасшылары		Алматы 2016 жылдың рейтингінде
1. Канберра	16. Мюнхен	209. Эр-Рияд
2. Стокгольм	17. Оттава	210. Сараево
3. Веллингтон	18. Колорадо-Спрингс	211. Санкт-Петербург
4. Данидин	19. Мальмё	212. Мангейм
5. Конкорд	20. Крайстчерч	213. Рим
6. Эшвилл	21. Аделаида	214. Алматы
7. Мобил	22. Сиэтл	215. Бухарест
8. Виктория	23. Тронхейм	216. Чиангмай
9. Таллинн	24. Мангалур	217. Куала-Лумпур
10. Портленд	25. Вена	218. Турин
11. Эдинбург	26. Хельсинки	219. Ахмадабад
12. Рейкьявик	27. Корк	220. Йоханнесбург
13. Тренто	28. Ванкувер	
14. Цюрих	29. Абердин	
15. Ливерпуль	30. Берген	

Алматы агломерациясының орталығы ретінде Алматы қаласы дамуының бәсекелестік артықшылықтары, айрықша түйткілді мәселелері бар аймақтар және негізгі қауіп-қатерлері.

Мегаполистің бәсекелестік артықшылықтары болып:

- Қызмет көрсетуге бағытталған дамыған экономика;
- Халықтың салыстырмалы түрдегі жоғары төлем қабілеттілігі;
- Адам капиталының жоғары даму деңгейі (халық саны, денсаулық сақтау, білім және т.б.);
- Дамыған білім беру инфрақұрылымы;
- Дамыған спорттық инфрақұрылым;
- Ерекше табиғат жағдайы (ірі қалаға тікелей жанасып жатқан биік таулардың болуы және т.б.);
- Айтарлықтай жоғары көлік-транзиттік әлеует (әуежай, т/ж, халықаралық автожолдар);
- Алматы агломерациясын ескере отырып айтарлықтай өнімдерді өткізу нарығы.

Мегаполистің түйткілді мәселелері болып:

- Қылмыс деңгейінің өсу деңгейі, біршама көші-қон қысымы
- Қолайсыз экология

- Автожолдардың жоғары деңгейдегі жүктемелілігі
- ТКШ-инфрақұлымның жоғары деңгейдегі тозуы
- Қала аудандарының дамуындағы теңсіздіктер
- Тұрғын үймен жеткілікті қамтамасыз етілмеу
- Жұмыссыздықтың, оның ішінде жасырын жұмыссыздықтың жоғары үлесі
- Жергілікті органдардың жеткілікті үйлестірілмеуі.

Мегаполисті дамытудағы негізгі қатерлер:

- Жаһандық экономикалық дағдарыс ;
- Қаланың салық базасының және бюджетінің төмендеуі;
- Іскерлік белсенділіктің төмендеуі.

3. НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫ.

Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары, қазіргі жағдайдың күрделі аймақтарын терең талдау арқылы анықталды.

Осылайша, тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетудің қолданыстағы жүйесінің электрмен және жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру желілері тозуының жоғары деңгейін және соның салдарында желілердегі шығындар бар.

Жоғары сапалы білім беру және денсаулық сақтау сапасының жеткілікті жоғары болмауы, туризм инфрақұрылымы, мәдениет және спорттың жеткілікті деңгейде дамымауы.

Күрделі жөндеуді қажет ететін тұрғын үй қорының жоғарғы үлесі.

Қылмыстық істердегі проблемалардың болуы, қылмыстардың жекелеген түрлерінің өсуі, төтенше жағдайлардың алу, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсететін біліктілігі төмен мамандардың болуы және т.б.

Алматының әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарының негізгі қағидаттары, халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, экономиканы, инфрақұрылымды, әлеуметтік қызмет көрсетуді, қоғамдық қауіпсіздікті, қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік қызметтер көрсету, сондай-ақ бәсекелестік артықшылықтар мен тәуекелдерді талдау негізінде анықталды.

Қағидалар мен мақсаттарға жету жолдарын қалыптастыру келесідей қағидаттар негізінде жүзеге асырылады: қатысу (мүдделі тараптардың қатысуы), кешенділік, оңтайлылық, жүйелілік, икемділік, экологиялық талаптарды сақтау және өзгергіштік, жылдам шешімдер және дәйекті іс-қимыл циклдер сәйкестігі.

Алматы қаласының көрінісі:

Туристер, жүк ағындары, инновациялық кәсіпорындар мен капиталды тарту орталығы болып табылатын қала тұрғындарының өмірі мен жұмысы үшін жайлы, халықаралық деңгейдегі заманауи қала,.

Бағдарламаны іске асыру кезінде негізгілер болып табылады:

БАҒДАРЛАМАНЫҢ 5 ҚАҒИДАТЫ:

1. Әрбір адамға қамқорлық
 2. Үздік тәжірибе негізінде тиімді және үнемді шешімдер
 3. Экономиканың драйвері ретінде бизнесті ынталандыру
 4. Азаматтық қоғамды барынша тарту
 5. Жергілікті басқару органдарының есептілігі мен ашықтығы
- Мегаполистің даму деңгейін және болашағын талдау негізінде анықталды

ДАМУДЫҢ 7 НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ:

1. Жайлы қала
2. Қауіпсіз қала
3. Әлеуметтік- бағдарланған қала –
4. Экономикалық тұрақты қала
5. Жеке капитал мен бизнеске арналған қала
6. Интеграцияланған қала
7. Белсенді азаматтардың қаласы

Бүгінде Алматы Қазақстанның ең ірі экономикалық орталығы болып табылады. Тұрақсыз экономикалық жағдайда, мегаполис бизнес-бастамаларды үшін ең перспективалы инвестициялық алаң бола алады. Егер, сонымен қатар, Алматы қаласы әлеуметтік-экономикалық дамуда жақсы өсу динамикасын көрсетсе, инфрақұрылымды дамыту мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі көрсеткіштердің сапасын жақсарту жөнінде жүйелі шараларды қабылдауы қажет.

Орталық Азия өңірінің ең ірі және ең дамыған мегаполисі ретінде, Алматыда халықаралық ұйымдардың кеңселері, қаржы институттары мен ірі компаниялардың орталықтары пайда болды. Дүниежүзілік сауда ұйымы мен Еуразиялық экономикалық одақ аясында, Халықаралық ынтымақтастық үшін маңызды әлеуетті ашып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясында, Алматы 2050 жылға қарай әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру жөніндегі алға қойған батыл мақсатқа қол жеткізуде шешуші факторға айналуы қажет.

Алматы қаласының даму келешегі елдің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес қалыптасады. Бағдарламаны іске асыру үшін Елбасының бес институционалдық реформасы мен «100 нақты қадам» Ұлы жоспары негіз болып табылады.

3.1. Жайлы қала

3.1.1. Сапалы жолдар, көлік және коммуникациялар

Сапалы жолдар

2016 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумның есебіне сәйкес, Қазақстан жол сапасының әлемдік рейтингісінде 138 елдің ішінде 108 орында тұр. Сарапшылар Қазақстандағы жол бетінің сапасын ықтимал 7 баллдан 2,7-ге бағалады. Қаланың даму бағдарламасында, 2020 жылға қарай жақсы және қанағаттандырырлық жағдайдағы жергілікті автомобиль жолдарының сапасын 80%-ға арттыру көзделген (2015 ж. - 65%).

3.1.1.1 мақсат. Жол байланыстарындағы жүк деңгейін төмендету

№	Нысаналы индикатор	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауапты орындаушы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Жақсы және қанағаттандырырлық жағдайдағы жергілікті автомобиль жолдарының үлесі	%	43	65	60	65	70	75	80	ЖКБ

Алға қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Алматы қаласының Бас жоспарындағы негізгі ережелерді іске асыру;¹
- Қалалық жол желісін кешенді түгендеу жүргізілуде, жол желілерінің дәрежесі мен жағдайын анықтау;
- Түгендеу нәтижесінде жол желілерінің барлық бағыттары бойынша техникалық паспорттарды қалыптастыру;
- Қалалық жол желісін қамту аумақтар деңгейін анықтау мақсатында түгендеу нәтижесі бойынша қала жолдарының кезекші картасын қалыптастыру;
- Қалалық жолдардың балансын ескере отырып, аудандық әкімдіктердің балансында жөндеу жұмыстары және амортизация есебін жоспарлау жүйесін енгізу;
- Жөндеу тізбесін қалыптастыру: көрсетілетін жұмыс түрінің барлық аудандардағы жол желілеріне бірыңғай құрылыс және жөндеу жұмыстарын талап ету мақсатында, құрылыс/жөндеу жұмыстарының мерзімдері мен құны;
- Жол нысандарының құрылыс/жөндеу әсерін өлшеу (көпірлер, жол айрықтар, көшелер құрылысын қоса алғанда): құрылыс/жөндеу жұмыстарының нәтижесінде, жол салу инфрақұрылымы шешімдерді талдау негізінде болуы тиіс. Бұл талдау, интеллектуалды көлік жүйелері және көлік жүйесін модельдеу құралына негізделуі тиіс;
- Жол желісін жоғары жылдамдықты қала жолдары және қалааралық бірыңғай жүйелі жолдар, көпірлер және көшелер құрылысы негізінде дамыту;

- Негізгі көшелер мен жолдардың қиылыстарында түрлі деңгейлерде көлік жолайрығын салу;
- Күрделілігі әртүрлі деңгейдегі жөндеу жұмыстарын жүргізу: ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу;
- Жаңа қосылған аумақтардың жол желілерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін іс-шараларды іске асыру.

Қоғамдық көлік

Қала бойынша қозғалыстың орташа жылдамдығы 2020 жылы 19 км/сағаттан 25 км/сағатқа дейін артуы тиіс. **Қала тұрғындарының және қонақтарының мобильдік мүмкіндігі қоғамдық көліктер есебінен қамтамасыз етілетін болады.** Бұл жеке көлікке балама болмақ. Қоғамдық көлік атмосфераға зиянды заттарды аз бөліп, экологияны жақсартып отырып, жеке көлікке қарағанда энергияны 3-4 есе аз тұтынады. Қоғамдық көлікті дамыту жолдардағы кептелістерді азайтуға, қалалықтардың уақытын және көлікке, инфрақұрылымға арналған шығындарды үнемдеуге әкеледі. 2020 жылы қоғамдық көліктің үлес салмағы 32 %-дан 48 %-ға дейін өседі.

Осы міндетке қол жеткізу үшін, бірінші кезекте жеке көлікпен салыстырғанда қоғамдық көліктің тартымдылығын арттыру қажет. Дамыған елдердің тәжірибесіне сәйкес ынталандыру шаралары қолданылады (айрықша автобус жолақтарының санын көбейту, серіктес қалалар мен көлік қатынасын ұйымдастыру, метроны дамыту және т.б.) және шектеу шаралары (ақылы тұрақтар енгізу, теңгерімді тарифтер және т.б.).

Жаяу жүргіншілерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, сондай-ақ велокөлікке инфрақұрылымды дамытуға айрықша көңіл бөлінеді. Велокөлікті ынталандырудың басты тәсілі – велосипед инфрақұрылымын жасау.

3.1.1.2 мақсат. Қоғамдық көліктің мобильділігін және қолжетімділігін арттыру

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Қаланың жалпы жолаушы ағынында қоғамдық көліктің үлесі	%	-	-	32	38	42	45	48	ЖКБ

Алға қойылған мақсаттарға жету жолдары

- БҰҰДБ-мен бірге әзірленген Алматы қаласының көлік Стратегиясын іске асыруды жалғастыру;
- Қоғамдық көліктің маршруттық желісін оңтайландыру;
- Қоғамдық көліктердегі теңгерімді тарифті енгізу тұжырымдамасын жасау;

- Қоғамдық көліктердегі операторларға тұтынушылық талаптар принциптерін енгізу;
- Жолаушыларды тасымалдау ережелерінің бұзылуын анықтау мен алдын алу рейдтерін жүргізу;
- Сапаны бақылау, диспетчерлік қызметті қалыптастыру;
- Қоғамдық көліктерге бөлінген жолақтардың санын арттыру.
- Ақылы тұрақтарды, теңдестірілген тарифтерді және т.б. енгізу;
- Аялдама кешендерін жаңарту: бағыттық карта/сызба, нақты уақыт режиміндегі қоғамдық көліктің кестесі бар электронды ақпараттық табло, жабдықтардың бүтіндігі мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау камераларын орнату;
- Көпқабатты паркингтер құрылысы жобаларын іске асыру;
- Жаяу жүргіншілерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, сондай-ақ велосипед көлігіне арналған инфрақұрылымды дамыту.
- Таксилерге, адамдар көп шоғырланатын жерлерге тұрақ аймақтарын жасау;
- Серіктес-қалалармен қалаларалық қатынасты ұйымдастыру;
- Компримирленген газда жұмыс жасайтын автобустардың санын 600-ден 1200-ге дейін арттыру;
- Жобалық инвесторларды тарту, оның ішінде жеңіл рельсті көлік құрылысына байланысты (ЖРК);
- Метронның 1-ші желісін кеңейту: жалпы ұзындығы 5,7 шақырым болатын батыс бағытындағы 4 стансаның құрылысының жобасы (Сарыарқа, Достық, Қалқаман және Автовокзал);
- 2018 жылғы Бас жоспарға сәйкес қалаға негізгі радиальді кіру жолдарында үш автовокзал мен автостанса салу;
- Екі секциялы 18 метрлік автобустарды сатып алу барысында жүрдек автобус тасымалын жүргізу үшін БРТ элементтері бар айрықша жолақты салу.

Телекоммуникацияны дамыту

3.1.1.3. мақсат. Коммуникациялық желілерді дамыту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Телефон байланысының беркітілген желілер жиілігі	бірл. / 100 тұрғ.			41,01	33,0	32,5	32,0	31,5	Әкім аппараты
2	Интернет қолданушыларының үлесі	%	73,6	80,9	86,2	84,3	84,5	85,0	85,5	Әкім аппараты

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Алматы қаласы деңгейіндегі ұялы байланыс абоненттерінің жиілік деңгейі бойынша мәліметтердің мониторингі (қазіргі сәтте орын алып отырғандай еліміздің деңгейінде емес);
- Жаңа қосылған аумақтарда коммуникациялық қызметтер орнатылған аумақтардың деңгейін анықтау мақсатында түгендеу жұмыстарын жүргізу;
- «Ақпараттық қоғам мен инновациялық экономикаға өту үшін инфокоммуникациялық технологияларды дамыту» мақсаттарын іске асыру бойынша «Алматытелеком» МОТ-ге қолдау көрсету:
- «Жаңарту бағдарламалары және «Алматытелеком» МОТ» желілерін (телекоммуникация желісі дамуының сызбасын құру) дамытуды» жүзеге асыру
- Алматы қаласына кеңжолқты кіруді дамыту
- Ықпалдастықты дауыс, бейне және мәліметтерді беретін бұқаралық Интернетке кеңжолқты кіруді енгізу
- Негізгі оптикалық шеңберде DWDM (Dense Wavelength Division Multiplexing, спектральді талшықтарды нығыздау) технологияларын қолданатын желілерді дамыту;
- «Алматытелеком» МОТ-тың коммуналды шаруашылық қызметтері мен телекоммуникация нарығының басқа да ірі ойыншыларымен жаңа қосылған аумақтарда коммуналдық желілерді орнату жұмыстарын жүргізу бойынша үйлестіру.

3.1.1.4. мақсат. Азаматтар мен ұйымдардың күнделікті өмірде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануға көшуіне қолдау көрсету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Тұрғындардың цифрлық сауаттылығының деңгейі	%	99,0	100,0	86,1	72,0	76,0	80,0	80,0	ББ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Цифрлық сауаттылық курстарын өткізу;
- Білім беру мекемелерінде 6-15 жас аралығындағы тұлғаларға цифрлық сауаттылық дағдыларын оқыту;
- Жалпы білім беру мектептерінің базасында 16-74 жас аралығындағы тұлғаларға компьютер сыныптарында цифрлық сауаттылық курстарын өткізу.

3.1.2. Таза қоршаған орта

Алматы қоршаған ортасы қазіргі әлемдік талаптарға сай келетін адамдардың өмір сүруіне қолайлы қала болуға тиіс.

Осыған орай ауаға тарату көздерін мониторингілеу мен табиғат қорғау полициясының қызметін жандандырып, кәсіпорындардың зияны заттарды ауаға таратуын төмендету бойынша шараларды қабылдауды Қазақстанның экологиялық кодексі нормаларына енгізуді қамтамасыз ету қажет. Жеке тұрғын үйлерді газдандыру, ЖЭО-тарда тазартушы қондырғыларды монтаждау, шағын және орта қазандықтарды табиғи газға немесе электр қуатына ауыстыру жоспарлануда.

Инвесторларды тарта отырып, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу мен кәріз тазарту бойынша қуат көздерін қалыптастыру жоспарланып отыр. Нәтижесінде қалдықтарды қайта өңдеу 2020 жылы 5%-дан 40%-ға дейін өсуі тиіс.

Қаланы көгалдандыру бойынша ландшафтық дизайн, жасыл-желектерді отырғызу мен күтім жасау саласының тиісті мамандары қатыстырылып, жүйелі шаралар іске асырылады, жасыл аймақтарды заңдастыру мен түгендеу жүргізіледі, қажетті суару желілері салынады және т.б.

Сайран көлі, Бас ботаникалық бақ, Орталық мәдениет және демалыс саябағы, Алматы хайуанаттар бағы және басқа да жасыл аймақтарды жаңарту бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Қала аумағын су басу мәселесін шешу үшін өзен арналарын жаңарту, су қорғау аймақтарын көріктендіру, арық желілері мен нөсер кәріздерін салу жалғастырылады.

3.1.2.1. мақсат. Атмосфералық ластану деңгейін төмендету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Нормативті ластағыш заттардың мөлшері:	млн. тонна								ТРТПРБ
1.1.	- атмосфереалық ауаға тастау		0,06	0,08	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	ТРТПРБ
1.2.	- су нысандарына құю		0	0	0	0	0	0	0	ТРТПРБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Алматы қаласының негізгі жоспарының басты ережелерін жүзеге асыру (қоршаған ортаның қорғаудың сызбасы);
- Байқау негізінде мамандандырылған институттар/мекемелерді тарта отырып, әлімдік стандарттарға сәйкес ластану деңгейін бағалау;
- Ластану деңгейі бойынша ақпараттандыру жүйесін енгізу және сатып алу (ластануды өлшеу датчиктері, интернет портал, көше дисплейлері);
- Мұнай базаларына әкелінетін және АЗС-терде сатылатын автототор жағармайларының сапасын бақылауды қамсыздандыру;

- Табиғи газды қолдануды үстемелеу үшін 10 мың автомобильге газбаллондық құрылғыны ортану, сондай-ақ АГНКС пен АГЗ-ке инвестициялық қызығушылықты ынталандыру;
- ТЭЦ-1-де табиғи газды жыл бойына пайдалануға көшіру;
- ТЭЦ-2-де күкірт тазартатын жабдықты орнату;
- Алматы облысы аумағында орналасқан ЖЭО-3-ті табиғи газға көшіру мәселелерін облыстық/республикалық деңгейде шығару, көтеру;
- ҚР Үкіметіне жағармайдың сапасын Евро-3 стандартынан төмен емес деңгейде көтеру қажеттілігі идеясын жеткізу, ілгерілету;
- Қала шеттерінде орналасқан жол-көлік қызметтерін автокөліктен шығатын түтіндерді өлшеуге арналған жабдықтармен қамтамасыз ету;
- Компримирленген газ немесе электр тартылымын пайдаланатын қоғамдық көліктердің үлесін арттыру шаралары;
- Табиғат қолданушыларының табиғатты қорғау қызметін экологиялық реттестіру;
- Жаңа қосылған аумақтардағы кейінгі газдандыруға байланысты түгендеу жұмыстарын жүргізе отырып, жеке тұрғын үйлерді толық газдандыру.

3.1.2.2. мақсат. Қалдықтарды өңдеумен заманауи басқару жүйесін жасау, қала аумағының тиісті санитарлық жағдайын қамтамасыз ету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Қатты тұрмыстық қалдықтарының олардың түзілуінде кәдеге жарату үлесі	%	6	7,0*	7,0	7,0	7,0	7,5	8,0	ТРТПРБ
2	Тұрғындарды қалдықтарды жинау мен тасымалдау қызметтері бойынша қамту	%	100	100	100	100	100	100	100	ТРТПРБ
3	Экологиялық талаптар мен санитарлық ережелерге сәйкес келетін қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыру нысандарының үлесі	%	0	0	0	0	0	0	0	ТРТПРБ

*Сарапшылар бағасы бойынша

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Алматы агломерациясының 2020 жылға арналған аумақаралық жоспарының іс-шаралар жоспарларына сәйкес кәріз тазарту үй-жайларының ұйықты алаңқайларында биогаз өңдеу бойынша қоқыс өңдеуші кешеннің жобасын бекіту (бұдан әрі – «Кешен»);
- Кешен құрылысының қаржыландыру көздері мен сызбасын келісу;
- Жылына ТБО 300 мың тонна жоба күшімен Кешен құрылысын жүргізу;

- Кешен қызметінің нәтижесін мониторингілеу бойынша талаптарды қалыптастыру;
- Алматы қаласының Алатау ауданында қалдықтарды сұрыптау кешенінің (ҚСК) құрылыс;
- Жеке инвесторлар қаражаты есебінен қалдықтарды өртейтін күші 650 мың тоннаны құрайтын зауыттың құрылыс үдерісіне әкімшілік қолдау көрсету (Қарасай полигонында);
- Қоқысты бөлшектеп жинау мен сұрыптау концепциясын жасауға сатылай көшу;
- Қауіпті және басқа да қалдықтарды кәдеге жарату, көму, жинау мониторингі бойынша әдістеме әзірлеу;
- Қоқысты жинау және шығару, соның ішінде жинау пункттеріне деген талаптарды (қоқыс жәшігі, контейнерлік алаңдар) жетілдіру;
- Қоғамдық дәретханалардың қамтамасыз етуі;
- Қаланың ластануын алдын алу бойынша іс-шараларға еріктілердің қатысуы (экопатрульдер);
- Ескі автокөліктерді утилизациялау жүйесін ендіру.

3.1.2.3. мақсат. Қаланы абаттандыру мен көгалдандыру

№	Қосымша нысаналы индикатор	Өлш. бірл.	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Жасыл желектер алаңын көбейту	ш.м./адам	12	12,5	12,5	12,5	12,5	ТРТПРБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Алматы қаласының жасыл-желектерін түгендеу және орманпатологиялық зерттеу жүргізу;
- Жасыл-желектерді түгендеу және орманпатологиялық зерттеу жүргізу материалдары бойынша жасыл-желектердің бірыңғай электронды базасын жүйелендіру;
- Инвесторлар қаражатын тарта отырып, жасыл желектің жапырақты, қылқанжапырақты түрлерінің, бұталардың тәлімбағын жасау;
- Ян Гейлдің жобасын іске асыру аясында Алматы қаласының көшелерін, саябақтарын, шағын бақтарын және басқа да жасыл аймақтарын абаттандыру;
- Алматы қаласын ағаш-бұталы және гүлді-сәндік көгалдандыру;
- Қаланың жасыл қорына енетін нысандарына жер пайдалану актілерін ресімдеу (саябақтар, шағын бақтар, гүлзарлар және т.б.);
- Жаңа саябақтар мен рекреационды аймақтарды құру;
- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды сақтау және дамыту;
- Қаланы тазалаудың экологиялық әдістерін енгізу (химиялық реагенттерді неғұрлым аз мөлшерде қолдану арқылы);

- Бас ботаникалық бақты, Орталық мәдениет және демалыс саябағын, Алматы хайуанаттар паркін, Баум бағын басқа да жасыл аймақтарды, қайта жаңалау бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру;
- Қаланың үйлесімді сәулеттік кескінін құру стратегиясын жасау.

3.1.2.4. мақсат. Алматы қаласының кіші өзендерін, су нысандарын экологиялық оңалту

№	Қосымша нысаналы индикатор	өлше м бірлігі	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауапты орындаушы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Су қойған аймақтарын абаттандыру және арналарды қайта жаңалаудан кейін өзен учаскелерінің жалпы ұзындығын көбейту үлесі	%	41	44,2	46,98	50,2	53,3	56,5	59,7	ТРЖТРБ

* Алматы қаласының өзен арналарының жалпы ұзындығы 315 км құрайды

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Қала аумағындағы (оның ішінде қосылған) су қорғау жолақтарының, өзендердің арналарының, каналдардың, су шаруашылығы құрылғыларының жекелеген бөліктерін қайта жаңғыртудың жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу;
- Қаланың кіші өзендерінің арналарының жекелеген бөліктерін қайта жаңғырту;
- Су нысандарының су қорғау жолақтарын қайта жаңғырту және абаттандыру;
- Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы қондырғыларының қызметін камтамасыз ету;
- Арық желілері мен нөсер кәріздерін қайта жаңғырту және салу;
- Қаланың коммуналды субұрқақтарын қалпына келтіру (күрделі жөндеу);
- Табиғатты пайдаланушылардың су ресурстарын тиімді пайдалануға қатысты қызметін экологиялық реттеу;
- Сайран өзенін қайта жаңалау бойынша инвестициялық жобаны іске асыру;
- Су қорғау аймақтарын сақтау мен заң бұзушылықтарды жою.

3.1.3. Жануарлардың қолайлылығы (Мейірімді қала)

Әлеуметтік-саяси сипатының өзекті мәселенің бірі - Жануарлар тобы. Әлемдік қоғамдастықтың «Бес еркіндік» қағидаттарына негізделген, жануарлар тобын адамгершілікке жатқызу туралы саясаты жүргізіледі.

«Бес бостандық» жануарларды қорғаудың жалпы декларациясына (Universal Declaration on Animal Welfare) енгізілген. Сонымен қатар,

жануарларды қорғау жөніндегі халықаралық лигасы мен ЮНЕСКО «Жануарлар әлемі бойынша Дүниежүзілік декларацияны», Дүниежүзілік жануарларды қорғау ұйымы «ХЭБ стандарттары мен бөлімдерін бөлу саласындағы ұсыныстарды» және ЕО «Жануарларды қорғау туралы Еуропалық конвенцияны» қабылдады.

Әлемдік деңгейде жүзеге асырылатын басты мақсат - жануарлардың игілігін қамтамасыз ету, мәдениетті жақсарту және жануарларға қызмет көрсету үшін әмбебап жауапкершілікті енгізу.

Иттер мен мысықтар жануарлар арасында ең осал топ болып табылады, олар бір жағынан әртүрлі жұқпалы аурулардың тасымалдаушылары, ал екінші жағынан мемлекеттің және заңның қорғауынан толық айырылады.

Осы фактіні ескере отырып, «Жақсы қала» жайлы қалалық жол картасы «2017-2021 жылдар аралығындағы кезеңде халықты санитарлық және ветеринариялық саулығын қамтамасыз етеді, үйсіз жануарлар санының барынша азаюын қамтамасыз ететін және жұмыс алгоритмін әзірледі», ал екіншісінде - халықтың қатал әрекеттерінен заңнамалық түрде қорғайды.

ЭЫДҰ елдерінде жануарларды ұстауға арналған әлеуметтік жауапкершілік бағдарламалары қабылданды және адамгершілік басып алу және эвтаназия үшін алгоритмдер анықталды. Сондай-ақ, гуманлы мөлшерді реттеу бағдарламалары жұмыс істейді, оған байланысты ескерілмеген жануарлар саны азаяды.

Адамгершілік басқарудағы тәжірибесін және мәселелердің ұқсастығын есепке ала отырып, адамзаттың принциптеріне негізделген жануарларды ұстау мен емдеуге жағдай жасау үшін БҰҰ-ның, ЮНЕСКО-ның, ЕО-ның, ДСҰ және ЭЫДҰ елдерінің жануарларды басқару саласындағы бірқатар тәсілдер қабылданды.

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- жануарларды санаттарға бөлу, әр санат үшін бөлек НҚА;
- Алматы жануарларының бірыңғай тізіліміне енгізу арқылы жануарлардың нақты санын шектеу;
- ескерілмеген жануарлардың санын 10 есе азайту;
- Жоғалған жануарларды қайтару немесе жаңа иелерді табу үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- шабуылдар мен қауіпті аурулардың иттер мен мысықтар арқылы таралу қаупін 9 есе азайту;
- жануарларды қатыгездікпен қарау туралы өтініштердің санын қысқарту;
- Жануарлардың иелерінің жауапкершілігін арттыру және жануарлардың бірыңғай тіркелімінде барлық үй жануарлары туралы ақпаратты біріктіру арқылы халықты бақылау.

3.1.4. ТКШ сенімді инфрақұрылымы

Алматының қала тұрғындары үшін тыныш болуына ықпал ететін сапалы ТКШ – инфрақұрылымы болуы тиіс.

Осы орайда қалада жарақтандыруды талап ететін күрделі инженерлік инфрақұрылым бар. Тұрғын үй құрылысы мен өнеркәсіптің интенсивті дамуын ескере отырып, қаланың жылу және электр энергиясына қажеттілігінің өсуіне байланысты Алматы қаласының жылу энергетика кешені дамуда.

Инженерлік желілердің орташа тозуы 60-70%-ды құрайды.

Осы мәселелерді шешу үшін қайнар көздер мен инженерлік желілерді жаңғырту жүргізілетін болады. 2020 жылға дейін тозу үлесін төмендету жоспарлануда: сумен жабдықтау желілері бойынша – 64,5 %-дан 56% - ға дейін; су бұру - 62% - дан 54% - ға дейін; жылумен жабдықтау - 65%-дан 57% - ға дейін, электрмен жабдықтау - 69% - дан 65% - ға дейін.

Бүгінгі күні орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жүйесіне қолжетімділік 95%-ды құрайды, ал 2020 жылға қарай 100 % көрсеткішті, су бұру бойынша 85%-дан 86%-ға дейін жеткізіледі.

Қазақстан Республикасы 2020 жылға дейін стратегиялық дамыту жоспарында энергия үнемдеу саласы бойынша Жалпы Ішкі Өнімнің энергия сыйымдылығын азайтуды 25%-ға жеткізу міндеті қойылған. Жоспарланған энергия үнемдеу іс-шаралары осы көрсеткішке қол жеткізуге бағытталған.

Сонымен қатар, электрэнергия саласында жаңа тарифтік саясат енгізу жоспарланып отыр. Ол салаға тарифтің құрылымын өзгертумен инвестициялар ынталандыруға ықпал етеді.

Заманауи және тиімді технологияларды қолдану арқылы кәріздік тазалау құрылғыларын қайта жаңғырту жоспарланып отыр.

3.1.3.1. мақсат. Тұтынушыларды сапалы және сенімді коммуналды қызметтермен қамтамасыз ету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бір.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орын.
1	Қаладағы орталықтандырылған желілерге қолжетімділік:									
	- сумен жабдықтауға	%	95	95	96,0	97,0	98,0	99,0	100,0	ЭКШБ
	- суды әкетуге	%	72	85	77,0	79,0	81,0	84,0	86,0	ЭКШБ
2	Жалпы ұзындықтағы жаңартылған желілер үлесі:									ЭКШБ
	■ жылумен жабдықтау	%	2	1,0	1,5	1,8	2,1	2,5	1,8	ЭКШБ
	■ электрмен жабдықтау	%	9	5	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	ЭКШБ
	■ газбен жабдықтау	%	Көз-дел-	Көз-дел-	1,0	1,5	1,5	1,5	1,5	ЭКШБ

			меген	меген						
3	Жылу/электр қуатын желілерге таратудағы шығын үлесі									ЭКШБ
	■ жылумен жабдықтау	%	18,91	18,51	18,30	18,30	18,22	18,12	18,0	ЭКШБ
	■ электрмен жабдықтау	%	15,50	15,20	14,78	14,78	14,67	14,56	14,48	ЭКШБ
4	Өндірілген электр энергиясының жалпы көлеміндегі энергияның жаңартылған көздерінен өндірілген электр энергиясының үлесі	%	3,12	4,22	4,28	3,78	4,25	4,25	4,25	ЭКШБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Сумен жабдықтау, су бұру жүйесіндегі шығындар мен тозуды төмендету, оның ішінде жыл сайын 30 шақырымға дейін қайта жаңғырту, жүйелері күрделі апатты жөндеулер есебінен көлемін арттыру;
 - Суды жинақтау, ағын суларды тазалап қайта қолдану іс-шарасын енгізу;
 - Жылу жүйелерін ауқымды қайта жаңғырту бағдарламасы есебінен жылу жүйесінде шығындар мен тозуды азайту;
 - Энергия үнемдеуге арналған іс-шараларды жүзеге асыру – ресурстарды тұтыну көрсеткіштерін қашықтықтан жоғары дәлділікпен түсіруге арналған жылу қуатын есептеу құралдарын орнату, автоматтандырылған жылу нүктелерін, жылу және ыстық сумен қамтасыз ету жүйелерінің өткізгіш құбырларының, ілмекті және реттегіш арматураның оқшауланған жылуын орнату;
 - Электр желісі операторларының тозу мен шығынына байланысты нормативтерін қатайту арқылы электр желілерінің шығыны мен тозуын төмендету;
 - Әуе ЭБЖ кабелдік желілерге ауыстыру;
 - Кәсіпорындар және тұрғындар үшін энергиялық тиімді құрал-жабдықтарды орнату және пайдалану бойынша маркетингтік компания жүргізу;
 - Тұрақты түрде энергоаудит жүргізу және заң бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тарту;
 - Өндірілген электр энергияның жалпы көлемінде жаңартылып отыратын энергия көздерінің өндірілген электр энергия үлесін көбейту;
 - Тариф құрылымын өзгерте отырып, салаға инвестиция салуды ынталандыруға ықпал ететін электроэнергетика саласында жаңа тарифтік саясат енгізу;
 - Заманауи және тиімді технологияларды пайдалана отырып, кәрізді тазалау құрылғыларына қайта жаңғырту жүргізу.

3.1.3.2. мақсат. Баспананы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының қолжетімділігін қамтасыз ету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауап. орын.
1	Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі	%	112,1	101,8	100,3	102,9	102,9	102,9	102,9	ҚБ
2	Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы	мың шаршы м	1330,8	1373,7	1862,9	1888,3	1305	1390	1395	СҚҚБ
3	Паспортталған әлеуметтік, көліктік инфрақұрылым нысандарының жалпы санынан мүгедектер үшін қолжетімділік қамтамасыз етілген әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының үлесі	%	-	8,7	40	70	80	90	100	ЖҚӘББ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

■ Келесі бағдарламалар шеңберінде тұрғын үйлерді салу мен пайдалануға беру:

- 2020 жылға дейінгі өңірлерді дамыту бағдарламасы;
- муниципалдық қарыз есебінен ипотекалық тұрғын үйдің қалалық бағдарламасы;
- жалға берілетін тұрғын үйлердің құрылысы;
- тұрғын үй құрылыс жинақтарының жүйесі (ТҚЖЖ) арқылы;
- ескі тұрғын үйлерді бұзудың қалалық бағдарламасы;
- коммерциялық тұрғын үй;
- жеке тұрғын үй құрылысы.

■ Құрылыс жүргізуге, жерге рұқсат алу және коммуналдық желілермен абаттандыруды қамтамасыз ету жұмыстарын қоса алғанда, ЖОО бірлесе отырып студенттер жатақханаларын салу бағдарламасын әзірлеу;

■ Әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын паспорттау және осы нысандардың мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін оларды құрал-жабдықтармен жарақтандыру;

■ Ғимараттар мен құрылғыларды күтіп-ұстау және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту.

3.1.3.3. мақсат. Тұрғын үй нысандары үшін жоғары сапа стандарттарын қамтамасыз ету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бір.	2014	2015*	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орын.
1	Күрделі жөндеуді қажет ететін нысандардың кондоминиумының үлесін төмендету	%	55,0	57,2	53,4	53,0	52,2	51,4	51,0	ТТИБ

* 5 айлық ведомстволық мәліметтер

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Көп қабатты тұрғын үйлерге тозу деңгейін анықтау және бюджеттік қаржыны рационалды игеру мақсатында техникалық зерттеу жүргізу;
- Тұрғын үйлерге техникалық төлқұжат дайындау бойынша іс-шаралар өткізу және кондоминиум нысандарын әрі қарай тіркеуге алу бойынша жан-жақты қолдау көрсету;
- Кондоминиум нысандарын басқару органдарына жоспардан тыс және іріктеме тексерулер жүргізу;
- Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтарды жаңарту бағдарламасын кеңінен насихаттау мақсатында ақпараттық кампаниялар өткізу;
- Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтарды жаңарту бағдарламасына қосымша қаражат тарту;
- «Ескі тұрғын үй» мақсатты нысанды инвестициялық бағдарламаның жүзеге асырылу кезеңдері мен шараларын бекіту;
- Мемлекеттік-жеке әріптестік қағидасында аумақты игеруге мақсатты келісім-шарттарды жасай отырып, жеке секторды «Ескі тұрғын үй» бағдарламасына қатысуға тарту.

3.2. Қауіпсіз қала

3.2.1. Қоғамдық қауіпсіздік

Бейнебақылау жүйесін жетілдіру және ұтқыр қимылдау, қылмыспен күресудің тиімділігін арттыру және жұмыссыздықты азайту арқылы Алматы қаласы әлемнің басқа қалалары секілді адамдар өздерін қауіпсіз сезінетін қала болуы тиіс. Қауіпсіздік туралы сөз болғанда Алматы қаласының сейсмикалық және селге қауіпті аймақта орналасуымен байланысты табиғи факторларды ескеру қажет.

Бірінші кезекте құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру қажет. Бұған әкімдікке және жергілікті қауымдастыққа есеп беретін муниципальды полиция қызметін құру бағытталған.

Сонымен қатар полиция қызметкерлерін қауіпсіздікті қамтамасыз етудің заманауи құралдарымен жабдықтау жақсартылатын және жаңартылатын болды.

Тұрғын аудандардың жарактандырылуын арттыру басты бағыттардың бірі болады.

Жедел жастар және студенттер жасақтарын құру арқылы жастарды қоғамдық тәртіпті сақтауға тарту жұмыстары белсенді жүргізілетін болды.

Жол көлік апаттарын қысқарту үшін «апат профилін» жасау, бастамалар тізімін анықтау, заманауи фото және бейнемониторинг жүйелерін, қауіпсіздік мәселесі жөніндегі әлеуметтік жарнамаларды кеңейту, жүргізушілерді оқытуды жақсарту қолға алынады.

Ұрлық жасау деңгейі 100 мың адамға шаққанда 2020 жылы 186-дан 150-ге дейін, адам өлтіру – 5,4-тен 5-ке дейін, ЖКА кезінде қайтыс болғандар 2,4-тен 2,3-ке дейін төмендеуі тиіс.

3.2.1.1. мақсат. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесін дамыту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орын.
1	Көшеде жасалған қылмыстардың үлес салмағы	%	29,4	26,1	31,1	34,0	33,0	32,0	31,0	ПД
2	ЖКА-дан қаза тапқандар санының 100 жапа шеккендерге шаққанда төмендеуі	%	3,0	2,4	2,4	2,6	2,5	2,4	2,3	ПД
3	Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстың үлес салмағы	%	2,1	1,5	1,2	1,6	1,5	1,4	1,3	ПД
4	Бұрын қылмыс жасаған адамдар қайта жасаған қылмыстардың үлес салмағы	%	8,8	14,7	13,9	18,2	18,1	18,0	17,9	ПД
5	Қоғамдық орындарда темекі мен қорқорды шегуге заңнамалық түрде тыйым салудың орындалу деңгейі	%	-	-	92,5	40	50	60	70	ДБ, ПД

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Азаматтар көп шоғырланатын жерлердегі ахуалды интеллектуалды камералар арқылы бейнемониторингілеу жүйесін дамыту;
- Полиция қызметкерлерін қауіпсіздік құралдарымен жабдықтауды жақсарту және жаңарту;
- Анағұрлым криминагендік орындарда «қауіпсіздік белдеулерді» орнату (дереу ден қою топтарын шақыруға арналған тетіктерімен бірге);
- Тұрғын аудандардың жарактандырылуын жақсарту (тротуарлар, аула аумақтары), энергия тиімді жарықтандырды енгізу;

- Мигранттарға қала талаптарына бейімделуіне және жұмысқа орналасуына көмек көрсету;
- Құқық қорғау органдарының ЖОО әкімшілігі және студенттермен тәрбиелік сұхбаттар өткізуде өзара іс-қимыл жасасуы;
- Жедел жастар мен студенттер жасақтарын құру арқылы қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету;
- Негізгі себептерге талдау жүргізу, тәулік уақыты, жасы, жасалған құқық бұзушылықтар, мәжбүрлеу шаралары және тәртіптік факторлар қамтылған «Апаттық профилі» құру;
- Қауіпсіздік мәселелері бойынша бейнеклиптер мен арнайы телебағдарламалар түріндегі әлеуметтік жарнамалар;
- «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» ААЖ жүйесін дамыту арқылы фото- және бейнежүйелер мониторингін кеңейту;
- Жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қауымдастыққа бағынысты жергілікті полиция қызметін құру;
- Қоғамдық орындарда шылым және қорқор тартуға тыйым салатын заңнамалық шектеулердің орындалуын күшейту;
- Есірткіні, психотроптық заттарды тарату және қолдану фактілерін анықтау бойынша көңіл көтеретін мекемелерде, түнгі клубтарда рейдтік іс-шаралар өткізу;
- Жастар арасында нашақорлықты бастапқы кезде анықтау бойынша кешенді іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз ету.

3.2.2. Табиғи катаклизмалардың алдын алу

Алматы сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан (жер сілкіністері, сел, лай көшкіндері). Осыған байланысты табиғи катаклизмалар мен техногендік апаттардан қала тұрғындары мен қала қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты бағыттары төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл жасайтын және оларды ескертетін инфрақұрылымды дамыту болып табылады.

Тиесілі инфрақұрылымды дамыту үшін әлеуметтік нысандарды (денсаулық сақтау, білім беру) сейсмикалық күшейту, ескі тұрғын үйлерді бұзу, өрт сөндіру депосын салу, қала әкімінің жұмылдыру қорын толықтыру, халықаралық стандарттарға сәйкес заманауи авариялық-құтқару техникалары мен жабдықтарын сатып алу жоспарлануда.

3.2.2.1. мақсат. Техногенді авариялар, апаттар және табиғи зілзалалар кезінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орын.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Төтенше жағдайларға	%	48,5	49	52	53	55	56	57	ТЖД

	қарсы іс-қимыл жасау инфрақұрылымдарының жабдықталу деңгейі									
2	Авариялық-құтқару құрылымдарының техникамен жабдықталуы	%	43,8	43,8	44,5	46,0	47,5	49,0	51,0	ТЖД

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Ұсыныстар енгізу, сондай-ақ білім және денсаулық сақтау нысандарын сейсмикалық күшейту, ескі тұрғын үйлерді бұзу бағдарламаларын ілгерілетуге қатысу;
- Заманауи құтқару және өрт сөндіру автотехникаларын, сондай-ақ авариялық-құтқару жабдықтарын сатып алу;
- Өрт сөндіру деполарын кезең-кезеңімен салу;
- Сел жүру және су басу, қар, лай көшу, опырмалардың туындау қаупі жоғары ошақтарды аэровизуальды және жерде тексеру;
- Морендік көлдердің тасуын алдын алу іс-шаралары;
- ТЖ туындаған жағдайда оқытуға арналған буклеттер мен плакаттарды әзірлеу және шығару, адамдар көп шоғырланатын жерлерде және БАҚ-та ақпараттық бейнероликтерді дайындау және көрсету;
- Қаланың тіршілігін қамтамасыз ету нысандарының өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылауды қамтамасыз ету;
- Қаланың инженерлік-қорғаныстық құрылғыларына жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу (МТҚ, тоғандар, бөгеттер);
- Сейсмикалық тұрғыдан шағынаудандарға бөлу картасына қала тұрғындарының рұқсат алуы;
- Қауіпті аумақтар мен ТЖ туындауы мүмкін аймақтардың жағдайына тұрақты мониторингті күшейту;
- Табиғи және техногендік ТЖ зардаптарын жоюға ТЖАК ден қою күштерінің дайындығын арттыру;
- Барлық санаттағы құтқарушылардың кәсіби дайындығын жетілдіру, құтқару операцияларын жүргізудің жаңа технологияларын белсенді енгізу;
- Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғау мәселелері жөнінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен ведомствоаралық іс-қимылдарды күшейту.

3.2.3. Ақылды қала (Smart City)

«Ақылды қала» (*Smart City*) тұжырымдамасын іске асыру жаңа үрдістің бірі болып табылады. Қаланы басқаруға ақпараттық технологияларды қолдану, **Smart** технологиясын енгізу Алматы қаласының басты сипаттамасы болып табылады.

Жобаның мақсаты өмір қауіпсіздігі мен сапасын арттыру, инфрақұрылымдар мен инвестициялық тартымдылықты арттыру, көлік және экологиялық мәселелерді шешу, энергия мен суды қолдану тиімділігін, коммуналдық қызметтер және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қызмет көрсетуге пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады.

«Ақылды қалаларды» жүзеге асырудың тиімділігі мен заманауилығы әлемде іске асып жатқан мысалдармен расталады. **Лондонда** қоғамдық көліктің кешігуі 40 %-ға қысқартылды, жол сыйымдылығы 15% артты, зиянды заттардың ауаға таралуы 25% төмендеді. Жылуды пайдалану 25% азайды, көшені жарықтандыру шығыны 40%, электр және жылу орташа есеппен 20%, ал ЖКО саны 20% төмендеді.

«Ақылды қала» тұжырымдамасының халықаралық тәжірибесінің есепке алынуы қаланың өндірістік үдерістері мен қызметтерінің едәуір трансформациясын талап етеді. **Трансформация** үдерістерді оңтайландыру бойынша ұйымдастыру кешенін қайта қарау, қаржыландыру жолдары мен қызметтер стандарттарын, сондай-ақ ықпалдастырылған ақпараттық жүйелерді енгізуді қамтыған 3 жылдан 7 жылға дейін созылады.

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Алматы қаласының инфрақұрылымын үшін **Smart** технологиясының басымды бағытта жарамдылығы тұрғысында зерттеу (көлік, ТКШ, қауіпсіздік, тағы басқалар);
- Қаланың қазіргі АКТ жүйесін тексеруін орындау;
- «Ақылды қала» (*Smart City*) жобасы бойынша тұжырымдаманы, шебер жоспарын және инвестициялық ұсыныстарын дайындау;
- «**Smart City**» ақпараттық жүйесін интеграциялау және өзара әрекеттестіру, пайдалану Ережесін дайындау;
- **Smart** технологиясын енгізу үшін жағдай жасау бойынша ұсыныс дайындау және заңнамалық талдау;
- **Smart** технологиясын енгізу қағидаларына және көзқарастарға мемлекеттік қызметшілерді оқыту және кеңес беру;
- «**Smart City**» компонентіне ТЭО әзірлеу;
- «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ-ның базасында азаматтардың өтініштерін қабылдау, талдау және оларға кеңес беру бойынша Алматы қаласы әкімдігінің «Open Almaty» қоғамдық қабылдау бөлмесін ашу;
- Қалалық басқармалардың қызметіне функционалдық талдау жүргізу және кейіннен халыққа қызмет көрсету кезінде басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерістерін оңтайландыру;

- Жергілікті атқарушы органдарға тұрғын үй қатынастары саласында тиісінше күтіп-ұстауды басқару мен ұйымдастыруда және тұрғын үй қатынастары саласында қызметтерді көрсету сапасын бақылау құралын ұсынуда тұрғындар және ПИК қатысуы үшін электрондық алаң құру;
- Нақты уақыт режимінде нысандардың жай-күйін бақылау үшін Алматы қаласының өзендер бассейндерінде сел қаупін мониторингілеуді автоматтандыру;
- Қолданыстағы қалалық көлік жүйелерін жаңғырта және интеграциялай отырып қаланың зияткерлік көлік жүйесін дамыту;
- Алматы қаласының цифрлық бас жоспарын әзірлеу және қолдау;
- Ақпаратты мониторингілеу және талдаудың бірыңғай орталығын құру және BigData технологияларын кейіннен қолдану үшін қаланың жұмыс істеп тұрған ақпараттық жүйелерін біріктіру;

* «Сандық Қазақстан» (Digital Kazakhstan) бағдарламасы аясында «Smart City» тұжырымдамасы мен ҚР ИДМ бірлесіп арнаулы көрсеткіштер анықталады.

3.2.4. Тұрақты электрмен жабдықталған қала

Алматы қаласында тұтынушыларды үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін жалпы трансформаторлық қуаты – 2 375 МВА болатын жоғары кернеудегі (220 кВ) алты қуаттаушы қосалқы станция салынған.

Қосалқы станциялар қаланың периметрі бойынша біркелкі орналастырылып, қалада 220 кВ біртұтас энергетикалық шеңбер қалыптасқан. Қосалқы станциялардан қаланың орталығына қарай жоғары вольтты тіректер арқылы 110 кВ электр беру желілері тартылған.

Жер учаскелерін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында және әлемдік елдердің (Германия, Австрия, Ұлыбритания және т.б.) тәжірибесін ескере отырып, жер асты кабель каналдарымен жоғары кернеу класындағы электр желілерін (220/110/35 кВ) жүргізу қажет. Осылайша орындалған сыртқы электрмен жабдықтаудың схемасы қала тұрғындары үшін қауіпсіздікпен және пайдалану кезіндегі жоғары сапасымен сипатталады.

Сонымен бірге, бұл тұжырымдама «Академик Ш.Ш. Шөкин атындағы ҚазҒЗ энергетика институты» АҚ әзірлеген Алматы қаласының бас жоспарын түзетудің «Электрмен жабдықтау» бөлімінде ұсынылған.

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Қала аумағындағы электр берудің әуе желілерін кезең-кезеңімен кабельді (жер асты) желілерге қайта жабдықтау;

- 110 кВ ауыстыру арқылы 220 кВ қосалқы станцияларды қайта жаңғырту;
- Қаланың айналасындағы 220 кВ шеңбермен қатар режимде жұмыс жасайтын 110 кВ транзиттік әуе желілерін алып тастау арқылы 110 кВ кернеудегі желілерді оңтайландыру;
- 110 кВ әуе желілерін кабель желілеріне біртіндеп ауыстыру және алып тастау, оларды селитебтік құрылыс аймақтарындағы қосалқы станцияларға қосуды қарастыру;
- 35 кВ қосалқы станцияларды 110 кВ кернеуге ауыстыра отырып, 35 кВ желілерді біртіндеп алып тастау;
- 6 кВ кернеудегі желілерді 10 кВ ауыстыру жұмыстарын аяқтау.

3.3. Әлеуметтік-бағытталған қала

3.3.1. Сапалы білімге, денсаулық сақтауға және басқа да әлеуметтік қызметтерге қолжетімділік

Сапалы білім беру

Алматы адамдардың орташа өмір сүру ұзақтығы еуропалық стандарттарға сай келетін, барлық азаматтар өз мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сай, балабақшадан бастап университетке дейінгі аралықта білім алуға қол жеткізе алатын қала болуы тиіс.

Орта білім беру саласында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі енгізілетін болады.

Мектеп бітірушілердің арасында жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген (үздік/жақсы) оқушылардың үлесі негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады, ол 2020 жылы 60%-ға жетеді.

Балабақшалар мен мектептердің жетіспеушілігі жеке меншік капиталды кеңінен тартуға бағытталған арнайы Бағдарламаны қабылдау арқылы шешілетін болады.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында дуальды жүйені енгізу жалғасады, ал мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған және оқуын аяқтағаннан кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан Т және КБ оқу орындарын бітірушілер үлесінің көрсеткіші 75% жетуі тиіс.

Инклюзивтік білім беруді дамыту шеңберінде негізгі күш дамуында ерекшеліктер бар балаларды оқыту үшін теңдей мүмкіндіктер жасауға бағытталады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы санынан балаларды инклюзивтік біліммен қамту 2020 жылға қарай 33,2% жетуі тиіс (2015ж. – 20%).

Баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуы үшін қосымша білім беру жүйесі дамытылады. Бұл үшін спорт секцияларының, пәндік, музыкалық және

шығармашылық үйірмелердің, аула клубтарының, роботехника орталықтарының санын арттыру жоспарланып отыр.

Ашықтық, қол жетімділік және халық алдында есеп беру білім беру жүйесі жұмысының басты бағыттарының біріне айналады. Қаладағы білім беру мекемелерінің кірістері мен шығындары туралы ақпаратты жариялау жалғасатын болады.

3.3.1.1. мақсат. Мектепке дейінгі білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орын.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Мектепке дейінгі тәрбиеге және оқытуға балаларды қамту	%	64,7	70,0	74,7	81,2	82,5	95	100	ББ
1.1	Оның ішінде жекеше мектепке дейінгі ұйымдардың жүйесін дамыту есебінен	%	26,1	27,0	36,0	35,4	35,9	36,8	37,2	ББ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Мемлекеттік жекеше серіктестіктерді дамыту аясында балабақшалардың құрылысына инвестиция тарту;
- Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жолында жекеше балабақшаларды ашуға кіші және орта бизнесті тарту;
- Мектепке дейінгі ұйымдардың жүйесіне қайтару мақсатымен қаладағы бұрынғы балабақшалар ғимараттарын пайдалануға талдау жүргізу;
- Жаңа тұрғын үй кешендерінің құрылысы барысында бірінші қабаттарда балабақшалар ұйымдастыру;
- Инклюзивті білімді дамыту үшін қолжетімді орта құру.
-

3.3.1.2. мақсат. Орта білімнің сапасы мен инклюзивтілігін арттыру

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. Бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. Орын.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Үш ауысымды жұмыс жасайтын және апаттық мектептердің саны	бірлік	0	0	0	0	0	0	0	ББ
2	Жаратылыс-математикалық тәртібі бойынша мектеп бітірушілер арасында білімділік бағдарламаларын сәтті (үздік/жақсы) меңгерген оқушылардың үлесі	%	51,0	51,2	51,4	52,8	56,2	57,8	60,0	ББ

3	Мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті білімге қамту	%	20	32,2	32,5	32,7	32,9	33	33,2	ББ
---	--	---	----	------	------	------	------	----	------	----

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Мектептердің құрылысы үшін қаладағы жер телімдеріне тексеріс жүргізу;
- Мемлекеттік жеке серіктестіктерді дамыту аясында мектеп құрылысына және қолданыстағы мектептердің қосымша құрылысына инвестиция тарту;
- «Мектеп автобусы» жобасын іске асыру үшін тұжырымдама әзірлеу және инвесторлар тарту;
- Жекеше, оның ішінде жаңа тұрғын үй кешендерінің құрылысы барысында бірінші қабаттарда мектептер ашу;
- Орта білім беру жүйесінде адам басын қаржыландыруға көшу;
- Мұғалімдердің біліктілігін көтеру;
- Инклюзивті білім беруді дамыту үшін қолайлы орта құру;
- Педагогикалық озық тәжірибесін, оның ішінде Назарбаев зияткерлік мектебінің жұмыс тәжірибесін трансляциялау арқылы тарату;
- Жыл сайынғы мектеп рейтингін жүргізу (ҰБТ, оқу жетістіктерінің сыртқы бағасы, республикалық және қалалық олимпиадалар, ғылыми жобалардың байқаулары және т.б.);
- Алматы қаласы Әкімімен үстемеақы белгілеу есебінен озық мектептерді ынталандыру жүйесін әзірлеу;
- Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту (пән кабинеттерін, компьютерлер және т.б. алу).

3.3.1.3. мақсат. Ел және қала экономикасының сұранысын ескере отырып кәсіптік білімді мамандандыруды қамтамасыз ету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орын.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	15-28 жастағы жастардың жалпы санының NEET үлесі, % (NEET – англ. Not in Education, Employment or Training)	%	7,6	8,6	7,9	8,3	7,6	7,3	6,7	ЖСМБ
2	Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған, ТЖБ оқу орындарын және оқуды бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналастырылған	%	71,2	67,3	68,2	70,0	73,0	75,0	75,0	ББ

	бітірушілердің үлесі									
3	Техникалық және кәсіптік білім беру (14-24) жас мөлшеріндегі жастарды қамту үлесі	%	22,4	22,1	22,2	22,3	22,4	22,5	22,7	ББ
4	Мемлекеттік жастар саясатын орындауда 14-29 жасындағы тұрғындарды қанағаттандыру деңгейі	%	40	50	61,5	65	70	75	80	ЖСМБ
5	Үкімет ережелер желілеріне сәйкес жалпы орта білім беру ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	%	-	-	100	100	100	100	100	ББ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Аймақтық еңбек нарығымен экономикасының дамуының қажеттілігіне сәйкес кадрларды дайындау;
- Кәсіпорын – жұмыс берушімен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында әріптестікті дамыту (қосып оқыту);
- Еңбек ресурстарына сұранысты түсіндіру үшін колледж оқу жоспарын құруда әлеуетті жұмыс берушілерді тарту;
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары жанынан дайындау, қайта дайындау, біліктілігін көтеру және кадрларды сертификаттау үйлестіру оқу орталықтарымен бірге ғылыми – білім беру – өндірістік кластерін құру;
- Зейнетақы аударымдары арқылы мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған бітірушілерді жұмысқа орналастыруды растайтын мониторинг;
- Алматы қаласының жастарын қолдау мен дамытудың 2017-2020 жылдарға арналған жол картасын әзірлеу;
- Жастар үшін инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде жастар орталықтарын ашу арқылы;
- жеңілдік шарттарымен тұрғын үй сатып алу үшін 35 жасқа дейінгі жас азаматтарға несие беру тетіктерін әзірлеу және енгізу.

Сапалы денсаулық сақтау

Алматы орташа өмір сүру ұзақтығы еуропалық стандарттарға сәйкес келетін қала болуы тиіс. Алға қойылған мақсаттарға жету үшін превентивтік диагностиканың (скрининг) көп таралуы және салауатты өмір салтын, сондай-ақ сапалы медицинаға қол жетімділігін арттыру есебінен өмір сүру ұзақтығын ұлғайтуды басты мақсат еткен кешенді бағдарлама әзірленді.

Қалалық басқару күші пациенттерге арналған қайта байланысу (электрондық портал, колл-орталықтары, сенім телефондары) механизмін

енгізу жолымен көрсетілетін медициналық қызмет сапасын бақылауды мақсат тұтқан. Барлық емдік үдерістерін стандарттау негізінде басқарма жүйесі жетілдірілетін болады.

Сонымен қатар, дуальды білім беру жүйесін енгізу арқылы мейірбикелік қызмет сапасын жақсарту жоспарлануда. Мысалы, қалалық медициналық колледжі және мейірбикелік күтім ауруханалары бірігуі жүзеге асырылатын болады.

Қаланың денсаулық сақтау саласының тағы бір басымдығы емдеудің жоғары технологиялық әдістерін кеңейту болып табылады.

Дәрігер мамандығының беделін көтеру – маңызды бағыты болып табылады. Бұл үшін жұмыс сапасын жеке бағалау жүйесі, медицина қызметкерлерінің тұрғын үй мәселелерінің шешімі негізінде дәрігерлерді көтермелеудің әртүрлі тетіктері енгізілетін болады.

Ерте кезеңдегі ауруды диагностикалау үшін медициналық-санитариялық алғашқы көмекке (МСАК), сонымен қатар МСАК ұйымдарына және көлденең қызметтерге (туберкулез, онкология, АИТВ/ЖИТС) баса назар аударылатын болады.

Денсаулық сақтау жүйесіне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізілетін болады. Жұмыс беруші, мемлекет және жұмыс істеушінің өзі денсаулығына жауапкершілігін арттыруы тиіс. Ынтымақты жауапкершілігі қағидаты сол арқылы іске асырылатын болады.

Геронтология және паллиативтік көмекті дамыту бағдарламалары енгізілетін болады, мүмкіндігі шектеулі адамдарға және диспансерлік науқастарға арналған бірыңғай оңалту орталығын құру жобасы іске асырылатын болады.

Барлық босандыру ұйымдарында ана өлім-жітімінің және акушерлік асқынулары қиын жағдайларының құпия аудиті дамиды. Экстрагенитальды патологиясы бар жүкті әйелдерді ерте қамту және диспансерлік бақылау қамтамасыз етілетін болады.

Бюджеттен тыс қаражатты тарту мақсатында, күш-жігер мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін дамытуға кететін болады.

Ұсынылатын қызметтердің ашықтығын және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды арттыру үшін қоғамдық бақылауға арналған қаланың денсаулық сақтау ұйымдарының қаржылық есептерін жариялау тәжірибесі жалғасатын болады.

2020 жылға қарай ана өлім-жітімі көрсеткіштері 100 мың тірі туғандарға шаққанда 4 адамға дейін, ал бала өлім-жітімі көрсеткіштері 100 мың тірі туылған балаға шаққанда 6,7-ге дейін, онкология ауруларынан болған өлім-жітімі көрсеткіштері – 10 мың тұрғынға шаққанда 100-ге дейін төмендеуі тиіс.

3.3.1.4 мақсаты. Халық денсаулығының жақсаруы және бәсекеге қабілетті денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауап. орынд.
---	-----------------------	------------	------	------	------	------	------	------	------	---------------

1	Ана өлім-жітімінің төмендеуі	100 мың тірі туғандарға шаққанда	4,8	2,4	9,1	10,5	9,0	8,9	4,0	ДБ
2	Бала өлім-жітімінің төмендеуі (ведомстволық ресми/есептілік)	1000 мың тірі туғандарға шаққанда	7,0/ 8,17	7,2/ 8,86	6,1/ 7,58	7,5	7,4	7,3	6,7	ДБ
3	Қатерлі ісіктен болатын өлім санының төмендеуі	100 мың халыққа шаққанда	109	95	102,02	95,15	95,1	95,0	100	ДБ
4	15-49 жас ерекшелігі тобындағы, 0,2-0,6% шегінде адамның иммун тапшылығы вирусының таралуы	%	0,333	0,353	0,331	0,64	0,81	1,0	1,3	ДБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Барлық босандыру ұйымдарында ана өлім-жітімінің және акушерлік асқынулары қиын жағдайларының құпия аудитін жүргізу;

– Экстрагенитальды патологиясы бар жүкті әйелдерді ерте қамту және диспансерлік бақылауды қамтамасыз ету;

– Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтаудың жүйесінде медициналық көмектің қолжетімділігін және сапасын арттыру, басқару және қаржыландыру жүйесін жетілдіру;

– Дәрігер мамандығының тартымдылығын арттыру;

– Жүктемесі жоғары аудандарда 8 жаңа емхананы пайдалануға беру;

– Оңалту құрылымдары орталықтарын құру;

– Әртүрлі бейіндегі төсектерді қайта бөлуді жүйелеу;

– Күту уақытын қысқарту үшін бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру;

– Медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруды нығайту;

– Диагностикалау және емдеудің жаңа жоғары технологиялық әдістерін медициналық тәжірибеге енгізу;

– Қол жеткімді интернет-порталы және колл-орталықтарын құру жолымен пациенттерге кері байланыс жасау арқылы көрсетілетін қызмет сапасының ашықтығын арттыру;

– Нәзік және коморбидтік егде жастағы емделушілерді емдеудің арнайы бағдарламаларын жүргізуді енгізу, геронтология және паллиативтік көмекті дамыту;

- Созылмалы ауруға шалдыққан науқастарды емдеудің мамандандырылған проактивті амбулаториялық бағдарламаларын енгізу;
- Жеке меншік медицинаны дамыту, медициналық мекемелерде корпоративтік басқаруды енгізу;
- Мемлекеттік ауруханалардың жеке секторларымен басқаруға арналған келісімшартты пайдалана отырып, МЖӘ тетігін дамыту, сондай-ақ мемлекеттік медициналық ұйымдарды жекешелендіру;
- Медициналық ұйымдардың әлеуметтік медициналық сақтандыру жағдайында бәсекелестік есебінен, қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін корпоративтік басқару қағидаттарына ауысуы;
- Балалар мен жасөспірімдер арасында темекі бұйымдарын тұтынудың, оның ішінде кальян шегудің төмендеуі.

Сапалы әлеуметтік қызметтер, оның ішінде халықтың осал топтары үшін де

Қаламызды әрі қарай дамыту мақсаттарына қол жеткізу жаңа әлеуметтік саясаттың сапасы мен тиімділігіне байланысты.

Жұмыссыздық деңгейін 5% дейін қысқарту еңбек нарығын дамыту мен қала халқын әлеуметтік қорғаудың негізгі бағыттарына айналады. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының шеңберінде қоғамдық жұмыстар мен әлеуметтік жұмыс орындары арқылы жұмыспен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданады. Жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру үшін күш-жігер жұмыссыздарды еңбек нарығында барынша сұранысқа ие кәсіптер бойынша қайта даярлау және біліктілігін арттыруға бағытталатын болады.

Тұрмысы төмен адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету атаулы әлеуметтік көмекке және тұрақты және нәтижелі жұмыспен қамту жолымен халықтың табысы деңгейін арттыруға негізделеді. Алдағы 5 жылда мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері жүйелі түрде көтеріліп, ал атаулы әлеуметтік көмек ең төменгі күн көріс деңгейінің 60%-ға дейін жеткізіледі.

Бұл ретте мемлекеттен берілетін көмекке мұқтаж адамдарды тек жәрдемақы алушылар рөлімен ғана шектеуге болмайды. Көмек сандық мөлшерде ғана емес, сонымен бірге қаланың көмекке мұқтаж тұрғындарының барынша өзін-өзі танытуы (самореализация) және әлеуметтенуі үшін жағдайлар жасаудан көрінуі тиіс. Осы мақсатта, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына төмен отбасылардан еңбекке қабілетті мүшелерін тарту шаралары жүзеге асырылатын болады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдарды 100% қамту бйынша шаралар қабылданады.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз қалалық ортаны құру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Осыған байланысты мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік және басқа да инфрақұрылымды бейімдеу жұмыстары жалғасын табады.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша әлеуметтік қызмет азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетілетін болады (тұрмысы төмен азаматтарға бір жолғы материалдық көмек көрсету, ҰОС қатысушылар мен мүгедектеріне Жеңіс Күнінің қарсаңында материалдық көмек көрсету, ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдарға, ҰОС жылдары, Ауғанстанда және Чернобыль АЭС апаты кезінде қайтыс болған адамдардың жесірлері мен отбасыларына бір жолғы материалдық көмек көрсету және т.б.).

3.3.1.5. мақсат.Халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және еңбек нарығын дамыту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауап. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Жұмыссыздық деңгейі	%	5,5	5,3	5,3	5,3	5,3	5,2	5,1	ЖҚӨББ
2	Жұмыспен қамту мәселесі бойынша өтініш бергендер арасындағы жұмысқа орналастырылғандардың үлесі	%	69,6	86,1	82,5	80,5	81,0	81,5	82,0	ЖҚӨББ
3	Мақсатты топтарға өтініш бергендер арасындағы тұрақты жұмыспен қамтылған адамдардың үлесі	%	-	-	64,9	65,0	65,5	66,0	66,5	ЖҚӨББ
4	Заңды тұлғалар тартқан шетел жұмысшы күшінің құрамындағы білікті мамандардың меншікті салмақтағы жергілікті атқарушы органдардың рұқсат беуі (шетел жұмысшық үшін тарту квотасы бойынша)	%	96,5	96,7	97,0	95,0	95,0	95,0	95,0	ЖҚӨББ

* Болжамды деректер

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

■ Әлеуметтік жұмыс орындары, қоғамдық жұмыстар арқылы уақытша жұмыспен қамтумен қамтамасыз ету;

- Еңбек нарығында асаталап етілген мамандықтар бойынша жұмыссыздардың біліктілігіне рттыру және қайта даярлау жолымен жұмыспен қамту деңгейін жоғарлату;
- Жастар тәжірибесін ұйымдастыру және кәсіби білім алуға бағыттау;
- «Жұмыспен қамту 2020 Жолқартасы» бағдарламасы шеңберінде инвестжобаларды жүзеге асыру кезінде жаңадан құрылған жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру;
- Бос қызмет орындарының жәрмеңкелерін өткізу арқылы жұмысқа орналастыру деңгейін көтеру;
- Ішкі еңбек нарығын қорғау;
- Қала әкімдігінің веб-сайты арқылы қала тұрғындарына қызмет көрсету;
- Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғаудың аса маңызды мәселелерін шешу бойынша ҮЕҰ белсенді өзара әрекеттесу;
- Әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша жұмыс берушілермен семинарлар өткізу.

Цель 3.3.1.6. Мемлекеттік қызметтің кәсіби жүйесін қамтамасыз ету және күшейту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауап. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Мемлекеттік қызметшілер санының таза ауысуы	%	-	-	-	6,2	6,2	6,2	6,2	Әкім аппараты

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Мемлекеттік әкімшілік бос лауазымдарына орналасу кезінде конкурстық рәсімдерді өткізу және мәнсап сатысына көтермелеуде меритократия принципін сақтау.
- Персоналды басқару қызметі (кадрлық қызмет) онлайн режимінде «Е-қызмет» интеграцияланған жүйесінде жұмыс істеу.
- Әдеп жөніндегі уәкілмен бірге моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру үшін мемлекеттік қызметшілер арасында жасырын сауалнама жүргізу.
- Мемлекеттік қызметшілерге көтермелеу (материалдық және материалдық емес ынталандыру) қолдану.
- Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға алғаш қабылданған тұлғаларға мемлекеттік қызметті жүзеге асыру жағдайына бейімделу және олардың кәсіби даярлығына көмек көрсету мақсатында тәлімгерлік жұмысын жүргізу.

3.3.1.7. мақсат. Жұмыс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орын.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Өндірістік жарақаттану деңгейі (1000 адамға шаққандағы жазатайы моқиғалардың жиілік коэффициенті)	%	0,18	0,16	0,24	0,15	0,14	0,13	0,12	МЕКИБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелерін бұзышылықты болдырмау үшін өндірістегі жазатайым оқиғаларға жол бермеу үшін ұйымдастырушылық және ақпараттық іс-шаралар өткізу;
- Өндірістік жарақат алуды ескерту және еңбек қауіпсіздігі саласы бойынша қолданыстағы заңнаманы түсіндіру бойынша іс-шараларды іске асыру жөніндегі бұқаралық ақпарат құралдарына және интернет ресурстарда ақпарат жариялаудың жылдық жоспарын әзірлеу;
- Бекітілген жоспарға сәйкес еңбек қорғау және қауіпсіздікті қадағалау мақсатында тексерулер жүргізу;
- Бақылау субъектілерінің критерийлеріне сәйкес құрылыс алаңдарында және басқа да қауіпті экономикалық өндірістерде нысандарға бару арқылы қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау;
- Қауіпсіздік техникасы нормаларының қадағалануын бақылауды күшейту.

3.3.1.8. мақсат. Кедейлік деңгейін төмендету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015*	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орын.
1	Атаулы әлеуметтік қызмет алушылардың еңбекке жарамдылар үлесі	%	32,9	30,5	30,3	28,5	28,0	27,0	26,0	ЖҚӘББ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Тұрмысы төмен отбасыларға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек беру;
- Он сегі жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдем ақы беру;
- Тұрғын үй мәселесінде көмек беру;
- Жергілікті өкілді органдардың шешімімен мұқтаж азаматтарға жеке дәрежелі әлеуметтік көмек беру (жергілікті деңгейде аз қамтылған азаматтарға бір жолғы ақшалай жәрдем, Жеңіс күні қарсаңына ОСҚ және ОСМ ақшалай жәрдем, ҰОС теңдей қатысушыларға бір жолғы

ақшалай жәрдем, ҰОС, Ауғанстандағы, Чернобыль АЭС - іапаты кезіндегіжәнетағыбасқажылдағыжесірәйелдерменотбасыларға).

3.3.1.9. мақсат. Мұқтаж тұрғындардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орын.
1	Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мен қамтылғандардың үлес салмағы (көмекке мұқтаждардың жалпы санындағы)	%	96,1	96,4	98,0	98,7	99,0	99,5	100,0	ЖҚӘББ
2	Жеке сектордың субъектілері ұсынған арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылғандардың үлесі (соның ішінде үкіметтік емес сұйымдар)	%	3,5	3,3	4,0	7,2	5,2	5,5	5,6	ЖҚӘББ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Балалардың психикалық – неврологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарында) мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет ұсыну;

- Оңалту орталығы және медициналық-әлеуметтік мекемелердің жалпы үлгісінде қартадамдарға, мүгедектерге соның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет, үйге әлеуметтік көмек беру;

- Психикалық-неврологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психикалық-неврологиялық ауруға шалдыққан мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызмет беру;

- Нақты тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу;

- Мүгедектерді және мүгедек балаларды шипажайлық-курорттық емдеумен қамтамасыз ету, жеке оңалту бағдарламасымен (ЖОБ) сәйкес арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтасыз ету, мүгедек балаларды үйде оқытатын отбасыларға мемлекеттік қолдау көрсету, қызмет алушы мүгедектерді тасымалдайтын жеке көмекшілерге және кресло-арбамен қозғалатын мүгедектерге көлік қызметтерін ұсыну;

- Мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдарымен қамтамасыз ету, қозғалыс қиыншылығына ұшыраған бірінші топтағы мүгедектердің жеке көмекшілеріне әлеуметтік қызмет ұсыну, есту қабілетіне байланысты мүгедектерді (ЖОБ) ыммен ұғысатын маманмен қамтамасыз ету;

- Үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс орналастыру.

3.3.2. Мәдениет және спорт нысандарына қолжетімділік

Мәдениетті дамыту

Ұлттық тарихи-мәдени мұраның өнер саласындағы заманауи трендтермен үйлесуі қаланың мәдени позициялануында үлкен рөл атқаратын болады. Ұлттық колорит қалалық сәулетте, қаланың бейнесін қалыптастыруда қолданылады.

Қаланың мәдени мұрасын сақтау, зерттеу және трансляциялау мәдениетті дамытудың аса маңызды бағыттарының бірі болып қалады. Мысалы, «Туған жер» бағдарламасы аясында келесі 4 бағытқа ерекше көңіл бөлінеді:

1. Музейлер қызметін жаңғырту;
2. Қаланың анықталған сакралды орындарын Қазақстанның Қасиетті орындары ретінде кеңінен таныту;
3. Археология ескерткіштерін анықтау және зерттеу бойынша жұмыстар;
4. Атақты тұлғалар мен тарихи оқиғаларды мәңгі еске қалдыру.

2020 жылға дейін қаланың кітапхана желісін жаңғырту жүргізіледі, оның құрамына материалды-техникалық базаны, кітапхана жайларының интерьері мен дизайнын жақсарту, кітап қорларын электронды форматқа ауыстыру, коворкинг-орталықтарын құру кіреді.

2017 жылы қала мерекелік безендіруді кеңейту көзделуде, 2-3 көшеден 10 көшеге дейін. Бұл бағытта безендіру тұжырымдамасы әзірленетін болады.

Қала басшыларының күші мәдениет саласындағы коммерциялық қолдауға және бюджет қаражаты есебінен өткізілетін іс-шаралардың қысқартылуына бағытталады.

Қаланың мәдени-туристік кластер имиджін ілгерілету мақсатында, әлемдік жұлдыздардың гастрольдерін және қаланың «эксклюзивті және танымал бренді» болып табылатын іс-шараларды ұйымдастыру жоспарлануда.

3.3.2.1. мақсат. Тарихи-мәдени мұраларды сақтау және өнер саласын дамыту

№	Нысаналы индикатор	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орын.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Мәдениет ұйымдар келушілерінің орташа саны- 1000									

	адамға шаққанда									
	▪ кітапханалар	адам	219,4	222,7	199,8	220,2	220,6	221,0	221,4	МжАБ
	▪ театрлар	адам	281,0	279,0	263,5	285,3	285,4	285,5	285,6	МжАБ
	▪ концерт ұйымдары	адам	299,8	324,0	222,6	303,9	304,1	304,3	304,5	МжАБ
	▪ музейлер	адам	187,5	193,0	185,7	190,4	190,5	190,6	190,7	МжАБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Алматы қаласы мәдениетін дамыту тұжырымдамасын әзірлеу;
- Мәдениет мекемелері желісінің техникалық ахуалын жақсарту;
- Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының өндірісі, тарих пен мәдениет ескерткіштерін реставрациялау, сондай-ақ монументалды ескерткіштерін реставрациялау;
- Ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызмет көрсету есебінен театр және музыка өнеріне қолдау көрсету;
- Музейлер мен кітапханаларды кеңінен таныту бойынша кешенді іс-шараларды өткізу;
- Мәдениет саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру және жас мамандардың рекрутингі;
- «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық саябағын құру;
- Кітапхана қорларын цифрлы нысанға келтіру жолымен кітапханалар желісін жаңғырту;
- Алматы қаласының және Жетісу өңірінің тарихи-мәдени мұрасын кеңінен таныту үшін «Алматы энциклопедиясы» порталы арқылы Интернет желісінде Алматы қаласының мәдени контентін арттыру, қаланы әлемдік қауымдастыққа ұсыну;
- Полицентрлік тәсілдерді қолдану арқылы қаланың мәдени инфрақұрылымын кеңейту.

Спортты дамыту

Алматы еліміздің спорт және спорттық туризм орталығы болып табылады. Қаладағы билік органдарының күш-жігері еліміздің спорттық астанасы ретіндегі қаланың мәртебесін сақтап қалуға бағытталатын болады. Бұл бағыттағы маңызды басымдық «2017 жылғы 28-ші Дүниежүзілік студенттік ойындарын» ең жоғары халықаралық стандарттар бойынша өткізу болып табылады.

Бұл ретте, қысқы Универсиада шеңберінде салынған спорттық нысандарды салу Алматы қаласының спорттық инфрақұрылымына белсенді түрде ықпалдастырылатын болады. Қала тұрғындары үшін бұл нысандардың

қолжетімділігін қамтамасыз ету, балалар және бұқаралық спорт орталықтарын ұйымдастыру үшін кешенді шаралар қабылданатын болады.

Бұқаралық спортты дамыту жұмыстың маңызды бағытына айналады. Бұл үшін жаңа спорт және ойын алаңдарын белсенді түрде салу, спорттық инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде жеке меншік қаражаттарды тарту (МЖӘ) арқылы дамыту жалғасады.

Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыс жалғасады. Халықтың барлық топтарының арасында спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының саны артады.

Бұдан басқа, дене шынықтыру мен спортты дамытудың басым бағыттарының бірі жоғары жетістіктер спорты үшін спорт резервін даярлау және халықаралық дәрежедегі спортшыларды тәрбиелеу болады. Мұның барлығы 2020 жылға қарай спортпен тұрақты түрде шұғылданатын қала тұрғындарының деңгейін 30%-ға жеткізуге мүмкіндік береді, бұл Батыс Еуропа елдерінің нормаларына сәйкес келеді.

3.3.2.2. мақсат. Бұқаралық спортты дамыту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орын.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту	%	26,5	27,5	29,0	28,5	29,0	29,5	30,0	ДШСБ
2	Жалпы балалар және жасөспірімдер санынан балалар - жасөспірімдер спорт мектептерінде, спорт клубтарында дене тәрбиесімен айналысатындарын 7 жастан 18 жасқа дейінгі балалар-жасөспірімдерді қамту	%	8,0	8,5	8,7	9,0	9,2	9,5	10,0	ДШСБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- 2017 жылы 28-ші қысқы Дүниежүзілік Студенттер ойындарын өткізу;
- Дене шынықтыру және спортпен айналысуға жағдайлар жасау (қосымша спорт және ойын алаңдарын салу, оның ішінде футбол және баскетбол бойынша, веложолдар салу);
- Жаңа спорт нысандары мен құрылғыларын салу және бұрыннан бар нысандарды қайта жаңғырту;

- Алматы қаласы Алатау ауданындағы «Алғабас» шағынауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу;
- Алматы қаласы Түркісіб ауданындағы «Жас Қанат» шағынауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу;
- Алматы қаласындағы орталық стадионның батыс трибунасының шатырын қайта жаңғырту;
- Алматы қаласындағы орталық стадионның қосалқы алқабын қайта жаңғырту.
- Халықтың барлық топтары арасында салауатты өмір салтын, оның ішінде дәстүрлі спорттық-бұқаралық іс-шаралар: велошеру, жеңіл атлетикалық кросс, акциялар, фестивальдар, спартакиадаларды насихаттауға бағытталған спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру сауықтыру іс-шараларының санын ұлғайту;
- Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар мен мүгедектерге спортпен шұғылдану үшін жағдайлар жасау;
- МЖӘ тетіктері шеңберінде жұмыстарды күшейту.
- Алматы қаласының мықты спортшыларының және құрама командаларының, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың қалалық, республикалық және халықаралық жарыстарға және оқыту-жаттығу жиындарына қатысуын қамтамасыз ету;
- Оқушылардың спорт түрлерімен айналысуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру, жоғары білікті спортшыларды және спорттық олимпиада резервтерін даярлау;
- Спорт түрлері бойынша спорттағы дарынды оқушыларды оқыту және оларға жалпы білім беру үшін қолайлы жағдайлар жасау, сапалы оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру, жоғары білікті спортшыларды және спорттық олимпиада резервтерін даярлау;
- Халықаралық шаңғы трамплиндері кешені қызметін қамтамасыз ету және күтіп ұстау.
-

Үштілділікті дамыту

Алматының заманауи, халықаралық кеңістікке интеграцияланған мегаполис ретінде қалыптасуы үшін Елбасының «Тілдердің үш тұғырлығы» бірегей мәдени жобасын іске асыру ләзім. Яғни мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, орыс тілін – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілін жаһандық экономикаға табысты интеграциялану құралы ретінде тұрғындардың терең меңгеруін жүйелі түрде іске асыру жұмыстары жалғастырылады.

Тіл саясатын іске асыру Қазақстанда тұрып жатқан барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің ауқымды қызмет етуін үйлесімді түрде қамтамасыз ететін болады.

Осыны ескере отырып, қалалық бюджеттің шегінде қазақ тілінде оқытатын балабақшалар мен мектептердің санын арттыру, мемлекеттік тілді

еркін және қол жетімді меңгеру үшін жағдайлар жасау бойынша жұмыс жүргізіледі. Бұдан басқа, білім беру мекемелерінде жүйелі түрде мынадай іс-шараларды ұйымдастыру жоспарланған: жергілікті емес ұлт балаларының арасында мемлекеттік тілді білуге қалалық байқау, орыс тілінде білім беретін мектептерде апта сайын «Қазақ тілінің күндерін» өткізу және т.б.

Ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде орыс тілінің, сонымен бірге Қазақстан халқының басқа тілдерінің жалпы мәдени функцияларын сақтау бойынша шаралар қабылданады.

Қала тұрғындары үшін ағылшын тілін терең меңгеру маңызды болып табылады, себебі Алматы ірі қаржы орталығы болып табылатындықтан, халықаралық туризм мен бизнес үшін ашық әрі тартымды болуы тиіс.

3.3.2.3. мақсат. Ұлттың тұрақты дамуы үшін мемлекеттілікті, халық бірлігін және қоғамның топтасуын нығайту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Мемлекеттік тілді меңгерген ересектердің үлесі	%	72	75	78	81	84	87	90	ТДМҚБ
2	Ағылшын тілін меңгерген Ересектердің үлесі	%	14	15	16	17	18	19	20	ТДМҚБ
3	Үштілді меңгерген ересектердің үлесі	%	8	10	12	14	16	18	20	ТДМҚБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Білім беру кабинеттеріне қазақ тілін үйренуге арналған инновациялық-техникалық құралдарды орнату;
- Қазақ және ағылшын тілдерін үйрететін оқытушыларды тарту мақсатындағы конкурстар өткізу;
- Ағылшын тілі курстарының тұрғындар үшін қолжетімділігін ұлғайту;
- Оқытушыларға арналған қарқынды курстарды, өздігімен оқу курстарын ұлғайту.

3.4. Экономикалық тұрақты қала

Бүгінгі таңда Алматы – Қазақстанның ірі экономикалық орталығы. Тұрақсыз экономикалық жағдайға қарамастан мегаполис бизнес-бастамалар үшін келешегі мол инвестициялық алаң болып қала береді.

Бүгінгі күннің өзінде еліміздің көлемінде Алматы елдегі ЖІӨ 22,6%-ын, барлық салық және салықтық емес түсімнің 25,7%-ын, еліміздегі жұмыс жасайтын халықтың 10,15%-ын жұмыспен қамтамасыз етеді. Қаланың үлесіне барлық депозиттер көлемі мен несиелерінің 50% тиесілі.

2016 жылдың қорытындысы бойынша қала халқының жан басына шаққандағы тиесілі жалпы өңірлік өнімі 17,9 мың АҚШ долларын құрады. Бұл – Орталық және Шығыс Еуропаның астаналары мен ірі қалаларының деңгейі. Жыл сайын адамдардың өмір сүру сапасының көрсеткіші жақсаруда, қала тұрғындарының орташа өмір сүру ұзақтығы бүгін 75 жасты құрайды.

Ғаламдық контексті және дамудың қазіргі заманауи тенденцияларын ескерсек, Алматының негізгі міндеті – алдағы уақытта да қалалықтар үшін өмір сүрудің жоғары сапасын қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның экономикалық өсімінің негізгі драйверлерінің бірі болып қала беру. Алматы қаласы Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясында алға қойған 2050 жылға таяу әлемнің айрықша бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру жөніндегі ауқымды мақсаттарына қол жеткізудің өзекті факторы болуы тиіс.

Жалпы 2020 жылға дейін Алматы негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң серпінді сақтайды (ІӨӨ, бюджет кірістері, сауда, халықтың жұмыспен қамтылуы, депозиттер және кредиттер мөлшері) және ел экономикасына елеулі үлесін қамтамасыз етуді жалғастырады.

Өсудің локомотивтері дәстүрлі салалар болады, атап айтқанда, өнеркәсіп, азық-түлік секторы, сауда және туризм, көлік және логистика, инновация секілді жаңа перспективті секторлар.

3.4.1. мақсат. Алматы қаласының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауап. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Жалпы өңірлік өнімнің физикалық көлемінің индексі	%	107,0	104,2	102,6	103,1	103,1	103,8	104,1	ЭБЖБ
2	Жан басына шаққандағы ЖӨӨ	мың теңге/адам.	5021,0	5439,6	6138,5	6217,1	6450,7	6691,3	6935,6	ЭБЖБ

3	Жергілікті бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің өсу қарқыны	%	118,1	106,8	112,6	105,0	107,0	106,5	106,0	ЭБЖБ
---	---	---	-------	-------	-------	-------	-------	-------	-------	------

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Дәстүрлі секторлардың тұрақты өсуін қамтамасыз ету;
- Жаңа секторлардың серпінді дамуы.

3.4.1. Дәстүрлі секторлардың тұрақты өсуі

3.4.1.1. Өнеркәсіп

Өнеркәсіп дамуында қосылған құн салығы жоғары бәсекеге қабілетті өнімдер шығаратын жоғары технологиялық және экспортқа бағытталған өндірістерді құруға ерекше көңіл бөлінеді.

Қазақстандық қамту үлесі 80%-ға дейін артады.

Еңбек өнімділігінің өсу көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін технологиялар трансферті есебінен кәсіпорындардың инновациялық құрамдас бөліктерін арттыру, түбегейлі жаңа, экологиялық жағынан таза өндірістерді құру бойынша белсенді жұмыс жүргізілетін болады. Инновациялық-белсенді кәсіпорындардың үлесі қызмет ететін кәсіпорындар санының 15%-на дейін артуы тиіс.

Индустриялық-инновациялық дамудың негізгі өсу резервтерінің бірі Алатау ауданындағы Индустриялық аймақ болып табылады. Индустриялық аймақтың кәсіпорындары машина жасау, тамақ, құрылыс, фармацевтика, химия, жиһаз және жеңіл өнеркәсіп өнімдерін шығаратын болады. Болашақта тартылған инвестициялардың есебінен жекеменшік индустриялық аймақтарды дамыту жоспарланып отыр.

3.4.1.1. мақсат. Өнеркәсіптің тұрақты өсуін қамтамасыз ету және энерготімділікті арттыру

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Өңдеуші өнеркәсіп өнімі шығарылымының нақты көлемінің индексі	%	100,0	96,1	99,4	100,5	101,5	102,0	102,5	КИИДБ
2	Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек	мың АҚШ доллары	28,7	19,6	21,6	17,1	18,2	19,3	20,9	КИИДБ

	өнімділігі	/адам								
3	Өңдеуші өнеркәсіптің еңбек өнімділігі 2015 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде (ИИДМБ)	%	-	100,3	98,3	100,2	102,5	109,2	-	КИИДБ
4	Өңдеуші өнеркәсіптің экспорттың өсуі 2015 жылғы деңгейге қарағанда (ИИДМБ)	%	-	100,0	99,1	104,6	108,8	121,1	-	КИИДБ
5	Өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталға инвестициялардың көлемі (ИИДМБ)	млрд. теңге	-	-	-	12,5	22,4	25,1	-	КИИДБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті өнімдер өндіруге жоғары технологиялық және экспортқа бағытталған өндірістерді құру;

- Инновациялық кәсіпорындар үлесін және технологиялар трансфертін арттыру;

- Жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік кәсіпорындар аумақтарын жаңғырту, көне өнімдерді жаңа экологиялық таза өнімдерге ауыстыру;

- Қосылған құны жоғары өнім шығаруға арналған өндірістерді пайдалануға беру;

- «Самұрқ – Қазына ҰБФ» АҚ, «Астана ЭКСПО-2017 ҰК» АҚ және Универсиада-2017 дирекциясының құрамына енетін ұлттық компанияларды сатып алуда олардың үлесін көбейту және жергілікті қамтуды дамыту бойынша тауарларды жеткізуге ынтымақтастық жөніндегі меморандумдарды, шарттар мен келісімшарттарды жасау және ұзарту.

- Оффтэйк келісім шарттар жасауда ірі жүйе құрушы кәсіпорындар айналасында ықпал көрсету арқылы аралас өнеркәсіптерді құру үшін қолданыстағы шағын және орта кәсіпорында шығаратын өнімдер тізбесін көбейту және қалыптастыру бойынша қаланың ірі жүйе құрушы кәсіпорындарымен жұмыс жүргізу.

3.4.1.2. Шағын және орта бизнес

Шағын және орта кәсіпкерлік саласында мемлекеттік қолдаудың қолданылып жүрген құралдарын белсенді пайдалануға, ҒӨК және басқа да ұйымдармен өзара тығыз іс-қимыл жасауға, сонымен бірге қала кәсіпкерлерінің мүддесін қорғау үшін бизнес-омбудсмен институтын нығайту арқылы бизнесті

жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау жұмысына ерекше көңіл бөлінетін болады.

Нәтижесінде 2020 жылға қарай жалпы санындағы ШОБ белсенді субъектілерінің үлесі 92%-ға дейін, ШОБ-тан қаланың бюджетіне түсімдердің үлесі 55%-ға дейін өсуі, шығарылған өнімдердің көлемі 5 трлн астам теңгені құрауы, ал ШОБ-та жұмыс жасайтын адамдардың экономикалық белсенді халықтың жалпы санынан үлесі 60%-ға дейін өсуі тиіс.

3.4.1.2. мақсат. Шағын және орта кәсіпкерлікті қарқынды дамыту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Жалпы көлемде тіркеуден өткен шағын және орта кәсіпорындар субъектілерінің үлесі	%	50,9	76,8	65,2	80,7	84,2	87,8	92	КИИДБ
2	ЖӨӨ –гі ШОБ – тың үлесті арттыру	%	-	-	33,7	34,4	35,2	37,3	40	КИИДБ

**халықаралық тәжірибеге сәйкес, шағын және орта бизнес санының көрсеткіштерін қалыптастыру ортақ көзқарастарды іске асыру мақсатында және ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті деректерімен қайшылықтарды болдырмау үшін 01.02.2015 жылдан бастап «белсенді» көрсеткіштің орнына «қолданыстағы» субъектісі көрсеткіші болып жарияланады.*

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- «Бір терезе» қағидаты бойынша жаңадан бастаушыларға және жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қызмет ұсыну;
- Кәсіпкерлердің жалпы хабардарлығын арттыру үшін қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде мемлекеттік қолдау құралдарын түсіндіру бойынша жұмысын жандандыру;
- Кәсіпкерлік қызметін реттейтін заңнама нормаларының орындалуын бақылау;
- Кәсіпкерлікті қолдау бойынша Кәсіпкерлердің ұлттық палатасымен, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен, сондай-ақ басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды жандандыру;
- Кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін қалада бизнес-омбудсмен институтын нығайту;
- Мына іс-шаралардың орындалуын бақылау:
- Салық және кедендік рәсімдерді оңтайландыру, кедендік рәсімдерді өту барысында экспорттаушылар мен импорттаушылар үшін «бір терезе» қағидатын енгізу;
- құрылыс салуға рұқсат алу үш сатылы қағидатын енгізу (30-20-10), рұқсат алу процесін оңтайландыру бойынша шаралардың орындалуын бақылау.

3.4.1.3. Сауда және өңіраралық ынтымақтастық

Сауда-саттықта сауда инфрақұрылымын дамытуға, базарларды жайлы етуге қойылатын талаптарды қатаңдатуға, «сұрқай тауар айналымының» үлесін азайтуға бағытталған шаралар қабылданады. Бәсекелестік ортаны қалыптастыру, тауарлардың сапасын арттыру және бағаларды төмендету үшін қаланың билік органдарының күш-жігері халықаралық бөлшек сауда желілерін қатыстыруға бағытталатын болады.

3.4.1.3. мақсат. Бөлшек сауданың жеделдетілген дамуы

№	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауап. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Бөлшек сауданың физикалық көлемінің индексі	%	108.1	102.5	100,5	100,8	101,2	101,5	101,8	КИИДБ
2	«Бөлшек сауда» қызметі түріндегі аумағы 2000 шаршы метрден кем емес сауда нысандарының санын арттыру	Бірл.	-	-	3	4	5	6	8	КИИДБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Сауданың заманауи түрімен қоғамдық тамақтануды дамытуға қолдау көрсету іс-шараларын жүзеге асыру;
- Мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламаларына қатысу үшін сауда саласын экономиканың басымды секторларына енгізу бойынша ұсыныстар енгізу;
- Нарықты жаңғырту бағдарламаларын жүргізу, заманауи қалыптық стандарттарына сай келетін үй-жайлар салу, соңғы пайдаланушыға қолайлы жағдайлар туғызатын инфрақұрылымдар жүргізу;
- Стратегиялық серіктестікті тудыру және қолдауды қамтамасыз ету жолдары арқылы қалаға шетелдік ТҰК ритейлерлерін тарту;
- Компанияларға түрткі жасау мен трансформаторлау мақсатында қаланың ірі ритейлерлерінің франчайзингтік жобаларына – қаржылық және қаржылық емес стимулдарға қолдау таныту;
- Жабайы сауда нүктелерін қысқарту;

- Кассалық-фискалдык аппараттарды пайдалану арқылы салықтык есеп жүргізу тексерулерін қатаңдату;

- Еңбек агенттіктері мен жұмыспен қамту орталықтарын тарту арқылы сауда саласы жұмыскерлерін қайта даярлау мен біліктілігін көтеру жүйесін әзірлеу;

- Ұсынылған қызметтер сапасы бойынша тұрғындар арасында сауалнама жүргізу және кейіннен нәтижелерін талдау, соның негізінде кәсіпкерлермен семинарлар мен талқылаулар жүргізілетін болады.

-

3.4.2. Жаңа секторларды серпінді дамыту

3.4.2.1. Өңіраралық ынтымақтастық және көлік-логистикалық қызметтер

«100 нақты қадам» бағдарламасында Алматы қаласында әлемдік деңгейдегі жаңа әуежай, жаңа жолайрықтар және көлік магистралдар (оның ішінде ҰААЖ) құрылысын салу, сонымен қатар логистикалық қызметтерді дамыту, **халықаралық көлік-логистикалық хаб** ретінде дамыту қарастырылуда. Концессия тетігі арқылы ірі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру, сондай-ақ құрылған нысандарды тиімді басқару қамтамасыз етілетін болады. Мұндай жобалардың қатарына «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» магистралінің бөлігіне айналатын Үлкен Алматы Айналма Автокөлік Жолын жатқызуға болады. Аталған жоба транзиттік көлікті қайта бағыттаудың есебінен қалалық көлік желісіндегі қиыншылықты алып тастауға мүмкіндік береді. Келешегі бар жобалардың тағы бір түрі – жеңіл рельсті көлік желісін салу (жылдам трамвай) қаланың орталық бөлігін Алатау ауданындағы тұрғын және Индустриалды Аймағымен байланыстыру үшін қажет. Қаланы өңірдегі ірі көліктік-логистикалық орталыққа айналдыруға мүмкіндік беретін Алматының жаңа халықаралық әуежайының құрылысын концессиялық негізде жүргізу қарастырылатын болады.

3.4.2.1. мақсат. Өңірлік серіктестікті дамыту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Өндірілген өнімдердің өзге аймақтарға жіберілген көлемі (50 адамнан жоғары саны бар өндірістік кәсіпорындар)	мың тенге	88 964 009	97 860 409	107 646 450	118 411 095	130 252 205	143 277 426	157 605 168	КИИДБ
2	Басқа облыстың резиденттерінен және резидент еместерінен (50 адамнан аса жұмыс істейтіндердің саны бар көтерме өндіріс орындары бойынша) сатып	%	18	18	19	24	34	42	50	КИИДБ

алынған тауарлардың жалпы көлеміне өзге аймақтардан сатып алынған тауарлардың үлес салмағы										
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

▪ Жеке сектордағы және әкімдік деңгейіндегі өңірлік серіктестермен жұмысты жұмылдыру;

3.4.2.2. Туризм

Қалада «Универсиада-2017», басқа да халықаралық деңгейдегі спорттық шаралар, сонымен қатар халықаралық көрмелер мен фестивальдар сияқты ірі халықаралық оқиғаларды ұйымдастыру **туризмді дамытуға** мүмкіндік береді. Бұл үшін Азиада-2011 нысандары, сонымен қатар салынып жатқан мұз сарайы нысандары іске тартылатын болады.

Қаладағы қонақтарды хабарландыру мен туристерге ыңғайлы болу деңгейін жақсарту бойынша (сайттарды дамыту, ақпараттық орталықтар картасын құру, нысандарда QR-кодтарын орналастыру, туристік жол бағдарларын құру, CityPass ендіру және басқа да шаралар) нысаналы жұмыстар жүргізіледі.

3.4.2.2. мақсат. Әлемдік деңгейдегі туристік кластерді дамыту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Алдыңғы жылмен салыстырғанда ішкі туризм (резиденттер) орындары бойынша қызмет көрсетілген келушілер санының артуы	%			0,35	15	5	6	7	ТБ
2	Алдыңғы жылмен салыстырғанда кірмелі туризм (резиденттер) орындары бойынша қызмет көрсетілген келушілер санының артуы	%			0,31	12	5	6	7	ТБ
3	Алдыңғы	%			0,3	15	5	6	7	ТБ

жылмен салыстырғанда берілген төсек-тәулік санының артуы										
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

▪ Алматы қаласында Универсиада-2017 сияқты және басқа да әлемдік деңгейдегі спорттық іс-шараларды, сондай-ақ халықаралық көрмелер мен фестивальдарды, ірі халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру;

▪ Қонақтардың хабардар болуы және олардың қалада ыңғайлы орналасу деңгейін дамыту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізу (сайтты дамыту, ақпараттық орталық карталарын құру, нысандарда QR-кодтарын орналастыру, саяхат маршруттарын құру, CityPass жүргізу және басқа іс-шаралар), туристерді тарту үшін Брендті және PR қалыптастыру, Алматы қаласының белгісімен кәдесый өнімдерін дайындау;

▪ Білікті кадрларды дайындау;

▪ Тартылыс нүктесіне қол жетімді инфрақұрылымдарды құру;

▪ Конвешн бюроларын құру;

▪ Этникалық ерекшелігі бар нысандарды салу;

▪ Алматы агломерациясы шеңберінде туристік кластер құру;

▪ Балалар мен жастар туризмін дамыту;

▪ Әлеуметтік медиа ресурстар арқылы Алматының көрікті жерлерін насихаттау.

3.4.2.3. Инновациялық кластер

Алматы **инновациялық кластерді дамыту үшін** жақсы базалық инфрақұрылымға ие. Инновациялық кластерді дамыту шеңберінде ақпараттық технологиялар, білім және денсаулық сақтау саласына көңіл аударылады. Болашақта АЭА АТП дамытуда **ақпараттық технологиялар** сегментінде білікті халықаралық мамандарды тарту, әртүрлі органдар мен мекемелердің қызметтерін оңтайландыру ұсынылады. «Инновациялық технологиялық бағына» ИТ-технологиялар, телекоммуникация және байланыс саласында инновациялық өнімдер мен қызметтерді шығаруға бағытталған ірі халықаралық компаниялар тартылады. Парктегі қатысушылар саны 200-ге дейін артып, өндірілетін өнімдер көлемі 15,2 млрд. теңгені құруы керек.

3.4.2.3. мақсат. Қаланың инновациялық ахуалын жақсарту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауап. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

1	Инновациялық белсенді кәсіпорындардың жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардағы үлесі	%	6,9	4,7	7,6	9,0	11,0	12,0	15,0	КИИДБ
2	ЖӨӨ жалпы көлеміндегі инновациялық өнімдер үлесін ұлғайту	%	0,2	0,4	0,2	0,5	0,6	0,8	0,9	КИИДБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Өндіріске инновацияны өндіру жолындағы жұмыстарды қаржыландыру тетіктерін жасау және ұсыныстар енгізу;
- Жаңа басталған жекекәсіпкерліктің субъектілеріне өз бизнесін жасау үшін «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында мемлекеттік инновациялық гранттар беру;
- НИОКР – дегі перспективті жобаларға мемлекеттік қаржыландыруды бағыттау;
- Біріккен ғылыми-зерттеу жобаларымен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге арналған қала университеттеріндегі ғылыми орталықтар мен зертханаларды (Назарбаев университетіне ұқсас негізде) орналастыру мен оларды одан әрі коммерцияландыруға бағытталған бастамаларды қолдау;
- Алматыны инновациялық бизнесті белсенді қолдауға дайын орталық ретінде жергілікті және халықаралық БАҚ-та насихаттау;
- Инвесторларға қызмет көрсету орталықтарымен тығыз жұмыс жүргізе отырып, жеке инвестицияларды коммерцияландыруға дайын жобаларға тарту;
- Бизнес инкубаторларды дамытуда тәжірибесі бар халықаралық мамандарды қазіргі бар аудиторияны мейлінше қамтуға мүмкіндік беретін, жұмыс істеп тұрған технопарктердегі қызметтерге тарту;
- Мемлекеттік даму институттарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып (мысалы, «НАТР» АҚ), технологияның алғашқы трансфертін жүзеге асыру және инновациялық өндірісті одан әрі дамытуға қажетті сынама (оның ішінде «бұрағыштық») өндірісті жолға қою;
- Студенттердің табысты кәсіпкерлермен тікелей сұхбатына мүмкіндік беретін «ізденуші-тәлімгер» байланысын жасау және олардың одан әрі әріптестігіне негіз қалау;
- Алматы қаласының инновациялық жобаларының мүмкіндіктерін «АТП» АЭА-пен бірге пайдалану.

3.5. Бизнеске және жеке капиталға арналған қала

3.5.1. Бизнесі жүргізу қолайлылығы

Аталған бағыт шеңберінде бизнес ортаға тартымды жағдай жасау бойынша белсенді («Easy of Doing Business» рейтингінде 40-ші орын) жұмыс жүргізіледі.

Халықаралық қаржы институттары мен ынтымақтастықты кеңейту негізінде инвестиция тартуды күшейту ұсынылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу нәтижесінің бірден-бір көрсеткіші – негізгі капиталға құятын шетел инвестициясының үлесін 50%-ға дейін көбейту арқылы ұзақ мерзімді жобаларға шетел инвесторларын тартуға қаланың өзіндік мүмкіндікке ие екендігін көрсету, сонымен қатар қалада жұмыс істеу үшін трансұлттық компанияларды тарту (ТҰК) (2020 жылға дейін 2-3 компания).

Сонымен қатар инвесторлар үшін салық жеңілдіктері мен ыңғайлы инфрақұрылымдар ұсыну жоспарлануда.

Стратегиялық серіктестіктерді іздестіру мен тарту, «бір терезе» тәсілдерін ендіре отырып, экономиканың басым секторларына инвесторларды тарту бойынша шаралар қарастырылған. Әлемдік жетекші сарапшыларды және ірі халықаралық корпорация өкілдерін тарту арқылы инвестициялық форумдар өткізіліп, сауда қатынастары және бірлескен жобаларды іске асыруды дамыту бойынша халықаралық бизнес-делегацияларды қатыстыру ұйымдастырылады.

3.5.1. мақсат. Инвестициялық қолайлы ахуал құру

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Инвестицияның жан басына шаққандағы негізгі капиталға өсу қарқыны	%	97,2	99,4	101,5	101,0	101,5	102,5	103,5	КИИДБ
2	Негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлеміндегі сыртқы инвестицияның үлесі	%	14,1	10,6	12,9	13,0	14,0	15,0	16,0	КИИДБ
3	Шикізаттық емес сектордың негізгі капиталына салынған инвестицияның (мемлекеттік бюджеттен	%	-	100	122,2	103,0	107,0	111,0	115,0	КИИДБ

салынған инвестициядан басқа) 2015 жылға өсуі										
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Халықаралық қаржы институттарының ұсыныстарымен өзара ынтымақтастық (Қайта жаңғырған және дамыған Еуропалық банк, Азиялық даму банкі, Бүкіләлемдік банк, Еуропалық инвестициялық банк) капиталды көп қажет ететін және ұзақ мерзімді жобаларға инвестиция тарту (көлікті инфрақұрылым, ТКШ);
- МЖӘ дамуы үшін жағдай туғызу: жеке инвесторларға арналған кіру және шығу тәртібін белгілеу. ҚР Үкіметіне тексеру мерзімдерінің санын азайту жөнінде ұсыныс енгізу;
- Қала өмірінің барлық негізгі көлемді капиталды бағыттары бойынша МЖӘ негізінде пилоттық жобаларды іске асыру (көлікті инфрақұрылым, ТКШ, денсаулық сақтау);
- Инвесторлар үшін жолға қойылған инфрақұрылым (Алатау ауданының индустриалды қаймағы) және салықтық жеңілдік ұсыну (мүмкіндіктерін «АТП» АЭА базасында).
- Жұмыс істеп тұрған инвесторларға қызмет көрсету базасында инвесторлар үшін «Бір терезе» әдісін енгізу: кездесулер, тұсаукесерлер ұйымдастыру жөнінде нақты жоспар құру, ағымдағы және әлеуетті жобалардың бірыңғай мәліметтер базасын қалыптастыру;
- Экономикалық басым секторларына якорлық инвесторларды тарту;
- Екі жақты сауда қатынастарын дамыту және бірлескен жобаларды іске асыру үшін әртүрлі елдерден халықаралық бизнес-делегациялардың келуін ұйымдастыру;

3.5.2. Сыбайлас жемқорлықты тиімді азайту

Алматы 2025 жылы Ғаламдық Бәсекелестік Индексінің «Этика және сыбайлас жемқорлық», «Мемлекеттік қаражатты заңсыз пайдалану» көрсеткіштері бойынша Қазақстанның бірінші 30 елдің қатарына енуінің драйвері болуы тиіс. Ол үшін азаматтық қоғам, мемлекеттік органдар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша сарапшылардың идеяларымен, ой-пікірлерімен тиімді сындарлы алмасу және қарым-қатынасты қамтамасыз ету қажет.

Бизнес пен инвестицияға маңызды мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде жемқорлық кедергілерді жою мен рұқсат беру жүйелерінің айқындылығын жақсарту жұмыстары басым бағыт болып табылады. Ол үшін мемлекеттік сатып алу айқындығы мен мемлекеттік қолдау алуда талап қоюды айтарлықтай жақсарту және артық бөгеттерді жою жоспарлануда. Барлық

рұқсат беру рәсімдерін сараптау, сонымен қатар бизнесті тексеруді жүйелеу істері тұрақты жүргізіледі.

3.5.2. мақсат. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, білім және тәрбиенің қалыптасуы

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Азаматтардың мемлекеттік органдарға сенімін артуының өсімі	%		70	62	65	68	70	73	ІСБ

Әлеуметтік зерттеулердің мәліметі бойынша

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Ақпараттық-талдау жұмыстарын ұйымдастыру;
- БАҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы ақпараттар жариялау;
- Әкімдіктер жанындағы Қоғамдық және бақылау кеңестерінің жұмысына азаматтық сектор өкілдерін тарту;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шараларда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы үкіметтік емес ұйымдардың қатысуын ұйымдастыру;
- Мемлекеттік орган өкілдерінің, қоғамның, БАҚ-тың қатысуымен даму, салалық бағдарламалар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспарлардың жүзеге асырылу тиімділігін бағалау мен мониторинг жасау.

3.5.3. МЖӘ дамыту

Экономикадағы дағдарысты құбылыстарды және онымен байланысты бюджеттік шектеулерді ескере отырып, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің құралдарын пайдалану жеке капиталды, трансұлттық коорпорацияларды, халықаралық қаржы институттарын тарту капиталды көп қажет ететін ірі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің тетіктерін қолданудың қосымша артықшылықтары – концессия мерзімінің аяқталуына қарай құрылған нысандар мемлекет меншігіне өтеді.

Концессия тетігі арқылы ірі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру, сондай-ақ құрылған нысандарды тиімді басқару қамтамасыз

етілетін болады. Әлеуметтік инфрақұрылымның нысандарын дамыту үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің **сенімгерлік басқару мен жалға беру** секілді кіші формалары қолданылатын болады. Аталған құралдар отандық кәсіпкерлерді ортақ ынтымақтастыққа шақыруға мүмкіндік береді.

Осы мақсатта халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастықты орнату, инвесторлар мен кәсіпкерлерге инвестицияны мемлекеттік қолдаудың шаралары туралы ақпарат беру, гранттарды ұсыну, сондай-ақ инфрақұрылымды нысандар мен инвесторларға арналған жергілікті салық жеңілдіктерін ұсыну жалғасады.

Негізгі капиталға салынатын сыртқы инвестицияның көлемі 2020 жылға қарай 85 млрд. теңгені құрап, 50%-ға өсуі қажет. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Жолдауында атап өтілгендей, мемлекеттік шығындар мен субсидиялардың жүйесі қайта қарастырылатын болады. Бюджеттік шығындарды «қайта жүктеу үшін» мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін белсендірек қолдану жоспарлануда. Алматы қаласының даму бағдарламасы аяқталғанда қала экономикасындағы мемлекеттік емес салымдардың үлесі 900 млрд. теңгеге жуықтап, бағдарламаны қаржыландырудың жалпы көлемінің 40%-ын құрайды.

3.5.3 мақсат. Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (МЖӘ) дамыту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш.бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Әзірленген құжаттамаға оң қорытындыларды алған МЖӘ жобаларының санын көбейту және олар бойынша конкурс жариялау	МЖӘ жобалары бойынша конкурстық құжаттамаларға оң қорытындыларды алған жобалардың саны (жыл сайын кемінде)			5	5	5	5	5	ЭБЖБ, "Қаз МЖӘ орталығы" АҚ,

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары

- МЖӘ тетіктері арқылы жеке секторға берілетін коммуналдық меншік кәсіпорындары нысандарына түгендеу жүргізу;
- МЖӘ тетіктері арқылы одан әрі жеке секторға беру үшін, мақсатсыз пайдаланылатын нысандарды коммуналдық меншікке қайтару бойынша іс-шаралар өткізу;
- МЖӘ тетіктері арқылы беруге (сатуға) жоспарланған нысандар (жобаларды) тізбесін жариялау;
- Әлеуетті жеке әріптестердің біліктілігіне алдын ала іріктеу жүргізу;

- МЖӘ нысандарын басқару, күтіп-ұстау және пайдалану бойынша міндеттерді жеке секторға беру, бірлескен кәсіпорындар құру (БК);
- МЖӘ жобаларын консультативтік сүйемелдеу және сервистік қолдау көрсету.

3.5.4. Жекешелендірудің ашықтығы

Қала экономикасына инвестицияны тартудың қосымша құралы жылжымайтын мүліктің мемлекеттік нысандарын жекешелендірудің ашықтығы болып табылады.

Тиімсіз жұмыс істейтін ведомстволық ұйымдар жекешелендіріледі, немесе жеке бизнеске сенімгерлік басқаруға беріледі.

Ол үшін барлық коммуналдық меншік нысандарын түгендеуден өткізу, иесіз нысандарды теңгерімге алу, стратегиялық маңыздылыққа ие емес, бірақ өзіне мемлекеттік бюджеттің ресурстарын көптеп тартатын нысандар мен кәсіпорындарға талдау жасау қажет болады. Аталған нысандар мен кәсіпорындар жекешелендіру шараларына қамтылатын болады.

Жекешелендіру бойынша шаралар шеңберінде бюджеттік шығындардың қысқаруының, жеке кәсіпкерлікті ынталандырудың және бәсекелі ортаны жасаудың, кәсіпорындарының тиімділігін арттырудың, экономиканы демонополизациялауға көмек көрсетудің, сондай-ақ шетелдік инвесторларды тартудың айқындылығына ерекше екіпін беріледі.

3.5.4 мақсат. Жекешелендірудің ашықтығы

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Жекешелендірілген коммуналдық меншік нысандарының саны	нысандар саны	71	17	8	10	5	6	6	ҚБ

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары

- Коммуналдық меншік нысандарына түгендеу жүргізу;
- Коммуналдық меншік нысандарына нарықтық құнын анықтауға бағалау жүргізу;
- Жекешелендіруге жатпайтын стратегиялық нысандардың тізімін қысқарту;
- Коммуналдық меншік нысандарының сату бойынша саудаларды өткізу;

- Жекешелендірудің іске асырылу барысын ауқымды ақпараттық сүйемелдеу.

3.6. Интеграцияланған қала

3.6.1. Көп орталықтық қағидатын ескере отырып, қосылған аумақтардың өмір сүру стандарттарын едәуір көтеру

Қаланы дамыту **көп орталықтардың болуы** қағидатына, яғни көлік жағдайын жақсартуға және қаланың барлық аудандарын бірыңғай дамытуға мүмкіндік беретін толыққанды және балама орталықтарды қалыптастыруға негізделетін болады.

Қосылған аумақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды теңестіру үшін бірінші кезектегі әлеуметтік нысандар құрылысы жалғасады (мектептер, балабақшалар, ауруханалар, емханалар және т.б.), сондай-ақ экономикалық өсудің жаңа нүктелері құрылады (Универсиада-2017 нысандары, Индустриялық аймақ, бизнес-орталықтар, сауда ойын-сауық орындары және т.б.).

Алатау және Наурызбай аудандарындағы баспана, жол, қоғамдық көлік желілері, электрмен қамтамасыз ету мен газдандыруға, орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету мен суды бұруға, жылытуға едәуір қаражат бөлінетін болады. Бұл осы аудандардың өмір сүру мен бизнесті дамыту үшін тартымдылығының артуына ықпал жасайтын болады.

Қосылған аумақтар халқы мемлекеттік қызметтер көрсетудің заманауи түрлерімен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, қаржы қызметтеріне қол жеткізу үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде қосылған аумақтардағы техногендік мәселелерге назар аударуды күшейту жоспарлануда.

3.6.1 мақсат. Қосылған аумақтарды туризм әрі қарай дамыту мен қаладағы ауа бассейнінің жағдайын жақсартуды ескеріп, тұрақты және қауіпсіз дамыту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Қала құрылысы құжаттамасымен қамту	%	-	-	20	40	60	80	100	СҚБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарларын ескеріп, құрылыс жобаларын әзірлеу;
- Инженерлік және көлік инфрақұрылымы нысандарын жобалау және салу, қолданыстағы және жана жолдарды ұзарту;
- Жеке инвестициялар тартып еңбек салынатын орындар үшін көзделген аумақтарды дамыту;
- Нормативтік қажеттілікті ескере отырып, аумақтарды әлеуметтік мақсаттағы нысандармен қамтамасыз ету;
- Тұрғын үй алабының өсуін шектеу;
- Қосылған аумақтар тұрғындардың өтініші бойынша жер учаскесін пайдалану мүмкіндіктері туралы жер комиссиясына қорытындыларды дайындау.

3.6.2. Алматы агломерациясындағы ықпалдастық

Қаланың болашақ дамуы Алматы агломерациясының дамуына сәйкес жүргізілетін болады.

Алматы агломерациясының ықпал ету аймағына: агломерация орталығы (өзек) – Алматы қаласы, Алматы облысының бес әкімшілік ауданы: Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ және Жамбыл ауданы, сондай-ақ Қапшағай қаласының аумағы енеді.

Дамудың маңызды бағыты аумақтың кеңістіктегі және функционалдық тұтастығын қамтамасыз етуге арналған оңтайлы көлік торабын қалыптастыру, халықтың негізгі қызмет орталықтарына қолжетімділігін, сондай-ақ агломерация аймағының транзиттік функцияларын іске асыру болып табылады.

Қалаға іргелес аудандардың ауыл шаруашылығы қаланың азық-түлік өнеркәсібінің шикізат көзі болып табылады. Сондықтан агломерация аймағы сауда желісі ретінде дамитын болады. Осыған орай ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін Алматы нарығына өнімдерді әділ бағамен өткізуге жағдай туғызу қажет. Осылайша өңірдің сауда қауіпсіздігі қамтамасыз етілетін болады.

Азық-түлік секторын дамыту және қаланың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін азық-түлік белдеуін, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін өндірістер желісін және сауда-логистика орталықтарын дамыту жоспарланып отыр.

3.6.2 мақсат. Азық-түлік белдеуін және тамақ өнеркәсібін дамыту

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

1	Тамақ өнімдерін өндіруде негізгі капиталға салынатын инвестициялардың нақты көлемінің индексі	%	-	-	71,5	73,0	87,0	93,0	108,0	АШБ
2	Мерзімі сақталмай берілген субсидиялардың үлесін төмендету	%	0	0	0	0	0	0	0	АШБ

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Логистикалық орталықтарды, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеутін өндірістер желісін дамыту;
- Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге, азық-түлік өнімдерін сақтаумен, жеткізумен айналысатын кәсіпорындар мен өңдеуші өнеркәсіптерге мемлекеттік қолдау көрсету (инвестициялық субсидиялар);
- Пайыздық мөлшерлемесі төмендетілген несиелер алуға және жеңілдетілген кезеңнің болуына көмек көрсету;
- Агломерация ядросы мен қала маңының көліктік байланыстарын ұлғайту;
- Қала маңындағы аймақтарда халықтың ауысуы мен экономикалық белсенділікті ынталандыру;
- Ғылыми, іскерлік және көлік-логистикалық қызметтер кластерін дамытуға қолдау көрсету.

3.6.3. Халықаралық деңгейдегі белсенді орны

Алматы ірі қалалардың бірі ретінде жуық арада Еуразияның іскерлік және мәдени орталығы ретінде танылу әлеуетіне ие.

Тұрақты саяси және экономикалық даму жағдайына және әрі қарай даму әлеуетіне ие қала ретінде Алматы Біріккен Ұлттар ұйымы мен басқа да халықаралық ұйымдардың өңірлік Хаб-кеңсесіне айналуы қажет.

Осыған орай, Алматыны халықаралық деңгейде түрлі тілдерде жағымды таныстыратын көрсеткіштер тізбесі, он-лайн тәртібінде таныстыратын «Алматы күнтізбесі» және Алматының жарқын халықаралық брендті әзірленетін болады. Қалада үш тілде навигация жүйесі (бағдарлаушы ақпарат) енгізілетін болады. Ағылшын тілін білу мемлекеттік органдар қызметкерлері мен қаланың қызмет көрсету секторындағы жұмысшылардың біліктілігін арттыру мен дағдыларын дамытудың маңызды бөлігіне айналады.

3.6.3 мақсат. Халықаралық деңгейдегі белсенді орны

№	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жау. орынд.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

1	Жалпы кіретін ағындағы шетелдік туристердің үлесі	%	37,9	41,8	40	45	46	47	48	ТБжСБ
---	---	---	------	------	----	----	----	----	----	-------

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

- Алматы қаласының танымалдылығын, бәсекелестікке қабілеттілігі және туристік тартымдылығын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;
- ЮНВТО және ЮНЕСКО қолдауымен Алматы қаласын көтеру үшін Жібек жолы халықаралық брендін пайдалану;
- Қаланың дүние жүзіне танымал брендін құру;
- Қаланың мәдени және тарихи өзіндік ерекшелігін көрсететін, оның «визит карточкасына» айналуы мүмкін брендті іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- Қаланың мемлекеттік органдары және сервистік секторының қызметкерлері үшін ағылшын тілі курстарының қолжетімділігін арттыру.

3.7. Белсенді азаматтар қаласы

Мәселелерді тиімді шешу үшін азаматтардың белсенділігі Алматының дамуының басты шарты болып табылады.

Бүгінгі таңда дамыған елдердегі ешбір қала халықтың белсенді қатысуынсыз мәселелерді шеше алмайды. **Қаланың басты ресурсы – адамдар мен олардың ақылы, шығармашылық қабілеттері.** Алматы халқының жоғары белсенділігімен ерекшеленеді, бұл – дамыған үкіметтік емес секторы мен күшті бизнесі бар қала.

Қалада жергілікті атқарушы органдар мен халықтың өзара әрекет етуінің жаңа сипаттамасын жасау қажет. Осылайша, ең басты қағида **айқындылық, есеп берушілік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру** болуы керек.

Қала халқымен қарым-қатынас жасау үшін бүгінгі таңда қала тұрғындары қалаға қатысты мәселелерді жазатын және оларды шешу жолдарын ұсынатын әлеуметтік желілердің аккаунттары жұмыс істеуде.

Қалалық әкімдікпен әріптестіктің негізінде азаматтық қоғамның дамуы әлеуметтік ілгерілеу мен тиімді реформаларды өткізу үшін қолайлы жағдайларды жасауға көмектесетін болады. Бұл - қала саясатының тиімділігін көтерудің, экономикалық өсу мен демократиялық дамудың, жаңғырудың маңызды шарты.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары

- Қала мәселелерін шешіп, негізінен оларды бірегейлендіріп, шешу бойынша идеяларды жинап, қала қызметіне кері байланысты ұсынуда қала тұрғындарын тарту үшін жаңа интернет порталды іске қосу;
- Әкімінің сайтына қаланың ірі жобалары туралы ақпарат бар интерактивті картаны орналастыру;
- Қала әкімдігі жанынан қоғамдық салалық және аумақтық кеңестер құру;
- Үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру;
- Алматы қаласының қалалық Азаматтық форумын өткізу;
- Мемлекеттік қызметтер реинжинирингі;
- Әкімдіктің мемлекеттік қызметтерін «электрондық әкімдік» пен «электрондық үкімет» порталдарында электрондық нұсқада көрсету;
- Жергілікті атқарушы органдардың ішінде өзара іс-қимыл үдерісін автоматтандыру.

4. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР

Алматы қаласының даму бағдарламасын іске асыру үшін бюджеттік және жеке қаржылық ресурстар шоғырландырылады. Бюджеттік қаражат ең алдымен әлеуметтік мәселелерді шешуге, инфрақұрылымды дамытуға және бизнеске қолдау көрсетуге бағытталады.

2016-2020 жылдарға арналған жергілікті және республикалық бюджет шығындарының жалпы көлемі алдын ала есептерге сәйкес 1,53 трлн. теңгені құрайды.

Жергілікті және республикалық бюджет шығындарынан тыс қосымша жеке салымдар тартылады, сол үшін мемлекеттік-жекешелік әрәптестік тетіктері белсенді пайдаланылады. МЖӘ шеңберіндегі қаржы, ең алдымен жобалық қаржыландыруға бағытталады.

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет есебінен және солардың қаражаттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаласымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі, млн. теңге:

	2016	2017	2018	2019	2020	Барлығы 5 жылда
<i>Қажетті ресурстар</i>	<i>488 196,54</i>	<i>298 492,60</i>	<i>282 231,71</i>	<i>243 206,22</i>	<i>217 283,27</i>	<i>1 533 410,35</i>
3.1.1.1 мақсат .Тығыздық деңгейін төмендету мақсатында сапалы жол желісін	20 311,14	25 618,51	102 810,28	92 285,21	80 206,56	321 231,71

3.1.1.2 мақсат . Қоғамдық көліктің мобильділігін және қол жетімділігін арттыру	16 550,16	22 487,40	21 081,50	21 267,88	21 515,31	102 902,24
3.1.1.3 мақсат. Коммуникациялық желілерді дамыту	-	-	-	-	-	0
3.1.1.4 мақсат. Азаматтар мен ұйымдардың күнделікті өмірде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануға көшуіне қолдау көрсету	4,20	-	-	-	-	4,20
3.1.2.1 мақсат. Атмосфералық ластану деңгейін төмендету	112,80	-	-	-	-	112,80
3.1.2.2 мақсат. Қалдықтарды өңдеу мен басқарудың заманауи жүйесін жасау құру және қала аумағының тиісті санитарлық жағдайын қамтамасыз ету	1 301,99	24 404,70	14 934,90	-	-	40 641,59
3.1.2.3 мақсат. Қаланы абаттандыру мен көгалдандыру	2 641,25	9 109,12	2 129,74	2 319,73	2 157,8	18 717,65
3.1.2.4 мақсат. Алматы қаласының кіші өзендерін, су нысандарын экологиялық оңалту	2 470,78	2 812,24	8 188,3	8 236,4	8 319,9	30 027,61
3.1.3.1 мақсат. Тұтынушыларды сапалы және сенімді коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету	43 470,67	38 210,69	60 981,79	600,00	-	143 263,15
3.1.3.2 мақсат. Тұрғын үйдің және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының қолжетімділігін қамтамасыз ету	197 673,17	6 144,34	792,53	877,02	963,89	206 450,95
3.1.3.3 мақсат. Тұрғын үй нысандары үшін жоғары сапа стандарттарын қамтамасыз ету	31,4	31,41	31,41	31,41	31,41	157,02
3.2.1.1 мақсат. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесін дамыту	4 713,37	12 465,95	10 056,31	2 140,84	2 077,67	31 454,14
3.2.2.1 мақсат. Техногенді авариялар, апаттар және табиғи апаттар жағдайында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	2 457,0	18 239,20	2 565,50	14 458,90	1669,84	39 390,44
3.2.3 Ақылды қала (Smart	214,80	-	-	-	-	214,80

City)						
3.3.1.1 мақсат. Мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету	2 588,36	3 064,60	3 039,00	3 341,30	3 341,30	15 374,56
3.3.1.2 мақсат. Орта білімнің сапасы мен инклюзивтілігін арттыру	4 669,35	8 532,27	3 088,96	2 509,20	12 344,69	31 144,49
3.3.1.3 мақсат. Ел және қала экономикасының сұранысын ескере отырып, кәсіптік білімді мамандандармен қамтамасыз ету	8 231,10	10 774,22	10 772,14	10 619,44	10 700,00	51 096,90
3.3.1.4 мақсат. Тұрғындардың денсаулығын жақсарту және денсаулық сақтау саласындағы бәсекелестікті қалыптастыру	28 388,79	24 303,10	18 135,35	18 135,35	18 135,35	107 097,93
3.3.1.5 мақсат. Халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және еңбек нарығын дамыту	5 847,55	735,80	784,62	833,79	803,50	9 005,25
3.3.1.6 мақсат. Мемлекеттік қызметтің кәсіби жүйесін қамтамасыз ету және нығайту	-	-	-	-	-	0
3.3.1.7 мақсат. Кедейлік деңгейін төмендету	4 566,53	1 262,70	1 311,26	1 350,06	1 265,67	9 756,22
3.3.1.8 мақсат. Мұқтаж халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету	4 822,93	5 098,97	5 050,91	5 184,14	3 615,86	23 772,81
3.3.2.1 мақсат. Тарихи-мәдени мұраларды сақтау және өнер саласын дамыту	6 493,94	4 305,55	3 624,69	4 038,58	4 329,43	22 792,19
3.3.2.2 мақсат. Бұқаралық спортты дамыту	44 145,38	13 792,02	6 531,38	6 988,76	7 544,95	79 001,48
3.3.2.3 мақсат. Ұлттың тұрақты дамуы үшін мемлекеттілікті, халық бірлігін және қоғамның топтасуын нығайту	29,81	29,88	31,97	34,46	36,87	162,98
3.4.1 мақсат. Алматы қаласының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету	291,88	199,71	-	-	-	491,59
3.4.1.1 мақсат. Өнеркәсіптің тұрақты өсуін қамтамасыз ету және энерготиімділікті арттыру	69 808,30	56 811,20	2 825,90	2 840,10	216,34	132 501,84
3.4.1.2 мақсат. Шағын және орта кәсіпкерлікті қарқынды дамыту	7522,70	6 453,37	6 409,98	6 414,27	6 398,30	33 198,61
	-	-	-	-	-	0

3.4.1.4 мақсат. Бөлшек сауданың жедел дамуы	3,70	-	-	-	-	3,70
3.4.2.1 мақсат. Аймақаралық серіктестікті дамыту	2,20	-	-	-	-	2,20
3.4.2.2 мақсат. Өлемдік деңгейдегі туристік кластерді дамыту	1089,81	1 058,82	231,75	196,57	189,90	2 766,85
3.4.2.3 мақсат. Қаланың инновациялық ахуалын жақсарту	133,32	174,70	176,80	179,00	181,38	845,20
3.5.1 мақсат. Инвестициялық қолайлы ахуал құру	3 579,95	90,00	96,30	102,99	110,30	3 979,55
3.5.2 мақсат. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, білім және тәрбиенің қалыптасуы	3,30	-	-	-	-	3,30
3.5.3 мақсат. Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (МЖӘ) дамыту	1,64	-	-	50 000	30 000	80 001,64
3.5.4. Жекешелендірудің ашықтығы	12,37	-	-	-	-	12,37
Мақсат 3.6.1. Қосылған аумақтарда туризм мен қаладағы ауа бассейнінің жағдайын жақсартуды ескеріп, тұрақты және қауіпсіз дамыту	-	-	-	-	-	0
3.6.2. мақсат. Азық-түлік белдеуін және тамақ өнеркәсібін дамыту	22,0	23,54	25,19	26,95	28,84	126,52
3.6.3. Халықаралық деңгейдегі белсенді орны	104,59	100,79	107,89	120,52	122,59	556,38
3.7. Белсенді азаматтар қаласы	3885,06	2 157,83	415,38	438,95	615,62	7 512,84

Бағдарламаны іске асыру бойынша бірлесіп орындаушы-жауапты мемлекеттік органдардың аббревиатураларының анықтамалары

АШБ - Алматы қаласы Ауыл шаруашылығы басқармасы

ӘА - Алматы қаласы әкімінің аппараты;

ӘБЖБ – Алматы қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы;

ММБ - Алматы қаласының Мәдениет және архивтер басқармасы;

КИИДБ - Алматы қаласының Кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму басқармасы;

ЭКШБ - Алматы қаласының Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы;
ТМҚБ - Алматы қаласының Тілдерді дамыту басқармасы;
ЖСМБ - Алматы қаласының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы;
ББ - Алматы қаласының Білім басқармасы;
ДБ - Алматы қаласының Денсаулық сақтау басқармасы;
ҚБ - Алматы қаласының Құрылыс басқармасы;
ЖҚӘББ - Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы;
ТТИБ - Алматы қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясының басқармасы;
АЖЖЖКБ - Алматы қаласының Автомобиль жолдары мен жолаушылар көлігі басқармасы;
ТРТПРБ - Алматы қаласының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы;
ТСБ - Алматы қаласының Туризм және сыртқы байланыстар басқармасы;
ДШСБ - Алматы қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы;
ІД - Алматы қаласының Ішкі істер департаменті;
ТЖД - Алматы қаласының Төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті;
ЭД – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы қаласы бойынша Экология департаменті;
АЖО – Ақпараттық жүйелер орталығы;
САGR – Өсудің орташа жылдық қарқыны (CompoundAverageGrowthRate);
МЖС – Мемлекеттік жеке серіктестік.